

С. А. Ынтымақов

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ

(Жалпы бөлім)

Практикум

**Алматы
2006**

ББК 67.99(2) 0я7

Ы -68

Ынтымақов С.А.

Ы -68 Азаматтық құқық. Практикум. Жалпы және ерекше бөлім. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 220 бет.

ISBN 9965-620-16-4

Бұл практикумда жоғары оқу орындарының заң факультеттерінде өткізілетін азаматтық құқықтың жалпы және ерекше бөлімдері бойынша тәжірибелік сабақтар жүргізуге арналған материалдар беріліп отыр. Практикумда Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының жалпы және ерекше бөлімдерінің басты тақырыптары қамтылған.

Оқу құралы Санкт-Петербург мемлекетік университетінің заң факультетінің азаматтық құқық кафедрасының ұжымы дайындалған практикум негізінде авторлардың келісімі бойынша, аударма мен өңдеулер және толықтырулар ендіру арқылы даярлаған.

Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл басылым пратикумның екінші рет қайта өңделіп, заңды тұлғалар тақырыбына қатысты кейбір есептері толықтырылған жаңа нұсқасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкестендіріп, есептерді құқық қатынастары субъектілерінің атауларын өзгерту арқылы Қазақстан Республикасының аумағындағы тәжірибеге лайықтап, қазақ тіліне аударып, өндеген және оған толықтырулар енгізген Қазақ гуманитарлық заң университетінің азаматтық құқық кафедрасының оқытушысы - **С.А.Ынтымақов.**

Практикумда сондай-ақ талдау мақсатында сот материалдары қоса беріліп отыр.

ББК 67.99(2) 0я7

Редакциялаған ҚазГЗУ-нің кафедра
профессоры **Б.Б.Базарбаев**

431002000
Ы
00(05)–03

ISBN 9965-620-19-9

© Ынтымақов С. А., 2006.

© Заң әдебиеті, 2006.

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ

Әдістемелік нұсқаулар

1-тақырып. Азаматтық құқықтың қайнар көздері

2-тақырып. Азаматтар

3-тақырып. Заңды тұлғалар

4-тақырып. Азаматтық құқықтың объектілері

5-тақырып. Мәмілелер

6-тақырып. Азаматтық құқықты іске асыру мен қорғау

7-тақырып. Өкілеттік. Сенімхат

8-тақырып. Азаматтық құқықтардың жүзеге асырылу мерзімдері мен оны қорғау

9-тақырып. Жеке мүліктік емес игіліктер және оларды қорғау

10-тақырып. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар жөніндегі жалпы ережелер

11-тақырып. Азаматтардың меншік құқығы

12-тақырып. Мемлекеттік меншік құқығы

13-тақырып. Заңды тұлғалардың меншік құқығы

14-тақырып. Ортақ меншік құқығы

15-тақырып. Жай серіктестік (бірлескен іс әрект)

16-тақырып. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау

17-тақырып. Міндеттемелердің пайда болу ұғымы мен негіздері

18-тақырып. Міндеттемелерді орындау

19-тақырып. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету

20-тақырып. Міндеттемелерді бұзғандығы үшін жауапкер-шілік

21-тақырып. Міндеттемелерді тоқтату мен өзгерту

Қазақ гуманитарлық заң университетінің оқыту Соты материалдарынан

II БӨЛІМ

1-тақырып. Сату-сатып алу шарты

2-тақырып. Жалға алу

3-тақырып. Тұрғын үй құқығы

4-тақырып. Мердігерлік шарты

5-тақырып. Өтелмелі қызмет көрсету шарты

6-тақырып. Тасымалдау

7-тақырып. Сақтандыру

8-тақырып. Есеп айырысу және несиелік қатынастар

9-тақырып. Тапсырма шарты. Комиссия. Сақтау шарттары

10-тақырып. Мүлікті сенімгерлікпен басқару

11-тақырып. Зиян келтіру салдарынан туатын міндеттемелер

12-тақырып. Авторлық құқық

13-тақырып. Патенттік құқық

14-тақырып. Мұрагерлік құқық

Негізгі нормативтік құқықтық актілер

Арнайы әдебиеттер

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Бұл практикумда Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығының жалпы және ерекше бөлімдері бойынша тәжірибелік сабақтар өткізуге арналған материалдар жиналған. Оқу құралының басты мақсаты студенттерге курстың маңызды сұрақтарын меңгеруге көмектесу және жинақта келтірілген тәжірибелік тап-сырмаларды орындау арқылы азаматтық заңдар мен өзге де нормативтік материалдарды тәжірибе жүзінде дұрыс қолдануға студентті бейімдеп, үйрету болып табылады.

Тәжірибелік сабақтарға арқау болатын әрбір тақырып бойынша мақсатты түрде ұстануды қажет ететін шамамен алынған оның жоспары берілген. Жинаққа кірген есептер, әдеттегідей, іс жүзінде болған сот істері негізінде құрастырылған. Практикум-дағы есептер мазмұнында берілген даулы мәселенің дұрыс жауабын табу үшін қажетті барлық деректер осы есептердің шартына енгізілген. Әрине, тікелей қойылған сұрақтан тыс есеп шығару барысында студенттердің алдынала ойластыруын талап ететін қосымша сұрақтар да туындауы мүмкін. Есеп шарттары студенттердің меңгеруге тиіс тақырыптары бойынша, сондай-ақ өткен материалдарға сүйене отырып, пайда болған барлық сұрақтарға жауап беруіне мүмкіндік туғызатындай етіп құрастырылғанын айтып өткіміз келеді.

Практикуммен жұмыс істеу барысында азаматтық құқықтың жалпы және ерекше бөлімдеріне арналған тақырыптарды игеруге қажетті жүйелі түрде басылып шығатын Қазақстан Республикасының азаматтық заңдар мен өзге де нормативтік актілер жинақтарын, және әділет министрілігі арқылы таратылатын қазіргі автоматтандырылған заңдар базасын пайдалануды ұсынамыз.

Студенттер мына жайларды ескеруі тиіс, нұсқалынып отырған заңдар мен өзге де нормативтік актілерге олар қабылданғаннан кейін кейбіреулеріне өзгертулер мен толықтырулар не болмаса олардың күші жойылуы мүмкін, сондықтан да уақыт өте келе осы жайларға мән бере жүрген жөн.

Тәжірибелік сабақтарға дайындықты ең алдымен тиісті тақырыпқа қатысты оқу материалдары мен өзге де әдебиеттердің мазмұнымен тереңірек танысудан бастаған дұрыс.

Есепті шешпес бұрын, студент ең алдымен есептің мазмұнын, пайда болған даудың мән-жайын тиянақты түрде анықтап алуы қажет. Тек осыдан кейін ғана тараптардың дәйектері мұқият талданып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары тұрғысынан оларға баға берілуі тиіс. Егер де есепте сот немесе басқа органның шешімі келтірілген болса, онда оның негізделуіне және заңдылығына баға беру талап етіледі. Сонымен қатар ұсынылған жағдайға есепте қойылған теориялық сұрақтарға жауап беру қажет.

Есептің шешімі жазбаша түрде ұсынылады және оны тәжірибелік сабақтарды жүргізетін оқытушы тексереді.

Есептің шешімі Қазақстан Республикасының тиісті азаматтық заңдары мен өзге де құқықтық нормативтік актілеріне сілтеме жасау арқылы берілуі тиіс. Тәжірибелік сабақта есеп шығару кезінде студент істің мән-жайын ауызша қысқаша баяндап, даудың негізін түсіндіріп, тараптардың дәйектерін заң тұрғысынан бағалап, тек содан кейін ғана іс бойынша өзінің шешімін нақты заң нормаларына немесе басқа құқықтық актіге сәйкестіріп негіздеуі тиіс.

І БӨЛІМ

1-тақырып.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Азаматтық құқықтың қайнар көздерінің ұғымы:
 - 1.1. Қазақстан аумағында күші бар азаматтық құқықтың не-гізгі қайнар көздері;
 - 1.2. “Азаматтық құқықтық актілер мен “азаматтық заңдар және “азаматтық құқық нормалары бар актілер ұғымдарының ара қатынасы;
2. Азаматтық құқық қайнар көзінің жүйесі:
3. Азаматтық заңнамалар:
 - 3.1. Азаматтық заңдардың уақыт бойынша қолданылуы;
 - 3.2. Азаматтық заңдардың кеңістіктегі қолданылуы;
 - 3.3. Азаматтық заңдардың субъектілерге байланысты қолданылуы.
4. Азаматтық құқықтың қайнар көздерінің қолданылуы:
 - 4.1. Азаматтық-құқықтық нормаларға түсінік;
 - 4.2. Заң аналогиясы мен құқық аналогиясы.

Есептер

1. Он жыл бірге өмір сүрген ерлі-зайыпты Амановтар неке-сін бұзады. Сот мәжілісінде бірге жиған-терген мүлікті бөлу кезінде Аманова олардың бірге өмір сүрген кезеңінде күйеуі жазған кітаптың басылып шығуына байланысты, күйеуіне тиесілі қалам ақының жартысын алуға құқықты екенін мойындауды сұрайды.

Амановтың ойынша, Азаматтық Кодекстің 223-бабында қаралатындай қалам ақыны ерлі-зайыптылардың ортақ жалпы меншігі деп санауға болмайды, өйткені ол қалам ақы әлі қол-дарына тимеген. Аманова авторлық қалам ақы ерлі-зайыптылардың біреуінің оған ие болу сәтінен емес, оның тағайындалу сәтінен бастап ортақ меншікке айналатыны жайлы сөз етілген заң ғылымының докторы жазған мақалаға сот назарын аудартады. Тура сондай түсінік Азаматтық Кодекстің бабына талдауда берілген. Сондай-ақ, осыған ұқсас істі қарастырған көрші аудан соты тағайындалған, бірақ алынбаған қалам ақыны бөлісу жөніндегі талап арызды қанағаттандырғанын білетінін айтады.

Осы іс бойынша шешім шығару кезінде сот нені басшылыққа алуы тиіс?

2. “Самал жауапкершілігі шектеулі серіктестік жекешелен-дірілген мемлекеттік кәсіпорын негізінде құрылған акционерлік қоғамның акциялар пакетін сату жөніндегі саудада жеңіп шығады. Серіктестік пен мемлекеттік мүлік комитеті (меммүлікком) арасында акциялар пакетіне сату-сатып алу шарты жасалады. Алайда, уақытша қаржы тапшылығын сылтау етіп, бекітілген уақытта шарт бойынша сатып алған акциялар пакеті үшін серіктестік ақша қаражатын

аудармайды.

Меммүлікком Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар “Жекешелендіру туралы Жарлығының 25-бабына сүйене отырып, акциялар пакетін сатып алу туралы шартын жа-рамсыз деп, оны саудаға қайта шығарады. Серіктестіктің ойын-ша, заң немесе басқа құқықтық акт талаптарына қарсы болатын жағдайларда ғана шартты жарамсыз деп санауға мүмкіндік беретін АК 158-бабын ұстану қажет. Ал тап осы жағдайда не заңға, не басқа бір құқықтық актіге қайшы келмейтін тек сату-сатып алу шартын орындауды кешіктіру ғана орын алып тұр. Сондықтан да бұл шартты жарамсыз деп танудың еш негізі жоқ деп санайды.

Дау соттың қарауына беріледі.

Осы дауды шешу үстінде сот азаматтық құқықтың қандай нормаларын басшылыққа алуы тиіс?

3. Салимов қонақ үйде тұрып жатқан кезінде ұрланған па-льтосының және костюм мен электрұстарасының құнын төлеуді талап етіп “Мейманң қонақ үйіне талап арыз береді. Салимовтың жалпы номерде жатқанына және қонақ үй әкімшілігінің жарлығына сәйкес қонақ үйде тәулік бойы істейтін сақтау камерасына өз заттарын өткізуі тиіс екеніне сілтеп, қонақ үй талап арызға қарсылық білдіреді. Сонымен бірге, аталған жар-лықта сақтау камерасына өткізілмеген заттардың қонақ үй бөлмелерінен жоғалып кетуіне қонақ үй жауап бермейді деп көрсетілген. Бұл жарлық қонақ үйдің көзге түсер жерінде ілін-ген, және Салимовтың қонақ үйде орнатылған ережелер жайлы білмеуі мүмкін емес.

Салимовтың қорғаушысы қонақ үй әкімшілігінің жарлығы нормативті акт болып табылмайтындығына және ҚРАК 789-бабына қайшы келетініне сот назарын аударады, ал айтылған бапқа сәйкес, қонақ үй сақтаушы ретінде онда тұрып жатқан адаммен арнайы келіспей жатып-ақ қонақ үйге кіргізілген зат-тардың жоғалуына, жетіспеуіне немесе зақымдануына жауап бе-реді.

Қонақ үй өкілі болса, арнайы, сақтауға өткізілмеген заттар жоғалса, оған қонақ үй жауапты емес делінген қала әкімі бекіт-кен Қаланың қонақ үйлерінде тұру ережелерінің бабына сүйе-неді.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

4. Мердігерлік шарты бойынша, акционерлік қоғам Мамы-ровқа тұрғын үй салып беруді міндетке алады. Аталған шартта үйді пайдалануға бергенінен кейін бір жыл ішінде қандай да бір жасырын кемістіктері байқалатын болса, акционерлік қоғам оларды бір ай ішінде жоюға міндетті деп көрсетілген. Осы мін-детті орындауды кідірткен жағдайда Қоғам Мамыровқа кідірткен әрбір күні үшін үй құнының 0,01%-і мөлшерінде айып төлейді делінген.

Үй пайдалануға берілгеннен кейін төрт ай өткен соң Ма-мыров сумен қамтамасыз ету жүйесінен кемістіктер тауып, ол жайлы дереу қоғамға хабарлайды. Акционерлік қоғам бір айдан артық уақытта кемшілікті жоймағандығынан, Мамыров ҚР АК 635-бабына сәйкес “Ұланң кооперативімен қажетті жұмыстарды жүргізу жөнінде шарт жасасады.

Барлық жұмыстар аяқталған соң Мамыров қоғамнан жасал-ған жұмыстарға кеткен шығындарды өтеуді талап етеді. Мамы-ровпен жасасқан шартта тұрғын үйде табылған кемшіліктерді жою жұмысына үшінші жақты тарту жөнінде сөз қозғалмаға-нына, және сондықтан да ҚРАК 635-бабының күші олардың арасындағы қарым-қатынасқа жүрмейтініне сілтеп, Қоғам тө-лемнен бас тартады.

Пайда болған дауда кімнің әрекеті дұрыс? АК 635-бабының азаматтық заңдар жүйесінде алар орны қандай?

5. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыскердің денсаулығына зақым келтіріліп нәтижесінде, ол

кәсіптік еңбек қабілеттігінің 60%-нен айырылады. Жұмыскер келтірілген зиянның орнын толықтыру жөнінде ұйымға талап арыз ұсынады. Сот зиян келтірушіге жәбірленушінің еңбек ақысына тиген зиянды, кү-тіміне кеткен шығындарды, оның қосымша тамақтануы мен санаторлық-курорттық емделуінің шығындарын қайтартқызып, талап арызды жартылай қанағаттандырады. Моральдық зиянды толтырудан сот бас тартады, өйткені бұл оқиға денсаулыққа зиян келтіру үшін жауапкершілік белгілеген Азаматтық заңдар Негіздерінің 131-бабы Қазақстан Республикасы аумағына енбей тұрғанда орын алған болатын.

Соттың шешімі дұрыс па? Қазақстан Республикасы аумағы-на Азаматтық заңдар Негіздері қашан және қалай енгізілді ?

6. Алданиязов пен Ғабитов алдын-ала шарт жасасады, ол шарт бойынша, Алданиязов өзінің меншік құқығындағы тұрғын үйін алдын ала шарт жасасқан күннен бастап бір жыл өткен соң өзара келіскен бағамен Ғабитовқа сатуға міндетті болады. Со-нымен бірге бұл шартта тараптардың біреуі сату-сатып алу шарт-қа қол қоюдан бас тартқан жағдайда, басқа тараптың шартты мәжбүрлеп жасату жөнінде талап арызбен сотқа жүгінуіне, кінәлі тараптан тұрғын үй құнының 20%-і мөлшерінде айып төлемін өндіріп алуына құқығы бар делінген.

Алдын-ала шарт жасасқаннан кейін бір жыл өткен соң тұр-ғын үйлердің бағасы бірнеше есе өседі, сол себептен Алданиязов Ғабитовқа алдын ала жасасқан шарттағы келіскен бағамен үйді сатудан бас тартады. Ғабитов сотта алдын-ала жасасқан шартта қарастырылғандай, тұрғын үйді сату шартын Алданиязовқа мәж-бүрлеп жасату жөнінде талап арызбен сотқа барады. Сату-сатып алу шартын жасасудан бас тарта отырып, Алданиязов алдын-ала жасалатын шарт жасасудың алғаш мүмкіндігі Азаматтық заңдар Негіздерінің 60-бабында қарастырылғанына соттың назарын аударады. Ал Ғабитовпен 1991 жылы жасасқан шарт Азаматтық заңдар Негіздері Қазақстан Республикасы аумағына енбей тұр-ғанда жасалғандықтан заңды күші жоқ деп санайды.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

7. Жасы толмаған 16 жасар Кәрімов пен 17 жасар Асаубаев Мәметовтың автокөлігін айдап кетіп, жолда жүру ережелерін бұ-зу нәтижесінде оны бүлдіреді. Мәметов Кәрімов пен Асаубаевқа зиянның орнын толықтыру жөнінде талап арыз береді. Кәрі-мовтың да, Асаубаевтың да өз қаражаты болмағандықтан, ақы тілеуші олардың ата-анасын ортақ жауапкершілікке тартуды сұ-райды. Ата-аналар болса, АҚ-тің 932-бабы бойынша ортақ жауапкершілікке тек зиян келтірушілердің өздері ғана тартылады деген оймен ортақ жауапкершіліктен бас тартады. Олардың зиян келтіруге қатысы жоқ болғандықтан, АҚ-тің 932-бабының ере-жесі оларға жүрмейтінін, және олар біріккен түрде емес, үлестік түрде жауапты болатынын білдіреді. Онымен қоймай, Кәрімов пен Асаубаевтың ата-анасы АҚ-тің 932-бабы азаматтардың емес, ұйымдардың — заңды тұлғалардың жағдайында ғана ортақ жауапкершілік туындайды деп санады.

Кәрімов пен Асаубаевтың ата-анасының дәйектерін талдаң-дар және істі шешіндер.

8. Қыста балық аулау кезінде Әлиев мұз астына түсіп кетіп, суға бата бастайды. Жанында болған Сағымбаев пен Қасымов көмекке келіп оны судан шығарып алады. Бірақ, Әлиевті құтқа-рып жатып, Қасымов өзі мұз астына түсіп кетеді де аяғын үсітіп алады, кейіннен аяғынан айырылуға мәжбүр болады. Осыған байланысты Қасымов Әлиевтен келтірілген зиянның орнын то-лықтыруды талап етіп сотқа арызбен барады. Әлиев болса, аза-маттық заңдарда осындай жағдайлардағы келтірілген зиянды қарастыратындай құқық нормасы жоқ екенін айтып, талап арызға қарсылық білдіреді.

Осы дауды қалай шешкен жөн болады?

2-тақырып.

АЗАМАТТАР

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің ұғымы.
2. “Құқық қабілеттілігінің және “субъективті құқық ұғым-дарының арақатынасы.
3. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұны.
4. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің пайда болуы мен тоқтатылуы.
5. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің ұғымы.
6. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің мазмұны.
7. Кәмелетке жасы толмағандардың әрекет қабілеттілігі.
8. Әрекет қабілеттілігін шектеу және азаматтарды әрекет қабілеттігі жоқ деп танудың түсінігі мен негіздері.
9. Хабар-ошарсыз кетті деп тану және оның құқықтық сал-дары.
10. Азаматты өлді деп жариялау және оның құқықтық сал-дары.
11. Патронаж, қорғаншылық пен қамқоршылық маңызы .

Есептер

1. Он үш жасар Асхат Темірхан “Жас техник журналындағы сайысқа көпірлерді ажырастыру үшін өзен ағысының күшін пайдалану жайлы ұсынысын жібереді. Оның ұсынысы бірінші сыйлыққа ие болады да журнал редакциясы Асхатқа өнер-табыс патентін беру үшін өтініш қағазын толтыруды ұсынады. Асхаттың ата-анасының ойынша, патент авторы ретінде ата-ананың біреуі көрсетілуі тиіс, өйткені Асхаттың жасы небәрі 13-те және ол өз бетімен өнер-табыс патентіне байланысты барлық құқықтар мен міндеттерді орындай алмайды. Ата-ана өз пікірлерінің дұрыс екенін білу үшін таныс өнертапқышқа кеңесуге барады, ол болса ата-ананың авторлығын тану заңды болаты-нына күмәнданады. Бірақ Асхаттың да ойынша, ол өзі патент иесінің құқықтарын жүзеге асыра алмайды, өйткені патентке ие болу азаматтық құқықтар мен міндеттердің бірқатар жиынымен байланысты.

Арайы түсініктеме алу үшін Асхаттың ата-анасы заң қыз-меткеріне кеңес алу үшін арнайы келеді.

Оларға қандай жауап берген жөн болар?

2. Атасының қайтыс болуынан кейін 10 жасар Арман Са-риевтің меншігіне “Жигулин автокөлігі өтеді. Автокөлік гаражда тұрды және баланың атасы қайтыс болғаннан екі жылдан астам уақыт оны ешкім де пайдаланған жоқ болатын. Біраз уақыт өткен соң Арман салық инспекциясына шақырылады, ол жерде оған көлік иелерінен алынатын салықты төлеу ұсынысы жа-салады. Арманның ата-анасы оны әрекетке қабілетсіз, салықтар-ды өз бетімен төлей алмайды және салық қарым-қатынаста-рының субъектісі бола алмайды деп санады. Салық инспекциясы құжаттарды заң кеңесшісінің қарауына жібереді.

Заң кеңесшісінің дәлелді қорытындысын құрастырыңдар.

3. Жергілікті әкімшілік шешімімен Сапарованың некелік жасы 17 жасқа дейін түсіріледі, содан соң барып ол Нышановқа тұрмысқа шығады. Басқа ауылда тұратын күйеуіне көшуіне байланысты Сапарова өсиет бойынша алған үйді сатпақшы бо-лады. Оның ауылдастарының ешқайсысы үйді сатып алуға ниет білдірмегендіктен, ол көршілерінің бірі, Нақыповқа, 500 АҚШ долларына тең сомаға үйді құрылыс материалы ретінде сатуға келісім жасайды.

Оны білген соң Сапарованың ата-анасы, үй бағасының тө-мен болуына байланысты, бұл келісімге қарсылығын білдіреді. Олардың ойынша үйді құрылыс материалы ретінде сатудың мүл-дем қажеті жоқ еді, үй жақсы күйде болғандықтан олар оны анағұрлым жоғары бағамен тұрақты қоныс

ретінде сатып алатын адамды тауып қояды. Сапарова Нақыповпен шарт жасасып қойғанын және оны өзгертуге немесе бұзуға ниеті жоқ екенін айтып жауап береді. Содан барып оның ата-анасы жасы кәметке толмаған қыздарының олардың рұқсатынсыз Нақыповпен жасасқан шартын жарамсыз деп мойындау жөніндегі талап арызын сотқа береді.

Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?

4. Ерлі-зайыпты Ибрагимовтар некені бұзуды ұйғарып, жаз-баша келісім жасасады, ол келісім бойынша Ибрагимов пәтерді бөлуге үміт артпайды, Алматыдан көшіп кетіп, Ақтөбеде өз анасымен бірге тұрады, ал Ибрагимова, өз тарапынан, олардың қызы — бірінші курс студенті институтты бітірмейінше күйеуге шықпауға уәде береді. Неке бұзылған соң, Ибрагимов пәтерден көшіп кетеді. Біраз уақыт өткен соң Ибрагимова өзінің бұрынғы күйеуінің Алматыда бір бөлмелі пәтерді сатып алу үшін құжат-тар дайындап жүргенін біледі. Ибрагимова сату-сатып алу шартын дайындап жатқан нотариусқа барып, Ибрагимовтың қала-дан кету туралы жазбаша міндеттемесіне қайшы келетін болған-дықтан сату-сатып алу шарттың жасалуы мүмкін еместігін мәлімдейді. Сату-сатып алу шартын жасауға асыруда еш кедергі жоқ екенін айтып, нотариус шартты куәландырады.

Ибрагимова шарттың жарамсыз деп тану жөнінде талап арызын сотқа ұсынады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

5. Молдабекова анасы қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік бойынша тұрғын үйге ие болады. Оның тұрып жатқан үйі бар болғандықтан ол мұра бойынша ие болған үйін сатпақшы болады. Күйеуі әйелінің тәжірибесі жеткіліксіз деп санап, одан үйді тек күйеуінің келісімі бойынша ғана сатуға міндетті қыла-тын қолхатты талап етеді. Аталған қолхат беріледі, ал біраз уақыттан соң күйеуі жұмыс бабымен басқа қалаға кетеді. Оның жоқ кезінде Молдабекова Тайыровқа үйін сатып жібереді. Са-пардан оралған Молдабеков үйдің сатылғанын біле салып, оның рұқсатынсыз сатылған үй бағасының 30% мөлшерінде қосымша төлем жасауды Тайыровтан талап етеді.

Тайыров қосымша төлемнен де, үйді қайтарудан да бас тар-тып, үйдің бағасын меншіктің иесі Молдабекова анықтағанын түсіндіреді. Сотта Молдабеков Тайыров пен Молдабекова жаса-ған келісімді жарамсыз деп мойындау жайлы талап арызын ұсы-нады. Талап арызында әйелінің өзіне алған жазбаша міндетте-месін бұзып келісім жасағанына сілтейді.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

6. 17 жасар Сәкен Берікұлы мектеп бітіруіне байланысты әжесінен сыйлық ретінде магнитофон алады. Біраз уақыт өткен соң ол магнитофонды өзінің танысы Иманбаевтың видеокамера-сына ауыстырып алуға әжесінен рұқсат сұрайды. Әжесі қарсы-лық білдірмейді және жазбаша түрде өзінің келісімін береді. Ал-масу жүзеге асады. Сәкеннің әкесі, болған алмасу жайлы білген-де, Иманбаевтан магнитофонды қайтарып, ал видеокамераны алып кетуді талап етеді, өйткені алмасуға ол өзінің келісімін бер-ген емес болатын. Иманбаев магнитофонды Сәкенге әкесі емес, магнитофонды алмастыруға жазбаша рұқсат берген әжесі сый-лағанын айтып, қарсылықпен жауап береді. Иманбаевтың ойын-ша, бұл жағдайда келісімді жүзеге асыру үшін Сәкенге әкесінің рұқсаты керек емес.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Егер әжесінің сұрауы бойынша Сәкеннің анасы алмастыруға рұқсатын берсе, шешімде өзгеріс туа ма?

7. Училищені бітірген соң өндірістік бірлестікте жұмыс іс-теп жүрген 17 жасар Ерментаев, 10 000 АҚШ долларына тең со-маға қарыз шартын жасасады. Оны біліп қойған Ерментаевтың ата-анасы, олардың рұқсатынсыз жасасқан шартты бұзуды талап етеді. Қарыз беруші Халелов, Ерментаевтың дербес табысы ба-рын, еңбек шарты бойынша жұмыс істеп жүргенін және толы-ғымен әрекетке қабілетті болып саналу керектігін айта отырып, шартты бұзудан бас тартады. Дауға қамқорлық

органы арала-сады. Оның ойынша, Ерментаевтың ата-анасы эмансипацияға келіскені жөн. Егер де олар келісімін бермесе, Халеловқа Ермен-таевты әрекетке толық қабілетті деп жариялау туралы арызбен сотқа бару ұсынылады.

Келісімге келе алмаған тараптар түсініктеме алу үшін заң қызметкеріне барады.

Оларға қандай түсініктеме беру қажет?

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде эмансипация көзделген бе?

8. 17 жасар Қайрат Қараев орта мектепті бітірген соң жауап-кершілігі шектеулі серіктестікке жұмысқа тұрады. Бірнеше айдан соң Серіктестік бастығына Қараевтың әкесі келеді де баласының бүкіл еңбек ақыны өте қымбат заттарды сатып алуға, ресторан-дарға барып қыдыруға және т.с.с. нәрселерге орынсыз жұмсай-тынын айтып береді. Ал одан басқа жасы толмаған екі бала бар болғандықтан, жанұясы ақша жағынан үнемі тапшылық көреді. Оның үстіне Қайраттың анасы мүгедек болу себебінен жұмыс-сыз отыр. Бастық жанұяның тапшылығын түсінеді де Қайраттың қолына еңбек ақының тек жартысын, ал қалғанын оның ата-анасына беруге бұйрық береді.

Серіктестік бастығының істеген әрекеті дұрыс па?

9. 16 жасар Қайсар Султанов колледжде оқып жүрді. Стипендия алу кезінде кассир оған ақшалай-заттық лотерея билетін алуды ұсынады. Ақырында ол билетке ұтыс — бағасы 50 000 теңгеге тең мұздатқыш шығады. Ата-анасымен ақылдаспай, Султанов билеттің ақшалай сомасын алып, ұтыстың барлық сома-сына инвестициялық компанияның акцияларын сатып алады. 3 ай өткен соң, акциялар бойынша ақы алу кезеңі келгенде, акциялардың өтімі түсіп, Қайсардың сатып алған акцияларының тұтасы дерлік 5 000 теңгеге тең болады. Бұл жағдайды білген Қайсардың ата-анасы қорғаушыға барады, ол болса Қайраттың жасасқан келісімдерін жарамсыз деп тану туралы талап арызды сотқа беру керек деп кеңес береді.

Қорғаушының берген кеңесі дұрыс па? Істі шешіндер.

10. 6 жасар Болат Орманов атасынан мұра бойынша саяжай мен автокөлікке ие болады. Жақын арада басқа қалаға көшуге байланысты Болаттың ата-анасы саяжайды әкесінің қызмет-тесіне сатуды, ал автокөлікті қалада өз әулетімен тұрып жатқан және сол қалада қалатын Болаттың жиырма жасар ағасына сый-лауды шешеді. Бұл тектес келісімдер нотариалды түрде куәландыруды қажет ететіндіктен, Болаттың әке-шешесі автокөлікті сыйға тарту және саяжайды сату шарттарын куәландыруды сұрап нотариусқа барады.

Нотариус қандай әрекет істеуі қажет?

11. 12 жасар Дәулет Қашқынбаев көркем фильмді түсіруге қатысқан болатын, ол үшін 5 мың теңге сомасында сый ақы төленеді. Сол ақшаға ол кеңсе заттарын: автоқалам, қаламсауыт және жазу кітапшасын сатып алады. Дәулеттің әке-шешесі оны ақшаны қалай-болса солай жұмсады деп санап, сатып алынған заттарды қайтадан дүкенге апарады да меңгерушіден оларды қайта қабылдап алуды және ақшасын қайтаруды талап етеді. Дүкен меңгерушісі Болаттың өз еңбегімен тапқан ақшаға заттар сатып алғанын, ал кәметке толмағандардың өз табысын ерік-тері бойынша жұмсауға болатынын айта отырып, ата-ананың та-лабын орындаудан бас тартады.

Дүкен меңгерушісі дұрыс істеді ме?

12. 10 жасар Олжас Досбаев коммерциялық банкке келеді де оның атына 1 000 теңгеге салым ашуды сұрайды. Банк қызмет-кері оған салым ашуға ата-анасының жазбаша рұқсаты керек деп айтады. Келесі күні Олжас ол рұқсатты алып келген соң салым шарты жасалады.

Кейіннен де Болат ата-анасының ұсақ-түйек заттарға берген ақшасын үнемдеп, салымды кішігірім

сомалармен толықтырып отырады. Шотта 10 000 теңге жиналғанда, ол ақшаны алып, компьютерлік ойындар қосымшасын сатып алуды ұйғарды. Бірақ банк қызметкері көрсетілген соманы беруден бас тартады да Болат өз салымынан ақшаны тек кәмелетке толғанында ғана ала алатынын мәлімдейді. Болаттың атына ашылған салымнан оның ата-анасына да ақша беруге болмайды.

Банк қызметкерінің мәлімдемесі дұрыс па? Банктерге са-лымдар салуға қатысты кәмелетке толмағандардың қандай құ-қықтары бар?

13. Төлегенов музыкалық аспаптар дүкенінен қарызға кон-церттік рояль сатып алады. Келесі күні дүкен меңгерушісі Тө-легеновтың әйелі жолығып, рояльді қайта қабылдап алуды және дүкенге төленген аванс сомасын қайтарып беруді талап етеді. Сонымен бірге Төлегеновтің жүйке ауыруымен ауырып, психо-неврологиялық диспансердің бақылауында екенін, және жақын арада сотқа барып оның әрекетке қабілетсіздігін мойындау ары-зын беретінін мәлімдейді. Меңгерушінің шақыруымен сауда жа-саған сатушы келіп, Төлегеновтің мінез-құлығында қандай да бір психикалық ауытқулар байқалмағанын айтады. Оның үстіне Төлегенов аспапты сынау кезінде айтарлықтай жоғары деңгейде Бетховен, Лист және Дебюссидің туындыларының қиын үзін-ділерін орындап берген болатын.

Төлегеновтің әйелі медициналық анықтама қағазын ұсына-ды, онда Төлегенов бірнеше жылдар бойы жүйке ауыруының ас-қынуына мезгіл-мезгіл шалдыққаны, ал соңғы кезде олардың жиілеп кеткені, бірақ олардың арасындағы уақытта өз әрекетіне есеп беріп, өзін ұстай алатыны көрсетілген.

Осы келісімді Төлегенов жасай алар ма еді?

14. Кеңсе тауарлары дүкенінің меңгерушісіне Шортанова өте көп автоқалам алып келеді. Оның түсіндіруі бойынша бұл қа-ламдарды оның күйеуі бірнеше ай бойы күн сайын бір қаламнан сатып алып тұрған. Шортанованың күйеуі екі жыл бұрын пси-хикалық ауру салдарынан сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылған және әйелі оның қамқоршысы боп тағайындалған. Қа-зіргі кезде Шортанов аурудың асқынуына байланысты ауру-ханада жатыр. Шортанова күйеуінің әрекетке қабілетсіздігіне байланысты мұндай мәмілелерді өзі істей алмайтынын айтып, қаламдарды қайта қабылдап алуды және оларға төленген ақша-ны қайтаруды сұрайды.

Дүкен меңгерушісі Шортановтың кез-келген азаматтың жа-сауға құқығы бар ұсақ тұрмыстық мәміле жасағанына сілтеп, талапты орындаудан бас тартады. Онымен қоса, сатып алу кез-дерінде қаламдардың бағасы бірнеше рет өзгергенін және есеп-шінің Шортановаға тиісті сомасын кассалық чектерсіз бере алмайтынын айтады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

15. Прокурор Сексеновты әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп тануды ұсынып сотқа арызданады. Арызда жалғыз өзі ком-муналдық пәтердің бөлмесінде тұрып жатқан Сексенов, арақ-шарап ішіп, Сексеновқа қатысты қажетті шаралар қолдану тура-лы өтінішпен прокуратураға барған көршілерінің мазасын ала-тыны көрсетілген. Прокурордың арызына қосымша ретінде Сек-сеновтың созылмалы маскүнемдікпен ауыратыны және әрекет қабілеттілігін шектеу керектігі жайындағы психоневрологиялық диспансердің анықтама қағазды қоса тапсырылады. Сот Сек-сеновты әрекет қабілеттілігі шектеулі деп тану жөнінде шешім шығарады.

Соттың шешімі дұрыс па? Егер Сексенов қартайған анасын асырап отырса, шешім өзгерер ме еді?

16. Өткелова өзінің бұрынғы күйеуін өлді деп жариялау жөніндегі арызбен сотқа барады. Арызда Өткеловтың қайда жүр-гені туралы 5 жылдан астам уақыт хабарсыз екенін, оған дейін Өткеловтың алимент төлеуден қашып, соған байланысты іздесті-рілгенін көрсетеді.

Сот Өткелованың арызы мен Өткеловтың соңғы тұрған же-рінің тұрғын үй кеңсесі берген анықтама қағазы негізінде оны хабар-ошарсыз кеткенін мойындау жайлы шешім шығарады жә-не Өткеловтың хабар-ошарсыз кеткені жайлы шешімнің күшке енгенінен төрт жыл өткен соң арызданушыға оны өлді деп жа-риялау жөніндегі арызбен сотқа баруға болатынын түсіндіріп бе-реді.

Соттың шығарған шешімі дұрыс па?

17. Есенова күйеуін өлді деп жария ету туралы арызбен сотқа барады. Арызда Есеновтың балық аулау кооперативінің мүшесі болғанын және сейнерде балық өңдеу шебері болып істе-генін көрсетеді. Тоғыз ай бұрын ол мас күйінде қайықтан құлап түсіп, суға кетеді. Арызға қосымша ретінде жазатайым жағдай туралы акт пен Есеновтың өлімі бойынша қылмысты іс қоз-ғаудан бас тартқаны туралы тергеушінің қаулысын тапсырады. Арызданушы өтінішінің себебін күйеуінің өлімі АХАЖ ор-ганында тіркелмегендігімен негіздейді.

Сот қалай шешуі тиіс?

18. Геологиялық экспедиция мүшесі Дарынов Находкадан Сахалинге қарай теплоходпен жүріп келе жатты. Жапон теңі-зінде теплоход он екі баллдық штормға ұшырайды да суға кетеді. Экипаж мүшелерінің және жолаушылардың көбін жақын маңда-ғы кемелер мінгізіп алады, бірақ бірнеше адам, олардың ішінде Дарынов та, табылмады. Дарыновтың әйеліне күйеуінің шторм-дық ауа-райы жағдайында кеме апатында хабар-ошарсыз кеткені туралы радиogramма жіберіледі. Әйелінің арызы бойынша, Дары-нов сот шешімімен өлді деп жарияланады. Әйеліне мұрагерлік бойынша оның бүкіл мүлкі өтеді: саяжай, мотоцикл, велосипед және т.б. Ата-анасына Алматыға көшуге бел байлаған әйелі сая-жай мен мотоциклді сатады, ал велосипедті өзінің жиеніне сыйға тартады.

Көп ұзамай Дарынов оралады. Ол экипаждың екі мүшесімен бірге оларды адам аяғы баспаған аралға апарып тастаған құтқару салына өтіп үлгерген екен. Аралдың маңында ұшып жүрген тікұшақтың экипажы оларды байқап қалғанға дейін сол аралды мекендеп қалған екен. Дарыновтың әйелі оның заңды тәртіпте өлді деп жарияланғандығынан олардың арасында неке бұзыл-ғанын мәлімдейді. Дарынов өз заттарының қазіргі иелерінен оларды қайтарып беруді талап етеді. Онымен қоймай, ол әйелі-нен оралу кезіне дейін сақталмаған заттардың құнын қайтарып беруді талап етеді.

Дарынов талаптарының заңды негізі бар ма?

19. Аңшылықты кәсіп еткен Біржанов аңға қойған қақпан-дарын тексеруге орманға кетеді де қайтып оралмайды. Алты жылдан соң ұлының арызы бойынша, сот тәртібімен ол өлді деп жарияланады. Біржановтың жалғыз мұрагері саналатын баласы әкесінің меншігіндегі тұрғын үйге және басқа мүлікке ие болуы керек еді. Аталып кеткен шешімнің шығуына дейін бірнеше күн бұрын Біржановтың ұлы автокөлік апатында қайтыс болады. Біржановтың басқа мұрагері жоқ болғандықтан оның барлық мүлкі мемлекетке өтеді. Үйі аудандық әкімшілік балансына бе-ріледі де оған тұрғындар кіргізіледі. Ал қалған мүлігі бағасын арзандатып сататын дүкен арқылы сатылып кетеді.

7 айдан соң аңшы-кәсіпкер Біржанов қайтып оралады. Ор-манда үстіне құлаған ағаштан бас сүйегінің ауыр жарақатын алып, ес-түссіз күйде жақын арадағы елді мекенге оташылардың арқасында жеткізіледі. Біржановтың ешбір құжаты жоқ болады, ал жарақат салдарынан ол есінен айырылып, өз мекен-жайын ұмытып қалады.

Бірнеше жыл бойы ол әртүрлі медициналық мекемелерде ем алады, ал енді емделіп үйіне оралады. өзінің бүкіл мүлкі мемле-кетке өткенін білген Біржанов, әкімшіліктен үйін және басқа да заттарын қайтаруды талап етеді. Әкімшілік оған заңға сәйкес не үйін, не басқа мүлкін заттай болмыста қайтарып бере алмай-тынын және оның тек ақшалай орнын толықтыруға үміттенуге құқықты екенін түсіндіріп береді.

Осындай түсініктеменің жөні бар ма?

3-тақырып.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Заңды тұлға ұғымы:
 - 1.1. Заңды тұлға белгілері;
 - 1.2. Заңды тұлға туралы теориялар.
2. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілет-тілігі.
3. Заңды тұлға органдары.
4. Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.
5. Заңды тұлғаларды дараландырудың тәсілдері (тұрған жері, атауы, өндірістік маркасы, тауарлық белгісі, тауардың шыққан орнының аталуы).
6. Заңды тұлғалардың пайда болуы мен тоқтатылу негіздері:
 - 6.1. Заңды тұлғаларды құрудың тәсілдері;
 - 6.2. Құрылтай құжаттарының түрлері мен мазмұны;
 - 6.3. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу;
 - 6.4. Заңды тұлғаларды қайта құру тәсілдері;
 - 6.5. Заңды тұлғаларды таратудың тәртібі.
7. Коммерциялық ұйымдардың құқықтық жағдайы:
 - 7.1. Шаруашылық серіктестіктері: толық серіктестік, сенім серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауап-кершілігі бар серіктестік.
 - 7.2. Акционерлік қоғам;
 - 7.3. Өндірістік кооперативтер;
 - 7.4. Мемлекеттік кәсіпорындар;
8. Коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайы:
 - 8.1. Тұтыну кооперативтері;
 - 8.2. Қоғамдық бірлестіктер;
 - 8.3. Қорлар;
 - 8.4. Діни ұйымдар;

8.5. Мекемелер;

8.6. Заңды тұлғалардың бірлестіктері.

8.7. Коммерциялық емес ұйымдардың жеке заңдармен көз-делген өзге де нысандары.

Есептер

1. Заңды тұлға құру арқылы кәсіпкерлікпен айналысудың әлде қандай тиімді екеніне көздері жеткен кәсіпкерлердің бір тобы бірлесіп заңды тұлға құру туралы ортақ шешімге келеді. Алайда олар заңды тұлға құрудың тәртібі мен жолдарын біл-мегендіктен осы мәселе бойынша кеңес алуға заңгерге келіп оған төмендегідей сұрақтарды қояды:

- 1) Заңды тұлға құру неден басталады және оның құрылтай-шылары кімдер бола алады?
- 2) Заңды тұлға құру үшін олар қандайда бір мемлекеттік не-месе атқарушы органдардың келісімін алуға тиіс пе?
- 3) Заңды тұлғаның құрылтай құжаттары деген не және оның қандай түрлері болады, олар не үшін керек?
- 4) Құрылтай шарты мен Жарғының бір-бірінен қандай айыр-машылығы бар?
- 5) Жарғылық капитал деген не және оған салым ретінде қандай заттарды салуға болады?
- 6) Жарғылық капиталға құрылтайшылардың салған салым-дары осы құрылтайшылардың ортақ үлестік меншігі болып та-былатындығы рас па?
- 7) Заңды тұлғаның атынан құрылтай шылардың әрекет жа-сауға құқысы бар ма?
- 8) Заңды тұлғаның міндеттемелері үшін олар құрылтайшы-лар ретінде жауап беруге тиіс пе?
- 9) Құқық субъектісі ретінде заңды тұлға құқықтқ қатынас-тарға қалай түседі?
- 10) Заңды тұлғаның филиалы мен өкілдіктері не үшін құры-лады және филиалдың өкілдіктен қандай-қандай айырмашы-лығы бар?
- 11) Заңды тұлғаның жалпы және арнайы құқық қаблетті-гінің айырмашылығы неде?
- 12) Коммерциялық мақсатта қандай заңды тұлғалар құруға болады және АҚ-те көрсетілмеген басқа ұйымдық-құқықтық нысанда коммерциялық заңды тұлға құруға бола ма?
- 13) Заңды тұлға құруға қандай жағдайларда жол берілмейді және ондай негіздер заңда көзделген бе?
- 14) Жалпы заңды тұлға құрудың қандай тәсілдері болады?

Заңды тұлға құрмақ болған осы кәсіпкерлерлердің сұрақ-тарына Қазақстан Республикасының азаматтық заңдардың нақ-ты баптарына сүйене отырып жауап дайындаңыздар?

Егер осы құрылтайшылардың екеуі Қазақстанға кәсіпкер-лікпен айналысу үшін уақытша келген Түрік азаматтары болса Сіздердің заңгер ретінде берген кеңестеріңіздің мазмұны өзгерер ме еді?

Азаматтар үшін заңды тұлға құру арқылы кәсіпкерлікпен айналысудың тиімділігін неде деп

ойлайсыздар?

Заңды тұлғалардың жеке ұйымдық-құқықтық нысандары-ның құқықтық жағдайын реттейтін заңдарды атап шығыңдар?

2. Кәсіпкер Ботаев “Жұлдыз жауапкершілігі шектеулі серік-тестігіне өзге қатысушылардың келісімімен осы серіктестіктің жарғылық капиталына қаржылай салым салып серіктестікке құрылтайшы болып кіреді.

Арада бірер уақыт өткеннен соң “Жұлдыз жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшыларының бірі — “Тұмарн акционерлік қоғамы өзінің үлесін сатып, серіктестіктен шығу туралы шешім қабылдап, өз үлесінің сатылу бағасын көрсетіп серіктестіктің атқару органына бұл туралы жазбаша хабарлама жібереді.

“Тұмарн акционерлік қоғамының үлесін сатып алуға серік-тестіктің тек екі қатысушысы ғана тілек білдіреді, олардың бірі кәсіпкер- Ботаев, ал екіншісі кәсіпкер-Мамытқанов болатын.

Алайда, олар сатылатын үлестің бағасын қымбат деп тауып сатушы ұсынған баға бойынша үлестің тек жартысын ғана сатып алуға даяр екендіктерін айтады.

Өз үлесін неғұрлым жылдам әрі тұтастай сатуға мүдделі болған “Тұмарн акционерлік қоғамы тілек білдірушілерге өзінің үлесін жартылай емес толық сатқысы келетіндігіне сілтеп үлесті оларға сатудан бас тартады.

Көп уақыт өтпей “Тұмарн акционерлік қоғамы өзінің үлесін тұтастай сатып алуға ниет білдірген “Мұзартн жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне бастапқы баға бойынша өз үлесін толығымен сатып жібереді.

Бұл жайды естіп білген Ботаев пен Мамытқанов “Тұмарн акционерлік қоғамы олардың үлесті сатып алу басымдылық құқығын бұзды деп санап, үлесті сатып алу шартын жарамсыз деп тану туралы сотқа талап арыз береді?

Ботаев пен Мамытқановтың талабы қанағаттандыруға жата ма?

Егер “Тұмарн акционерлік қоғамы өзінің үлесін бастапқыда белгіленген бағадан едәуір арзан бағаға сатып жіберсе Сіздердің шешімдеріңіз өзгерер ме еді?

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша қалай жауап береді?

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын азайтудың тәртібі жайлы баяндап беріңіздер?

Қандай жағдайларда жауапкершілігі шектеулі серіктестік мемлекеттік тіркеуге алынбайды?

3. Минералды және экологиялық таза табиғи су өндірумен айналыспақшы болған “Бастауң қосымша жауапкершілігі бар серіктестігі 2002 жылдың қазан айында коммерциялық жо-баны жүзеге асыру мақсатында банктен қысқа мерзімге ірі көлемде несие алады. Алайда, табиғи су қорының кеннеттен тар-тылып скважиналардың жабылуы салдарынан “Бастауң қосымша жауапкершілігі бар серіктестігі біршама шығынға ұшырап, ақы-ры жоспарланған коммерциялы жобаны тоқтатуына тура келеді. Несиені қайтарып беру мерзімі жеткенде серіктестіктің банкке төлеуге тиіс ақша соммасы мен мүлкі жетпейтін болып шығады және сонымен бірге “Бастауң қосымша жауапкершілігі бар серік-тестігінің төрт қатысушысының бірі болып табылатын “Юмбекн жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттыққа ұшырағаны анықталады.

Осы жағдайда “Бастауң қосымша жауапкершілігі бар серік-тестігінің міндеттемесі бойынша оның

қатысушылары қалай жауап беруі тиіс?

Мысалы, қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің жарғылық капиталының жалпы мөлшері 800 000 мың теңгені құраса, оның ішінде: 1-ші қатысушының үлесі 10%;

2-ші қатысушының үлесі 15%;

3-ші қатысушының үлесі 35%;

4-ші қатысушы, яғни “Юмпекс ЖШС-нің үлесі 40% құраса, қатысушылардың жауапкершілік мөлшері қандай мөлшерде болмақ? Заң нормаларына негіздеп осы мәселе бойынша шешім қабылдаңыздар.

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің қызметін реттей-тін Қазақстанда қандай заң бар?

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері заңмен белгіленген бе?

4. “Джон Вуд, Лтдн фирмасының жалғыз құрылтайшысы болып табылатын американдық іскер Қазақстанда кәсіпкерлікпен айналысудың ең тиімді жолдары жайлы ақпарат алу мақсатымен заңгерге кеңес алу үшін келеді. Кәсіпкер ұйымдастыр-мақшы болған фирма келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс: ешқандай кедергісіз кез-келген коммерциялық және қайырым-дылық іс-әрекетпен айналысуға мүмкіндік беретін болуы шарт;

2) фирма басшылығының әрекетін толық бақылауды қамтамасыз ету керек;

3) фирманың іс-әрекеті жайында негізгі қаржылық ақпарат (бухгалтерлік есеп беру, баланс және т. с. с.) құпиясының сақта-луына жағдай қарастырылуы керек;

4) сондай фирманың міндеттемелері бойынша жауапкерші-лігін оның капиталына салынған сомамен шектелуі тиіс.

Сонымен бірге кәсіпкер заңгерге келесі сұрақтар қойылады:

- фирманың заңды тұлға болуы міндетті түрде қажет пе?
- Қазақстандық құқықта “заңды тұлға термині қалай түсіндіріледі?
- фирмаға қосалқы құрылтайшылар ретінде Қазақстандық азаматтарды, сонымен бірге мемлекеттік және жергілікті орган-дарды тартуға бола ма?

Заңгердің атынан кәсіпкерге кеңес беріңіз. Сіз қандай заңды тұлғаны құруға кеңес берер едіңіз?

5. “Эллис жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысу-шылары осы серіктестікке қатысушы “Өркенн акционерлік қоғамын серіктестіктің қатысушылар қатарынан шығару туралы шешім қабылдайды. Себебі АҚ-ның бухгалтері ЖШС-тің коммерциялық құпия болып табылатын қаржылық ақпараттын рұқсатсыз жария етіп жіберген. ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысына қатысқан АҚ-ның өкілі қателік істеген АҚ бух-галтері қазір жұмыстан босатылғанын және оның заңды тұлға ретінде АҚ органы болып табылмайтынын, демек, “Өркенн АҚ оның заңсыз әрекеті үшін жауапты еместігін мәлімдейді.

Тіркеу органы келесі негіздемелер бойынша “Өркенн АҚ-ын қатысушылар қатарынан шығаруды рәсімдейтін ЖШС-тің құрылтай құжаттарына өзгерістерді енгізуден бас тартады: ша-руашылық серіктестігінен мүшелерді шығару тек сот шешімімен жүзеге асырылады, өйткені ЖШС жарғысында қатысушылардың жалпы жиналысының сәйкес құқығы қарастырылмаған.

Осы жағдайға талдау жасап және тараптар дәйектерінің заңға сәйкестігін бағалаңыз.

Заңды тұлғаның қайта құру деген не? Ол қандай түрде жа-салуы мүмкін?

Шаруашылық серіктестіктен мүшеліктен шығарудың қандай негіздері мен тәртіптерін білесіздер?

6. “Шығанақ, Айманов және компанияң толық серіктесті-гінің үш қатысушыларының біреуі Айтбаев мырза “Еркін ак-ционерлік қоғамына тиімді мәміле жасасуды ұсынады. Өзінің өкілеттілігін растау үшін, шартқа қол қою кезінде Айтбаев мы-надай құжаттарды ұсынады: толық серіктестіктің құрылтай шартының нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін, одан Айтбаевтың толық серіктестіктің қатысушысы екені; толық серіктестіктің жарғылық капиталының 80%-нің иесі — “Шыға-нақ, Айманов және компанияң фирмасының Айтбаевқа берілген мәміле жасасуға құқық беретін сенімхаты; құрылтай шарты бойынша серіктестік істерін жүргізуге тапсырылған Айманов мырзаның шарт жасалуына қарсылығы жоқ екенін растайтын өз қолымен жазған хаты; Айтбаевтың үйінің адресі мен телефоны көрсетілген визит карточкасы бары анықталады.

Айтбаевтың өкілеттілігін растау үшін қандай құжаттар қа-жет?

7. Жеке кәсіпкер Халелов — жылжымайтын мүліктерді сату ісімен айналысатын толық серіктестік қатысушыларының бірі — сенім серіктестігі түріндегі тағы бір фирма құрып, өз ісін кеңейтуге шешім қабылдайды. Мүдделі фирманы тауып, Халелов оған жаңа фирманың толық серік ролін ұсынады, өзі болса салым жасаушының статусын сақтап қалады. Серіктестіктің құрылтай шартында Халеловтың өзі оның директоры ретінде басқаратыны қарастырылған. Халеловтың жарғылық капитал-дағы үлесі 90% болғандықтан, фирма “Халелов және компанияң сенім серіктестігі деген атқа ие болады. Фирма тіркелуінен кейін көп ұзамай, оның екінші қатысушысы ақша салымын жасаушы ретінде Халеловтың серіктестікті тек сенімхат негізінде басқара алатынын, ал ондай сенімхаттың жоқтығын негізге алып, Хале-ловтың фирманы басқаруына жол бермеуге тырысады. Оған жауап ретінде Халелов, заңды тұлғаның органы — директор — ретінде оған мәмілелер жасау үшін серіктестік атынан сенім-хаттың талап етілмейтінін айтады. Осы пайда болған дау аралық соттың қарауына беріледі.

Төреші ретінде Сіздер, тараптардың дәлелдерін қарастырың-дар және осы іс бойынша шешім шығарындар. Заңды тұлға ор-ганы ұғымына түсінік беріңіз. Заңды тұлғаның әрекетке қабілет-тілігін жүзеге асыру үшін оның органдарының маңызы қандай?

8. “Табиғатң экологиялық қорының тапсырысы бойынша екі химик — Сарбасов және Қалижанов — автокөлікті экология-лық таза сұйық отынға — этил спиртіне көшірудің әдістемесін жасап шығарады. Өнер-табысты жүзеге асыру үшін ашық ак-ционерлік қоғам ашып, оған кең көлемде ақша салымын жасау-шыларды тарту шешімі қабылданады.

“Табиғатң экологиялық қорының заңгерлер АҚ Жарғысын құрастырып шығарады да құрылтайшылар талқылауына ұсы-нады. Жарғы бойынша АҚ жарғылық капиталы 600 мың доллар-дан тұруы тиіс және әрқайсысы 10 доллардан 60 мың жай акцияларға бөлінуі қажет. Акцияларды төлеу есебінде Сарбасов (2 000 акция) және Қалижанов (1 500 акция) қажетті құжаттарды дайындауға және АҚ-ның тіркелуін іске асыру туралы өздеріне міндет алады. Қалған акциялардың бәрін ашық орналастыру арқылы тарату қарастырылады.

Осы жағдайларға құқықтық талдау жасаңыздар.

Акционерлік қоғамдарда акцияларды орналастырудың қан-дай тәсілдері қарастырылған және ол қалай рәсімделуі тиіс? Ашық және жабық акционерлік қоғамдардың айырмашылығы қандай?

9. “Қуатң акционерлік қоғамының акционерлер тобы өздерінің төтенше жиналысына бірқатар мәселелерді шешу үшін заңгерді шақырады. Жиналысқа тұтас алғанда 75,5% акциялар дауысының иелері — 240 акционер қатысады. Төрағашылық ету-ші АҚ-ға қатысты бұрыс саясат жүргізетіндіктен акцияның 23,5% иесі — ең ірі акционер — “МСТң ЖШС жиналысқа

шақырылмағанын және одан басқа жиналыста оған қатысты жазалау шараларын қолдану мәселесі қарастырылатынын хабар-лайды.

АҚ-ның жарғысы бойынша талап етілетін кворум — 75% акциялар дауысы — жиналғандықтан, жалпы жиналыс жұмысын бастайды. Төрағашылық етуші күн тәртібіне “Қуатт АҚ-ын қайта құру мәселесін кіргізуді ұсынады, оған акционерлер бі-рауызды келісімін береді.

АҚ-ның ұсақ акционерлер арасындағы қарама-қайшылық-тарын пайдаланып, “МСТң ЖШС оны күмәнді коммерциялық жобаларға әрдайым күштеп итермелейтіні жөнінде жиналыс төрағасы өз сөзінде айтады. Міне, солай акционерлердің жыл соңындағы жиналысында “МСТң ЖШС-і АҚ-ға зор шығындар әкелген жобаны АҚ-ның жұмыс жоспарына енгізіп, дегеніне жетеді. Соған байланысты төрағашылық етуші “МСТң ЖШС-тен акционерлік қоғамға келтірілген барлық шығындардың орнын толтыруды, сонымен қатар АҚ-ды “Алтайң ЖШС-не тәуелді акционерлік қоғамға туындаған немесе еншілес ұйымға қайта құруды ұсынады. Соңғы шара, оның ойынша, қалыптасқан жағдайды заңды түрге келтіреді және келешекте ұсақ салым жасаушылардың мүддесін қорғайтын болады.

Ұсынылған қайта ұйымдастыру жайында жиналысқа өз пікі-ріңізді білдіріңіз, бір заңды тұлғадан шыққан және оған тәуелді кәсіпорындардың құқықтық ережелерін анықтап беріңіз және ұсақ акционерлердің мүддесін қорғау жолдарын ұсыныңыз.

Акционерлер жиналысын шақыру қандай тәртіп бойынша дайындалу және шақыруды жүзеге асыруы қажет екенін және бұл тәртіп бұзылса, қандай жағдайларға әкеліп соқтыратынын түсіндіріп беріңіз.

10. Тіркеу органына Балқаш өзенінде балық аулауды мақсат тұтатын өндірістік кооператив құруға мүдделі бір топ азаматтар жолығады. Тіркеуге ұсынылған құжаттарды қарап шығады да тіркеу органының заңгері келесі қателіктерді көрсете отырып, арызданушыларға құжаттарын қайтарып береді:

1) Кооперативтің атауы — “Тетеборгң балық аулаушылар өн-дірістік кооперативі — заңға сәйкес келмейді, өйткені “Тетеборгң — Қазақстанның қаласы емес, шведтікі.

2) Құрылтай шартына қатысушылардың өздері емес, тек ар-телдіктердің құрылтай жиналысының төрағасы мен хатшысы қол қойған.

3) Жарғыда жарғылық капиталдың жалпы мөлшері мен ар-тель мүшелерінің саны туралы сөз жоқ, тек жарна төлемінің мөлшері көрсетілген.

4) Табысты өндірістік кооператив мүшелері арасында бөлу мен жалпы жиналыста дауыс беру олардың жарналық төлемде-ріне тікелей пропорционалды екені, оның үстіне әрбір қаты-сушы өз қалауы бойынша бірнеше жарналық төлем жасау мүм-кіндігі жарғыда қарастырылған. Бұл қағиданың екеуі де заңға қайшы келеді.

5) Жарғы бойынша өндірістік кооператив төрағасы оны бас-қарма төрағасы болып табылады, ал басқарманың барлық мүше-лері кеңесу дауысына құқығы бар бақылау кеңесінің мүшелері болып табылады. Бұл да заңға сәйкес емес.

Арыз берушілер заңгердің ескертулерін заңсыз деп санап, тіркеу органының бөлім бастығына шағым жасап барады. Жоғарыда келтірілген ескертулерге баға бере отырып, шағымды шешіңіздер.

8. Кәсіпкер Саттаров Қазақстанның қазіргі қолданбалы өнерін насихаттау үшін және жас суретшілерге олардың көрме-лерін ұйымдастыруға көмек көрсету үшін мұражайдың негізін салмақшы болады.

Заңгермен әңгімелесу үстінде Саттаров мұражайдың құрылуын қаржыландыруға дайын екендігін, ал келешекте, егер мұра-жай өзін-өзі ақтамайтын болса, мезгіл сайын мұражайға құрылтай құжаттарында көрсетілген белгілі бір ақшалай соманы аударып отыратынын мәлімдейді. Оған қоса, құрылтайшылар ретінде өзінің барлық жанұя мүшелері танылсын, ал мұражай оның атымен аталсын деген ұсыныс айтады. Мұражай коммерциялық емес ұйым ретінде ойластырылғандықтан оның құрылтай құжаттарында Саттаров пен оның жанұясы мұражай қарыз-дары бойынша жауапкершілігінен толығымен босатылуы көрсетілуі тиіс.

Заңда қарастырылатын заңды тұлғалардың бірде біреуі Саттаровтың талаптарына толық сәйкес келмейтінін заңгер Саттаровқа түсіндіріп береді. Сондықтан да осы жағдайда өз бойында қордың, мекеменің және қоғамдық ұйымның ерекшеліктерін байланыстыратын жаңа ұйымдық-құқықтық тұрғыны жасауға тура келеді.

Заңгердің дәлелдерімен келісесіз бе? Қор, мекеме және қоғамдық ұйым арасындағы айырмашылықтардың неде екені жөнінде кеңес беріңіз. Кәсіпкер талаптарына анағұрлым сәйкес келетін коммерциялық емес ұйымның құқықтық нысанын таңдап алуға көмек беріңіз.

11. “Қазақстан жарнамалық фирмаларының ассоциациясы ірі коммерциялық компанияны жарнамалалауды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде шарт жасасады. Алайда, шарттың бірқатар талаптарын бұзып, Ассоциация жарнама берушіні үлкен шығын-дарға ұшыратады. Сотта Ассоциацияның заңгері шарттық міндеттемелерінің бұзылуына осы шартты орындауды өз мойнына алған ассоциацияның бір топ мүшелері өткен жылы Ассоциациядан шығып кетуіне байланысты пайда болғанын себеп ретінде айтады. Сондықтан да ҚР АҚ-тің 110-бабына сәйкес талапты жарнама беруші ассоциацияға емес сол фирмаларға қоюы керек деп түсіндірді.

Ассоциация заңгері келтірілген дәйектерге баға беріңіз. Заңды тұлғалар бірлестіктерінің құқықтық жағдайының ерекшеліктері неде?

Жоғарыда аталған шарттың орындалмауы үшін Ассоциация жауап беруі тиіс пе?

Қандай заңды тұлғалар жалпы (универсалды), ал қандай заңды тұлғалар арнайы құқық-кабілеттілігіне ие?

Қазақстанда Ассоциациялардың құқықтық жағдайы қандай заңдармен реттеледі?

12. Дәрменсіздігіне байланысты серіктестіктің таратылуын талап етіп арызбен қосымша жауапкершілігі бар “Ғазизң серік-тестіктігінің несие берушілері сотқа барады. Несие берушілер өздерінің талаптарын қанағаттандыруға жұмсалатын мүліктің құрамына “Ғазизң қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің екі еншілес қоғамының ақша қаражатын, сонымен қатар, басқа қалалардағы серіктестіктің өкілдіктері мен филиалдарының мүліктерін де кіргізуді сұрайды. Жауапкердің өкілі қойылған талаптарға келіспей, еншілес қоғамдардың дербес заңды тұлға болып саналатынын сондықтан да олар құрылтайшылардың қарыздары үшін жауап бермейтінін айтады. Серіктестіктің басқа қалалардағы филиалдары да өз ережелеріне сәйкес заңды тұлға болып саналатынын сондықтан олар таратылмауы тиіс деп санады.

Тараптар дәлелдерін сараптаңыз. Заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің құқықтық жағдайына сипаттама беріңіз.

Несие берушілердің талаптары бойынша банкрот деп танылған борышқордың мүлкі қалай таратылады және қандай кезек-термен жүргізіледі?

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша қалай жауап беруге тиіс?

13. “Ордаң саяси партиясы қайырымдылық ретінде ислам діни бірлестігінен ірі көлемде ақша

қаражатын қабылдайды.

Келіп түскен қаржы осы саяси партияның бағдарламалық және жарғылық мақсаттарын жүзеге асыруға жұмсалады.

Алайда бұл мән жайлар прокурорға белгілі болып нәтиже-сінде саяси партияның қызметі прокурордың талабы бойынша сот тәртібімен тоқтатыла тұрады. Бұл шешіммен келіспеген сая-си партия талап арызбен сотқа жүгінеді.

Осы іс бойынша сот қандай шешім шығаруға тиіс?

Саяси партиялардың қайта құрылуы мен таратылу тәртібі мен негіздері жайлы толығырақ баяндап беріңіздер.

14. Жеке кәсіпкер Алтай Әскеров және және оның жанұя мүшелері қоғамдық қор құру мақсатымен мемлекеттік тіркеу органының маманына өтініш білдіріп өздерін қызықтыратын төмендегідей сұрақтарға жауап беруін сұрайды:

— Қоғамдық қордың құрылтайшылығына байланысты заңмен қарастырылған қандайда бір шектеулер бар ма?

— Жеке тұлға қоғамдық қордың жеке дара құрылтайшысы бола ала ма және бұл жағдайда қоғамдық қордың органы болып кім табылуы тиіс?

— Қоғамдық қордың құрылтайшылары өздерінің қорға берген мүліктеріне қандайда бір құқықтарын сақтап қала ма?

— Қордың міндеттемелері үшін кім жауап беруге тиіс?

— Қоғамдық қорлардың кәсіпкерлікпен айналысуына заңда жол берілген бе және қорлар үшін кәсіпкерліктің қандай түрі-мен айналысуға заңмен тиым салынған?

— Олар құрмақ болған қоғамдық қор сенім серіктестігіне салымшы ретінде қатысуға құқылы ма?

— Қорлардың өз мүлкін мақсатты пайдалануын қандай ор-ганы қадағалауға құқылы?

Қоғамдық қорларда құрылатын қамқоршылық кеңестің негізгі атқаратын қызметі қандай және мұндай органды құру барлық қорлар үшін міндетті болып табыла ма?

Қоғамдық қордың жеке меншік қордан қандай айырмашы-лығы бар?

Әскеров пен оның жанұя мүшелеріне “Комемрциялық емес ұйымдар туралың заң талаптарына сәйкес қандай қор түрін құруды кеңес етер едіңіздер?

Осы сұрақтарға заң нормаларына негіздеп толық жауап дайындаңыздар.

15. “Тұлпарң гараж тұтыну кооперативінің мүшесі Алматы қаласының тұрғыны Нұрберген Әлімов денсаулығына байланыс-ты дәрігерлердің кеңесі бойынша елді мекен ауыстырып, қала-дан ауылға қоныс аударуына тура келеді, осыған байланысты ол кооператив басқармасына арыз жазып , кооператив мүлкіндегі өзінің үлесін бөліп беру туралы өтініш білдіреді.

Тұтыну кооперативінің басшылары оның бұл өтінішін қа-нағаттандырудан бас тартып, коммерциялық емес ұйымдар ту-ралы Заңға сәйкес, тұтыну кооперативі өзінің қызметінің нәти-жесінде алған мүлікті өз қатысушылары арасында бөліске салуы-на тиым салынатындығына сілтеме жасайды.

Нұрберген Әлімов сотқа талап арыз беріп “Тұлпарң гараж тұтыну кооперативінің мүлкінен өзінің үлесін өндіріп беруді талап етеді.

Алматы қалалық соты Нұрберген Әлімовтың талап арызын негізсіз деп тауып қанағаттандырмайды.

Соттың шығарған шешімі дұрыс па?

Қазақстан Республикасында тұтыну кооперативінің құқық-тық жағдайын реттейтін қандай заңдар бар?

Тұтыну кооперативінің өндірістік кооперативтен айырмашылығы неде?

Тұтыну кооперативінен мүшеліктен шығудың тәртібі қан-дай?

Тұтыну кооперативінің құрылтай құжаттарын атаңыздар?

Заңды тұлғалар тұтыну кооперативінің мүшесі бола ала ма?

Селолық тұтыну кооперативтерінің айырмашылығын ата-ңыздар?

16. Қазақстандық діни бірлестіктердің бірі түрлі діни ұйымдар өндірумен айналасып ақылы негізде оларды діндәр-ларға сатып, пайда келтірумен айналысатын. Сонымен қатар ол Қазақстан заңдарымен діни ұйымдарға белгіленген салықтық жеңілдіктерді пайдаланып жүйелі түрде темекі мен спирт өнім-дерін сатып, алйда одан түскен барлық қаражатты тек қайы-рылымдылық мақсатта жұмсайтын.

Бұл аталған жағдай прокурорға мәлім болғанда прокурор кәсіпкерліктің бұл түрінің діни бірлестіктің жарғылық мақсатына қайшы келетініне нұсқап одан заңсыз кәсіпкерлікті дереу тоқтатуды талап етеді.

Алайда прокурордың бұл талабын діни бірлестік негізсіз деп бағалап оны орындаудан бас тартады.

Прокурор діни бірлестікті мәжбүрлеп тарату туралы талап-пен сотқа жүгінеді.

Прокурордың бұл талабы заңмен негізделген бе?

Діни бірлестіктердің кәсіпкерлікпен айналысуға құқысы бар ма?

17. Дінбасы молда — Қуан Берлікбай Парламент сайлауы кезінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжлісіне де-путаттыққа кандидат болып тіркелген әйгілі беделді адвокат Ораз Рахимбердиевті қолдап дауыс беру үшін өзінің тұрғылықты жері бойынша орналасқан сайлау учаскесіне келеді.

Алайда сайлау учаскесінің төрағасы өзінің бұйрығымен дауыс беруге арналған сайлау бюллетенін дінбасы молда — Қуан Берлікбайға бергізбей тастайды және ол өзінің бұл шешімін Қазақстан Республикасының “Дін бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңының нормаларына негізделгенін, яғни аталған заңда діни бірлестіктердің қызметкерлері мемлекеттік билік пен басқару органдарын сайлауға қатыса алмайтындығы қарастырылғанына сілтеме жасайды. Сондай-ақ сайлау учаске-сінің төрағасы Қазақстан Республикасында діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлек екендігін айтады.

Сайлау учаскесі төрағасының бұл әрекетін дін басы-молда Қуан Бірлікбай өзінің азаматтық құқықтарына қойған шектеу деп бағалап сотқа талап арыз береді.

Осы іс бойынша сот қандай шешім шығаруға тиіс?

Діни бірлестіктер қалай құрылады және олардың құқық-тық жағдайы туралы толығырақ баяндаңыздар.

Діни бірлестіктерді коммерциялық емес ұйымдардың басқа түрлерінен, соның ішінде қоғамдық бірлестіктерден қандай бел-гілері бойынша ажыратуға болар еді?

Қазақстан Республикасының аумағында шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне қатысуына жол беріле ме?

Діни бірлестіктердің мүлкінің құқықтық режимі қандай?

18. Минералды тыңайтқыштар өндірумен айналысатын бір-неше ірі Қазақстандық заводтар минералды тыңайтқыштарды өндіруге байланысты мәселелерді Үкіметте қарастырған кезде олардың экономикалық және өзге де мүдделерін тиісті мемлекеттік органдарда қорғап, қолдау көрсететін заңды тұлға нысанындағы бірлестік құру туралы шешім қабылдайды.

Бірлестік құруға мүдделі тараптарға мына мәселелер бойынша кеңес беріңіздер:

- Аталған бірлестік қандай ұйымдық нысанда құрылуы мүмкін?
- Ол үшін қандай құрылтай құжаттары дайындалуы тиіс және мұндай мақсаттарды көздейтін заң тұлғаның құқықтық жағдайын қандай заңдар айқындайды?
- Коммерциялық емес ұйымдар Азаматтық кодексте көзделмеген өзге ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылуы мүмкін бе, оларға мысал келтіріңіздер?

19. Жолаушы тасымалдаумен айналысатын бірнеше коммерциялық фирмалардың жетекшілері өздерінің ортақ мүдделерін қорғап және осы сала бойынша кәсіпкерлікті үйлестіру мақсатында қауымдастық құру туралы шешім қабылдайды.

Сондай-ақ қауымдастықтың құрылтайшысы болып өзінің жеке меншігіндегі автокөлігімен жолаушы тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкер Азамат Манасов та қатысуға ниет білдіреді. Сонымен барлық мүдделі тараптар көп уақыт өтпей “Алматың жолдары атты қауымдастықтың (одақтың) құрылтай шартын жасап оның жарғысын бекітеді. Осы қауымдастыққа (одаққа) қатысушылар сондай-ақ өздерінің кіру жарналарын біріктіріу арқылы қауымдастықтың бастапқы жарғылық капиталын да қалыптастырып үлгереді.

Құрылған қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында мынандай ережелер қарастырылған болатын:

— қауымдастықтың барлық мүшелері құрылтай құжаттарында қарастырылған міндеттерді, соның ішінде мүшелік және өзге де жарналарды төлуге міндетті, бұл міндетін орындамаған қатысушы қауымдастықтан мүшеліктен шығарылады;

— қауымдастықтың әрбір мүшесінің қауымдастықты басқаруға теңдей құқысы бар;

- құрылтайшылардың қауымдастыққа берген мүлкі осы қауымдастықты құраған құрылтайшылардың барлығының ортақ меншігі болып табылады;
- қауымдастықтың әрбір мүшесі қауымдастық көрсететін қызметтің кез-келген түрін ақысыз негізде, тегін пайдалануға құқысы бар;
- қауымдастық мүшелері басқа қатысушылардың келісімін алмастан қауымдастықтан мүшеліктен шыға алмайды және қауымдастықтың әрбір мүшесі бір мезгілде екі немесе одан да көп қауымдастыққа мүше бола алмайды;
- қауымдастықтың міндеттемелері бойынша қауымдастықтың әрбір мүшесі өзінің салған салымдарының соммасы көлемінде субсидиарлық жауапты болады;

Әділет органының тіркеу бөлімінің мамандары қауымдастық-тың құрылтай құжаттарымен танысып шығып, олардың мазмұнының заң талаптарына қайшы келетіндігін негізге алып мемлекеттік тіркеуге алудан бас тартады.

Қауымдастықтың құрылтай құжаттарының мазмұнында оны тіркеуге алуға кедергі болатын мән-жайлар расымен де бар деп ойлайсыздар ма?

Қазақстан Республикасында заңды тұлғалар қауымдастығы-ның (одағының) құқықтық жағдайын реттейтін қандай құқық-тық-нормативтік актілер бар?

Қауымдастық өзінің мүшелерінің үстінен қадағалайтын олардың жоғары тұрған қадағалау органы қызметін атқаруға құқылы ма?

Қауымдастық құру үшін қандайда бір мемлекеттік орган-ның рұқсатын алу қажет пе?

Қауымдастықтың Сіздерге таныс холдингтен айырмашы-лығы неде?

20. 2002 жылдың қараша айының 17-сі күні көп қабатты тұрғын үйдегі пәтердің меншік иесі азамат Бөкебаев 2002 жыл-дың 27 қарашасында пәтер меншік иелерінің кооперативін құ-руға (КСК) байланысты құрылтай жиналысы өтетіндігі жайлы жазбаша түрде хабар алады. Алайда ол жұмыс бабымен алыс жол сапарға аттанып кетуіне байланысты құрылтай жиналысына қа-тыса алмай қалады.

Жол сапардан оралған бойда Бөкебаев өзінің көршісі Байқо-ңыровпен кездесіп өзі болмаған кезде өткізілген құрылтай жиналысының нәтижесі жайлы мәлімет сұрайды. Байқоңыров сол күні құрылтай жиналысына көп қабатты тұрғын үйдегі пәтер меншік иелерінің жартысынан көбі келмей қалғандықтан құрылтай жиналысы өткізілген жоқ деп танылғандығы туралы айтып, енді бес күннен кейін құрылтай жиналасының қайта өт-кізілетіндігі туралы шешім қабылданғандығы туралы Бөкебаевқа баяндап береді.

Қайта өткізілген құрылтай жиналысына, бұл жолы да, тұр-ғын үйдегі пәтер меншік иелерінің жартысынан азы ғана қа-тысады. Соған қарамастан тұрғындар пәтер меншік иелерінің кооперативін құру туралы бір ауыздан шешім қабылдап, оның жарғысын бекітеді. Осы жиналыста кооператив төрағасын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде кооператив төраға-лығына Бөкебаев ұсынған кандидатура жеткілікті дауыс жинай алмағандықтан, өтпей қалады. Бұл жайға көңілі толмаған Бөке-баев сотқа талап арыз беріп пәтер меншік иелерінің коопе-ративін құру туралы қабылданған құрылтай жиналысының ше-шімін жарамсыз деп тануды талап етіп, өзінің талап арызын ол құрылтай жиналысына кондоминиумге қатысушылардың жарты-сынан азы ғана қатысқандығымен негіздейді.

Бөкебаевтің талабы қаншалықты негізді?

Аталған пәтер меншік иелерінің кооперативін құру (КСК) барысында қандайда бір қателіктер жіберілді деп ойлайсыздар ма?

Егер өткізілген құрылтай жиналысында шешім жиналысқа қатысушылардың 2/3 бөлігінің дауыс беруімен қабылданса.

Сіздердің пікірлеріңіз басқаша болар ма еді?

Пәтер меншік иелері кооперативі мен тұтыну кооперати-вінің құқықтық жағдайы бірдей ме?

Пәтер меншік иелерінің кооперативі тек бір ғана қатысушы-дан тұруы мүмкін бе?

21. Көп қабатты тұрғын үйдегі Омаровтың пәтерін сатып алған Боранбаев “Аралқ пәтер меншік

иелері кооперативіне мүше болып қабылданады. Алайда көп уақыт өтпей пәтерден бұрынғырақта байқалынбаған әртүрлі ақаулар анықтала бастайды. Атап айтқанда, есік пен терезе қорапшаларының дұрыс салын-бағандығы және сондай-ақ едендегі жанама ағаштарының дұрыс бекітілмегені белгілі болады. Боранбаевты еркеше мазалайтын тағы бір келеңсіз жайғдай ол жаңбыр жауғанда үй шатырынан өткен судың пәтерге еніп, пәтердің керегелерін бойлай ағатындығы болатын.

Соның салдарынан Боранбаевқа және үйдің төменгі қабатында орналасқан оның көршілеріне үлкен материалдық шығындар келеді.

Боранбаев “Аралық пәтер меншік иелері кооперативінен осы жоғарыдан анықталған ақауларды дереу қалпына келтіруін талап етеді.

Боранбаевтың бұл талабын пәтер меншік иелері кооперативінің төрағасы қанағаттандырудан бас тартып, өзінің бас тартуын былайша негіздейді: біріншіден- Борнабаев кооперативке мүше болып жаңадан қабылданғандықтан ол әлі кооперативке жет-кілікті көлемде ақша сомасын (яғни тұрғын үйді қалыпты ұстап тұруға қажетті ақша сомасын) төлеп үлгерген жоқ, сол себептен де ол кооператив есебінен аталған жөндеу жұмыстарын жасатуға құқысы жоқ деп біледі; екіншіден — сапасыз пәтерлерді сатып алғаны үшін Борнабаевтың өзі жауапты болуы тиіс деп біледі;

“Аралық пәтер меншік иелері кооперативінің төрағасының бұл жауабы қаншалықты негізді деп білесіздер?”

Істі шешіңіздер.

Пәтерден шыққан ақауларды қалпына келтіруді және үй шатырына жөндеу жұмыстарын жүргізуді Боранбаев кімнен талап етуі тиіс деп ойлайсыздар?

22. Мектеп оқушылары Сарайының директоры заңгерлерден төмендегі мәселелер бойынша кеңес беруін өтінеді, коммерциялық емес ұйым болып табылатын мекеме нысанында құрылған мектеп оқушылары Сарайы пайда келтіру мақсатында қандайда бір кәсіпкерлік түрімен айналысуына құқысы бар ма деп сұрайды, (мысалы қазақ және ағылшын тілдерін үйрететін ақылы курстар ашуға және осы мекеменің автокөлігін пайдаланып қала ішінде экскурсия ұйымдастыруына және оқушылар Сарайының бос ғимараттарын тауар қоймасы үшін пайдалануға жалға беруге, тұтыну тауарларын сатып алып оларды қайта са-туына, түрлі лоторея ойындарын өткізуге және сондай-ақ қозға-ламайтын мүліктермен жасалатын өзге де мәмлелерді жасасуға т.б.) директордың пікірінше осы әрекеттерді жүзеге асыру нәтижесінде түсетін қаржы мектеп оқушылары Сарайы қызметкерлерінің жалақысын көтеруге жұмсауға жоспарланбақ еді.

Мектеп оқушылары Сарайының директорына осы мәселе бойынша қандай кеңес берер едіңіздер?

Мекемелердің өзге де коммерциялық емес ұйымдардан бас-ты ерекшеліктері неде?

Мекемелердің қандай түрлерін білесіздер және олардың бір-бірінен айырмашылығы неде?

23. Қазақстан Республикасы Армиясының офицерлері капитан Абдулов, аға лейтенант Маратов және лейтенант Васильев “Біздің жолың атты саяси партияның бағдарламасымен танысып оның мүшесі болуға ниеттеніп саяси партияның органына арыз береді.

Көп уақыт өтпей өтініш білдірген офицерлердің бәрі саяси партияға мүшелікке қабылданды.

Офицерлердің бұл әректінен хабардар болған әскери бөлім-шенің бастығы офицерлердің саяси партиядан дереу мүшеліктен шығуын талап етеді. Әскери бөлімше бастығының пікірі бойынша, Қазақстан Республикасы Армиясының офицерлері қандай да бір саяси партияның мүшесі болуға құқысы жоқ және бұл жағдайдың заң талаптарына қайшы келетіндігін айтады.

Әскери бөлімшенің бастығы сонымен бірге егер офицер-лерге саяси партиядан мүшеліктен өз еріктерімен шықпаса олар-дың бәрі әскери қызметтен еріксіз босатылатындығын ескертеді.

Офицерлер сотқа талап арыз беріп онда өздерінің саяси бос-тандықтарына әскери бөлімше бастығының шек қойып жатқа-нын және осы құқық бұзушылықты болдырмауды талап етеді.

Өздерінің талап арызын офицерлер Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабына жүгініп онда Қазақстан Респуб-ликасының кез-келген азаматы ерікті одақтарға бірігуге құқылы екендігі көрсетілгенін және Қазақстан Республикасының “Саяси партиялар туралы Заңының 3-ші бабының 3-ші тармағында азаматтардың саяси партияларға мүше болуы олардың құқық-тары мен еркіндіктерін шектеуге негіз болып табылмайтындығы жайлы баяндалғандығына сілтеме жасайды.

Офицерлердің талап арызы бойынша сот қандай шешім шы-ғаруы тиіс?

Саяси партиялар коммерциялық емес заңды ұйымдардың қандай түріне жатады?

Қазақстан Республикасының азаматтары бір мезгілде екі немесе оданда көп саяси партияларға мүше бола ала ма?

Саяси партияларды тіркеу үшін оның мүшелерінің саны ең аз дегенде қанша болуы тиіс?

Қандай саяси партияларды құруға Қазақстанда заңдармен тиым салынған?

Саяси партиялардың жарғысын қабылдау мен өзгерту қан-дай тәртіппен жүргізіледі?

Қанша жастан бастап саяси партияларға мүше болуға рұқсат етілген?

Саяси партиялардың тоқтатылу негіздерін атап шығыңыз-дар?

24. Ауылшаруашылығы тұтыну кооперативін құруды мақсат тұтқан жеке кәсіпкер Қайрат Өмірбеков өзінің жақын туысы университеттің заң факультетінің студенті Мұхтарға өзін қызық-тыратын мына сұрақтарға жауап беруін өтінеді:

- Ауылшаруашылығы тұтыну кооперативін қалай құруға болады және оның құқықтық жағдайын реттейтін Қазақстанда қандайда бір арнайы заң бар ма?
- Ауылшаруашылығы тұтыну кооперативін тек ауылдың тұрғындары ғана құруға болатындығы рас па?
- Азаматтар ауылшаруашылығы тұтыну кооперативіне қан-ша жастан бастап мүше бола алады және заңды тұлғалар коопе-ративтің құрылтайшысы бола ала ма?
- Тек бір ғана тұлғаның ауылшаруашылығы тұтыну коопе-ративінің құрылтайшысы болуы мүмкін бе және мұндай коопе-ративтің мүшелерінің саны заңмен шектелінген бе?
- Мүліктік салым (пай) ретінде өзінің жалға алған “МАН” автокөлігін пайдалану құқығын кооперативке салым ретінде бе-руіне бола ма?
- Егер салымшылардың бірі өз еркімен кооперативтен мү-шеліктен шыққан жағдайда ол ауылшаруашылығы тұтыну коо-перативінің мүлкінен өзінің үлесін бөліп алуға құқылы ма?
- Ауылшаруашылығы тұтыну кооперативінде қандай органдар болады?

Осы қойылған сұрақтарға Сіздер қалай жауап берер едіңіз-дер?

Сіздердің жауаптарыңыз тиісті заң нормаларымен негізделуі қажет.

25. Құрылтайшысы жеке кәсіпкер Зейнолла Задаев болып табылатын “Зейін” акционерлік қоғамы өзінің қаражаттары есе-бінен Астана қаласындағы жаңа салынып жатқан шет ықшам

аудандардың бірінде орналасқан бірнеше дүкендерді сатып ала-ды. Алайда бірнеше айлар бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесі ықшам ауданда тұрғын үйлердің салыну қарқыны тым баяулап кетуіне байланысты дүкенге келетін сатып алушылар аз болып, дүкендерден түсуі тиіс табыс көлемі бастапқы болжам-нан едәуір аз болып шығады. Осының нәтижесінде “Зейіннің акционерлік қоғамның мемлекетке төленетін салықтарды төлеуден кейін қалған таза табысының көлемі аз ғана соманы құрайды. Коммерциялық емес ұйымдар үшін Қазақстан Республикасы заңдарында салықтық жеңілдіктер көзделетіндігін естіп білген Зейнолла Задаев өзі құрған қоғамды қайта құрып коммерциялық емес акционерлік қоғам ретінде қайта тіркеу туралы шешім қабылдайды. Қажетті құрылтай құжаттарын қайта дайындап болып ол тиісті өтінішпен мемлекеттік тіркеу органына барады. Алайда заңды тұлғаны тіркеумен айналысатын әділет органының маманы оның өтінішін қанағаттандырудан бас тартып Қазақстан заңдарына сәйкес әуелбаста коммерциялық ұйым болып құрылған акционерлік қоғамның коммерциялық емес ұйым болып қайта құрылуына жол берілмейді түсіндіреді.

Тіркеу органы маманының пікірі қаншалықты негізді?

Коммерциялық емес акционерлік қоғамның құқықтық жағдайының ерекшеліктерін айтып беріңіздер?

Коммерциялық емес акционерлік қоғамның коммерциялық акционерлік қоғамнан басты айырмашылықтары неде?

Коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың қандай акцияларды шығаруға құқығы болмайды?

Коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың акционерлері акциалар бойынша дивидент алуға құқысы бар ма?

Коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың сандық және сапалық құрамы заңда қалай анықталған?

26. “Алматы қаласы риэлторлар қауымдастығының мүшесі болып табылатын риэлторлық қызметпен айналысатын “Адал” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кезекті қаржы жылы аяқталысымен қауымдастықтан мүшеліктен шығу туралы шешім қабылдайды. Мұндай шешімнің қабылдануына қауымдастық қызметінің тиісті нәтиже бермеуі себеп болған болатынды. Осыған байланысты серіктестік қауымдастыққа мүшелікке кіру кезінде өзі салған салымдарын кері қайтарып беруді талап етеді.

Алайда қауымдастықтың президенті “Адал” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бұл талабын негізсіз деп санайды, себебі қауымдастықтың құрылтай құжаттарында салымдар мен жарналарды қайтарып беру туралы ереже қарастырылмаған. Сондықтан да қауымдастықтан мүшелердің шығуы қауымдастыққа қандайда бір төлемдер төлеу міндетін жүктей алмайды.

Сондай-ақ қауымдастық президенті “Адал” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қауымдастықтың шарттық міндеттемелерді орындамауы салдарынан туындаған міндеттері бойынша жауапты екендігін ескертеді. Серіктестік болса қауымдастық президентінің пікірімен келіспей, қауымдастықтың өзге мүшелерінің жауапсыздығы салдарынан туындаған міндеттемелер үшін өзін жауапты деп санамайтындығын айтады және оның үстіне қауымдастықтың міндеттемелері үшін құрылтай құжаттарында мүшелердің қосымша жауапкершілік көзделмегендігіне сілтеме жасайды.

Бұл дау қалай шешілуі тиіс?

Өзінің несие берушілерінің талабын қанағаттандыруға қауымдастықтың мүлкі мен ақша қаражаты жетпейтін болса қауымдастықты банкрот деп тануға бола ма?

Қауымдастықтың мүлкінің құқықтық режимі қандай?

Қауымдастықтың мүлкі мен мүшелерінің жарна көлемінің ең төменгі, яғни минималды мөлшері заңмен анықталған ба?

27. Аудиторлық компания “Қазақ аудиторлық акционерлік қоғамы мен “Қаржы аудиті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Алматы қаласы бойынша қаржы, салық, кеден және банктік заңна-малар бойынша кеңес берумен айналысып жүріп, әсіресе түрлі мемлекеттік органдарда көптеген түсініспеушіліктерге жиі тап болып жүретін.

Бұдан былай өздерінің мүдделерін ұйымдасқан түрде тиімді қорғауды мақсат тұтқан аталған компаниялар Республикалық аудиторлар палатасына мүше болып кіру туралы бірауыздан шешім қабылдайды.

Республикалық аудиторлар палатасына осындай өтінішпен барған оларға Республикалық аудиторлар палатасы аймақтық аудиторлар палатасына баруға кеңес береді, себебі Республикалық аудиторлар палатасына мүше болып тек аймақтық аудиторлар палаталары қабылданатындығымен түсіндіреді. Аймақтық аудиторлар палатасы болып табылатын — Алматы қаласының аудиторлар палатасы өтініш білдірушілердің арызын қабылдаудан бас тартып өз кезегінде аймақтық аудиторлар палатасына мүшелікке тек лицензия алып аудиторлық қызметті жүзеге асырушы жеке тұлғалар ғана қабылданатындығын айтады. Аймақтық аудиторлар палатасының жетекшісі аудиторлық қызметті жүзеге асырушы заңды тұлғалар өздерінің кәсіби мүдделерін қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестіктер құру арқылы қорғап жүзеге асыруы тиіс екендігін ескертеді.

Әрбір тараптың пікіріне құқықтық тұрғыдан баға беріп осы іс бойынша шешім қабылдаңыздар.

Аудиторлар палатасы қандай мақсаттар үшін құрылады және оның қызметін реттейтін заңдарды атаңыздар?

28. Қазақстан Республикасы әділет министрілігінде тіркелген Астана қаласындағы адвокаттар алқасына Қазақстанның әртүрлі облыстарынан заңгерлерден адвокаттар алқасына мүше етіп қабылдау туралы көп өтініштер келіп түседі. Адвокаттар алқасының атқару органы болып табылатын алқа Президумы осы мәселені дауысқа салып, нәтижесінде адвокаттар алқасына мүше болуға өтініш берген, әрі заңгер болып ең кем дегенде үш жыл қызмет атқарған барлық басқа облыстардан келген заңгерлерді адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау туралы шешім қабылдайды.

Бұл жай аймақтық әділет органдарына белгілі болғанда ол адвокаттар алқасының Президумы қабылдаған жоғарыда аталған шешімі Қазақстан заңдарына қайшы деп тауып оның дереу күшін жоюды талап етеді.

Әділет органдарының осындай талап қоюына заңды негіз бар деп ойлайсыздар ма?

Қазақстан Республикасында адвокаттар алқасының қызметі қандай заңмен реттеледі?

“Адвокаттық контора деген не? Оның “заң кеңесінен айырмашылығы неде?

Адвокаттар алқасы қалай құрылады және оларға қандай қызмет атқару жүктелген?

29. Ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеумен шұғылданатын “Алау ауылшаруашылығы серіктестігінің мүшесі — ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруші “Дарын өндірістік кооперативі өзінің бастапқы қызмет түрін ауыстырып, құрлыс материалдарын сатумен айналыса бастайды.

Бірнеше ай өткеннен соң серіктестіктің жалпы жиналысының шешімі бойынша өзінің бастапқы қызмет түрін ауыстырғандығы үшін “Дарын өндірістік кооперативі ауылшаруашылығы серіктестігінен мүшеліктен шығарылады. Ауылшаруашылығы серіктестігінің бұл қабылдаған

шешімін заңсыз деп тауып өндірістік кооператив сотқа талап арыз береді. Осы мәселе сотта қаралып, нәтижесінде ауылшаруашылығы серіктестігінің жалпы жиналысы қабылдаған шешімі заңды деп танылады.

Сот шешімінде өндірістік кооперативтің өзінің бастапқы қызмет түрін өзгертуі оны серіктестіктен мүшеліктен шығаруға заңды негіз болып табылады деп көрсетіледі.

Сот шығарған шешімге көңілі толмаған “Дарынң өндірістік кооперативі “Алауң ауылшаруашылығы серіктестігіндегі өзінің пайын қайтарып беруді талап етеді. “Алауң ауылшаруашылығы серіктестігінің басқармасы өндірістік кооперативтің бұл талабы-на қарсылық білдірмеген болатын. Алайда серіктестік объек-тивтік себептерге байланысты дәл осы талап етілген мерзімде кооперативтің пайын бөліп беруге мүмкіндігі болмай тұрған-дығын айтады.

Осы мәселені шешу мақсатында серіктестік мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылып, онда серіктестік басқармасы серіктестіктің барлық мүшелеріне қосымша салым-дар салу арқылы өндірістік кооперативтің пайын қайтарып беру мүмкіндігін қарастыруды ұсынады. Жалпы жиналыс мұндай ше-шімді қабылдаудан бас тартады.

Бұл істі қалай шешуге болады?

Ауылшаруашылығы серіктестігі туралы не білесіздер, ол коммерциялық емес ұйымдардың жеке ұйымдық-құқықтық ны-саны болып табыла ма?

Ауылшаруашылығы серіктестігінің шаруашылық серіктестік-терінен айырмашылығы неде?

Өзінің қызмет сипатына байланысты ауыршаруашылығы се-ріктестіктері қандай түрлерге бөлінеді?

Ауыршаруашылығы серіктестігі тұтыну кооперативі болып қайта құрыла ала ма?

Ауылшаруашылығы серіктестігінің тұтыну кооперативінен басты айырмашылығы неде?

30. Ұзақ жылдар бойы әртүрлі мекемелерде заңгер болып жұмыс істеген бір топ жеке тұлға лицензия алып нотариалдық қызмет көрсетумен шұғылданып жүреді де, өздерінің кәсіби мүдделерін жүзеге асыруға және оларды ұйымдасқан түрде мем-лекеттік органдар алдында қорғауға мүмкіндік беретін заңды тұлға құру туралы бірлесіп шешім қабылдайды. Осы мәселеге байланысты қарастырылған ең басты сұрақ ол осы заңды тұл-ғаның қандай ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы жайлы болды. Құрылтайшылардан мынандай ұсыныстар келіп түседі:

- кез-келген ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерция-лық емес ұйым құрып соның жарғысы негізінде жұмыс істеу;
- ЖШС немесе АҚ құру;
- жеке тәжірибемен шұғылданушы нотариустер қауымдас-тығын құрып оған мүше болып кіру;
- қалалық нотариалдық палатаға мүше болып кіру;

Сонымен бірге құрылтайшылардан жаңадан басқа бір но-тариалдық палата құру туралы да ұсыныстар келіп түседі;

Осы арада заңгер Талғат Қанағатов нотариалдық палата де-ген заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны Қазақстан Республиксының азаматтық кодекісінде көзделінбегендігін айта-ды. Сондықтан да оның пікірінше нотариалдық палата — ол азаматтық кодексте көзделген коммерциялық емес ұйымдардың кез-келген түрі болуы мүмкін.

Нотариалдық палата деген не және ол қандай мақсаттарда құрылады? Нотариалдық палаталардың

қызметі қандай заңмен реттеледі?

Заңгер Талғат Қанағатовтың пікірі туралы не айтар едіңіз-дер?

Осы жоғарыда ұсынылған заңды тұлғалар нысандарының қайсы Сіздің пікіріңізше аталған жағдайда құрылтайшылар үшін ұтымды болар еді?

Қазақстан Республикасының аумағында нотариалдық пала-талар қалай құрылады?

Нотариалдық палаталардың, соның ішінде Республикалық нотариалдық палатаның құзыреті қандай?

31. “Медетң пәтер меншік иелерінің кооперативі өз иелігін-дегі ғимараттағы бос тұрған бірнеше орындарды кәсіпкерлерге жалға беріп, ол жерлерде кәсіпкерлер сауда орындарын ашып жұмыс жасай бастайды. Әр ай сайын жалға беруден түскен төлем ақша кооперативтің күнделікті қажеттілігін өтеуге, ал белгілі бір бөлігі кооператив қызметкерлерінің жалақысына жұмсалатын. Бұл ақшалардың тек аз ғана бөлігі кооперативтің барлық мүшелері арасында теңдей бөлініске салынып отыратын болған.

“Медетң пәтер меншік иелерінің кооперативінің қызметін тексеру барысында қала прокурорының көмекшісі кооперативтің қызметі мен оның құрылтай құжаттарының Қазақстан заңда-рына қайшы келетіндігін атап, кооперативті акционерлік қоғам етіп қайта құруды ұсынады.

Қала прокуроры көмекшісінің осы пікірі қаншалықты негіз-ді деп білесіздер?

Пәтер меншік иелерінің кооперативін акционерлік қоғам етіп қайта құруға бола ма?

Пәтер меншік иелерінің кооперативі не үшін құрылады?

Пәтер меншік иелері кооперативін құру үшін қандай құ-жаттар қажет?

32. “Темір-бетонң АҚ-ның кәсіподақ комитетінің төрағасы завод директорына өтініш жазып, онда заводтың жаңа салынып болған кеңсе ғимаратынан кәсіподақ ұйымы үшін екі бөлме беруін сұрайды, яғни өтініште оның біреуі — кәсіподақтың кеңсесі үшін, ал екіншісі- спорттық-сауықтыру орыны үшін пайдалануға қажет деп көрсетіледі.

Алайда бұл өтінішті завод директоры қанағаттандыра ал-майтындығын мәлімдейді, оның пікірінше кәсіподақтар ұйымы қоғамдық бірлестіктердің бір тұры болғандқтан завод бұл ұйым-ға қажетті бөлмелерді тек ақылы негізде ғана бере алатындығын айтып, кәсіподақтар ұйымына қозғалмайтын мүлікті жалға беру шартына отыруды ұсынады.

Осыдан кейін кәсіподақ ұйымының төрағасы қала про-курорының атына арыз жазып, онда завод басшылығына кеңсе ғимаратынан жоғарыда аталған бөлмелерді кәсіподақ ұйымының мұқтаждығына тегін беруді міндеттеуді сұрайды.

Кәсіподақтар ұйымы төрағасының осы талабы негізді ме?

Кәсіподақтар ұйымдарының құқықтық жағдайын белгілей-тін қандай заңдар бар?

Қазақстан Республикасында кәсіподақтар ұйымдары үшін қандай құқықтар берілген?

Кәсіподақтар ұйымы жұмыс берушілердің міндеттемелері үшін жауап бере ме?

4-тақырып.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Азаматтық құқық объектілерінің ұғымы мен түрлері.
2. Материалдық игіліктер:
 - 2.1. Азаматтық құқықтағы мүлік ұғымы;
 - 2.2. Заттар және олардың классификациясы;
 - 2.3. Жұмыстар, қызмет көрсету;
 - 2.4. Ақша, бағалы қағаздар;
 - 2.5. Мүліктік құқық және басқа мүлік.
3. Материалдық емес игіліктер:
 - 3.1. Интеллектуалдық ой еңбегінің нәтижелері;
 - 3.2. Ақпарат;
 - 3.3. Интеллектуалдық меншік;
 - 3.4. Басқа да материалдық емес игіліктер.

Есептер

1. Бірлестіктің мал шаруашылық кешенімен жасасқан шар-ты бойынша соңғысы Бірлестікке 60 бұзау мен 50 торайды өткі-зуді міндетке алады. Малды жіберуден 1 күн бұрын кешен директорының тапсырмасымен торайлар іріктеліп, бөлек тұрған қораға жабылады. Найзағай соққысының нәтижесінде торайлар тұрған қора өртеніп, бүкіл 50 торай мерт болады.

Осымен байланысты малшаруашылық кешені Бірлестікке тек 60 бұзауды ғана бермекші болады да, ал өздеріндегі торайлар олардың санын өсіру үшін өздеріне қажет дегенге сілтеп, торайларды беруден бас тартады.

Бірлестік талап арызбен сотқа барады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс? Осы дауды шешу үстінде заттардың қандай классификациясы қолдануы тиіс? Егер сатып алушы бұзау мен торайларды қабылдауға белгіленген мерзімінен 3 күнге кешігіп келетін болса, ал торайлар сатып алушының келуінен 1 күн бұрын мерт болса, шешім өзгерер ме еді?

2. Некені бұзуға байланысты ерлі-зайыпты Қуанышевтар арасында бірге жиған-терген мүлікті бөлу жайында дау туады. Асан Қуанышев жиһаз гарнитурасы, асханалық және шай сервиздері, көркем әдебиет кітапханасын және басқа да мүліктің баға-сын ескере отырып, теңдей етіп бөлуін талап етеді. Нәтижесі заттардың құнсыздануына әкелетіндіктен Сабира Қуанышева ондай бөліске қарсылық білдіреді және Қуанышевқа жиһаз гарнитурасын алып, ал оған асханалық және шай сервиздерін беруді ұсынады. Кітаптарды болса авторлар бойынша бөліп алуға келіседі. Бірақ М.

Әуезов шығармалар жинағының хаттары жарыққа шығарылған соңғы томын беруді сұрайды.

Пайда болған дауды шешу кезінде заттардың қандай класси-фикациясын ескеру қажет және істің сотқа берілу жағдайында көрсетілген мүлік қалай таратылуы тиіс?

3. Серікжанов комиссиялық дүкенге скрипка сатып алу үшін келеді. Скрипка қияғымен бірге қынапта жатқан болатын және олардың қасына бағасы қойылған. Серікжанов кассаға ба-рып, көрсетілген сомаға чек соқтырып алады. Сатушы Серікжа-новқа қияқ пен қынапсыз тек скрипканы береді. Серікжанов қияқ пен қынаптың берілуін талап етеді. Сатушы оған баға тек скрипка үшін қойылғанын айтып жауап береді.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

4. Манарбаев құрамында көне алтын ділдәлар мен алтын қасықтар, шанышқылар, сонымен бірге марқұмның қолжаз-балық туындылары бар мұраға ие болады. Заңды бұзып алам ба деп күмәнданған Манарбаев, өзінің ие болған алтын ділдәлары мен мұра қалдырушының қолжазбаларына ие болу құқығын түсіндіріп беруін сұрап, заң кеңесшісіне барады.

Қандай түсініктеме берілуі тиіс?

5. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сату кезінде сатып алушыға өтетін мүліктің құрамын анықтау жөнінде сатушы мен сатып алушы арасында келіспеушіліктер туады. Сатушы оның билеуінде кәсіпорынның сатылмаған өзі шығарған өнімі қалуын, сонымен қатар өткізіліп жатқан кәсіпорын құрамынан мүліктік емес құқықтардың (фирмалық аталу құқығы, тауарлық белгі құқығы) шығарылуын талап етеді.

Сатып алушы, өз алдына, тек активі бар қолдағы мүлікті ға-на қабылдауға тиіс деп санап, өткізілетін кәсіпорынның құра-мынан оның қарыздарын шығарып тастауды талап етеді.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

6. Азамат Бөрібаев өзінің сақталған ақшасын бір жылға банкке салып қою үшін Жинақ Банкісіне келеді. Ережелермен таныс болған соң, ол Жинақ Банкісінің ұсыну сертификаттарын сатып алу кезінде анағұрлым үлкен процентке ие болатын-дығына көзі жетеді. Ең үлкен процентке ие болғысы келген Бөрібаев, барлығы 100 мың теңгеге — әрқайсысы 10 мың теңге тұратын сертификаттар сатып алады.

Сертификаттарды өтеу мерзімі келгенде, Бөрібаев оларды жоғалтып алады. Ол сертификаттарды қайта жасау туралы арыз-бен Жинақ Банкісіне барады. Жинақ Банкісінде ол сертифи-каттарды белгісіз біреудің өтеп алғаны анықталады. Жинақ Банкісінің қызметкерлері оны жиі келуші ретінде білуі керектігін және оның сенімхатынсыз ұсынылған сертификаттардың төле-мін бермеу керектігін айта отырып, Бөрібаев барлық сомалардың төленуін талап етеді.

Осы сұрақтар бойынша қандай шешім қабылдануы тиіс?

7. Авторлар мен театр арасында шарт жасалады. Ол шарт бойынша белгіленген мерзімге қарай біреуі либретто жазуға, ал басқасы музыка шығаруға міндет алады. Театр болса, тапсы-рылған шығарманың ойдағыдай болу жағдайында спектакль қоюды өзіне міндет етіп алады. Студенттер арасында осы құ-қықтық қарым-қатынастың объектісі не болып табылады деген сұрақ бойынша келіспеушіліктер туады.

Біреулердің ойынша, осы құқықтық қатынастың объектісі шығарма шығаруды өзіне міндет етіп алған либретто авторы мен композитордың іс-қылығы болып табылады. Басқаларының айтуынша, бұл жағдайда авторлар шығармасын орындау міндетін алған театрдың да іс-қылығын объект деп санау керек. Үшінші-лері бұл қатынас шығарма сияқты игілік жөнінде туған деп ой-лайды.

Кейбіреулері осы құқықтық қатынаста тіпті объектің бар болуына күмәндығын күмәнданатының білдереді.

Ал сіздің пікіріңіз қандай?

5-тақырып.

МӘМІЛЕЛЕР

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Мәміленің ұғымы мен мәні, олардың заң фактілері жүйе-сіндегі орны.
2. Мәмілелердің түрі.
3. Мәмілелердің жарамдылығының алғы шарттары.
4. Мәміле жарамсыздығының ұғымы мен түрлері.
5. Мәмілелер жарамсыздығының салдары.
6. Мәмілелерді жарамсыз деп тану және мәмілелер жарамсыздығының салдарын қолдану кезіндегі талап қою мерзімі.

Есептер

1. Азаматша Әлібаева мен оның бұрынғы күйеуі өздерінің арасында жасасқан келісімді куәландыру үшін нотариусқа ба-рады. Ол келісім бойынша ажырасқан ерлі-зайыптылар кішкентай балаларын асырау жөнінде бір-біріне қандай да бір талап қоюдан өзара бас тартады, күйеуі ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлуге дәметпейді, ал әйелі балалар кәмелетке жеткенше жаңа некеге тұрмауды міндет етіп алады. Нотариус бұл мәмілені куәландырудан бас тартады.

Нотариустың әрекеті дұрыс па?

2. Институтта ұзақ уақыт ғылыми аға қызметкер болып іс-теген Уәлиев, өмір бойы жинаған арнайы әдебиет кітапханасын институтқа сыйлайды. Өз сыйлығы туралы ол Институттың Ғылыми кеңесінде және де институттық көп тиражды басылымын-да жария етеді.

Кітаптардың көп болуынан және оларды бірден тасымалдау-дың қиынға соғуынан Уәлиев оларды кішкене партиялармен тасымалдайды. Барлық кітаптарды көшіріп үлгермей, Уәлиев қайтыс болады. Заң бойынша жалғыз мұрагері болып табылатын оның ұлы институт директорының қалған кітаптарды беруді сұрағанына жауап ретінде оның әкесі мен институт арасындағы шарт тиісті түрде жасалмағанына сілтей отырып, әкесінің бұры-нырақ берген кітаптарының бәрін қайтару талабын қояды.

Осы дау қарастырылып жатқан сотта институт кітапхана-шысы қол қойған және институт директоры бекіткен Уәлиевтің сыйға тартқан кітаптарын балансқа қабылдау актісін ұсынады.

Пайда болған дауды қалайша шешу қажет?

3. Насыровқа мұра бойынша “Жигулиң автокөлігі өтеді. Өзінің досы Масановқа бұрынғы көрсеткен қызметтерін ескере отырып, және автокөлікті айдай алмағандықтан, Насыров Масановпен шарт жасасады. Ол шарт бойынша Насыров автокөлікке құқық белгілейтін құжаттарды ала салысымен тез арада “Жи-гулиң автокөлігін Масановқа сыйлауды міндеттенеді. Шарт нота-риуста куәландырылады.

Масанов автокөліктің профилактикалық жөндеу жұмыста-рын бастайды және оның жөнделуіне біршама көп сома жұмсай-ды. Алайда тиісті құжаттарды алған соң Насыров Масановқа автокөлік сыйлаудан бас тартады. Масанов автокөлікті беру жө-ніндегі талабымен сотқа арыз ұсынады.

Істі шешіңіздер.

4. Асыллов пен Есенғараев арасында тараптар бағалауы бойынша 2 мың АҚШ долларына тең жиһаз гарнитурын сату жөнінде шарт жасалады. Бірнеше күннен соң сатып алушы сатушының пәтеріне келеді, сол жерде сауда-саттық мәмілесі жасалады. Есенғараев жүк таксидің жүргізушісі, жүк тасушы және Асылловтың көршісінің көзінше Асылловқа 2 мың доллар беріп, көлікте орын табылмағандықтан екі кресло мен диван-төсектен басқа жиһазды алып кетеді.

Бірнеше күн өткен соң Есенғараев қалған жиһазды алып кету үшін келеді. Алайда Асыллов креслолар мен диванның сатылған гарнитур құрамына кірмейтінін айтып, оларды беруден бас тартады. Екі кресло мен диванды ол 800 долларға бағалайды, бірақ заттарға қатысты Есенғараевпен ешқандай шарт жасаспағанын айтады.

Сот мәжілісінде куәгерлер бір ауыздан Асыллов пен Есенғараевтың арасында жиһаз гарнитурын сату шарты жасалғанын, оған даулы заттар кіретінін көрсетеді. Шарт олардың көзінше орындалғанын, ал пәтерде қалған 2 кресло мен диванға байланысты Асылловтың ол заттарды 30 доллар мөлшеріндегі қосымша сыйақы үшін сақтауға міндеттенгенін айтады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс? Даулы заттардың жиһаз гарнитурасы құрамына кіретіні туралы жиһаз дүкенінің анықтама қағазы сот шешіміне ықпалын тигізе ала ма?

Егер Есенғараевтың доллармен емес, ал Қазақстан Ұлттық Банкісінің курсы бойынша теңгемен есептескені белгілі болса, шешім өзгерер ме еді?

5. Шыңғысов преферанс ойнап Жүнісовқа ірі сомаға ұтылады. Өз қарызын ол бүкіл соманы қолхатқа қол қойған күннен бастап 10 күннен артық кешіктірмей төлеу міндеттемесі бар қарыздық қолхат түрінде жасайды. Төлемді кешіктіру жағдайында Шыңғысов қарызының жартысындай көлемде айып төлеуді міндет етіп алады.

Қолхаттың жасалу күнінен 12 күн өткен соң қарыз толығымен өтеледі. Шыңғысов төлемнің мерзімін бұзғандықтан, Жүнісов айып төлету жөнінде талап арызын сотқа береді.

Істі шешіңіздер.

Егер қолхат орнына Шыңғысов вексель берген болса, шешім өзгере ме?

6. Үсенов өзінің кемтарлығынана,— яғни, соқыр болу себебінен пәтер бойынша көршісі Армановты Үсеновтың атынан шартқа қол қоюын сұрайды, ол шарт бойынша ол Болатбаевтан 100 мың теңге қарыз алады. Шартта қарастырылған мерзім өткен соң Болатбаев қарыз сомасын қайтаруды талап етеді. Үсенов жағдайының жоқтығына сілтеп, бұл талапты орындаудан бас тартады.

Сот мәжілісінде Армановтың қойған қолын ешкім куәлан-дырмағаны, ал оның өзі бұл қаладан мүлдем кетіп қалғаны анықталады. Қарыз шартының тәртібі сақталмағанын көрсете отырып, Үсенов талап арызды мойындамайды, бірақ ақшаны алғанынан бас тартпай, оны реті келгенде қайтарып беруге уәде береді.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

7. Ата-анасының өлімінен кейін асырауында екі кішкентай қарындасы қалған Асқаров ауыр материалдық мұқтажық көргендіктен әкесінен мұраға қалған үш бөлмелі пәтерді Түгелбаевқа сатады. Мәміле жасауға ықыласты Асқаров пен оның қарын-дастарының ақша жағынан тапшылық көретінін Түгелбаев білетін. Сатудан түскен ақшаға Асқаров пен оның қарындастары екібөлмелі

пәтер сатып алады.

Бір жарым жыл өткен соң Асқаров оның сатқан пәтерінің сол кезеңде нарықтық бағасы Түгелбаевтың төлегенінен екі есе жоғары болғанын анықтайды. Түгелбаевтың Асқаров пен оның қарындастарының ауыр жағдайын пайдаланып үйді сатып алғанын талабының негізіне ала отырып Асқаров сотқа талап арыз береді. Сот мәжілісінде Түгелбаевтың жылжымайтын мүлік сату агенттіктерінің бірін басқарып отырғандықтан, пәтерлердің бағасы жөнінде хабары бар болғаны анықталады. Түгелбаев талап қою мерзімі ескіргендігін сілтеп, талап арызды мойындамайды.

Істі шешіңіздер.

8. Қаржының жетіспеушілігіне байланысты акционерлік қоғамның бас директоры акционерлік қоғамның есеп шоты орналасқан банкпен несие шартын жасасады. Несие шартын қамтамасыз ету ретінде директор акционерлік қоғамның барлық тауарлық қорын кепілге салады.

Оны біле салысымен акцияның 15%-інің иесі болатын акционер мәмілені жарамсыз деп тану жөнінде талап арыз ұсынады. Талап акционерлер жиналысының шешімімен бас дирек-тордың мәміле жасау құқығы тауарлық қордың 25%-іне тең со-мамен шектелгенімен негізделеді. Жиналыс шешімімен аталған шектеу құрылтай құжаттарына енгізіледі де, тіркеледі.

Істі шешіңіздер. Егер несие шарты басқа банкпен жасалын-ған болса, шешім өзгерер ме еді?

9. Жауапкершілігі шектеулі қоғамның шаруашылық іс-әре-кетін тексеру барысында салық инспекциясы қоғамның мен-шігіндегі дүкендердің біреуі арақ-шарап бұйымдарының ірі пар-тиясын сатып алғанын анықтайды. Қоғамның арақ-шарап бұй-ымдарын сатуға лицензиясы жоқ болғандықтан, салық инспек-циясы жасалған мәмілені жарамсыз деп жариялап, мәміле бой-ынша түскен табыстың бәрін мемлекетке өткізуді талап етеді.

Сатушы — арақ-шарап комбинаты өз жағынан ешқандай заң бұзушылық болмағанын айтады. Оның үстіне, шарт жасасу кезінде ұсынылған Қоғам Жарғысында арақ-шарап бұйымдарын сату сияқты іс-әрекет түрі қарастырылған.

Салық инспекциясының әрекеті заңды ма?

10. Қылмысты істі тергеу барысында Сабыровтың алдамшы жолмен азаматтарды көне шеберлердің суреттерін олардың өз бағасынан едәуір төмен бағамен сату келісімдерін жасауға мәж-бүр еткені анықталады. Осындай жолмен сатылып алынған су-реттер тергеумен анықталып, тәркіленеді. Азамат Сабыров тергеу аяқталғанша қайтыс болып кетеді. Жәбірленушілер Сабыров та-рапынан алдаудың дәлелдерін бере алмай қалады. Алайда, терге-уші, едәуір төмен бағаның төлену фактісін және жәбірлену-шілердің түсініктемелерін басшылыққа ала отырып, суреттерді жәбірленушілерге қайтарып береді. Сабыровтың мұрагерлері тәркіленген суреттерді қайтарып беру жөнінде талап арызды сотқа ұсынады, өйткені Сабыровтың өліміне байланысты қыл-мысты іс тоқтатылған, ал оның кінәсі сот барысында дәлел-денбеген.

Істі шешіңіздер.

11. Тәңірбергенова жеке меншігіндегі екібөлмелі пәтерін өзі-нің жиені Ескеноваға сыйламақшы болады. Ескенова салық инспекторына сыйлау шартының жасалу жағдайында оның қандай салық төлеу керектігін түсіндіріп беруді сұрап барады.

Сату-сатып алу шарты кезіндегі салықтың төмен болуын біліп алған Ескенова, Тәңірбергенованы сату-сатып алу шартын жасасуға үгіттейді.

Пәтер Ескенованың атына жазылғанын анықтаған салық инспекторы сыйлау тәртібінде берілетін

мүлікке салық төлеуді талап етеді. Ал сату-сатып алу шартының жүзеге асырылғаны анықталғанда, ол мәміленің жарамсыз деп тану үшін және түсірілген табыстың бәрін мемлекет пайдасына өткізу үшін құжаттар дайындайды.

Салық инспекторының әрекеті дұрыс па? Ескенованың Тәңір-бергеноваға пәтер құнының тек жартысын төлеуінің маңызы бар ма? Егер Ескенова еш бөлігін төлемесе, бірақ алдағы екі жылда оны жасайтын болса, шешім өзгере ме?

12. XX ғасырдың басында дүние салған жазушының мұражай-үйін ұйымдастыру комитеті жазушының өмірі мен шығармашылығына байланысты қолжазбалар мен құжаттарды, жеке заттарды сыйға беруін немесе сатуын азаматтардан сұрайды. Басқа заттар-мен қатар комитет жазушының алыс туыстарынан жазушы ке-зінде пайдаланған стол мен жазу құралын сатып алады.

Біраз уақыт өткен соң әдебиеттанушы Исаев, сатылып алынған заттарды қарап, столдың жазушыға еш қатысы жоқ екенін мәлімдейді. Ал сатылып алынған жазу құралына келсек, ол шынымен жазушыныкі болған.

Сатушыға қандай талаптар қоюға болады? Мәмлекі жарам-сыз деп тануға негіз бар ма?

13. Психикалық ауруға шалдыққан Шөмішбаев, галантерея-лық дүкеннен күн сайын тарақ сатып алып тұрған. Оның үйінде 500-ден астам тарақ жиналғанда, әйелі дүкен директорына ба-рып, тарақтардың бәрін қайта қабылдап алуды және олардың ақысын қайтарып беруді талап етеді. Өз талаптарын ол Шөміш-баевтың өз әрекетінің мәнін түсінбейтінімен және соған байла-нысты оны әрекетке қабілетсіз екенін тану үшін сотқа баруға ниет еткенімен дәйектейді. Директор Шөмішбаевтың әйелі қой-ған талапты орындаудан бас тартады.

Бұл жағдайда кімдікі дұрыс?

14. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік шет ел компания-сымен жекешелендірілген кәсіпорындардың бірінің акциялар пакетін сату шартын жасасады. Шарт тиісті тәртіп бойынша жа-салып, тараптардың қолы қойылады және брокермен куәланды-рылады. Шарттың орындалуы барысында шет ел компания-сының өкіліне акцияларға ие болу жөнінде куәлік беріледі, ал серіктестік өз есеп шотына барлық тиісті соманы түсіреді.

Бір жылдан соң акционерлердің кезекті жиналысына дайын-дық кезінде, акционерлер тізімінде әлі күнге дейін шет ел ком-паниясы емес, ал жауапкершілігі шектеулі серіктестік көрсе-тілгені анықталады. Серіктестіктің өкілі өз тарапынан акциялар-ға билік ету бойынша талап етілетін әрекеттің бәрін орындаға-нын, ал компанияның тізім ұстаушыға барып өзгертулер енгізуге тиіс екендігін мәлімдейді. Тізім ұстаушы бір жылдық ескілігі бар құжаттар бойынша тізімге өзгерістер енгізуден бас тартады.

Акцияларға құқық берілмегендіктен, мәміле жасалмаған бо-лып саналуы тиіс деген оймен, шет ел компаниясы оның төлеген бүкіл сомасын қайтаруды талап етеді.

Шет ел компаниясының талаптары заңды болып санала ма?

6-тақырып.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕН ҚОРҒАУ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен міндеттер орындалудың ұғымы және жүзеге асрудың тісілдері.
2. Азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың шектері.
3. Құқықты асыра пайдаланып қиянат жасау және оның құқықтық салдары.
4. Азаматтық құқықтарды қорғаудың ұғымы:
 - 4.1. Азаматтық құқықтарға ие болу және қорғау;
 - 4.2. Субъективтік азаматтық құқық ретінде қорғануға құқықтылық;
 - 4.3. Қорғау пәні;
 - 4.4. Қорғаудың түрі мен тәртібі.
5. Азаматтық құқықтарды қорғау жолдары.

Есептер

1. Үш адамнан тұратын Несіповтар әулеті коммуналдық тұрғын үй қорының 3 бөлмелі пәтерінде тұрып жатты. 1995 жылдың қаңтарында Несіповтардың ұлы Ризаевамен некеге тұрып, ол барлық тұрғындардың келісімімен тұрғын үйлеріне көшіп кіреді. Бір жылдан соң жас жанұя ыдырайды да, басқа тұрғын орны жоқ Ризаева, пәтерді бөлуді ұсынады. Одан Несіповтар бас тартады. Сонда Ризаева сотқа пәтер бөлісудің екі нақты жолын ұсынып, тұрғын үйді еріксіз алмастыру жөнінде талап арыз ұсынады.

Несіповтар, үй ауыстыруға қарсы болып, бұл үйде 40 жылдан астам уақыт тұрып жатқандарын және орталықтан қаланың жаңа салынған аударына көшуге ниеттері жоғын көрсетеді. Сонымен қатар, олардың пікірінше, Ризаеваның ұсынған варианттары олардың мүддесіне қысым жасайды, өйткені оларға жағдайы нашарлау тұрғын үйді пайдалануға және ересек ұлымен араласқан бөлмелерде тұруға тура келеді.

Пәтер алмастырудың табылған варианттары Несіповтардың құқығын бұзбайтынын, себебі әрқайсысына бұрын пайдаланған тұрғын үйдегідей аудан келеді деп санай отырып, Ризаева талап арызды қанағаттандыруды талап етеді. Оның үстіне ол пәтерлердің тұрғын ауданы қазіргі заңға сай жақсы жабдықталған бо-лып табылады.

Осы істі қалай шешуге болады? Азаматтық-құқықтық қорғау пәні ретінде заңмен қорғалатын мүдде не болып табылады?

2. Орталық басылымдардың бірінде қоғамды қатты даурық-тырған ой-пікір таласын тудыратын мақалалар сериясы жарияланады. Оның себептерінің бірі — мақалалар авторының аты-жөні әйгілі қоғамдық қайраткер N-ның атына дәл келу жайты. Алайда, соңғысы мақалаларға еш қатысы жоқтығын, олардың жариялану фактісіне наразы екенін және мақалалардағы айтылған ой толғамдарының көбін жақтамайтынын мәлімдейді. Өткізілген журналистік тергеу мақалаларды шынымен мүлдем басқа адам жазғанын көрсетеді. Әйгілі тұлға N-ның атына дәл келетін лақап атпен баспада сөз сөйлегенін ол мақалалармен үлкен қоғамдық назар тудырғысы келгенімен

түсіндіреді. Ол өз әрекетін-де ешбір заң бұзушылық көрмейтінін айтады, себебі кез-келген автор көпшілік алдында өзінің шын атын да, лақап атын да пайдаланып сөз сөйлей алады. Сондықтан да егер N оған кел-тірілген моральдық зиянның орнын толтыру жөнінде талап ары-зын ұсынса, ол соттың бұндай талапты қанағаттандырмайты-нына кәміл сенеді.

Ал сіздің пікіріңіз қандай болмақ?

3. Алданиязов өз үйінің астында орналасқан гаражын ыңғайлап, автожөндеу шеберханасын ұйымдастырады. Тапсырыс санының өсуіне байланысты ол ісін кеңейтпекші болады да, үйдің қасына төрт көлік сиятындай жылы бокс салуды ұйға-рады. Бірақ Алданиязовтың жобаға келісім алу үшін барған жергілікті әкімшілік органы құрылысқа рұқсат беруден бас тартады. Бас тартуға негіз болған Алданиязовтың көршілерінен түскен көптеген шағымдар. Ол шағымдарда Алданиязовтың кәсіпкерлік іс-әрекеті оларға айтарлықтай ыңғайсыздық туғы-зады, нақтылай айтқанда, үнемі шу, газдалған ауа, балалардың жарақат алуының жоғары қатерін және т.б. туғызады делінген. Сондықтан мәселе айтылған іс-әрекеттің кеңеюіне емес, оны бұрынғы қарқында жалғастыру мүмкіндігіне тіреліп тұр. Алда-ниязов үй де, жер учаскесі де оның жеке меншік құқығында екенін, оларды қалай пайдаланатынын өзі шешетінін және жер-гілікті әкімшілік органы әрекетін сот тәртібінде шағымдауға ние-ті барын мәлімдейді.

Алданиязов шағымын сот қанағаттандыра ма? Жергілікті әкімшілік органдары немесе Алданиязовтың көршілері, өз алды-на, Алданиязовтан оның тұрып жатқан жеріндегі кәсіпкерлік іс-әрекетін тоқтатуын талап ете ала ма?

4. Қырманов сотқа өз анасының өлімінен кейін ашылған мұраны қабылдау мерзімін ұзарту жөнінде талап арызын береді. Өз өтінішін ол мұраның ашылғаны туралы тек қазір, өлімнен кейін 1,5 жыл өткен соң білгенімен дәйектейді. Істі қарастыру барысында Қырмановтың соңғы жылдар бойы анасымен ешқан-дай қарым-қатынас жасамағанын, дәлірек айтқанда, анасының материалдық көмек сұрағанына қарамастан, оған көмек көрсет-пегені анықталады. Анасын күту мен бағуға байланысты барлық жұмысты өз мойнына Қырмановтың апасы алады, міне, соған мұрагерлік мүліктің бәрі өтеді.

Қырмановтың талап арызы қанағаттануға жата ма? Мұраны қабылдап алу мерзімдердің қандай түріне жатады?

5. Нан ашытқысын жеткізіп тұру шартын жасасу кезінде та-мақ өнімдерінің комбинаты мен нан зауыты арасында дау туады. Комбинат зауыттың нан ашытқысының жартылай төлемі есебін-де зауыттың үлестік қатысуымен салынып жатқан үйдің 2 пәте-рін беруді талап етеді. Сонда комбинат өкілі олардың кәсіпорны Солтүстік-Батыс аймақтағы жалғыз нан ашытқысын өндіруші болып табылатынын және өз өнімін сатудан ешбір қыжалат шек-пейтінін мәлімдейді. Зауытта тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж болатын көп адамның жұмыс істейтінін көрсете отырып зауыт комбинат талабымен келіспейді. Келіссөздің тұйыққа ті-релгенінен, зауыт комбинатты шарт жасасуға еріксіз көндіру жөніндегі талап арызын сотқа береді.

Соттың әрекеті қандай болуы қажет?

6. Оспановтың саяжайын қыста белгісіз адамдар екі рет то-наған болатын. Кезекті саяжай мерзімінің аяқталғанында Оспа-нов анағұрлым құнды заттарды қараңғы шоланға және шатыр астына апарып қояды. Сонымен бірге ол шоланда ірі аңға өзі жасаған қапқан қояды, ал шатыр астына жиналған заттарға қол тигізгенде 3 метрлік биіктіктен ауыр бөрене құлайтындай құ-рылғы құрып қояды.

Қаңтарда Оспановты милицияға шақыртады, ол жерде оған саяжайдың шатыры астында табылған омыртқасы сынған және аяғы үсіп кеткен азамат Қирабаевқа ауыр дене жарақатын кел-тіру фактісі бойынша түсініктеме беруді сұрайды. Нәтижесінде анықталғандай, Оспанов мүлігінің алдыңғы екі ұрлығын да Қирабаев жасаған болып шықты. Осы факт бойынша қылмысты іс қозғалады, бірақ

қылмыстық-процессуалдық заңмен қарастырылған негіздер бойынша ол тоқтатылады. І-ші топ мүгедегі деп танылған Қирабаев алынған жарақатқа байланысты еңбекке қабілеттілігін жоғалтумен келтірілген зиян орнын толықтыру туралы талап арызын Оспановқа ұсынады.

Қирабаевтың талап арызы қанағаттандыруға жата ма?

7-тақырып.

ӨКІЛДІК. СЕНІМХАТ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Өкілдік ұғымы:
 - 1.1. Өкілдіктің құқықтық маңызы;
 - 1.2. Өкілдіктің субъектілік құрамы;
 - 1.3. Өкілдіктің оған ұқсас құқықтық қарым-қатынастардан айырмашылығы.
2. Өкілдік түрлері.
3. Сенімхат:
 - 3.1. Сенімхат берудің тәртібі;
 - 3.2. Сенімхаттың мазмұны;
 - 3.3. Сенімхат түрлері.
4. Өкілеттігі жоқ өкілдік.

Есептер

1. Жетпіс екі жасар Үсенова Нояновпен жасасқан өмір бойы асырауда ұстау шартын бұзу жөніндегі талап арызын сот-қа ұсынады. Талап арызында Үсенова жеке меншік құқығын-дағы тұрғын үйін ешкімнің меншігіне бермейтінін, өйткені оны тұрғын үйі жоқ немере қызына өсиет бойынша беруге ниеті барын көрсетеді. Ал өмір бойы күту мен асырау шартына қатысты болса, оны жиені Серіков оған айтпастан жасасқан. Үйді сатып алушы Ноянов, талап арызға қарсылық білдіре отырып, шынымен Серіковпен шарт жасасқанын, бірақ соңғы-сының қолында тиісті түрде жасалынған Үсенованың мүлігін басқару жөнінде бас сенімхаты бар екенін түсіндіреді. Сондықтан да, оның ойынша, шартты жарамсыз деп танудың негізі жоқ. Ол өз мойнына алынған міндеттемелерді тиісті түрде орындап отыратынын және шын мәнінде қаржыға және қосымша күтімге мұқтаж болған Үсенованы мүддесі ешбір түрде қысылмайтынын айтып, сотты сендіреді. Осыған қарамастан Үсенова шартты бұзуды талап етеді.

Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?

2. Астанада тұрып жатқан Сарманов жанұясымен бірге Ал-матыға көшіп келуді ұйғарады. Алматыда тұрғын үйді іздестіруге мүмкіндігі болмаған ол өзінің алыс туысы Қалиевпен келісілген соманың айналасында оның тұрғын үйі сатып алу варианттарын іздестіруі жөнінде уағдаласады. Берілген тапсырманы орындау жағдайында Сарманов Қалиевке сатып алатын тұрғын үй құнының 2,5%-і мөлшерінде сыйақы төлеуді міндетке алады. Біраз уақыт өткен соң, Қалиев таныстары арқылы Келімжанованың тиімді бағамен сататын 3 бөлмелі пәтерін сатып алуға мүмкіндік барын біледі. Пәтерді көріп, Қалиев осы вариант Сармановтың көңілінен шығады деп шешеді. Келімжанова ойын өзгертеді деп күдіктенген Қалиев оны пәтерін тек Сармановқа сататынын жөнінде жазбаша шарт жасасуға үгіттейді. Ниеттерінің шындығын растау үшін Қалиев өз қаражаты есебінен Келімжановаға со-маның жартысын төлейді, оны тараптар шартта кепілпұл деп атаған. Қалиев дереу Сармановпен хабарласады, бірақ соңғысы жағдайлардың өзгеруіне байланысты Алматыдағы пәтерді керек етпейтінін айтады. Қалиевке қандай да бір сыйақы төлеуден не-месе оның шығындарын өтеуден Сарманов бас тартады.

Қалиев Келімжановаға Сармановтың пәтерді сатып алудан бас тартқанын айтқанда, Келімжанова кепілпұл ретінде ақшаны қайтаруға ниеті жоқтығын, өйткені жасасқан шарттың кесірінен басқа сатып алушыларға пәтер сатудан бас тартқанын мәлім-дейді.

Қалиев Сармановпен де, Келімжановамен де қарым-қаты-настарындағы өзінің мүліктік құқықтарын қорғау жөнінде сұ-рақпен заң кеңесшісіне барады.

Қалиевке қандай кеңес берілуі тиіс?

3. Құрылыс-монтаж тресті (ҚМТ) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен (ЖШС) соңғысының заңсыз иелігінен көтергіш кранды қайтаруы жөнінде талап арыз ұсынады. Үшінші жақ ре-тінде іске қатысуға ЖШС-тің кран сатып алған Жабық ак-ционерлік қоғамы (ЖАҚ) тартылады. Соттың мәжілісін ашып, сот келгендерге өз өкілдіктерін растауды ұсынады. Сотқа ҚМТ-ның заңгері іске қатысу сенімхатын ұсынады. ЖШС-тің мүдде-сін төлқұжаты мен кәсіпорынның тіркелу туралы куәлігі бар оның директоры қорғамақ болады. ЖАҚ атынан директорлар кеңесінің төрағасы сөз сөйлейді, оның қолында құрылтайшылар жиналысының оны көрсетілген лауазымға тағайындау туралы хаттамасы болды.

Сот қандай әрекет істеуі тиіс?

4. Ауыр сырқатқа шалдыққан азамат Момынов Жинақ бан-кісіндегі өзінің ақша салымын бірнеше жыл бойы іс-жүзіндегі некелік қарым-қатынаста болған Нұрланованың қарауына беру туралы сенімхат береді. Сонда Момынов куәгерлердің көзінше Нұрланова осы қаражат есебінен оны жерлеуге байланысты бар-лық шығындарын өтеп, ал қалғанын өз еркімен жұмсасын деген тілегін білдіреді. Осы сенімхат та, Нұрлановаға мұра бойынша автокөліктің және үй жабдықтарының өтуі туралы өсиет те, Момыновтың емделіп жатқан ауруханасының бас дәрігерімен куәландырылады. Момыновтың өлімінен кейін әкесімен бірқа-тар жылдар бойы қатынаспайтын, бірақ заң бойынша Момынов-тың жалғыз мұрагері болып табылатын оның ересек ұлы Нұр-лановадан Жинақ банкде Момынов атында сақталған ақша са-лымының барлық сомасын беруді талап ете отырып, оған талап арыз ұсынады.

Осы талап арыз қаншалықты негізделген деуге болады?

5. Саудалық фирманың тауар маманы тігін фабрикасына фирма үшін қажетті өнімдердің үлгісін тандап алу үшін және өнім беру шартын жасасу үшін жіберіледі. Фирма директорының орынбасары қол қойған сенімхатта оған 120 млн. теңгеге дейінгі сомаға әйелдердің пальтоларын және ерлер плащтарын сатып алу құқығы берілген. Фабрикадағы пальтолар мен плащтар үлгі-лері тауар маманына ұнамайды, бірақ ол ерлер костюмдері мен әйелдердің жылы курткаларының үлгілерін құптап, фабрикамен 95 млн. теңге сомасына өнім беру шартын жасасады.

Жасалған шартқа сәйкес сауда фирмасы фабрикаға шартта көрсетілген соманы аударады, алайда фабрика шарт бойынша өз міндеттемесін орындамайды. Фирма аударылған ақша қаража-тын қайтаруды және шартта қарастырылған айыпты төлеуді та-лап етіп, фабрикаға хат жібереді.

Ол хатқа жауап ретінде фабрика аударылған қаражатты фир-маға қайтаруға дайын екендігін, бірақ айып төлеуге ниеті жоқ-тығын, себебі фирмамен жасалған шартты жарамсыз деп санай-тынын мәлімдейді.

Фирманың бас директоры сотқа талап арыз беруге бола ма деген сұраққа жауап іздеп, заңгерге барады.

Бас директорға сіз қандай кеңес берер едіңіз? Егер фирма фабрикаға ешқандай қаржы аудармаған болып шықса, шешім өзгереді ме?

8-тақырып.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕН ҚОРҒАУДЫҢ МЕРЗІМДЕРІ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Азаматтық құқықтағы мерзімдердің ұғымы, мерзімдерді есептеу және оның түрлері.
2. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімдері:
 - 2.1. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мерзімдері;
 - 2.2. Наразылық білдіру мерзімдері;
 - 2.3. Кепілдік мерзімдер.
3. Азаматтық міндеттерді орындау мерзімдері.
4. Талап қою мерзімі:
 - 4.1. Талап қою мерзімінің ұғымы;
 - 4.2. Талап қою мерзімінің басталу сәті;
 - 4.3. Талап қою мерзімін тоқтату, үзу және қайта жалғастыру;
 - 4.4. Талап қою мерзімінің өту салдары;
 - 4.5. Талап қою мерзімі қолданылмайтын талаптар.

Есептер

1. Сауда-делдалдық фирма жасасқан шартқа сәйкес сауда кәсіпорнына маргарин партиясын жеткізеді, ол маргариннің сатылу мерзімі өтіп кеткен болып шығады. Сауда кәсіпорны тауарды жарамсыз деп тауып, фирмаға алдын-ала төлем ретінде аударылған қаржыны қайтару жөнінде, сонымен қатар шартта қарастырылған айыпты төлеу туралы талап қояды.

Шарт бойынша олар 10 күн деп белгіленген талап қою мерзімін сауда кәсіпорнының өткізіп алуын сілтеп, фирма талапты орындаудан бас тартады.

Сауда кәсіпорны талап арызбен төреші сотқа барады. Дәлелі ретінде сауда кәсіпорнының тараптар келісімі бойынша белгіленген талап қою тәртібін ғана емес, сонымен қатар арыз беру-шінің тараптар белгілеуі бойынша 30 күндік наразылық білдіру мерзімінің ескіргенін де көрсетеді.

Фирманың пікірі бойынша, сауда кәсіпорнының талабы негізсіз, өйткені маргариннің сатылу мерзімінің өтіп кетуі жет-кізілген тауардың сапасыздығына дәлел бола алмайды.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?

2. Күмісбаев пен Арынбеков арасында 1991 ж. 14 қыркүйе-гінде автокөлік сату жөнінде шарт жасалады. Келісімі бойынша Арынбеков шарттасқан бағаның тек жартысын төлейді, ал екін-ші жартысына қатысты Күмісбаевқа 1991 ж. 31 желтоқсанынан кеш қалдырмай қарыз сомасының үстіне жылдық табыстың 10%-ін қосып беріп қарызын өтеу міндеттемесімен қарыздық қолхат береді. 1992 жылдың ақпанында Күмісбаев қатты ауыра-ды да, 1992 ж. 20 ақпанда мезгілсіз

қайтыс болады.

Мұрагерлік құқыққа ие Күмісбаевтің қызы Шораева басқа қалада тұрып жатты және қарыз туралы ешнәрсе білген жоқ. Тек 1994 жылдың шілде айында әкесінің қағаздарын реттестіру кезінде ол қарыздық қолхатты кездейсоқ байқап қалып, Арын-бековтан қарызды қайтаруды талап етеді. Арынбеков Күмісбаев-тан сатып алған көлігінің бір ай пайдалануынан кейін Күміс-баевтың айтпаған кемшіліктері шыға бастағанын айтып, қарыз-ды қайтарудан бас тартады.

1995 жылы 15 қаңтарда Шораева сотта Арынбековтың қарыз сомасын алып беру жөнінде талап арызын ұсынады. Талап арыз-ға жауап бергенде Арынбеков арыз берушінің талап қою мерзі-мін өткізіп алғандығынан, сонымен қатар автокөліктің анық-талған кемшіліктеріне байланысты шын мәнінде талаптың не-гізсіз екендігін айтып, соттың талап арыздан бас тартуын сұ-райды.

Шораеваның арызындағы талап қанағаттандырылуға тиіс пе? Арынбеков дәйектері қаншалықты негізделген?

3. Жасалынған шарт бойынша ет-сүт комбинаты сауда фир-масына тараптардың келіскен ассортиментінде сүт өнімдерін жеткізіп тұрады. Шарт жеткізілген өнімнің ай сайынғы төлемін қарастырады, ол келесі айдың 10-шы күнінен кешіктірілмей, оны төлеу мерзімінен кеш қалған әрбір күні үшін жеткізілген өнім құнының 1%-і мөлшерінде айып төлеумен жүзеге асы-рылуы тиіс еді.

Шарттың бүкіл біржылдық мерзімінде сауда фирмасы жүйелі түрде төлемдерді бір-екі аптаға кешіктіріп, бірақ өз еркімен ол үшін айып төлемегендіктен, комбинат фирмамен жа-саған шартын жаңа мерзімге созудан бас тартады. Бір мезгілде директордың тапсырмасы бойынша комбинат заңгері төлемнің кешіктірілу кезеңдерінің қосындысын шығарады, ол 136 күн бо-лып шығады, және шарт қысқартылғаннан 2 ай өткен соң фир-маға айып төлеу жөнінде талап арызын ұсынады.

Талап арыз қанағаттандырылуға тиіс пе?

4. Кенебаев Хасеновадан үлкен сомаға ақшаны қарызға алып, 2 айдан соң, яғни 1991 жылдың 15 тамызынан кеш қал-дырмай қайтаруға міндеттенеді. Көрсетілген мерзімде ақша қай-тарылмайды. Ақша орнына Кенебаев Хасеноваға 50%-ке өсіріл-ген соманы 1991 ж. 1 желтоқсанынан қалдырмай төлеуге міндет алынған жаңа қолхат береді.

1991 ж. қараша айында Кенебаев алыс шекара гарнизонында әскери қызметке шақырылады. 1993 ж. қараша айында әскерден қайтқан соң Кенебаев теңіз жағалауындағы қалаға тұрақтап, ке-ме шаруашылығына жұмысқа кіріп, үйіне қайтпайды. Кенебаев-тің туыстарынан оның мекен-жайын біліп Хасенова оған қарызы туралы ескертіп хат жазып жібереді, бірақ жауап алмайды. 1995 ж. 15 қаңтарында Хасенова Кенебаевтан қарыз сомасын алып беру жөнінде сотқа талап арызын береді. Кенебаев Хасенованың талап қою мерзімінің ескіргенін сілтеп, талапты мойындамайды. Хасенова Кенебаевтың әскердегі қызмет уақыты талап қою мерзімінің ескіруіне кірмеуі тиіс деген оймен, оның ескіруі өткен жоқ деп санады. Сонымен қатар, Хасенова 1994 жылдың 3 қыркүйегінен 5 қарашасына дейін ауруханада жатқандығын растайтын медициналық құжаттарды сотқа ұсынады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Егер Кенебаев Хасенованың ха-тына жауап беріп, қарызды қандай да бір жаңа мерзімге қарай қайтарып беруді уәде етсе, есептің шешімі өзгерер ме еді?

5. Акционерлік қоғам толық серіктестікке құрылыс мате-риалдарының партиясын сатады. Шартты жасасу кезінде серік-тестік материалдар құнын толығымен төлейді, бірақ АҚ-нан ма-териалдың тек жартысын алады, өйткені ұсынылған материал-дардың қалғаны жарамсыз болады да серіктестік оларды қа-былдаудан бас тартады. Кейіннен, бірнеше ай аралығында, АҚ серіктестік сұрауы бойынша соңғысына жасасқан шарттың орындалу есебіне материалдардың кішігірім партияларын беріп тұрады, алайда жалпы алғанда, шарт жартылай орындалмаған болып қалады. АҚ-ның қайта кәсіптеніп, құрылыс материалда-рымен айналысуды тоқтатқанын ескере отырып,

серіктестік одан қарызды өтеуді талап етеді. Акционерлік қоғам шарт жасасу сәтінен 3 жыл және 2 ай өткенін, және сондықтан да талап қою ескілігі өтіп кеткенін мәлімдеп, талапты орындаудан бас тартады. Серіктестік талап арызын төреші сотқа береді.

Іс бойынша қандай шешім қабылдануы тиіс?

6. Бисенов өзінің танысы Сарбалаевтың сұрауы бойынша тиісті сенімхат жасап, уақытша пайдалануға өз автокөлігін береді. Тараптар келісімі бойынша көлік Бисеновқа оның бірінші қойған талабымен қайтаруға тиіс. 1992 ж. 16 мамырында Бисенов жазбаша түрде Сарбалаевтан көлікті қайтарып беруді талап етеді, алайда екі күннен соң Бисенов қайғылы қазаға ұшырайды. Оның әйелі Сарбалаевтың көлікті қайтармағанын біледі, бірақ тиісті талаптарды қоймайды. 1995 ж. 20 мамырда Сарбалаев өз ықыласымен Бисеноваға көлікті қайтарып береді, бірақ бірнеше күннен соң талап қою мерзімінің өтіп кеткенін білмегендіктен оны қателікпен істегенін мәлімдейді. Осы негізде ол Бисеновадан көлікті беруді сұрайды, өйткені қарсы болған жағдайда ол оны сот арқылы талап ететінін айтады. Бисенова Сарбалаевтың сұрағанын орындаудан бас тартады.

Егер іс соттың қарастыруына берілсе, дау кімнің пайдасына шешіледі?

9-тақырып.

ЖЕКЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ИГІЛІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Жеке мүлктік емес игіліктердің ұғымы.
2. Азаматтық құқықпен қорғалатын жеке мүлкті емес игілік түрлері.
3. Жеке мүлктік емес құқықтардың ұғымы мен негізгі бел-гілері.
4. Жеке мүлктік емес құқықтардың түрлері.
5. Жеке мүлктік емес құқықтар мен өзге де мүлкті емес игіліктерді қорғау:
 - 5.1. Намыс, абырой және іскерлік беделді қорғау;
 - 5.2. Өзге де жеке мүлктік емес құқықтарды қорғау;
 - 5.3. Жеке мүлктік емес құқықтарды және басқа мүлкті емес игіліктерді қорғаудың тәсілдері.

Есептер

1. Әйгілі эстрадалық әнші әйел гастролі кезінде Ақтөбе об-лысындағы қалалардың бірінде аталуын оның есіміне сай ке-летін кафені байқап қалады. Осы туралы қандай әрекет істерін білмей, әнші заң кеңесшісіне келесі сұрақтармен барады:

- 1) үшінші жақтар оның есімін оның келісімісіз қолдана ала ма?
- 2) оның өз есіміне құқығының мазмұны неде және сол құқықты ол қалай қорғай алады?

Осы сұраққа жауап беріңіз.

2. Зейнеткер Ш. Алматыдағы “Әйгерімң ресторанына бірне-ше ай бойы өзін-өзі әйгілі қазақ жазушысы әрі қоғамдық қай-раткері Н. деп атап, барып жүреді. Сол кезде ол қолтанбасын таратып, әуенге тапсырыс беріп, өзінің репрессияға қалай ұшыра-ғанын және қазірде тұрғын үйге мұқтаж екенін көпшілікке жа-рия етіп жүреді.

Жазушы Н. Адвокаттар алқасына оның құқықтары бұзылды ма және осы жағдайда қандай қорғау жолдарын қолдануға бола-тынын сұрап барады.

Қойылған сұраққа қандай жауап беріңіздер?

3. Азамат Ш. жазушы А. мен “Қазақ әдебиетінең И. В. Ста-линнің намысы мен абыройын қорғау жөнінде талап арызын ұсынады. Талап арыз беруге арқау болған — жазушы А-ның И. В. Сталин іс-әрекетін кеңес халқына қарсы қылмыстық деп сипаттаған “Қазақ әдебиетіндегің мақаласы. Сот бұл талап арызды қарастыруға қабылдамайды, өйткені, сот пікірінше, қа-зіргі заң бойынша басқа азаматтардың намысы мен абыройын қорғау жөнінде талап арызды ұсыну мүмкіндігі қарастырыл-майды.

Сонда азамат Ш. жазушы А. мен “Қазақ әдебиетінең өз намысы мен абыройын қорғау жөнінде талап арыз ұсынады. Өйткені ол сол кезеңдегі оқиғаларға қатысқандықтан, И. В. Ста-лин мен оның заманы туралы таратылған мәліметтер, оның пікі-рінше, өз намысы мен абыройына кір

келтіреді. Сот азамат Ш-ның талап арызын қабылдап, оны мәні бойынша қарастырады.

Соттың әрекеті дұрыс па?

4. Азамат С., әмбебап дүкенде жүріп өзінің онда бейнесі бар футболкалардың сатылып жатқанын көреді. Бейнесі өзі жаққында бір ательеде түскен фотосуретке дәл сәйкес болады. Азамат С. сот бойынша өз құқығын қорғауды талап етуге құқығы бар ма деген сұрақпен заң кеңесшісіне барады.

Азамат С-ға қандай жауап берілуі тиіс?

5. Қалалық газетте жергілікті ет комбинатының жұмысы туралы материал басылып шығарылады. Онда шығарылатын өнімнің төменгі сапасы, өндіріс технологиясын өрескел бұзушылығы, өндірістің тазалығы жоқтығы және т. с. с. туралы ерекше жазылған болатын.

Зауыт директоры газет редакциясына ет комбинаты жұмысында көрсетілген кемшіліктер бар болғанымен, газетке түскен материал зауыттың іскерлік атағына кір келтіретінін атап көрсетіп, жалған екенін басылымда көрсетуін талап етеді. Осы басылымнан соң бірнеше істестері ет комбинатымен бірге жұмыс істеуден бас тартады. Сонымен бірге, комбинат директоры комбинаттың істестерден айырылуына байланысты ұшыраған шығындарын өтеу жөнінде талап арызын газет редакциясына береді. Комбинат директорының ойынша, газет тілшісі осындай материалдың баспаға шығарылуы жөнінде оны хабардар етіп, барлық фактілерді тәптіштеп тексеруден өткізуге міндетті еді.

Істі шешіңіз.

6. Мемлекеттік телерадиокомпаниясы ұзақ уақыт бойы әйелге тән етіп шашын қоятын, ер адам кимейтін киім киетін өзінің бір дикторының сыртқы түріне қатысты шағымдар мен наразылықтар алып тұрады. Телекөрсетімдерден үнемі түсіп тұратын және тоқталмайтын шағымдарынан шаршаған теле-радиокомпания диктордан оның сыртқы түрін өзгертуін талап етеді. Диктор үзілді-кесілді түрде бас тартады. Содан барып компания оны жұмыстан шығарады, оны телекөрсетімдердің компания дикторының қандай жынысқа жататынын білуге құқықты екенімен түсіндіреді.

Диктор, телекөрсетімдер мен компания оның адам құқықтарын бұзатынын көрсете отырып, сотқа талап арызын береді.

Талап арызды қанағаттандыруға бола ма?

7. Көрнекті қазақстан ғалымдарының бірі Атырауда тұрып жатқан өзінің мектептес досымен ұзақ хат алсып тұрады. Ғалым қайтыс болған соң, досы оның мәңгілік есте қалуын тілеп, Атырау баспасымен шарт жасасып, қолындағы хаттарды баспаға шығаруды шешеді. Хаттар жарық көргенде, ғалымның балалары әкелерінің досынан әкелерінің барлық хаттарын баспадан шығаруға тыйым салатынын айтады. Алайда бұл оның жеке басының ісі деп санап, әкесінің досы талапты орындаудан бас тартады.

Балалар талабы қанағаттандыруға бола ма? Талап арыз кімге ұсынылуы мүмкін? Сот бұзылған құқықты қорғаудың қандай жолдарын таңдап алуы мүмкін?

8. Суретші Р. А. Қ. Оңласынованың бейнесін салады. Суретшінің қайтыс болуынан соң мұрагерлері оның туындыларының альбомын шығармақшы болады, туындылар ішінде 25 жылдан астам тірілер қатарында жоқ А. Қ. Оңласынованың бейнесі де болады. А. Қ. Оңласынованың балалары оны біле салысымен олардың анасының бейнесін альбомнан шығаруды талап етіп баспаға барады. А. Қ. Оңласынованың қайтыс болғанынан көп жыл өткендіктен, анасының бейнесін баспаға шығаруда балаларының келісімі қажет етілмейтінін

түсіндіре отырып, баспа олардың талабынан бас тартады.

Баспа А. Қ. Оңласынова балаларының келісімін алуға тиісті ме?

9. Азамат Мырзағұлов өзі жасамақшы болған өсиетті куәландыру үшін нотариусқа барады. Нотариус оған қажетті көмек көрсетеді де, өсиетті куәландырады. Біраз уақыттан соң нотариусқа Мырзағұловтың ұлы келіп, оның ойынша, әкесі істеген ісіне есеп бермейтінін мәлімдейді. Жетпіс жасына қарамастан, оның үйленейін деп жүргенін айтып, баласы әкесінің барлық мүлікті бөтен адамға өсиетпен қалдырғанына күдікті екенін айтады. Осыған байланысты ұлы нотариустан әкесінің жасаған өсиетін көрсетуді сұрайды. Нотариус ұлына өсиеттің көшірмесін ұсынады.

Баласына өсиет мазмұны белгілі болғанын естіген әкесі, нотариусқа деген талап арызын сотқа береді, ол арызда 10 мың теңге сомасында оған келтірілген моральдық зиянның орнын толықтыруды талап етеді.

Талап арыз қанағаттандыруға жата ма?

10. Алиев пен Бисенова заңды неке қию орнына некелерін тіркеу туралы арыз береді. Тіркелуге екі күн қалғанда, Бисеноваға Алиевтің анасы келіп, өз ұлына Бисеновамен некелесуге рұқсат етпейтінін айтады. Ол Бисенованың құрбысынан Бисенованың әдепсіз өмір сүргенін және нашақорлықпен айналыс-қанын біліп алғанын айтады. Некенің тіркелуі жүзеге аспай қалады.

Біраз жылдан соң, әлі күнге дейін құрбысының әділетсіз кінәсінің және жеке өмірінің сәтсіздігінің әсерінде жүрген Бисенова, намысы мен абыройын қорғау туралы және моральдық нұқсан орнын толықтыру жайлы талап арызын сотқа береді. Жауапкердің қорғаушысы сотта “Адам атына кір келтіретін мәліметтерді куәгерлерсіз бір адамға хабарлауды олардың тара-тылуы деп қарастыруға болмайды, сондықтан да талап арыз қанағаттандырылуы мүмкін емес — деп мәлімдейді. Оның үстіне сол оқиғалар сәтінен 5 жылдан астам уақыт өтті, сондықтан талап қою мерзімінің ескілігі өтіп кеткен. Істі шешіңіз.

10 тақырып.

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕДЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ЖӨНІНДЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Нарықтық экономикаға көшу жағдайындағы меншік пен меншік құқығы.
2. Меншік — әлеуметтік-экономикалық категория.
3. “Меншік және “меншік құқығының категорияларының ара-қатынасы.
4. Меншік — құқықтық категория:
 - 4.1. Меншік құқығының ұғымы мен мазмұны;
 - 4.2. Меншік иесінің құқықтары.
5. Меншік құқығы құқық жүйесінің бір саласы және субъективті құқық ретінде.
6. Меншік құқығы — абсолюттік құқықтық қарым-қатынас элементі.
7. Қазақстан заңдары бойынша меншік құқығының нысаны мен түрлері.
8. Заттық құқық ұғымы:
 - 8.1. Заттық құқық белгілері;
 - 8.2. Заттық құқықтардың түрлері;
 - 8.3. Заттық құқықтар жүйесіндегі заттық құқық.
 - 8.4. Заттық құқықтар жүйесіндегі меншік құқығы.
9. Меншік құқығының пайда болу негіздері.
10. Меншік құқығының пайда болуының бастапқы және ту-ынды жолдары, оларды ажырату белгілері.

Есептер

1. “Диқаншың акционерлік қоғамы ЖШС-тен толығымен төлеу жасап, тұқымдық картоптың екі тоннасын сатып алады. Картопты сатып алу қыста жасалғандықтан, тараптар келісімі бойынша тұқымдық материалды жолда үсітіп алмау үшін оны көктемге дейін совхозда қалдыруды ұйғарады. Алайда көктемде бұрын-соңды бұл жерлерде болмаған селдің салдарынан картоп, оның ішінде АҚ сатып алған картоп сақталатын қойманы су басып, картоп егуге жарамсыз болып қалады. АҚ ЖШС-тен төлеу құнының нарықтық бағасы бойынша картоптың ақшасын қайтаруды, не болмаса егу үшін тура сондай сорт картобын тап сол мөлшерде бөліп беруді талап етеді. ЖШС бұл екі талапты да қабылдамайды. ЖШС ойынша, сатып алған картоп оған сақ-тауға қалдырылған, сондықтан да Акционерлік Қоғам картоптың кездейсоқ бүлінуі үшін өзі жауапты. ЖШС АҚ-ға егу үшін басқа картопты да бере алмайды, өйткені картоптың жарамсыз болу салдарынан өзі де тұқымдық материалсыз қалып, картопты мемлекеттік қордан алуға мәжбүр болып отыр. Оның үстіне, тіпті, ЖШС АҚ үшін картоптың қосымша мөлшерін бере алса да, оның

төлемін АҚ жасауы тиіс еді.

Тараптар келісімге келе алмаған соң, іс сотқа беріледі.

Оны қалай шешуге болады?

2. Шопанаев Камаловтан “Ладаң жеңіл автокөлігін сатып алады. Мәмілені жасау сәтіндегі тәртіпке сәйкес олар оны комиссиялық дүкен арқылы жасайды. Комиссиялық сыйақының мөлшерін төмендету үшін тараптар көліктің сатылу бағасының жартысын сатып алушы сатушыға дүкеннен тыс қолма-қол беретіні туралы келіседі.

Мәміле жасалған соң сатып алушы комиссиялық дүкенге төлеген ақшаның үстіне тағы ақша төлеуден бас тартады. Оған жауап ретінде сатушы сатып алушыдан автокөлігін тартып алады. Сатып алушы көлікті қайтару жөнінде талап арыз ұсынады.

Талапқа қарсылық білдіре отырып, сатушы автокөлігін МАИ органдарында өз атына тіркеп үлгермегендіктен сатып алушыға меншік құқығы әлі өтпегеніне сілтейді. Ал мәміленің өзін жасамаған деп тану қажет, өйткені тараптар баға жөнінде келісімге келмеді.

Істі шешіңіз.

3. Көршілес ауылдарда орналасқан шаруа қожалықтарының мүшелері Мақсұтова мен Меңдібаева сиыр сату туралы шарт жасасады. Сиыр үшін ақшаны Мақсұтова толығымен алады. Меңдібаева сиыр үшін жем дайындамағандықтан, әйелдер сиыр-дың Мақсұтовода қалатынын, ал 20-шы мамырдан кешіктірілмей сатушы оны сатып алушыға жеткізіп беретіні туралы уағдаласады.

Мамыр айында Мақсұтова ауырып қалып, маусымның тек алғаш күндері ғана сиырын көрші ауылға алып барады. Көпірде сиырды айдап келе жатып, Мақсұтова тайғанап барып сиырмен бірге өзенге құлайды.

Мақсұтова мен сиыр өледі.

Меңдібаева Мақсұтова кіретін шаруа қожалығынан сиырға төленген ақшаны қайтарып беруді талап етеді. Шаруа қожалы-ғының мүшелері онымен келіспейді де, өз алдына, Меңдібаевадан сиырды жемдеуге кеткен шығындарды өтеуді талап ете бастайды.

Істі шешіңіздер.

4. Суретші Дәрменов Шығармашылық Үйінде жүріп, қыс-қы пейзаж бейнеленген сурет салады. Суретті салуда ол қызмет бабымен Шығармашылық Үйден бірнеше күнге кетіп қалған Нұршиннің кенебі мен бояуларын пайдаланады. Суретке өзінің кенебі мен бояуы кеткенін білген соң Нұршин суретті оған беруді талап етеді. Бұнда ол белгілі пейзажист Дәрменовтың су-ретін өз коллекциясында бұрыннан бері көргісі келіп армандап жүргенін және сәтті оқиғаны жібергісі келмейтінін түсіндіріп береді. Нұршиннің ойынша, Дәрменов суретті ерекше жақсы салған, өйткені оған Нұршиннің Италиядан әкелінген және көне шеберлер рецептісі бойынша жасалынған бояулары кеткен. Дәр-меновтың сурет салу еңбегіне Нұршин ақы төлеуге дайын бо-лады.

Дәрменов суретті сатудан бас тартады да, өз алдына, Нұр-шинге бояулар мен кенептің бағасын төлеуге дайын екенін біл-діреді. Бөтен бояулар мен кенепті пайдаланғанын Дәрменов Шығармашылық Үйіне құр қол келгенімен түсіндіреді. Алайда, оны таң қалдырған қысқы көріністі көріп, ол шығармашылық шабыттың келгенін сезеді де, сурет салуға арбалып қалады. Дәр-менов пен Нұршин өзара келісімге келе алмағандықтан, дау Су-ретшілер одағының Алматылық бөлімінің келісім комиссиясы-ның шешіміне беріледі.

Суретшілер заңгерге кеңес сұрап барады.

Оларға қандай түсініктеме берілуі тиіс?

5. Мүсінші Әлкеев бұрыннан бері анасының бейіт басына оның мүсіндік бейнесін орнатпақшы болады, бірақ ол үшін сәй-кес әктас таба алмай жүреді. Зират күзетшісі Әлкеевпен келісім бойынша ұмытылып қалған бейіттердің бірінен қажетті әктасты ақы үшін алып береді. Ол бейітке жерленген адам туралы құжаттар соғыс кезінде жоғалтылып, көп жылдар бойы оған ешкім келмейтін болған. Әлкеев әктастан өз анасының бейнесін соғып, оны бейіт басына орнатады. Оны біліп қойған прокурор Әлкеев-ке пайдаланған әктастың нарықтық бағасы бойынша құнын қазынаға төлеуіне талап қояды. Күзетшіге Әлкеевтен алған со-маларды қазынаға өткізуі жөнінде талап қойылады.

Істі шешіңіздер.

6. Салының бітпеген тұрғын үйдің меншік иесі — Ныша-нов, терезелер мен есіктерді қағып тастап, ұзақ уақыт жоқ болады. Аудандық әкімшілік үйді ашуға жарлық береді. үйдің 75%-ке бұзылғаны жөнінде акт жасалған соң үй тұрған жер учаскесі Кенебаевқа құрылыс үшін беріледі. Нышановтың үйі Кенебаевқа құрылыс материалы ретінде ақысыз беріледі.

Кенебаев жаз мезгілі ішінде үйді толығымен қалыпқа келті-ріп, қайта жобалап, іргелі түрде жөндеп алады.

Күзде бұрынғы тұрғын орнына келген Нышанов Кенебаев-тан үйді оған қайтаруды талап етеді. Кенебаев Нышановқа аудан әкімшілігіне баруды ұсынады, ал ол жерде Нышановтың талабы оның ұзақ уақыт жоқ болуына байланысты негізсіз деп таны-лады.

Іс қандай тәртіпте және қалай шешілуі тиіс?

7. Сарманов өз саяжайын іргелі жөндеу жөнінде жұмыскер-лер бригадасымен шарт жасасады. Пешті бұзу кезінде жұмыс-керлердің бірі алтын ділдәларымен құнды заттары бар қоб-дишаны тауып алады. Жұмыскер оларды өзі тапқандықтан, олар өзінікі деп мәлімдеп, құнды заттарды беруден бас тартады. Жөндеу жұмыстарын жасап жатқан жұмысшылардың қалғаны да құнды заттардағы өз үлесін талап ете бастайды.

Милиция органдары табылған құнды заттарды алып, оларды қазына табысының есебіне өткізуге қаржы органдарына береді. Саяжайдың меншік иесі, жұмыскерлер мен қаржы органдары арасында құнды заттарға кімнің құқығы бар және оларды қалай бөлісуге болады деген дау туады.

Бұл дау қалай және қандай тәртіпте шешілуі мүмкін?

8. Ормановтың фермерлік қожалығына бір сиыр қосылып алады. Сиырды асырай алмаған соң, фермер оны сойып алып, етін базарда сатады, ал терісін тері зауытында тері бұйымдарына ауыстырып алады.

Екі айдан соң сиырдың иесі табылады.

Ол кімге және қандай талаптар қоя алады?

9. Бұраев ұзақ уақыт бойы тұрғын үй иесі болады: онда өмір сүреді, мүлікке салынатын салық пен сақтандыру жарна-ларын төлей отырып, жарты үйді саяжайшыларға жалға беріп тұ-рады. 1992 ж. Бұраев қайтыс болған соң, мұрагерлік құқық-тарды анықтау кезінде, үйдің меншік иесі басқа азамат болып табылғаны анықталады. Бұраев соғыстан кейін дұрыс жасал-маған мәміле бойынша одан үйді сатып алған екен. Осыны не-гізге ала отырып, жылжымайтын мүліктер туралы мәмілелерді тіркеу кеңсесі мұрагерлерге үйдің иесі Бұраев екені жөнінде анықтама қағазын беруден бас тартады, ал нотариус оларға мұрагерлікке құқық жөнінде куәлік беруден бас тартады.

Мұрагерлердің дәлелдері бойынша өз кезінде үйді иелену құқығы жасалынбаса да, иелену мерзімі арқасында Бұраев осы үйдің меншікті иесі бола алады, сондықтан да үй мұра бойынша оларға берілуі тиіс.

Дауды шешу барысында иелену көнелігінің мерзімі өтті ме, әлде, жоқ па деген сұрақ туады. Иелену көнелігі бойынша мен-шік құқығын алу үшін қандай шарттар қажет?

10. Франциядағы Қазақстан өкілдігіне француз азаматы Туаров жолығады. Оның мәлімдеуі бойынша революцияға дейін оның әкесі Қазақстанда фабрикаға ие болған, оны контрреволюциялық іріткі үшін мемлекет мүлкіне айналдырып жіберген. Алайда, Туаровтың әкесі қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Ол Францияға өтіп кетеді де, Туаров сол жерде дүниеге келеді. Революциядан кейін әкесі алтын ділдәларды тот баспай-тын жәшікке салып, фабрика территориясында көміп тастайды. Әкесі қайтыс болады. Туаров фабриканың шынымен әкесінің иелігінде болғанын растайтын құжаттарды ұсынады. Сонымен бірге, оның қолында сол алтын ділдәлары бар жәшікті тауып алуға мүмкіндік беретін жоспары барын айтады.

Жалғыз мұрагер ретінде Туаров фабриканы қайтарып беруді не болмаса оған компенсация төлеуді талап етеді. Одан басқа, егер ділдәлардың жартысы оған берілетін болса, онда олардың тығылған жерін көрсетіп беруге дайын екенін мәлімдейді.

Оған қандай жауап беру қажет?

11. Бұрынғы Қызылорда қаласы театрының актрисасы бе-нефис кезінде алынған және оның талантына табынушылары сыйға тартқан құнды заттарын банкте сақтайды. Революция кезінде банк сейфі бұзылып, одан құнды заттар, банк құжаттарында көрсетілгендей, Волга жағалауындағы ашаршылыққа ду-шар болғандар үшін азық-түлік сатып алуға жұмсалады. Актрисаның мұрагерлерінің қолында құнды заттарды банкке тапсыру сәтінде жасалған құнды заттар мен олардың алтын ақшамен бағасы көрсетілген тізім сақталады.

Мұрагерлер Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігі-нен құндылықтар бағасын еркін конвертацияланатын валюта есебімен өтеуді талап етеді.

Істі шешіңіздер.

12. Рахатов әкесінен мұраға қалған заттарды реттестіріп отырып, олардың арасында платинаның бірнеше кесектерін та-бады. Бұл жайлы ол өз досына айтады, ал ол болса, қаржы ор-гандарына жеке адамда оның иелігінде болуға тиісті емес мүлік барын хабарлайды. Рахатов өзінде платинаның барын мойын-дайды.

Қаржы органдары Рахатовтың заңмен белгіленген тәртіп бойынша платинаны өткізуі туралы бұйрықты оның қолына береді.

Рахатов оны істемегендіктен, оған мемлекеттік баға бойын-ша құны төленіп платинаны сатуға мәжбүрлеуді талап етіп сотқа арыз береді.

Рахатов платинаның нарықтық бағасы анағұрлым жоғары екенін сілтеп, талап арызға қарсы болады.

Істі шешіңіз.

13. Қуатов өзіне мұра бойынша келген үйде өзінің бұрынғы жанұя мүшелерімен тұрып жатты. Басқа тұрақты тұрғын орынға көшуіне байланысты ол үйді Асановқа сатып жібереді, шартта үйде тұрып жатқан адамдар жөнінде мәселе мүлдем қозғалмай ды.шарт жүзеге асқан соң Қуатов үйден көшіп кетеді. Жанұя мүшелері басқа тұратын жерлері болмағанын негізге алып, үйді босатудан бас тартады.

Жаңа меншік иесі аталған адамдарға үйді босату жөнінде талап арызын ұсынады. Талап арызындағы талаптарына дәлел ретінде арызданушы үй қожасы үйден шығып кетсе, онда оның әулет мүшелері, оның үстіне, бұрынғы мүшелері, үйді босатуға тіпті міндетті екеніне сілтейді.

Жауапкерлер талап арызға қарсы болып, өз кезінде үйге меншік иесінің жанұя мүшелері ретінде кіргендерін және меншік иесінің ауысуы оларды үйді босату міндетін жүктемейтінін айтады.

Істі шешіңіз. Егер шарт жасалмай тұрып, үйде тұрып жатқан адамдар үйді босату жөнінде жазбаша міндеттеме берген болып, бірақ ақырында оны орындаудан бас тартса, даудың шешімі өзгере ме?

14. Біріне-бірі жанасып жатқан жер учаскелерін пайдаланушылар оларды жекешелендіріп алады. Бұдан кейін учаскелердің біреуінің меншік иесі басқасының меншік иесіне өз учаскесін жүру мақсатында пайдалануға тыйым салады. Басқа учаскенің меншік иесі, жекешелендіруден бұрын екеуі келісе отырып пайдаланған құдыққа жолды бөгеп тастайды. Өз әрекеттерін олар жер учаскелерінің меншік иелері болғандықтан, оған ешкімді жібермеуге құқықты екенімен негіздейді.

Жер ресурстары бөлімінде дауды қарастыру кезінде бір учаскені айналып өтіп басқасына жету өте қиын екені анықталады. Екі учаскені де құдықпен қамтамасыз ету талпыныстары сәтсіздікке әкеледі, өйткені бірнеше қайталап скважина қазылғанымен су жүрмей қояды.

Пайда болған дауды қалай шешуге болады?

11-тақырып.

АЗАМАТТАРДЫҢ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Азаматтар меншігі — әлеуметтік-экономикалық категория.
2. Азаматтардың меншік құқығы — құқықтық категория.
3. Меншік құқығының субъектілері.
4. Меншік құқығының объектілері.
5. Меншік құқығының мазмұны мен жүзеге асырылуы.

Есептер

1. Тұрғын үй-құрылыстық кооперативінің мүшесі Жұматов пәтер үшін жарналық төлемін толығымен төлейді. Шет елге тұрақты қоныс тебуіне байланысты Жұматов пәтерді сатпақшы болып, сатып алушы мен келісіп қояды. Жұматов пәтер оның меншігінде екені туралы анықтама қағаз алу үшін кооператив басқармасына барғанда, оның сұранысы орындалмайды. Басқарма бас тарту себебі Жұматовтың пәтері орналасқан тұрғын үй кооператив жарғысы бойынша кооператив меншігі болып табылады, сондықтан да тек қана кооператив пәтерді сатуға құқықты. Кооператив Жұматовқа пәтерді сатудан түсірген сома-ны төлеуге келісмін береді.

Басқарма әрекеттері заңды ма? Меншік құқығының пайда болуының қандай негіздерін білесіздер?

2. Иманов жабдықталған және бұйымдары бар өндіріс орынын дүкен жасау үшін жалға алады. Жабдықтар мен бұйымдардың ақысын төлеп алған соң, Иманов өндіріс орынын сатып алуға талаптанады. Аудандық әкімшілік пен жалға беруші — жөндеу-эксплуатациялық басқарма Имановтың кісі тұрмайтын орынды сатып алуына қарсы болады, өйткені кісі тұрмайтын орын тозғанына байланысты бұзылуға жіберілетін еді. Имановтың ойынша, жабдық пен бұйымдардың меншікті иесі болғандықтан ол кісі тұрмайтын орынды қалдық бағасы бойынша сатып алуға құқықты.

Пайда болған дау қалай және қандай тәртіпте шешілуі мүмкін?

3. Есенов бекітілген жобаны бұзып, тұрғын үй салады. Екі қабатты үйдің орнына Есенов үш қабатты үй салады, үйдің тұрғын ауданы жобада көрсетілгендей 60 емес, 110 кв.м. болып шығады. Есенов учаскесінде жобада көрсетілмеген жылыжай мен гаражды салады да, өзіне тиісті учаскеден екі есе асатын учаскені қоршаумен қоршап тастайды. Поселке әкімшілігінің комиссиясы үйді қабылдаудан бас тартып, Есеновтан үйді жобаға сәйкестіріп жасауын, жылыжай мен гаражды бұзып, қоршауды қайта қоюды талап етеді.

Есенов комиссия талабын орындаудан бас тартады, оның негіздеуі бойынша, туып отырған дау тек сот күшімен шешіледі, өйткені онымен үй салу шарты жасасылған. Оның үстіне, дау пайда болған сәтке қарай азаматтардың салатын тұрғын үйлерін көлемі бойынша шектеулер жойылған болатын. Осылардың негізінде Есенов бұрынғы бекітілген жобаны учаскедегі салынған құрылыстармен сәйкес етілуі керек деп санайды.

Осы дауды қалай және қандай тәртіпте шешкен жөн?

4. Омаров жер ресурстары мен қоныстандыру бөліміне үй салу үшін жер учаскесін бөліп беруді

сұрап барады. Омаровтың жеткілікті тұрғын үйі болғанын білмеген аудандық әкімшілік учаске бөлу жөнінде шешім қабылдайды, содан соң Омаров учаскеге өзі сатып алған құрылыс материалдарын жеткізіп, уақытша үй орнатып алады. Көп ұзамай, бірақ Омаровтың тұрғын үйі бар екені белгілі болады да, соған байланысты Омаровқа үй салу үшін учаске беру туралы шарт жасасуға келісім бермейді, ал оған дейінгі учаске бөліп беру шешімі жойылады. Одан басқа, аудандық әкімшілік Омаровтың учаскені құрылыс материалдарынан босатып, уақытша үйді бұзуын талап етеді. Омаров сотқа әкімшілікті шарт жасасуға күштеу жөнінде талап арыз береді. Талап арызындағы талаптарына негіздеме ретінде Омаров ересек қызына қалдыруға ниетті болған басқа тұрғын үйі барын жасырмағанын айтады.

Құрылыс материалдарын сатып алуға, оларды тасымалдауға және уақытша үйді орнатуға ол материалдық шығындар тартады, егер учаске тартылып алынса, шығындар кез-келген жағдайда өтелуі тиіс.

Сот қандай әрекет істеуі тиіс?

5. Облыстық әкімшілік шешімі бойынша Асылловтың иелігіндегі үй орналасқан жер учаскесі мемлекет қажеттіліктері үшін алынуға тиіс болады. Асыллов пен оның жанұясына үйдің орнына пәтер ұсынылады. Оның үстіне, жер учаскесі берілетін ұйым Асылловқа үй ақысы мен учаскеде отырғызылған жеміс-жи-дектердің құнын өтеуге келіседі. Асыллов әкімшілік шешіміне қарсылық білдіреді, ол учаскесінің сатуға жатпайтын бөлігінде тұрғанын айтады. Оның үстіне, Асылловтың ойынша, егер де учаске еріксіз алынатын болса, онда оған тура сондай жер учаскесінде үй тұрғызуға міндетті.

Әкімшілік бұл жерде бос жер территориясы жоқ, сондықтан да тура сондай жер учаскесі Асылловқа басқа жерден бөлініп беріле алады деп нандырады. Мердігерлік ұйым мен құрылыс материалдарының жоқтығынан әкімшіліктің Асылловқа жаңа үй салып беруге мүмкіндігі жоқтығын айтады. Тараптар келісімге келмегендіктен, Асылловтың үйі энергия және сумен қамтамасыз ету жүйесінен қиылып тасталынады. Асыллов талап арызымен сотқа барады.

Оның талап арыздағы талаптарын қалыптастырып, істі ше-шіңіздер.

6. Пернебаева қорда (притон) ұстағаны үшін сотталады, бірақ оған қатысты жазалаудың қосымша түрі ретіндегі мүлкін тәркілеу қолданбайды. Үкімнің заң күшіне енгенінен соң прокурор Пернебаеваға заңсыз алған табыстарын Қазақстан Респуб-ликасының пайдасына алынуы жайлы талап қояды. Табыстарының мөлшері қорда қызметін пайдаланған адамдардың шамамен алынған санымен және олардан алынған ақы мөлшерімен анықталады. Талапты қамтамасыз ету үшін Пернебаеваның мүлікіне билік етуге шек қойылады.

Пернебаеваның қорғаушысы талап арызға қарсы болып, осындай жағдайларда түсірілген пайданың қазынаға өткізілуі заңмен қарастырылмайтындығына сілтейді, сондықтан да бұл мүлікке ешкімнің қол сұқпаулық принципіне қарсы болған-дықтан талап арыз қанағаттандыруға жатпайды. Оның үстіне, егер де сот Пернебаеваның мүлкін қазына пайдасына алу қажет деп санаса, онда ол мүлік тәркіленуге тиіс еді, ал ол, бірақ, жасалынған жоқ болатын.

Қорданы ұстаудан түсірген пайдасын Пернебаевадан тартып алу жөніндегі прокурордың талап арызын қалай бағалауға болады? Талап арызды қанағаттандыруға бола ма?

12-тақырып.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Мемлекеттік меншік құқығының түсінігі, ерекшеліктері.
2. Мемлекеттік меншіктің түрлері:
 - 2.1. Республикалық меншік.
 - 2.2. Коммуналдық меншік.
3. Мемлекеттік меншіктің объектілері.
4. Мемлекеттік меншік құқығының мазмұны.
5. Мемлекеттік меншік құқығының жүзеге асырылуы.
6. Мемлекеттік меншік құқығының жүзеге асырылу жолдары: шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқығының сипаты.

Есептер

1. Астананың тұрғын үйлерінің бірінде пәтер босайды. Астанадағы аймақтық мемлекеттік мүлік комитеті мен аудан әкімшілігі арасында сол пәтерге тұрғын кіргізіп, оған ордер беруге кімнің құқығы бар деген дау пайда болады. Комитеттің пікірі бойынша тұрғын үй республикалық меншік болып табылады, сондықтан да пәтерді билеу құқығы комитетке берілген.

Орталық аудан әкімшілігі үй коммуналдық меншікке жатады деп санады. Сондай-ақ ол үй ауданда берілетін ордерлер бойынша қоныстандырылатынына және үйдің аудандық тұрғын үй пайдалану ұйымдарының бірінің балансында тұрғанына сілтейді.

Істі шешіңіз.

Мемлекеттік, республикалық және коммуналдық меншіктерді қандай негіздер бойынша ажыратуға болады?

2. Жекешелендіруге жатпайтын кәсіпорын шет елдік фирма-лардың бірінің тапсырысын орындағаны үшін еркін конвертацияланатын валютамен табыс түсіреді. Табыс кәсіпорынның валюталық есеп шотына салынады. Әкімшілік пен еңбек ұжымы арасында табыстың қалай бөлінетіні жөнінде дау туады. Әкімшілік табыстың анағұрлым көп бөлігін шет елдік жабдық алуға жұмсалуды талап етеді, өйткені кәсіпорынның пайдаланып жүрген жабдығы моральды түрде ескірген. Еңбек ұжымы түсірілген табыс кәсіпорын қызметкерлері арасында, теңгенің долларға қатысты құнының түсуіне байланысты тек валюта түрінде тара-тылуы тиіс деп санайды.

Бұл дау қалай және қандай тәртіпте шешілуі мүмкін?

3. Мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіру кезінде жеке-шелендірудің анағұрлым тиімді жолы қандай деген сұрақ туады. Еңбек ұжымы 2-ші вариант бойынша ұжым мүшелеріне жеңілдік берілген акцияландыруды талап етеді. Әкімшілік 3-ші вариантты тиімді деп санайды. Қалалық мүлікті басқару комитетінің ойынша, кәсіпорын жария саудада арқылы сатылуы тиіс, өйткені инвестициялардың құйылуына қала өте мұқтаж болып отырған еді. Ақырында, мүлік қоры кәсіпорынды коммерциялық сайыста немесе аукционда сату ең тиімді жол деп санады.

Мемлекеттік және комуналдық кәсіпорындарды жекешелендірудің қандай жолдарын білесіздер және бір-бірінен олардың қандай айырмашылығы бар? Осы дауды қалай шешуге болады?

4. Мемлекеттік кәсіпорын арендалық кәсіпорын болып көй-та құрылды де ол бойынша кәсіпорынды келешекте сатып алуға шарт жасалады. Жарты мүлігі кәсіпорынның арендалық болып өзгертілу сәтінде сатылып алынады. Қалған мүлікті жалгер өзінің шотына қаржы түсу шамасына қарай сатып алып тұрады. Жалдаудың мерзімі бітпей тұрып, Мемлекеттік мүлікті Басқару Комитеті кәсіпорынның республикалық меншікке жататындығына және мемлекеттік кәсіпорынға айналдырылуына тиіс екен-дігіне сілтеп, жалға алу шартын бұзуды талап етеді.

Әкімшілік пен еңбек ұжымы жалға алу шартын бұзуға қарсы болды. Сонда олар жалға алу шартының мерзімі әлі аяқталмағанын, мүліктің басым бөлігі сатылып алынғанын, ал қалғаны шартпен белгіленген мерзімдерде сатылып алынатынын көрсетеді. Одан басқа, кәсіпорын мүлігінде ұжым мүшелерінің дивиденд төленіп тұратын ақша салымдары бар. Комитет пен аренда-лық кәсіпорын келісімге келе алмағандықтан, дау сотқа беріледі.

Ол қалай шешілуі тиіс?

5. Мемлекеттік кәсіпорын өзінің балансындағы қойма орын-дарын әмбәбап дүкеніне жалға береді. Кәсіпорын мен әмбәбап дүкен акционерлік қоғамдар болып қайта құрылуы тиіс, және де әр қайсысы қойма орындарының құны оның жарғылық капита-лында ескерілгенін талап етеді.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

6. “Спорт-грант акционерлік қоғамы жөндеу-пайдалану бірлестігінен ғимаратты жалға алады. 1990 жылда бірлестіктің өзі жалдық кәсіпорынға айналады. Бірлестікке жалға берілген мүліктің ішінде “Спорт-грант акционерлік қоғамы жалға алған ғимарат та бар. Кейіннен ғимаратты сатып алуға акционерлік қоғам да, жалдық кәсіпорын да талаптанады. Мүлікті басқару комитеті ғимаратты жалға беру шартын акционерлік қоғаммен жасасады.

Ғимаратты сатып алуға кімнің құқығы бар — акционерлік қоғамның ба, әлде жалдық кәсіпорынның ба?

7. Бюджеттік кәсіпорын коммерциялық іс-әрекетпен айна-лысады. Түсірілген табыстарға шет елдік жабдық сатылып алы-нады, онымен лабораториялардың біреуі жабдыкталады. Смета бойынша қаржы бөлінудің біту салдарынан, ал коммерциялық іс-әрекеттен табыс түсудің тоқтауынан, банктегі мекеме есеп шотында несие берушілермен есептесу үшін қаржы болмай қалады. Соттың мекемеден қарыз сомасын төлетіп алу жөніндегі шешімін орындау кезінде несие берушілердің біреуі төлетіп алуды шет елдік жабдықтар есебінен өтеуін талап етеді, өйткені ол жабдық сметалық қаржы есебінен тыс сатылып алынған. Борышқорлар оған қарсы болады, олардың ойынша бюджеттік мекеменің барлық мүлкі, олардың сатып алу көздеріне тәуелсіз, борышты өтеуге жұмсалмайды деп түсіндірді.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

8. “Қызыл Ту мемлекеттік өндірістік бірлестігі акционерлік қоғамға айналады. Сол кезде дауыс беруші акциялардың айтар-лықтай бөлігі бірлестік жұмыскерлері арасында таратылады. Жекешелендіру үміт артқандай нәтижелер бермегендіктен және акционерлік қоғам өндіріс тоқтау шегінде тұрғандықтан оны мемлекеттік меншікке, яғни бастапқы ұйымдық-құқықтық тәр-тіпке айналдыруы жөнінде мәселе туады.

Кім және қандай тәртіпте сондай шешім қабылдай алады? Бұл жағдайда акцияларды сатып алған акционерлермен есептесу тәртібі қандай болмақ?

9. Республикалық бюджетте тұрған мекеме, коммерциялық іс-әрекет нәтижесінде түсірілген пайда

есебінен компьютерлерді сатып алады. Ақырында, компьютерлер өзінің мәні бойынша мекемеге сәйкес келмейтін болып шығады да, мекеме оларды сатпақшы болып газетке хабарлама береді. Хабарлама туралы біліп алған Мүлікті басқару комитеті мәміле жасауға тыйым салады, тыйымның себебі компьютерлерге өте мұқтаж болып отырған басқа мемлекеттік мекемеге оларды ақысыз берілу болып табылады. Егер де мекеме компьютерлерді сататын болса, онда бюджеттен оған қаржы бөлу қысқартылатынын Комитет ескертіп қояды.

Мекеме төреші сотқа комитетке компьютерлерді мәміленің анағұрлым тиімді шартын ұсынған сатып алушыға сатуға кедергі жасамауын міндеттеу туралы талап арызын береді.

Істі шешіңіз.

10. Республикалық бюджетесебінен қаржыландырылатын мемлекеттік тұратын мекеме коммерциялық іс-әреке есебінен бірнеше пәтер сатып алады да, өз қызметкерлерінің меншігіне береді. Оны білген соң, мүлікті басқару комитеті қызметкерлер меншігіне пәтерлер беру шартын жарамсыз деп тануды талап етеді, өйткені мекемеге қандай да болмасын жағдайда, қандай да болмасын негізде сатылып алынған жылжымайтын мүлкін өз ұйғарымымен билеуге құқық берілмеген. Мекеме мен комитет келісімге келмегендіктен дау төреші сотқа беріледі.

Пайда болған дауды қалай шешуге болады?

11. Басқа өнім шығаруға көшуімен байланысты мемлекеттік кәсіпорын өзіне қажетсіз материалдық құндылықтарын сата бастайды. Мүлікті басқару комитетінің өкілетті адамы кәсіпорын директорына бұл материалдарды өз кезінде орталықтанған қар-жылық салымдар есебінің арқасында сатылып алынғандықтан оларды сатудан бас тарту туралы бұйрықты береді. Оның үстіне, қазіргі уақытта кәсіпорынды қазыналыққа айналдыру жөнінде құжаттар дайындалып жатқанын айтады. Комитет келісімі бойынша қайта ұйымдастырылу барысында, құндылықтар тағ-дыры жөнінде мәселе шешілетін болады: олар кімге және қандай тәртіпте беріледі, не болмаса мекемеде қалады.

Бұл дауды қалай шешуге болады?

13-тақырып.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Заңды тұлғалардың меншік құқығының, түсінігі, субъектілері.
2. Заңды тұлғалардың меншік құқығының объектілері.
3. Шаруашылық серіктестіктердің меншік құқығы.
4. Өндірістік және тұтыну кооперативтерінің меншік құқығы.
5. Қоғамдық және діни ұйымдардың, қайырымдылық және басқа қорларының, заңды тұлғалардың бірлестігінің меншік құқығы.

Есептер

1. Жабық акционерлік қоғам құрылтайшылары қатарында болған бір топ азаматтар мен акционерлік қоғам арасында олар акционерлік қоғамнан шығу кезінде салым құнын немесе қоғамның мүлкін олардың жарғылық капиталдағы үлестеріне пропорционал бөлігін төлеу қажет пе, жоқ па деген дау туады. Акционерлік қоғам қоғамнан шығып кеткен акционерлерге олардың салымдарын, сонымен қоса, салымдарды төлеу сәтіне қарай қоғамның түсірген табысын төлеуге келісін бері. Акционерлер жарғылық капиталдағы үлестеріне пропорционал-ды қоғам мүлігіндегі бөлігінің құнын төлеуді талап етеді.

Тараптар келісімге келмеген соң, іс сотқа беріледі. Акционерлердің ойынша, қоғамның құрылу сәтінде және осы талаптарын қою сәтінде жабық акционерлік қоғам мүлігі акционерлердің ортақ үлестік меншігінен тұрған болатын. Оған қоса, акционерлердің қоғамнан шығуы кезінде жарғылық капиталдағы үлестеріне пропорционалды мүлік бөлігінің құнын алуға құқықты екені Жарғыда бекітілген.

Акционерлік қоғам акционерлердің талаптарына қарсы шығып, қазірде мүлікті меншік құқығында қоғамның өзі иеленетін, ал құрылтайшылар шартында акционерлердің қоғамнан шығуы кезінде тек салымдарының құнын алуға құқықты екені қарастырылғанын көрсетеді.

Шаруашылық қоғамдар мен серіктестіктердің мүлкінің меншік иесі кім болып табылады? Құрылтайшылар шарты мен Жарғы нормаларының коллизиясы (қақтығысы) кезінде нені басшылыққа алу қажет? Пайда болған дауды қалай шешуге болады?

2. Өндірістік кооперативтің Жарғысын жасау барысында құрылтайшылардың көбі кооперативте бөлінбейтін қор құру жөнінде шешім қабылданады және оның мөлшері анықталады. Кооперативтің тіркелу сәтінде кооператив мүшелері жарналық төлемнің 5%-інен төмен болмайтындай ақша салуы тиіс, ал қалған бөлігін кооператив тіркелген кезден бастап 2 жыл ішінде төлеуі тиіс деп Жарғыда қарастырылады. Кооперативке акциялар шығару құқығы беріледі. Сонымен қатар, кооператив мүшесінің қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері кооперативке қабыл-данбайтыны және оларға жарналық төлемнің құны төленетіні қарастырылған.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысының хаттамасы мен жарғысын қарап шығып, тіркеуші орган кооперативті тіркеуден бас тартады.

Тіркеуден бас тартудың негізі бар ма, егерде бар болса, онда Жарғыға қандай өзгертулер енгізілуі тиіс?

3. Қаржылық жылдың нәтижелері бойынша табысты бөлу кезінде ауылшаруашылық өндірістік кооперативтің мүшелері мен кооперативтің ассоциацияланған мүшелері арасында табыс-ты бөлу жөнінде дау туады. Кооператив мүшелері ең алдымен табыс есебінен олардың еңбек ақысы төленуі тиіс, ал содан соң барып табыстың қалған бөлігі дивиденд төлеуге жұмсалуды тиіс деп талап етеді. Ассоциацияланған мүшелер, керісінше, ең алды-мен дивидендтер төленуі тиіс деп санады.

Өндірістік ауылшаруашылық кооперативіндегі табыстың таратылу тәртібі қандай? Өндірістік кооперативте кімге дивиденд төленеді? Пайда болған дауды қалай шешуге болады?

4. Аудандық әкімшілік шешімімен кеңшар мүшелерінің жалпы жиналысы шақырылады, онда әкім кеңшар (совхоз) мүшелеріне өз шаруашылықтарының ұйымдық нысанын ҚР Үкі-мет ұсынған тәртіптердің біріне көшіруін ұсынады. Мұнда кең-шар шаруа қожалықтарын, не акционерлік қоғамды, не болмаса өндірістік кооператив ұйымдастыруды ұсынады. Кеңшар мүшелері оларды қалыптасып кеткен шаруашылық жүргізу тәртібі ұнайтынын айтып, ұсыныстан бас тартады. Оның үстіне олар кеңшар мен өндірістік кооператив арасында айтарлықтай айыр-машылық көріп тұрған жоқпыз деп мәлімдейді.

Әкімшілік басшысы кеңшар мүшелеріне кеңшардың мүлкін-дегі және жер шалғынындағы өздерінің мүліктік және жер үлес-терін анықтауды ұсынады. Өз ұсынысын ол кеңшардың қайта құрылуы жөніндегі мәселе нормативті түрде шешілгенін және кеңшар мүшелерінің шаруашылық нысандарының бір түрін таң-дап алу құқығы ғана барын айтады.

Колхозшылар мұнымен келіспей, ҚР Президенті Әкімші-лігіне түсініктеме алу үшін барады.

Оларға қандай жауап берілуі тиіс?

5. Заңды тұлға деп танылған діни ұйымдардың біреуі мешіт әдет-ғұрыптары бойынша жерлеу үшін қажетті заттарды шығару мақсатымен еншілес кәсіпорын құруды шешеді. Осы мақсат-тармен еншілес кәсіпорын жарғысы жасалады. Онда кәсіпорын шаруашылығын жүргізуге мешіт мүлкін бөлу және құрылтайшы-ның қажеттіліктеріне пайданың жартысын аудару қарастырылған болатын. Құрылтай құжаттары жіберілген әділет органдары қа-зіргі заңда шаруашылық жүргізуге тек мемлекеттік және комму-налдық мүлікті тіркеуге рұқсат берілетініне сілтеп, еншілес кәсі-порынды заңды тұлға ретінде тіркеуден бас тартады. Олар діни ұйымға жарғылық міндеттерді орындауға қажетті коммерциялық іс-әрекеттің басқа ұйымдық-құқықтық түрін таңдап алуды ұсы-нады.

Діни ұйым өкілдері Заң фирмасына кеңес сұрап барады.

Оларға қандай жауап берілуі мүмкін?

6. Бір бірлестіктің кәсіподақ комитетінің балансында емдеу-сауықтыру, спорттық және мәдени-ағартушылық мекемелер: пионерлер лагері, дем алу базасы, спорт кешені, мәдениет са-райы және т.б. болды. Кәсіподақтардың біріккен жүйесінің тара-тылуына байланысты бірлестікке әртүрлі кәсіподақ орталық-тарына бағынатын екі кәсіподақ ұйымы пайда болады. Олардың әрқайсысы бұрынғы кәсіподақ меншігі болып табылатын мү-лікке ие болуға талаптанады. Келісім комиссиясы ұйымдасты-рылады, бірақ өзара тиімді келісімге келе алмайды.

Осы дауды қалай шешуге болады?

7. Тұрғын үй қоры бар мемлекеттік кәсіпорын акционерлік қоғам болып қайта құрылады. Үйлердің күрделі жөндеуді қажет ететіндігінен, ал оны жүргізу үшін аудандық әкімшіліктің де, ак-ционерлік қоғамның да қаржысы жоқ болғандықтан ауданның тұрғын үй пайдалану ұйымы тұрғын үй қорын қабылдаудан бас тартады.

Азаматтарды тұрып жатқан үйлерін жекешелендіру құқығы-нан айырмай, осы үйлер кімге және қандай тәртіпте берілуі мүмкін деген сұрақ туады.

Қажетті кеңес беріңіз.

8. Революциядан кейін мұсылмандар ұйымына тиеселі ғимарат атеистер қоғамына беріледі де, онда дінге қарсы насихат мұражайын орналастырады. Кейіннен ғимарат қалалық әкімшілік-тің билігіне өтеді. Қазіргі уақытта мешіт ғимаратын мұсылмандар діни басқармасы қайтаруды талап етеді. Оған мәдениет басқармасы мен ескерткіштерді сақтау мемлекеттік инспекциясы қарсы болады. Өздерінің қарсылығын олар ғимараттың тарихи және мәдениет ескерткіштеріне жататынына, оның ішінде ма-мандардың үнемі бақылап тұруын қажет ететін мұражай экспонаттары тұрғанына, ақырында, ғимаратты мұражай етіп қайта жабдықтауға көп қаржы кеткендігін сілтей отырып негіздейді. Дауды шешу үшін тараптар жергілікті әкімшілікке барады.

Оларға қандай жауап берілуі тиіс?

14-тақырып.

ОРТАҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Ортақ меншік құқығының ұғымы.
2. Ортақ меншік құқығының түрлері.
3. Ортақ үлестік меншік.
4. Ортақ бірлескен меншік және оның түрлері.
5. Кондоминиум меншіктің айрықша нысаны ретінде және оның ортақ меншіктен айырмашылығы.

Есептер

1. Кәмелетке толған және ата-анасынан бөлек тұрып жатқан төрт балаға олардың ата-анасы қайтыс болған соң мұра бойынша тұрғын үй өтеді. Мұрагердің үшеуі үйді сатып, түсірген пайдасын үлестер бойынша бөліп алғысы келеді. Мұрагерлердің біреуі үйді сатуға келісім бермейді, үйдегі өз үлесін тұрғын орын ретінде пайдаланғысы келетінін мәлімдейді. Мұрагерлер ара-сында келісім оранамағандықтан, олардың үшеуі үйді сатуға қарсы болған мұрагерге үйді сатуға кедергі жасамауы туралы талап арызын береді. Өздерінің талаптарын олар үйді толығымен сатқанда оның нарықтық құны әп-сәтте жоғарылайтынымен түсіндіреді.

Істі шешіңіздер.

2. Ағайынды, Асқар мен Асхат, мұра бойынша тұрғын үй алады. Ағайындылар арасындағы келісім бойынша Асқар жанұя-сымен бірге оңтүстік жаққа қарайтын үш бөлмені пайдаланады, ал әлі некеге тұрмаған Асхат терезелері солтүстікке қараған екі бөлмені алады. Үйдің ас бөлмесі ортақ болады. Асхат Солтүс-тікке кетпекші болады да, өзіне бөлінген үйдің бөлігін сатып алатын адамды табады. Алайда, Асқар үйдің бір бөлігін бөтен адамға сатуға рұқсат етпейтінін мәлімдейді. Бұнда ол ағайын-дылар арасында үйді пайдалану тәртібі жөнінде тек ауызша келісім болғанын және үйді түпкілікті қайта жобалаусыз қазіргі күйінде мүлдем бөлуге болмайтынын айтады. Сонымен қатар, Асхатқа тиісті үйдің бөлігін сатып алудан Асқар бас тартады, өйткені ол үшін қаржысы жоқ болады, ал үш бөлме оған және жанұясына тіпті жетіп тұр. Нотариус сауда-саттық шартты куәландырудан бас тартады да, ағайындыларға дауды шешу үшін сотқа баруды ұсынады.

Тараптардың қатынасына талдау жасаңыз да, істі шешіңіз.

3. Ерлі-зайыптылар Арманова мен Зекетов бірге өмір сүрген кезінде “Волгаң автокөлігін сатып алады. Бірнеше жыл өткен соң Зекетов авиациялық апатта қайтыс болады. Оның анасы мұрагер ретінде автокөлікті бөлісу туралы Армановаға талап арыз ұсынады. Соттың шешімі бойынша автокөлік әйеліне беріледі, ал анасына ақшалай компенсация тағайындалады, оны Арманова төлеп береді.

Ақырында Арманова көлікті сатып жібереді. Оны білген Зе-кетовтың анасы өзінің автокөлікті сатып алуға басымдылық құқығын бұзғандықтан, сату-сатып алу шартын жарамсыз деп тану жөнінде талап арызды Армановаға ұсынады.

Істі шешіңіз.

4. Некеде тұрған кезеңінде Сатова мен Манасов бірігіп үй сатып алады. Ақырында олардың арасында неке бұзылады да, Сатова Манасовқа үйді бөлісу жөнінде талап арыз ұсынады. Іс

бойынша экспертиза тағайындалады. Экспертиза қорытындысы бойынша даулы үйді сол қалпында техникалық себептермен бөлуге болмайтыны анықталады. Үй қаланбалы құрылыстан тұра-ды және оны сол қалпында екі бөлікке бөлу үшін қаланбалы керегеден есік үшін қуыстар жасау қажет, ал ол үйдің бүкіл құ-рылысының босауына әкеп соқтырады.

Істі қарастыру кезінде сот Сатованың Манасовтан туған ауру қызымен үйде тұрып жатқанын, ал Манасовтың үйді пай-даланбайтыны және басқа тұрғын үйі барын анықтайды.

Істі шешіңіздер.

5. Цирктің хайуанаттар үйретушілері, ерлі-зайыпты Али-баевтар, зейнеткер болған соң қала сыртындағы өздерінің үйле-ріне қоныс тебеді. Үйдің ішінде олар жас табиғат сүюшілер клубы-бын ұйымдастырады, ол жерде балалар жабайы аңдарды күтіп-бағуға үйренеді. Зейнеткерлер өз зейнетақысына жануарларды асырау қиынға соққандықтан, олар аудандық әкімшілікке тө-менде көрсетілген жайт жөнінде шарт жасасуды ұсынады: ерлі-зайыптылар үйлерінің жартысын ол жерде жас табиғат сүюшілер бұрышын ашу үшін жергілікті басқару органына сыйға тартады; ерлі-зайыптылар қайтыс болған соң үй тұтасымен коммуналдық меншікке өтеді; ерлі-зайыптылар жас табиғат сүюшілерді жа-нуарларды күтіп-бағуға, тамақтандыруға және үйретуге оқытып, ақысыз сабақ өткізуге міндет алады; аудандық әкімшілік, өз ал-дына, ерлі-зайыптыларды жануарлар жемімен, үйді жылытып тұ-ру үшін отын және көмірмен ақысыз қамтамасыз етуге міндет алады. Аудандық әкімшілік басшысы шарттың заңға қарсы еке-ніне сілтеп, оған қол қоюдан бас тартады. Ерлі-зайыпты Али-баевтарды қорғауға Республикалық баспасөздің бірі араласады.

Істі шешіңіздер.

6. Сариевке үй салу үшін жер учаскесі беріледі. Үйдің құры-лысына Сариевтен басқа, оның әйелі мен дербес еңбекақы алатын кәмелетке толған екі баласы қатысады. Құрылыс біткен соң меншік иесі ретінде Сариев тіркеледі.

Бірнеше жыл өткен соң Сариевтер арасында неке бұзылады, содан соң мүлік бөлісу жөнінде сотта дау туады. Сариевтің талабы бойынша үй тек өзі мен оның әйелі арасында бөлінуі тиіс. Іске дербес талаптарымен Сариевтердің ұлдары араласады, олар әрқайсысына үйдің меншік құқығындағы өз үлестерін бөлінуін талап етеді, өйткені олар үй салуға өз күші мен қар-жысын қосқан болатын, ал басқа тұрғын орны жоқ. Анасы ұлдарының талабы жөн деп таниды, әкесі оларға қарсы болады.

Іске қатысуға жергілікті басқару органы шақырылады, ол Сариевтердің ұлдарының талаптарына қарсы болады. Өз қарсы-лығын ол үйдің жақын арада бұзылатынымен түсіндіреді. Үйдің бөлігіне меншік құқығы тек Сариев пен оның әйеліне беріліп қана қоймай, олардың екі ұлына да берілген жағдайда бәріне бөлек бір-бір пәтерден беруге тура келеді.

Істі шешіңіз.

7. Ерлі-зайыптылар Кеңесовтар бірнеше жыл некеде тұра-ды. Кеңесова бизнеспен айналысады, Кеңесов жұмысынан айрылып, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алып тұрады. Кеңесова күйеуіне некеде тұру кезеңі кезінде жиған-терген мүліктерін бөлісу тәртібі бекітілген контракт жасасуды ұсынады. Егер де ондай контракт жасалса да, ол заңды күшке ие бол-майды деп мәлімдейді Кеңесов. Ерлі-зайыптылар келісімге келе алмаған соң, олар заң кеңесшісіне барады.

Оларға қандай жауап берілуі тиіс?

8. Некеге тұру кезінде ерлі-зайыптылар шарт жасасады. Ол бойынша олардың әрқайсысының некеде тұрған кезеңде иелен-ген мүлкі олардың бөлек меншігіне жатқызылуы тиіс.

Олардың өмір сүрген уақытында күйеуі бизнеспен табысты айналысып жүріп, одан түскен

пайдаға құнды мүлік — саяжай, көлік, суреттер, антикварлық заттар, видеоаппаратура және т.б. сатып алады. Әйелі үй жұмыстарын жүргізіп, балаларын тәрбиелейді.

Бірнеше жыл бірге өмір сүрген соң некелерін бұзып, ерлі-зайыптылар ажырасып кетеді, екі кішкене балалары анасымен қалады. Мүлікті бөлісу кезінде әйелі шарты (контрактын) еске-ріп, балаларын бағуға күйеуі қаржы бөлмейді деп күдіктенген ол өзімен бірге тек ең қажетті заттарды — киімкешектерді, шаруа-шылық заттарды, азық-түліктерді алады. Неке бұзылғаннан үш жыл өткен соң әйелі қорғаушының кеңесі бойынша бұрынғы күйеуінің алдына қалған мүлікті бөлу мәселесін қояды. Ол болса, некеде тұрған уақытта әйелі мен балаларын асырағанын, контракт бойынша жанұяны қамтамасыз етуден тысқары барлық мүлік өзінікі екенін, ақырында, мүлікті бөлісу оған қандай да бір талап қою мерзімін әйелі өткізіп алғанын айтып, бас тартады. Тап қазір оның жаңа жанұясы бар және ол оларды асырауды да ойлауы қажет.

Осы дауды қалай шешуге болады?

9. Бақ өсіруші серіктестік мүшелерінің жеке меншігіне жер учаскелерін беру кезінде учаскені ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіне беруге бола ма, әлде құқық меншігі туралы куәлік тек серіктестік мүшесі болып табылатын жұбайына берілуі тиіс пе деген сұрақ туады. Сонымен қатар, егер жер учаскесі өзінің көлемі жағынан азаматтардың жеке меншігіне берілетін жер учаскелерінің белгіленген нормаларынан асатын болса, қалай болады.

Қойылған сұрақтарға жауап беріңіз.

15-тақырып.

ЖАЙ СЕРІКТЕСТІК. (БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТ)

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Жай серіктестіктің ұғымы мен белгілері.
2. Шартқа қатысушылар.
3. Шарттың мақсаты.
4. Серіктердің салымы.
5. Серіктердің ортақ мүлкі.
6. Серіктердің ортақ ісін жүргізу.
7. Серіктер арасында табысты бөлу, қаражат жұмсау мен шығындарды өтеудің тәртібі.
8. Серіктердің жауапкершілігі.
9. Серіктестік шартының тоқтатылуы.
10. Жай серіктестік түрлері. Заңды тұлға құру жөніндегі құ-рылтай шарты.

Есептер

1. Қой бордақылаумен және оның еті мен басқа өнімдерін дайындау ұйымдарына өткізумен, сонымен бірге базарда сауда-мен айналысатын азамат Абзалов өз үйінде пансион ұстайтын көршісі Ермековқа “бірлескен жұмыс жөнінде шарт жасасуды ұсынады. Көрсетілген шартқа сәйкес малды бордақылау мен етін сату бойынша қатысушылардың істерін біріктіру ойластырылады. Міндеттер төмендегідей бөлісіледі: Ермеков жем-шөп дайындап, Абзаловқа беруге міндетті болады, ал соңғысы — еттің және ет өнімдердің белгілі бір мөлшерін арзандатылған бағамен Ермековтың пансионна сатуға міндеттенеді.

Нотариустың шартты куәландыру кезінде бірлескен іс-әрекет жөніндегі шартқа арналған нормаларды тап осы жағдайда қолдану орынды бола ма деген күмән пайда болады.

Егер сіз осы келіспеушілікті реттеу үшін қатысушылар ар-қылы шақырылған болсаңыз, нотариусқа не деп жауап берер едіңіз? Абзалов пен Ермековтың түсірген табысын бөлу кезінде соңғысының пансионды ұстау табыстарынан ұсталатын салық-тың сомасын ескеру қажет пе?

2. “Гидропроекттің Институттың мемлекеттік кәсіпорны “Са-малң жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен бірлескен іс-әрекет туралы шарт жасасады. Сол шартқа сәйкес Институт өз үлесі ретінде 1 000 кв. м. кеңселік орындарды пайдалануға береді, ал серіктестік “интеллектуалды меншік түрінде үлес қосады, әрі кеңсені ұстауға байланысты институттың барлық шығындарын өтеуді міндет етіп алады. Бірлескен іс-әрекеттің мақсаты дүкен ұйымдастыру болып табылады. Шарт жасасқан сәттен бастап бір жыл өткен соң Институт жекешелендіріледі және даулы орын орналасқан ғимаратты сатып алудан бұрын қалалық мүлікті басқару Комитетімен келісім жасап оған алып серіктестікке орынды босату жайлы талап арыз қою тапсырылады. Себебі ол кезде институт мемлекеттік мүлікті жалға беру шартын жасай алмайтын. Істі сотта қарастыру барысында серіктестік бірлескен іс-әрекет жайлы шарттың жалға беру шарты болып табылмайтынын, сондықтан да осы шарты жасауға институт құқылы деп санады.

Істі шешіңіздер.

3. Коммерциялық банк дүкен болып табылатын “Айымң атты жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен бірлескен іс-әрекет жөнінде шарт жасасады. Ол шарт бойынша қатысушылар дүкен ішінде валюта айырбастау орнын ұйымдастырмақшы болады. Шартқа сәйкес банк — валюта айырбастау орнының жұмысына қажетті жабдық пен айналым қаржысын, ал дүкен ғимарат орнын және сол валюта айырбастау орнында қызмет етуге тиісті қызметкерлерді береді. Бірлескен істі жүргізу банкке тапсырылады. Дүкенде өткізілген тексеруге байланысты салық инспекторында мынадай сұрақ туады: егер валюта айырбастау орнының банк лицензиясы дүкенде жоқ болатын болса, біріккен іс-әрекет жөніндегі шарт бойынша дүкеннің түсірген табысын заңсыз деп танып бюджетке өндіріп алуға бола ма?

Салық инспекторының күмәндарын талдаңыз. Серіктестік шартының мақсаттары қандай?

4. Мемлекеттік кәсіпорын “Бояуң мен “Асланң жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 5 жылға жасалған бірлескен іс-әрекет жөніндегі шарт бойынша біріншісі үлес ретінде бүкіл қажетті жабдығымен қоса бояу цехінің орнын, сонымен бірге бояғыш заттың 15 тоннасын береді, ал екіншісі — өзінің ком-мерциялық беделін, цех өнімін сатудағы өз қызметкерлерінің еңбек күшін және трикотаж бұйымдарды бояу бойынша ноу-хау қосады. Ортақ мүлікте қатысушылардың үлестері анықталмаған. Ал жұмсалы мен шығындалу, сонымен қатар табысқа келетін болсақ, олар қатысушылар арасында теңдей етіп бөлінбек. Екі жылдай табысты жұмыстан соң кәсіпорын шартты бұзуды ұйға-рады.. Сонда Серіктестік ноу-хаудың белгілі болып, кәсіпорын оны ойдағыдай қолданып келгеніне сілтей отырып, шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін компенсация ретінде одан бояу цехі ғимаратының жартысын беруді талап етеді. Керісінше, кәсіпорын қоғамның үлесі аз болды деп санап, одан ғимараттың қайтарылып беруін талап етті және ноу-хау пайдаланғаны үшін біраз ақшалай соманы төлеуге дайын екенін білдіреді.

Істі шешіңіз. Бірлескен іс шартын тоқтату тәртібі қандай? Табыстар мен шығындардағы қатысу үлесі ортақ мүлік үлесінен өзгеше болуы мүмкін бе?

16-тақырып.

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ МЕН ӨЗГЕДЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау-дың азаматтық-құқықтық әдістер жүйесі.
2. Меншік құқығын тану жөніндегі талап.
3. Виндикациялық талап:
 - 3.1. Талапты қанағаттандыру шарттары.
 - 3.2. Мүлікті талап ету кезіндегі есептесу.
4. Негаторлық талап.
5. Меншік иесі болып табылмайтын иегер құқығын қорғау жөніндегі талап.
6. Иелену көнелігінің түсінігі, маңызы.

Есептер

1. Асанова мен Даутов сыйақы төлеуді уәде етіп Сарбасов де-ген азаматқа өздерінің қымбат тұратын киімдерін: ер және әйел пальтоларын ломбардқа салып, оларға несиеге ақша алып беруін тапсырады. Сарбасов екі пальтоны да ломбардқа салып, бірақ Асанова мен Даутовқа берілуге тиіс ақшаны оларға бермей өз қажеттілігіне жұмсап жібереді. Несиені қайтару мерзімі жеткен-де, несие қайтарылмағандықтан ломбард Асанова мен Даутов-тың киімдерін өзі берген несиенің төлемін қайтару мақсатында жария саудаға салу арқылы сатып жібереді.

Осыған байланысты Асанова мен Даутов Сарбасовқа паль-толар құнының орнын толтыру жайлы талап қояды.

Сот АҚ-тегі виндикациялық талапқа қатысты заң норма-ларын басшылыққа алып Сарбасовқа арызданушыларға дәл сон-дай пальтоларды қайтаруды не болмаса олардың құнын өтеуді міндет етеді.

Сот шешімі дұрыс па?

2. Рақышеваның өлімінен соң оның мүлкі мұра бойынша Салтаеваға өтеді. Мұраға қалған мүлік ішінде белгісіз суретші В. Л. (бұл инициалдар суретте қойылған болатын) болған суреті бар болады. Суреттің авторын анықтап, оны бағалау үшін Салтаева марқұмның пәтеріне өнертанушы маманды шақырады. Суреттің кір болуынан өнертанушы оның авторын анықтай алмайды. Марқұмның пәтерін заттардан босату керек еді. Мұрагер тұрғын үй кеңсесінің бастығы Бейбітовпен суретті уақытша кеңсе ішіне қою туралы келіседі. Ақыры картина ол жерден жоғалып кетеді. Бейбітов тұрғын үй кеңсесінен жұмыстан шығарылады да көп ұзамай қайтыс болады. Бірнеше жылдан соң Салтаева Қастеев мұражайының жаңа қойылымдар көрмесінде жоғалған суретті кездейсоқ тауып алады, оның үстіне ол белгісіз суретші қыл-қаламынан шыққан сурет ретінде емес, Левитан шығармалары-ның бірі ретінде қойылған.

Қастеев мұражайының Салтаеваға берілген анықтама қағазы мұражайдың суретті Бейбітовтен сатып алғанын растайды, содан соң Салтаева мұражайға суретті қайтару туралы талабын қояды. Талапқа қарсы болып, мұражай Бейбітовтің сурет иесі екеніне күмәндануға еш негізі болмағанын

және суретті жаңартуға мұра-жай шығындалғанын, ал одан соң суреттің құны күрт өскенін көрсетіп айтады.

Жауапкер дәйектеріне талдау жасап істі шешіңіздер.

3. Қиялованың басқа мүлігі мен бірге қара күзен тоны да ұрла-нады. Тергеу органдары тонның ломбардқа ссудаға кепіл ретінде Қорабаев төлқұжаты бойынша тапсырылғанын, ал Қорабаевтың төлқұжатта көрсетілген мекен-жайда тұрмайтыны анықталады. Қиялова ломбардқа тонды қайтарып беру талабын қояды. Та-лапқа қарсылық білдіре отырып, ломбард жарғыға сәйкес азаматтардың ломбардқа ссудаға кепіл ретінде тапсыратын заттарын шынымен олардыкі ма, жоқ па екенін тексермейтінін, Қора-баевтан ломбард тонды жеке меншігіне алмағанын және ақы-рында, егер тонды Қияловаға қайтарып беретін болса, ломбард-тың мүліктік мүддесіне шығын келетінін, өйткені тонды лом-бардқа өткізген азаматтан ссуданы қайтарып алу мүмкін емес-тігін сілтейді.

Істі шешіңіздер.

4. Омаров мұрагерлік бойынша күрделі жөндеуді қажет ете-тін тұрғын үйге ие болады. Омаров күрделі жөндеу жүргізіп, үйді қайта жобалайды да оған екі үй алды бастырмасын жалғап салады (жазғы және қысқы), үйге бұмен жылытуды орнатады.

Жұмыстар аяқталған соң көп ұзамай Мұсин Омаровқа үйге меншік құқығын тану және оны үйден шығару талабын қояды. Өз талабына дәлел ретінде Мұсин өз кезінде қылмысты іске заңсыз тартылғанын және мүлігі, соның ішінде үйі де тәркеленіп сотталғанын көрсетеді. Оның жоқ болған кезеңінде билігіне үй берілген жергілікті басқару органы оны Омаровтың әкесіне са-тып жібереді. Қазіргі уақытта Мұсин толығымен ақталып шы-ғады және үйге қоныстануды қалайды.

Омаров талапқа қарсы болады. Ол бала кезінен осы үйде тұрып жатқанын, үйді мұра бойынша алғанын, оның жөнделуі мен жабдықталуына өзінің барлық қаражатын жұмсағанын және басқа тұратын орны жоғын сотқа түсіндіріп айтады. Мұсинге қатысты, оның ақталған адам ретінде мемлекеттен пәтер алған-дығын, ал үйдің оған керегі жоқтығын айтады. Пәтерді Мұсин жекешелендіріп алған.

Тараптар дәйектерін талдап, істі шешіңіз.

5. Ерлі-зайыпты Халеловтар некеде тұрған кезінде автокөлік сатып алады. Халелова некені бұзу және жалпы мүлікті, оның ішінде автокөлікті бөлісу жөнінде Халеловқа талап қояды. Содан соң талапкер талапты қамтамасыз ету үшін сот тәртібімен автокөлікті босуа тұлғаларға сатуға тиым салдырады. Алайда талапты қамтамасыз ету жөніндегі сот ұйғарымы орындалмайды, өйткені Халеловамен келісімі бойынша автокөліктің Халеловта болуын пайдаланып, ол оны Әнетовқа сатып үлгереді.

Содан барып Халелова Халелов пен Әнетовтың сату-сатып алу шартын жарамсыз деп тану жөнінде және Әнетовтан көлікті еріксіз алу туралы талап қояды. Талабына негіз етіп ол автокөліктің ортақ бірлескен меншік құқығы бойынша оның және жауапкер Халеловтың иелігінде екенін, сондықтан да соңғысы көлікті оның келісімінсіз сата алмайтынын айтады.

Әнетов талапқа келесі негіздер бойынша қарсы болады: біріншіден, автокөлікті сатып аларда ол оның меншік иесі тек Халелов деп ойлайды, екіншіден, көлікке ие болу кезінде оны жөндеуге шығындар кетеді, сол шығындар көлікті еріксіз алған жағдайда қалай да болмасын өтелуі тиіс.

Сот Әнетовты көлікті қайтарып беруге, ал Халеловты Әне-товтың ақшасын қайтарып беруге міндеттеп, Халелованың тала-бын орындайды. Бірақ көлікті жөндеу шығындары Әнетовқа өтелмейді.

Соттың шешімі дұрыс па?

6. Екі ағайынды, Қайрат пен Берік, әкелерінің қайтыс болғанынан соң мұрагерлікке тұрғын үй, қора-қопсы және басқа мүлікті алады. Мүлікті бөлісу кезінде Қайрат тұрғын үй, қора-қопсы мен басқа мүліктің 1/8 бөлігіне ие болу құқығын, ал Берік тұрғын үйдің 7/8 бөлігіне ие болу құқығын алады. Көп ұзамай, жер ресурстары және қоныстандыру бойынша аудандық бөлімі ағайындылардың әрқайсысының меншігіне жер учаске-лерінің сәйкес бөліктерін бекітеді. Сол кезде Қайраттың иелігіндегі қора-қопсының бір бөлігі Берікке берілген учаскеде қалады. Берік өз жер учаскесін Қайраттыкінен бөліп тұратын қоршау орнатады. Соның салдарынан Қайрат көрші учаскеде қалған қораның бөлігін пайдалану мүмкіндігінен іс жүзінде айрылады.

Қайрат сотта қора пайдалануға кедергі жасамауы жөнінде Берікке талап қояды. Берік, өз алдына, Қайраттан оның учас-кесінен қораны алып тастауын талап етеді.

Бұл істі қалай шешуге болады?

7. Тынысбаев пен Османованың Ақтөбеде үйі бар. Тыныс-баев үйдің бірінші қабатында, ал Османова екіншісінде тұрады. Үй пешпен жылытылады. Тынысбаевтың тұратын жерінен пеш түтіндігі Османованың тұратын жеріндегі ортақ тұраққа шыға-рылған. Османова Тынысбаевтан пештің түтіндігін сыртқы кере-ге арқылы шығаруын талап етеді. Тынысбаев одан бас тартады, содан барып Османова түтіндікті жауып қояды.

Тынысбаев Османовадан түтіндікті қайта қалпына келтіріп, келешекте оған, Тынысбаевқа, түтіндікті пайдалануға кедергі жасамауын талап етеді. Өз талаптарына дәлел ретінде арыз беру-ші сотқа өрт сөндіру қоғамының түтіндікті үйдің сырт жағынан өткізуге қарсылығын білдіретін қорытындысын ұсынады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

8. Думанов көп жылдар бойы скрипкада ойнаумен айналы-сатын. Ұзақ жұмыс сапарына кетіп бара жатып, ол өзінің досы Асқаровқа скрипканы сақтауға қалдырып кетеді, скрипка ұрла-нады. Ақырында Думанов скрипканы кездейсоқ жағдайда таныс әуеншіден байқап қалады, ол скрипканы бейтаныс азаматтан сатып алған болатын. Скрипканы сатып алушы оны Думановқа қайтарудан бас тартады. Сонда Думанов оған скрипканы қайтару жөнінде талап арызын береді. Жауапкер талапты мойындамайды, ол өз алдына Думановтың скрипка иесі болмағанын мәлімдейді. Революцияға дейін скрипка шет елге қоныс аударған дәулетті меценаттың иелігінде болған. Оның бүкіл мүлігі тоналады. Скрипканы иеленудің заңды екенін Думанов дәлелдеп бермейін-ше, ол оған қайтарылмайды. Скрипканың мұражайлық құнды-лығы барын ескере отырып, скрипканың құны өтелген жағдайда жауапкер оны мемлекеттік скрипка қорына өткізуге келісімін береді.

Істі шешіңіздер.

17-тақырып.

МІНДЕТТЕМЕЛІК ҚҰҚЫҚ. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ПАЙДА БОЛУ НЕГІЗДЕРІ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Міндеттемелік құқық нормаларымен реттелетін қатынас-тардың ерекшеліктері.
2. Міндеттемелік құқық қатынастарының элементтері.
3. Міндеттемелік және заттық құқық қатынастары.
4. Міндеттемелер және басқа салыстырмалы құқық қатынастары.
5. Міндеттемелік құқықтық қатынасытардың негізінің ұғымы.
6. Шарттық және шарттан тыс міндеттемелер.
7. Күрделі заңды фактілер құрамы міндеттемелердің негізі ретінде.

Есептер

1. Арғынов өз досы, эстрада әртісі Нұрлановпен оның орын-дауындағы эстрадалық өлеңдерді үй жағдайында отырып тың-дағысы келген қызметтестерін өзінің үйінде жинайтыны жөнінде келіседі. Алайда белгіленген уақыттан бір сағат бұрын Нұрланов теледидардан футбол ойынын көру үшін үйде қалуды шешкенін телефон арқылы Арғыновқа хабарлайды. Белгіленіп қойылған кездесуді өзгертуге тура келеді.

Арғыновтың ойынша, Нұрланов кездесуге даярлық жасау-мен байланысты оның барлық шығындарын (сатып алған азық-түлігі мен сусындарының құнын), сонымен қатар моральдық нұқсанның орнын толтыруы тиіс.

Арғыновтың Нұрлановқа осындай талап қоюының заңды негіздері бар ма?

2. Бір-біріне жақын орналасқан көрші саяжайлардың мен-шікті иелері саяжайларға жанасып жатқан жер учаскелерінің екеуінде де көктемдік және күздік жинау жұмыстарын жасап отыратыны жөнінде шарт жасасады. Төребаевтың учаскесі Сармановтыкінен екі есе үлкен болғандықтан, Сарманов жасаған жұмыстары үшін Төребаевтан еңбек ақының бір айлық ең төменгі көрсеткіші мөлшерінде қосымша төлем алатыны да шартта белгіленеді.

Бірінші болып жинау жұмыстарын Төребаев жасайды. Алай-да, Сарманов өз міндеттерін орындап болғанда, Төребаев олар-дың шарттарының заңды күші жоқ екеніне, және тек тұрмыстық сипатта жасалғандығына сілтеп, ақша төлеуден бас тартады.

Төребаевтың пайымдауының негізі бар ма?

3. Некеден ажырасқаннан кейін Алматыда бір пәтерде тұру-ға мәжбүр болған бұрынғы ерлі-зайыпты Аймановтар араз қарым-қатынастарда болады. Екеуінің арасындағы кезекті жанжал-дан соң, Айманова бұрынғы күйеуінің жақын туыстарына оның өлімі туралы хабарлап телеграммалар салып жібереді.

Алматыға Маңғыстаудан, Ақтаудан және Оралдан келген туысқандар Аймановтың аман-сау екенін көргенде қорғаушыға барып, Аймановадан авиабилеттерге, қонақ үй мен азықтануға кеткен шығындарын және оларға келтірілген моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге заңды негіздері бар ма деп сұрайды.

Қорғаушы қандай жауап беруі қажет?

4. Білалов пен Қарсақбаев жаңа үйден екі бөлмелі пәтер-лерге ордерлер алады. Тұрғын үй пайдалану ұйымымен шарттар жасасу кезінде, Білаловқа берілген пәтердің 5-ші қабатта, бірақ оңтүстік жақта орналасқаны, ал Қарсақбаевтың пәтері солтүстік жақтың 2-ші қабатында екені анықталады. Тұрғын үй пайдалану ұйымының бастығының көзінше Қарсақбаев күнгей жақта тұру үшін 2-ші қабаттағы пәтерді қуана беретінін мәлімдейді, ал Білалов сол арада оған келісімін береді. Тұрғын үй пайдалану ұйымының бастығы ондай келісімге қарсылығы жоқтығын білдіреді.

Жасалған келісім бойынша тұрғын үйді жалға беру туралы шарт жасау орынды ма?

5. Өзінің досы Мырзаевтың сұрауы бойынша Әубәкіров өзінің жеңіл автокөлігімен Мырзаевтың сатып алған теледидарын жеткізіп беруге келісімін береді. Жолда келе жатқанда Әубәкіров көлікті басқара алмай қалып, аударылады. Жүргізуші мен жолау-шы зақымданбайды, ал багажникте жатқан теледидар тұтастай сынып қалады.

Мырзаев Әубәкіровтан жарамсыз болып қалған теледидардың құнын өтеуді талап етеді. Әубәкіров оған қарсы болады, өйткені оның ойынша, ол Мырзаевқа тек досы ретінде қызмет көрсеткісі келген. Олар қандай да бір шарт жасасқан жоқ болатын, теледидарды тасымалдау үшін ол ешқандай ақы алмайды, сондықтан да олардың араларында ешбір міндеттемелер болмауы керек. Оның үстіне, апат нәтижесінде тек Мырзаев қана емес, өзі де шығынға ұшырайды, өйткені көлікті жөндеу үшін оған теледидар құнынан әжептәуір жоғары соманы жұмсауға тура келеді.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Осы жағдайда азаматтық-құқық-тық міндеттеме туып тұр ма? Іс бойынша шешім қабылдаңыздар/

6. Айгүл Қуанышева үйіне даладан иесіз итті алып келеді. “Ақтөс деп аталып кеткен күшік бір айдай Қуанышевтердің үйінде тұрады. Бір күні Айгүлдің әкесі сипаттамасы бойынша Ақтөске ұқсайтын иттің жоғалғаны туралы бағанда хабарландыру жапсырылғанын көреді. Иттің иесі итті қайтарып берген адамға жақсы сыйақы төлеуді уәде етеді. Айгүл итке қатты үйренісіп қалғанына қарамастан, итті олар иесіне қайтаруды ұйғарады. Әкесі берілген сыйақыға Айгүлге жаңа қыстық етік алып беруді уәде етеді. Алайда, Ақтөсті өз иті деп таныған азамат Байрақов сыйақы төлеуден бас тартады. Айгүл мен оның әкесіне ол таныс заңгері оған сый ақы төлемеуге кеңес бергенін, өйткені Қазақстан заңдары бойынша жоғалған заттың меншік иесі оны тапқан адамға тек затты сақтағаны және жеткізгені үшін шығындарын өтеуге міндетті екенін түсіндіріп айтады.

Заңгердің Байрақовқа берген кеңесі дұрыс па?

7. Тұрғын үйдің меншік иесі Қанатбеков, еңбек демалысына кетіп бара жатып, өз көршісі Нақымовтан оның үйіне бас-көз болуын сұрайды. Соңғысы оған келіседі. Қанатбековтың жол жүріп кеткенінен бірнеше күн өткен соң қатты дауылдың нәтижесінде оның үйі бүлінеді: теледидарлық антенна құлап, шатыры жылжып кетіп, әйнектері сынады. Үйдің ішіне де көп нұқсан келтіріледі. Дауыл басылған соң, Нақымов көршісінің үйін ретке келтіре бастайды. Ол антеннаны орнықтырып, терезелерге әйнек салады, шатырын жөндейді және үйдің ішін жинастырып қояды.

Қанатбеков оралған соң Нақымов одан жел салдарынан туған залалдарды жөндеуге байланысты кеткен шығындарын өтеуді сұрайды. Қанатбеков онымен келіспейді, өйткені ол Нақымовтан тек үйді қарап беруін ғана сұраған, ал қандай да бір жөндеу жұмыстарын жасауды тапсырмаған

болатын. Оның үсті-не биыл Қанатбеков үйіне күрделі жөндеу жүргізбекші болғанын және бәрібір де бәрін өзгертуге тура келетінін айтады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

18-тақырып.

МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Міндеттемелерді орындау ұғымы және қағидалары.
2. Міндеттемені іс жүзінде орындау қағидасы.
3. Тиісті дәрежеде орындау қағидасы.
4. Ақшалай міндеттемелерді орындаудың ерекшеліктері.
5. Міндеттемелерді орындау субъектілері. Міндеттемедегі тұлғалардық көптігі.
6. Міндеттемедегі тараптардың ауысуы. Орындауды жүктеу мен басқаға белгілеу.
7. Міндеттемелердің орындалу орны мен мерзімі.
8. Альтернативті және факультативті міндеттемелер.
9. Регресстік міндеттемелер.

Есептер

1. Акционерлік қоғам жобалау ұйымымен қоғамның сатып алған ғимаратын қайта қалпына келтіру бойынша жобалық құжаттар дайындау жөнінде шарт жасасады. Жоба жасаушылар шартта белгіленген мерзімде қайта қалыпқа келтірілетін құры-лыстың эскизін, кішірейтілген үлгісі мен бас жоспарын жасайды. Акционерлік қоғам рұқсат етуші құжаттарды алуға келгенде, жо-баның толық көлемде орындалмағаны анықталады. Жобалау ұйымы шартта берілетін материалдар тізімі қарастырылмағанын, ал жобалау құжаттары бойынша нормативтік талаптар жоқ еке-нін, бірақ-та қосымша төлем жасалған жағдайда жұмыстардың қажетті бөлігін орындайтынын мәлімдейді.

Акционерлік қоғам заңгерге кеңес сұрап барады.

Қандай кеңес берген жөн?

2. Екі айдан соң қайтарып беруге уәде беріп Қуанышев За-урбековтан қарызға ақша алады. Уағдаласқан мерзімде Заурбе-ковқа Изатов келеді де Қуанышевтің қарызын одан қабылдап алуды ұсынады, өйткені ол Қуанышевқа тура осы сомаға қарыз екенін, және де Қуанышев есептесудің ондай әдісінен бас тарт-пағанын айтады. Заурбеков Изатовтың ұсынысынан бас тартады, өйткені Қуанышев пен оның арасында осы мәмілені жариялау жөнінде келісім бар болатын. Оның үстіне, Изатов Қуаны-шевпен келіскен кездегі қарыз сомасына бір жылда 10% қо-сымша төлемін ескермей, тек қарыз сомасын ұсынады. Изатов қарыздың бүкіл сомасын пошта арқылы Заурбековтың атына аударып, пошта квитанциясын Қуанышевқа береді.

Заурбековтың қарсылығы заңды ма?

3. Кран жасаушы жабдығ зауыты жасасқан шартқа сәйкес портқа келесі жылдың бірінші кварталында порттық кран жет-кізіп беруге міндетті еді. Бірақ басқа сатып алушылардың бас тарту себебінен осы жылы-ақ кранды жеткізіп беру мүмкіндігі туады. Кранның тездетіп жеткізілуіне порт мүдделі шығар деген оймен зауыт оны жедел тиеп жібергеннен соң төлем ақысын өтеуді сұрайды. Порт, кранды алып, ақысын төлеп, оны орнық-тыру жұмыстарына

кіріседі, сонымен қатар кранды зауытқа мез-гілден бұрын жеткізгені үшін айып төлеуді талап етеді.

Талап қанағаттандырыларлық па?

4. Алдын-ала тапсырыс беру бойынша жұмыс істейтін дүкен азамат Тынышбаевпен шарт жасасады, оған сәйкес бір ай ішінде Тынышбаевқа шарт жасасу сәтінде 350 АҚШ долларына тең ба-ғамен, диагоналі бойынша 54 см. экранды Жапонияда шыға-рылған теледидарды беруге міндеттеме алады. Бір ай өткен соң дүкен Тынышбаевқа теледидарды алып кетуіне болатынын хабарлайды. Тынышбаев теледидарды үйіне жеткізіп беруді талап етеді, өйткені шартта әдейі өзінің мекен-жайын шарттың орын-далу орны деп көрсеткен болатын. Дүкен Тынышбаевтың үйіне “Shivakiң фирмасының теледидарын жеткізеді. Тынышбаев теле-дидарды ауыстыруды талап етеді, өйткені “Sonyң фирмасының теледидарын сатып алатынына кәміл сенген. Істі сотта қарастыру кезінде, дүкенде екі фирманың да теледидарлары бар екені анықталады, шартта қарастырылған теледидарлардың бағасы мен басқа сипаттамалары бірдей болып шықты.

Дүкен Тынышбаевқа оның пәтеріне теледидар жеткізіп беруге кеткен шығындарды өтеу жөнінде талап қояды.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

5. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен құрылыс фир-масы арасында шарт жасалады, ол шарт бойынша құрылыс фир-масы Серіктестіктің кеңсесін жөндеуге, ал ол барлық қажетті материалдарды жеткізіп, жөндеу жұмыстарының ақысын төлеуге міндетті болады. Құрылысшылар өз уақытында жұмыстарды орындауға кіріседі, бірақ 15-маусымнан бастап барлық жұмыс-тарды тоқтатады, өйткені жүргізілген жұмыстардың ақысын төлеу үшін Серіктестіктің қаржысы жоқ екендігі анықталады. Оның үстіне, Серіктестік қажетті материалдарды жеткізіп бере алмай, құрылыс фирмасының материалдарын пайдаланып, жұмыстарды белгіленген мерзімде орындауды талап етеді. Атал-ған талапты фирма орындаудан бас тартады. Сонда Серіктестік шартты бұзатынын жариялап, жұмыстарды аяқтау үшін басқа ұйымды шақырады, ал шығындарды өтеуді мердігерге жүктейді.

Қоғамның әрекеттері заңға сәйкес пе?

6. Цемент зауыты тауар жеткізілімі шарты бойынша осы жылдың екінші тоқсанында құрылыс трестінің атына 100 вагон цемент жіберуі тиіс еді. Іс жүзінде 80 вагон жүктеліп жіберіледі. Құрылыс тресті өнімнің жетіксіз жібергені үшін зауытқа айып тө-летіп, жеткізілмеген жүктің шығынын толықтыруды талап етеді. зауыт жіберген қатесі үшін айып төлеу түрінде жаза тартқанын негізге ала отырып, трест талабынан бас тартады.

Зауыттың талаптан бас тартуға негізі бар ма?

7. Бір пәтерде тұрып жатқан Игіліков Сәкен, Беріков Мәу-лен және Шарқұлова Әлияның ата-аналары бірігіп, өз балала-рына, үшінші сынып оқушыларына, жаңа жылдық шырша мей-рамын ұйымдастырады. Мейрамға балаларының кластасы Әлие-ва Гүлбәнуды да шақырады. Барлық балалар ертегі кейіпкер-лерінің костюмдеріне киінеді, ал Гүлбәнуды дәкеден тігілген Ақша-қар киімінде болады. Пәтердің ең үлкен бөлмесіне орнатылған шырша ойыншықтар мен жағылған балауыз шамдарымен безен-дірілген. Балалар шырша маңында ойнап жүреді, ал ата-аналар басқа бөлмеде дастарханда отырады. Гүлбәнудың ата-анасы бол-мады. Балалардың аяқ-асты айқайы ата-аналарды мазасыздан-дырады, ал олар жүгіріп кіргенде жанып жатқан қызды көреді. Құлап қалған шырақ Гүлбәнудың дәкеден тігілген көйлегін лезде лаулатып жіберген екен. Жалын салдарынан қыз қатты күйіп, мүгедектікке душар болады.

Гүлбәнудың анасы Игіліковтер, Беріковтер мен Шарқұ-ловтардан жазатайым оқиғадан туған зиянның орнын толтыруды талап етеді. Сот жауапкерлерден ортақ түрде зиян сомасын тө-летіп,

Әлиеваның талап арызын қанағаттандырады. Кассациялық шағымында жауапкерлер оларды ортақ жауапкершілікке тарту-дың негізі жоқ деп санай отырып, сот шешімін жоюды сұрайды.

Жауапкерлер шағымының негізі бар ма? Егер өрт, ойнап жүріп, Гүлбәнудың көйлегіне шырақты жақындатқан Беріков Мәуленнің кінәсінен шыққаны анықталса, шешім өзгереді ме?

8. Дәрігерлер Керімов пен Шабдалов бірігіп профессор Мұхитовтың әйелінен оның қайтыс болған күйеуінің кардиология бойынша арнайы кітапханасын сатып алады. Кітаптарды Шабдаловтың пәтеріне әкеліп қояды, бұл шартта белгіленген баға бір айдан соң төленуі тиіс болған. Кітаптарды бөлу іс жүзінде мүмкін емес еді, сондықтан Керімов пен Шабдаловтың келісімі бойынша кітапхананы тек Шабдалов сатып алатын болады. Екі аптадан соң Шабдалов ұзақ шет елдік қызмет сапарына кетеді.

Мұхитова, уақытында ақша алмаған соң, Керімовке бүкіл кітапхананың құнын төлеу жөнінде талап қояды, өз талаптарына дәлел ретінде ол шартты Керімов және Шабдаловпен жасасқанын, демек, олар ортақ қарыздарлар болып табылатынын айтады. Керімов талапты мойындамайды, ол өзі мен Шабдалов арасындағы келісім қарыз Шабдаловқа өтетінін білдіретінін, сондықтан да ол Мұхитованың алдында ешқандай міндетте-мелері жоқтығын айтады.

Тараптар дәйектеріне талдау жасаңыз. Егер Шабдалов Керімовпен жасаған келісімі жөнінде Мұхитоваға жазбаша хабарландыру қағазын жіберген болса, шешім өзгереді ме?

9. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік өзінің меншік құқығындағы өндірістік ғимаратын кооперативке 5 жылға жалға берді. Шартта жалгердің жалға берушінің келісімінсіз-ақ қосалқы жал шарттарын жасасу құқығы қарастырылған болатын. Кооператив бүкіл ғимаратты пайдалану құқығы акционерлік қоғамға берілетін қосалқы жал шартын жасасады. Екі жыл өткен соң кооператив жойылады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік мемлекеттік кәсіпорынмен жаңа жалға алу шартын жасасады. Оны білгенде Акционерлік Қоғам жалға алу шартын жасауға оның ерекше құқығы бұзылған деп санап, жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен жасасқан шартты жарамсыз деп тануды талап етіп сотқа талап-арыз ұсынады. Жауапкершілігі шектеулі қоғам жалға алу шартын жасасудан бас тартады, бірақ қосалқы жалға алу шартының сақталуына қарсылығын білдірмейді. Акционерлік қоғам сотқа барады.

Істі шешіңіздер.

10. Қамбаров өзінің танысы Кереевтен қарызға 2 000 АҚШ долларын сұрайды. Шартта Қамбаровтың бүкіл қарыз сомасын бір жылдан кейін қайтару, ал сонымен бірге бір жылдық мерзімге 25%-дей процент төлеу міндеттері белгіленген. Қамбаровқа жиһаз гарнитурасын сатып алу үшін қаржы қажет болғандықтан, Кереев Қамбаровтың сұрауы бойынша жиһаз дүкенінің есеп шотына иесі атаулы қарыз карточкасымен 2 000 доллар төлейді. Төлеу мерзімі келгенде Қамбаров Кереевке 2 000 долларға тең соманы теңге есебімен береді, ал проценттерді үш айдан соң төлеуге уәде етеді.

Кереев қарыз сомасын теңгемен алудан бас тартады, оны қаржының Қамбаровқа доллармен берілгенімен түсіндіреді. Не болмаса, ол қарызды теңгемен, бірақ коммерциялық банк белгілейтін валютаның ең жоғары сатылу курсы бойынша қабылдауға келіседі. Проценттерді төлеудің мерзімін кейінге қалдыруға Кереев келісімін беруге дайын, бірақ, оның пікірінше, процент мөлшері жылдық мерзімнің 35%-іне үлкейтілуі тиіс.

Қамбаров валюта айырбастау орнында 2 000 АҚШ долларын сатып алады да, оларды Кереевке береді. Үш айдан соң Кереев бір жыл және үш ай үшін жылдық табыстың 35%-і есебімен процент төлеуді талап етеді. Қамбаров бас тартады. Дау сотқа беріледі.

Істі шешіңіздер.

11. Банк пен сақтандыру компаниясы арасында жарнамалық мақсатта жасалған шарт бойынша, Сейдалимов, қоғамдық қозғалыстардың біреуінің жетекшісі, қалалық мәслихатқа сайлануда ұтылудан 1 млн. теңгеге сақтандырылады. Сайлау алдындағы компания барысында Сейдалимов, сайлауда ұтылған жағдайда сақтандыру сыйақысының тұтас сомасын балалар ауруханасына аударып беруді уәде етеді. Сайлау қорытындылары шығарылған соң, Сейдалимовтың қалалық мәслихатқа сайланбағаны анық-талады. Балалар ауруханасы оның сайлау алдындағы уәдесін есіне салады да, Сейдалимов сақтандыру полисін төлеуге ұсынады. Сақтандыру компаниясы сақтандыру сомасын төлеуден бас тартады, өйткені олар мен банк арасындағы шарт Қазақстан Республикасы сақтандыруды бақылау орталығының талабымен бұзылған болатын. Сейдалимов банк пен сақтандыру компаниясына 1 млн. теңгені төлеу талабымен талап арыз ұсынады.

Талап арызды қанағаттандырудың негізі бар ма?

12. Башиев кезекші вахтер Сабыровпен алдын-ала келісімі бойынша автокөлік зауытының территориясынан автокөліктердің қосалқы бөлшектерін алып шығады, оларды сату кезінде қойма жұмыскері Пернебаев ұсталады. Халық соты Башиевты Сабыровты және Пернебаевты топтасып мемлекеттік мүлікті ұрлағаны үшін, ұрлықпен зауытқа келтірген шығындар орнын 3 млн. теңгемен толықтыру мен әр түрлі мерзімге бас бостан-дықтарынан айыру жөнінде үкім шығарады. Зауыттың шығынын толық өтеген Башиев Пернебаевқа одан 2 млн. теңге төлету жөнінде талап арыз ұсынады.

Пернебаев, зиян сомасы ұрлыққа қатысушылардың бәрінің арасында таратылуы тиіс және Башиев үлесін Пернебаевтан талап етіп жатқан Сабыров та іске тартылуы тиіс деген оймен талапқа қарсы болады. Башиев өз талаптарын орындатудан қайтпай тұрып алады, оның ойынша, бірігіп міндет орындау оған да қалған қарыздарларға да бірігіп жауап тарту принципін қолдануға мүмкіндік береді, оның үстіне, Сабыровтан қандай да бір соманы іс жүзінде төлетіп алу мүмкін емес, өйткені оның мүлігі жоқ. Онымен қоймай, Башиев соттан Пернебаев пен Сабыровтан оның қаражатын пайдаланғандары үшін процент төле-туді сұрайды.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс? Қарыздар адамдардың біреуімен бірлескен міндеттеменің орындалуының салдары қандай?

13. Зауыт жұмысшысы Бертаев, сот шешімі бойынша, өзінің жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу салдарынан зауытқа келтірген зиянын өтеп жатқан болатын. Жазатайым оқиға нәтижесінде ол жаракаттанып, еңбекке қабілеттілігінен мүлдем айырылады. Бертаевқа тиесілі өтелу сомасын есептеу кезінде атқару парағы бойынша төлемдерді және жазатайым оқиғаға байланысты Бертаевқа зауыттан тиесілі соманы қоса есептеу мүмкіндігі қарастырылады. Зауыт әкімшілігі заңгерге кеңес сұрап барады.

Қандай түсініктеме беру қажет?

14. Қазақстандық кәсіпкердің американдық компаниямен жасасқан сыртқы сауда контрактының орындалуы кезінде дау туады. Американа тарапы контракт АҚШ заңдарына бағынады, демек, контракттың орындалуы АҚШ-та қабылданған ережелер мен әдеттерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс деп санады. Қазақстандық кәсіпкердің ойынша, контракттың орындалу тәртібі жөнінде ешқандай ескертулер болмағандықтан, ол Қазақстанда күші бар ережелер мен әдеттерді басшылыққа алуы тиіс. Келісімге келе алмай, тараптар дауды шешу үшін сотқа барады.

Сыртқы сауда контракттарын орындау принциптері қандай?

19-тақырып.

МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің ұғымы:
 - 1.1. Міндеттемелердің тиісті түрде орындалуына бағытталған арнайы шаралар ретіндегі міндеттемелердің орындалуын қамта-масыз ету әдістері;
 - 1.2. Негізгі және қамтамасыз етуші міндеттемелердің арақа-тынасы;
 - 1.3. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдісте-рінің жүйесі.
2. Айып.
3. Кепіл.
4. Ұстап қалу.
5. Кепіл болушылық.
6. Кепілпұл.

Есептер

1. “Боранң ЖАҚ консервілеу зауытымен одан балық консер-вілерінің үлкен партиясын сатып алу жөнінде келіссөзді бастай-ды. Сатушы тауарды сатудың шарты ретінде тауардың тұтас партиясы үшін ақы төленуін талап етеді. Сатып алушы тауар төлемін басқаша қамтамасыз етуге, атап айтқанда, яғни үшінші ұйым тарапынан кепілдік алып беретінін айтады. Кепіл беруші қарсы болмайды.

Алайда балық консервілеу зауыты кепілдікті қабылдамай, “Боранң ЖАҚ директорына Азаматтық Кодексте кепілдік мін-деттеменің орындалуын қамтамасыз ететін әдіс ретінде қарал-мағанын айтады. Сондықтан да ол сатушының өз уақытында ақша алуын қамтамасыз ететін қандай да бір басқа жолын таң-дап алуды ұсынады.

Мәселені шешу үшін тараптар заң кеңесшісіне келесі сұрақ-тар бойынша түсініктемелер беруін сұрайды:

- 1) Қазіргі заңда міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін қандай әдістер қарастырылған?
- 2) Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін әдіс ретін-де кепілдікті қолдануға бола ма?
- 3) Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің таңдап алынған әдісі жөнінде тараптар келісімі қалай жасалады?
- 4) Негізгі шарт жасасқан тараптар, кейіннен қамтамасыз етуші міндеттемені қолдану жайында келісе ала ма?

2. Несие шарты бойынша, қарыз алушы адам әрбір кешік-кен күні үшін өз уақытында өтелмеген ссуданың 20%-ін төлеуге міндеттенеді. Қарыздың 75%-ін өтеп, қарыз алушы қалған со-маны қайтаруды үш айға кешіктіреді, соған байланысты несие беруші қарыздарға шартта

қарастырылған айыпты төлеу жөнінде талап қояды.

Қарыз алушы, талап арызда баяндалған жайттарға қарсы болмай, соттан оны айып төлеуден босатуды сұрайды, өйткені айып мөлшері қалған қарыз сомасынан 15 еседей асады, қарыздың негізгі бөлігі өз уақытында өтелген, қазіргі уақытта ол жұмысынан айрылып, материалдық тапшылық көруде.

Сот қандай шешім қабылдауға құқылы?

3. АҚ “Сәулет” өз қызметкері акционер Асановқа автокөлік сатып алу үшін ссуда беріп, одан сатылып алынған көлігін берілген ссуда сомасына тең номиналдағы акцияларын кепілге беріп ссуданың өтелуін қамтамасыз етуді талап етеді. Ссуданың өтелуін қамтамасыз ету үшін сомасы бойынша жеткілікті бола-тындай акциялары жоқ болған Асанов ссуда берушіге қолындағы акцияларын (номиналы бойынша көлік бағасының жартысына тең) және автокөлікті кепіл ретінде беруге келіседі.

Асанов ссуданы мерзімінде қайтармайды, тіпті оны өтеуді де бастамайды. “Сәулет” АҚ-ы өз наразылықтарын кепілге салынған мүліктің бағасы есебінен қанағаттандыруды талап етіп сотқа барады. Онымен қоймай, акционерлер жиналысында кепіл ұстаушы өзінің иелігіндегі акциялар дауысына кепіл берушінің де акциялары бойынша дауысты қосып алады.

Асанов сотта кепіл ұстаушының талаптарын мойындамайды және автокөлік кепілі жарамсыз екенін, өйткені ол белгіленген тәртіпте тіркелмегенін, ал кепілге салынған акциялар бойынша дауыс берумен кепіл ұстаушы оның меншік құқығын бұзғанын, сол үшін оған келтірген зиянын акциялар кепілімен қамтамасыз етілген ссуда мөлшерінде өтеуі тиіс екенін түсіндіреді.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс? Кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті пайдалана ала ма?

4. Сатып алған пәтерінің толық бағасын төлеуге мүмкіндігі болмай, Әбішев сатушымен (Қозыбаевпен) төлемді алты айға кейін қалдыру жөнінде келіседі. Қозыбаев кейінге қалдыруға келісімін бере отырып, Әбішевке ол үшін оның туысқаны Терім-бекова кепіл болсын деген талап қояды, оны Қозыбаев адал және жауапты адам ретінде білетін.

Терімбекова Әбішев үшін кепіл болуға келіседі, бірақ шартқа қол қойып отырып, қарыздың жартысын қайтаруға кепіл болатынын ескертеді. Қарыздың қалған бөлігіне Әбішевтің басқа туысы Тоғаева кепіл болсын деп кеңесін береді, Тоғаева оған келіседі.

Белгіленген мерзімде Әбішев қарызын өтемейді және жанұясындағы қиыншылықтарға байланысты жарты жылға дейін пәтер үшін төлем жасай алмайтынын Қозыбаевқа хабарлайды. Бірақ ол мерзім өткен соң да ол Қозыбаевқа ақшасын төлемейді.

Қозыбаев Терімбековаға талап арыз ұсынады және оның Әбішев міндетін орындайтынына кепіл болғанына сілтей отырып, одан қарыздың бүкіл сомасын төлеуді талап етеді. Терім-бекова талапқа қарсы болады, ол міндеттеменің жартысының орындалуына кепіл болғанын, оның үстіне, қарызды 6 ай ішінде өтеу қажет болғанын көрсетеді. Сол кезеңде оның Әбішев үшін төлем жасауға мүмкіндігі болатын, қазір ол жұмыс істемейді, соған байланысты ондай мүмкіндігі енді жоқ екенін айтады.

Дауды шешіңіздер.

5. “Елес” фирмасы, тапсырыс беруші — ауылшаруашылық өнімін өңдеу комбинаты — тапсырыстың толық сомасына банк кепілдігін беретін болса, құрылыс бойынша жұмыстар жүргізуге келіседі. Комбинат банк кепілдігін алады, бірақ құрылыстық мердігерлік шартына қол қюдан бас тартады, ол банктен алған қаржыны өзінің күнделікті қажеттіліктеріне жұмсауды ұйғарады.

Банктің кепілдікке қол қоюынан кейін Комбинат оған кепілдік сомасын Комбинаттың есеп шотына аударуды сұрап хат жібереді. Банк ондай талапты банкке тек мердігер — “Елесң фирмасы Комбинаттың орындалған жұмыстардың ақысын төле-меген жағдайында ғана қоя алады деген оймен одан бас тартады. Екінші хатында банк кепілдігі негізінде несие беру кепілдігі болып табылатынын, Комбинат оны өтеуге міндеттеме алатынын көрсете отырып, Комбинат талабынан қайтпайды. Ақшаның іс жүзінде қайда — құрылыстың төлеміне не шикізат сатып алуға — кететінін банктің білуі қажет емес деп санайды.

Банк кепілдігі дегеніміз не және оның орындалу шарттары қандай?

6. Кішігірім оңтүстік қалаға экспедицияда жұмыс істеу үшін қызмет сапарына жіберілген Мәуленов, экспедициядан таяу жерде орналасқан үй иесімен экспедицияда жұмыс істеу кезінде 3 ай бойы оның үйінде Мәуленовтың әулеті: әйелі мен кішкентай ұлы тұратыны жөнінде келіседі. Тұрған орны үшін ақыны Мәуленов сол кезде-ақ төлейді, ол жөнінде үй иесі қолхат беріп, алынған соманы кепілпұл деп атайды.

Бірнеше күннен соң Мәуленовтың әулеті келеді, бірақ үй иесі немересі келетінін күтіп жүргенін түсіндіріп оларға тұрғын орын беруден бас тартады. Мәуленовқа қолхат бойынша алған сомасын қайтарып береді. Алайда Мәуленов алынған соманы екі есе мөлшерде қайтарып беруді талап етеді, өйткені ол кепілпұл ретінде берілген болатын. Оның үстіне, ол әулетінің жол шығындарын өтеуді талап етеді. Талап етілген соманы ала алмай, Мәуленов сотқа барады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

7. Саттаров банктен несие сұрайды да, оның кепіліне өзінің үйі мен үйге жанасып жатқан жер учаскесін салады. Тараптар арасында екі шарт — несиелік шарт және кепіл туралы шарт — жасалады.

Алайда, көп ұзамай Саттаровқа кепіл туралы шартын сауда-саттық шартына алмастыру ұсынылады. Ондай алмастырудың мақсатқа сәйкестігін банк өкілі үй мен жер кепілі екі рет тіркеледі, ал несиенің қайтарылмау жағдайында оларды сату үшін сот шешімін алуды талап ететінін айтып түсіндіреді. Оның бәрі үлкен машақатпен және қосымша шығындарды қажет етеді. Несие шартымен бір мезгілде сауда-саттық шартына қол қою банк үшін анағұрлым қолайлы, ал Саттаровтың мүддесіне кепілдік ретінде, егер де ол өз уақытында банк алдындағы қарызын өтесе, онда банк Саттаровқа үйді өзіне қайта сататын болып міндеттеме алар еді.

Саттаров заңгерден міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету үшін жылжымайтын мүлікті кепілге беру жөнінде түсінік-теме беруді сұрайды.

Заңгер қандай түсініктеме беруі тиіс?

20-тақырып.

МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БҰЗҒАНДЫҒЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік ұғымы.
2. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері.
3. Шығындарды өтеу азаматтық-құқықтық жауапкершілік-тің жалпы шарасы:
 - 3.1. Іс жүзіндегі зиян және алынбаған табыс.
 - 3.2. Азаматтық-құқықтағы шығындарды өтеу көлемі.
4. Мүліктік зиянды өтеу мен моральдық зиянның орнын толтыру.
5. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздері мен шарт-тары.
6. Кінә, оқиға және бой бермейтін күш.
7. Аралас кінә және бірігіп зиян келтіру.
8. Себептік байланыс теориялары.

Есептер

1. Жалгердің кінәсінен болған өрт салдарынан қоймаға орнына зиян келтіріледі. Жалға беруші келесі зияндарды өтеу жөнінде талап арыз ұсынады:

а) өрт салдарынан қойма бағасының төмендеген сомасы;

ә) қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетін уақыт бойына жалдық ақы төлеу;

б) құрылыс ұйымы жасаған сметаға сәйкес анықталатын қайта қалпына келтіріп жөндеуге кеткен шығынды өтеу;

в) жалгер шарт бойынша жалға берушінің пайдасына қойма орнын сақтандыру міндетін орындағанында жалға берушінің алатын сақтандыру сомасы.

Қандай шығындар өтелуі қажет?

2. Азамат Смағұлов “Спортлотоң билетін уақытында толтырып, арнайы жәшікке салады. Сол билетке ұтыс түседі. “Спорт-лотоның аймақтық басқармасы билеттің поштаға кеш өткізілгеніне, соның салдарынан ол ұтыс көлемін есептеу кезінде есепке алынбағанына сілтеп, Смағұловқа ұтысты төлеп беруден бас тартады.

Бұл оқиғаны тергеу кезінде, “Спортлотоң басқармасына билеттердің жеткізілуі пошта бөлімі қызметкерлерінің селқостығынан туғаны анықталады. Сот шешімі бойынша ұтыс сомасы Смағұловтың пайдасына төленеді.

“Спортлотоның аймақтық басқармасы көрсетілген соманы байланыс органдарының өтеуі жөнінде талап қояды. Төреші сот-та істі қарастыру кезінде, “Спортлотоң басқармасына залал кел-

тірілген бе деген сұрақ туады.

Осы дауды қалай шешуге болады?

3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік орман өнеркәсіп ша-руашылығымен өнім беру шартын жасасады. Жасасқан шартқа сәйкес ЖШС орман өнеркәсіп шаруашылығына кесілген ағаш материалдары үшін толық төлемді оның шотына аударады. Бірақ шартта белгіленген мерзімде кесілген ағаш материалдары жет-кізілмейді. Осыған байланысты, серіктестік орман өнеркәсіп шаруашылығына бұрынғы төленген қаржы сомасын қайтару жөнінде, біреудің ақша қаражатын пайдаланғаны үшін процент төлеу жайында және ағаш материалдарын жеткізбеу салдарынан өндірілмеген бұйымдар үшін өздерінің контрагенттеріне төлеген айыптың шығындарын өтеу жөнінде талап арыз ұсынады.

ЖШС-тің орман өнеркәсіп шаруашылығына қойған талапта-рын қанағаттандыруға болады ма? Егер де серіктестікке әзір-леніп қойылған кесілген ағаш материалдары су тасқыны нәти-жесінде бүлінгені анықталса, шешім өзгере ме?

4. Акционерлік қоғам кооперативке сұйық әйнекті толық жеткізбегені үшін айып төлеу жөнінде талап қояды. Кооператив шарттағы міндеттемелердің орындалмауын мойындайды, бірақ оның шарттас серіктері, әйнек өндіруге қажетті натрий силика-тын оған жеткізіп бермегендіктен ол өзін жауапкершіліктен бо-сатуды сұрайды.

Дауды қарастыру кезінде сот натрий силикатының негізгі өндірушілері банкрот деп танылып, өз әрекеттерін тоқтатқаны анықталады. Сондықтан АҚ мен кооператив арасындағы шартта қарастырылған көлемде әйнек дайындау үшін қажетті шикізат алу мүмкін болмай қалады. Осы жайды ескере отырып, сот АҚ-ның талап арызындағы талаптарын қанағаттандырудан бас тар-тады.

Сот дұрыс шешім шығарды ма?

5. Балық консервілеу зауыты мен сауда үйі арасында тауар жеткізілімі шарты жасалады. Алайда балық консервілеу зауыты көктемнің екі айы бойы сауда үйіне балық консервісін сату мін-детін орындамайды, соған байланысты сатып алушының талап арызы бойынша айып төлеуге тартылады.

Сот мәжілісінде зауыт өзінің өнім беруші — балық аулайтын колхоздардың теңіздегі дауылдың себебінен ауа райынан балық аулауды ұзақ уақытқа тоқтатып қоюға мәжбүр болып балық өнімдерін жеткізе алмағанын баяндайды. Сауда үйі бұл дәйек-тердің зауыт пен колхоздар арасында ғана мәні бар, ал сауда үйінің зауытқа қойған талабына қатыссыз деген оймен сауда үйі жауапкер дәйегін сенімсіз деп таниды.

Бұл мәселе бойынша сіздің пікіріңіз қандай?

6. Механикалық зауыт шығаратын күрделі агрегат үшін алу-ан түрлі бөлшектерді Алматы және Қарағанды темір бұйымдар зауыттары жеткізіп тұратын. Екі өнім беруші тарап та мерзімнен кеш қалып, агрегат жасаушы механикалық зауыт жұмысының тоқтауына себеп болады. Қарағанды темір бұйымдар зауыты өнім беруші тараптың кешігу мерзімі Алматы өнім беруші тарап-тың кешіккенінен екі есе артық болып шығады.

Механикалық зауыт жұмыстың тұрып қалуына байланысты шығындарды өтеуді өнім берушілердің екеуінен де талап етіп сотқа арыз береді. Алматы өнім беруші талап арызды мойын-дамайды, ол бөлшектерді дер кезінде жеткізгенімен, Қарағанды өнім берушінің одан да ұзақ мерзімге кешігуі арызданушыны бәрібір де тоқтап қалудан құтқармас еді деп мәлімдеді. Қара-ғанды өнім беруші тек өзінің кеш қалдырылған мерзіміне ке-летін шығындарды өтеуге дайын екендігін білдіреді. Ал одан бұрын пайда болған шығындарға қатысты, Алматы өнім беру-шінің

кешіктіру себебінен олардың алдын алу мүмкіндігі болмағанын айтады.

Егер дауды қарастыру барысында Алматы және Қарағанды өнім берушілердің кез-келгенінің өнімі болмаса, монтаждық жұмыстарды тоқтатуға себеп болатын өзара байланыс анықталған болса, дауды қалай шешуге болады?

7. Шаштаразда киім ілетін жерден Сапаровтың бағалы аң терісінен тігілген бас киімі ұрланып кетеді. Оның орнына жасанды теріден тігілген ескі бас киім қалдырылған. Сапаров киім ілетін орында қызмет көрсететін комбинатқа бас киімінің және келтірілген моральдық зиянның орнын толтыру жөнінде талап арызын ұсынады. Тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты талап-қа қарсылық білдіре отырып, бас киім жоғалған күні киім ілуші әйел ауырып қалғанын, ал оны алмастыратын ешкім болмағанын айтады. Сапаров мұндай қымбат бас киімін киім ілетін жерге қоймауы тиіс еді. Болған оқиғада ол өзі кінәлі, сондықтан да талаптан бас тарту қажет, ал зиянның орнын толтыру ретінде киім ілетін жерде қалдырылған ескі бас киімді алуына болады.

Іс қалай шешілуі тиіс?

8. 6-шы класс оқушысы Бекетов Бақтияр әкесінің швейцарлық алтын сағатын мектепке алып келіп, сабақта басқа оқушыларға көрсетіп отырады. Мұғалім сабақ үстінде Бақтиярдан сағатты тартып алып, өз столының тартпасына салып қояды. Сабақтан соң класс экскурсияға шығады да, Бақтияр мұғалімнен сағатты сұрауды ұмытып кетеді. Келесі күні мектепке Бақтиярдың әкесі келіп, сағатты қайтаруды талап етеді. Мұғалім сағатты столының тартпасына салып қойып, ол туралы ұмытып кеткенін, ал таңертең мектепке келген соң, оны ол жерден таппағанын түсіндіріп айтады.

Бақтиярдың әкесі аудандық білім беру бөліміне және бала-сынан сабақ үстінде сағатты тартып алған мұғалімге сағаттың құнын өтеу жөнінде талап арызды ұсынады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

9. Төмен ұшып бара жатқан ұшақтың гуілінен үріккен сиыр табыры сиыршы Тағабаевты таптап, оған жарақаттар келтіреді, нәтижесінде ол толығымен жұмысқа жарамсыз болып қалады. Тағабаев азаматтық авиация басқармасына келтірілген зиянның орнын толықтыру жөнінде талап арыз береді.

Сот мәжілісінде азаматтық авиация басқармасының өкілі келесі жайттарға: а) ұшақ ұшқышының әрекеті мен Тағабаев зақымы арасында заңдық мәні бар себептік байланыс жоқ; ә) азаматтық авиация басқармасының кінәсі жоқ деген сілтеу жасап талапты мойындамайды.

Тағабаевтың қорғаушысы қауіпті қатер көзінің иесі ретінде азаматтық авиация басқармасы, кінәға тәуелсіз жауапкершілік тартатынына, ал ұшқыш әрекеті мен Тағабаевтың зақымы ара-сындағы себептік байланыс, оның ойынша, айқын болып тұрғанына соттың назарын аударады.

Тараптар дәйектерін талдаңыз.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

21-тақырып.

МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ МЕН ӨЗГЕРУІ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Міндеттемені тоқтату негіздері.
2. Міндеттемені орындаумен тоқтату.
3. Бас тарту төлемі.
4. Міндеттемені есепке жатқызумен тоқтату.
5. Борышқор мен несие берушінің бір тұлға болуына байланысты міндеттеменің тоқтатылуы.
6. Жаңғыртылуға байланысты міндеттеменің тоқтатылуы.
7. Борышты кешіру.
8. Міндеттемені орындау мүмкін болмауға байланысты тоқтатылуы.
9. Міндеттеменің мемлекет органының құжаты негізінде тоқтатылуы.
10. Азаматтың қайтыс болуына байланысты міндеттеменің тоқтатылуы.
11. Заңды тұлғаның жойылуына байланысты міндеттеменің тоқтатылуы.

Есептер

1. Есенов Қайсеновқа үйінен тыс тұрған гаражды сататыны ал Қайсеновтың келісілген бағамен гараждың төлемін жасай-тыны, сонымен бірге шартқа байланысты барлық шығындарды өзі өтейтіні жөнінде келісім жасалады. Бірнеше күннен соң та-раптар шарт жасасып, ол бойынша барлық төлемдерін жасайды. Біраз уақыт Қайсенов сатып алған гаражын пайдаланып жүреді. Бірақ жерге меншіктілік құқығы жайлы куәлік алған соң көп ұзамай, ол құрылыс жүргізуге рұқсат алып, өзі гараж салып алады.

Есеновпен кездескенде Қайсенов гаражды пайдаланбай жүргенін айтып береді, оған Есенов қазір өзінің гаражға мұқтаж болып жүргенін және оны сатқанына өкініп жүргенін айтады. Қайсенов Есеновқа сату-сатып алу шартын бұзуды ұсынады, содан соң Есеновқа гаражын қайтарып беруді міндеттенеді, ал Есенов Қайсеновқа одан алған гараж ақысын қайтаруды уәде етеді. Есенов пен Қайсенов гараждың сауда-саттық шартын бұзу жөнінде мәмілені куәландыру үшін белгіленген уақытта нота-риуста кездеседі. Алайда нотариус олардың әңгімесін тыңдап бо-лып, мәмілені куәландырудан бас тартады.

Нотариустың әрекеті дұрыс па? Міндеттемелердің жойы-луына негіз болатын не? Міндеттемелерді жоюдың оларды өзгертуден айырмашылығы неде?

2. “МИРАС” сауда фирмасы осы жылдың ақпан айында жа-салған сауда-саттық шарттың орындалуы үшін Фуатовқа тұр-мыстық электр құрал береді. Құралдың жарамдылығының кепіл-дік мерзімі 6 ай. Сол жылдың қараша айында Фуатова шартты бұзу, шығындарды төлету және моральдық зиянның орнын толықтыру жөнінде талап арызбен сотқа барады, ол сатылған құралдың сапасыз жұмысына сілтеу жасайды. Фирма талапқа қарсы болады және талаптан бас тартуды сұрау негіздерінің ішінде сату-сатып алу шартының аяқталғанын, соған байланысты арызданушының сауда-саттық шартын бұзу жөніндегі талабы негізсіз екенін айтады.

Тараптар дәйектеріне талдау жасаңыз.

3. Банк акционерлік қоғамға несие береді, оның қайтары-луы акционерлік қоғамның меншік құқығындағы ғимарат кепіл-дікке алынады. Несиені және оның проценттерін өз уақытында өтеуге мүмкіндігі болмай, акционерлік қоғам банкке несиені қайтару есебіне ғимараттың құнын несиеге тең сомада қоса есептеп, ғимаратты сату жөнінде шарт жасасуды ұсынады.

Банк ғимаратты сату шартына қол қоюға келісімін береді, бірақ банк заңгерін келесі сұрақтарға жауап беруді сұрайды:

- 1) Міндеттемелерді осылай өзгерту заңды ма?
- 2) Сауда-саттық шартына қол қойылса, ол бұрынырақ берілген несие бойынша міндеттеменің орындалуы болып санала ма?
- 3) Сату-сатып алу шартына қол қойылса, ол банктің кепіл құқығын соттан тыс жүзеге асыруы болып бағаланбайды ма?

Заңгер қандай жауап беруі тиіс?

4. “Алауң АҚ-ы (жалгер) “Қыранң фирмасымен (жалға беруші) келісімі бойынша кеңселік мақсатта пайдалану үшін “Қы-ранң фирмасының иелігіндегі ғимаратты 7 жыл мерзімге жалға алады. Жалгердің міндеттеріне кезекті және күрделі жөндеу жұмыстарын жасау кіреді, соған байланысты жалға алу мерзімі аяқталған соң оған жалға алып отырған ғимарат үшін ақы төлеп сатып алу құқығы берілген болатын. Екі жылдан соң, қаражат қиыншылығында жүрген жалға беруші өз меншігіндегі ғима-ратты зауытқа сатып жібереді.

Жалгер, сатып алу жағдайы қарастырылған жалға алу шар-тына сілтеу жасай отырып, оның ғимаратты сатып алуда ерекше құқығы бар деп санайды және жалға алу шартын дереу сату-сатып алу шартына отыруға дайын болады. Алайда жалға беруші бұл дәлелмен келіспей, жалгердің сатып алу құқығы тек 7 жыл өткен соң ғана пайда болатынына назар аударады. Ол мерзімге дейін жалға беруші өз меншігіндегі мүлікті қалай билесе де құқықты.

Жалгер заң кеңесшісіне келесі сұрақтарға түсініктеме беруін сұрап барады:

- 1) Ғимаратқа меншік құқығының сатып алушыға өтуіне байланысты жалға алу шарты тоқтатыла ма?
- 2) Егер жалға алу шарты тоқтатылмайтын болса, жалгердің ғимаратты сатып алу құқығы сақтала ма?

Қойылған сұрақтарға жауап беріңіз.

5. “Темірланң ресторанымен жасасқан шарты бойынша “Те-ңізң фирмасы ресторанға күн сайын жоғарғы сортты балықтың 180 кг. жеткізіп тұруға міндеттенеді. Фирманың жалғыз бір трау-лері болады, ол өзінің соңғы сапарында бұзылып, жөндеуге қойылған болатын. Фирманың кезекті балық жеткізіп беруін орындауға мүмкіндігі болмаған соң, ол ресторан әкімшілігіне шарттан шыққаны жөнінде хабардар етеді.

Ресторан әкімшілігінің ойынша, команданың кінәсі бойын-ша сынған кемеңің жөндеуге тұруы шартты тоқтатуға негіз бола алмайды, өйткені фирма өзге траулерді жалға алу мүмкіндігін қарастырмаған.

Дауды шешіңіздер.

6. Суретші Мансұров белгілі болат қорытушы Үмбетовпен бір ай ішінде оның жұмыс үстіндегі бейнесін суретке салатыны жөнінде келісім береді. Ол үшін болат қорытушы оған үш-бес сеанс бойы цех жағдайында өзінің жұмысын бақылап тұруға рұқсат беруі тиіс. Екі сеанстан соң болат қорытушы ұзақ қызмет сапарына кетіп қалады. Үш айдан соң оралып, ол суретшіге те-лефон соғады да суреттің салынбағанын біледі. Сонда ол сурет-шіден оның суретке төлеген ақшасына темірден құятындай етіп шарбақ эскизін салып беруін сұрайды. Суретші келіседі. Алайда эскиз жасау барысында бір бөлшегі шарбақ болып табылатын суретті салу ойы туады. Суретші өз ойын суретте бейнелеп, оны болат қорытушыға ұсынады, жұмыс үшін ол екі есе баға сұрайды.

Олардың сурет бойынша жұмысты тоқтатуға келіскендерін есіне салып Үмбетов Мансұровтың жұмысына екі есе төлем бе-руден бас тартады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

7. Саметов Боранбаевтың пәтеріндегі ас бөлмесін бес күн ішінде жөндеп беретіні туралы Боранбаевпен келіседі. Алайда, Саметов, одан да тиімді тапсырыс алып, көрсетілген мерзімде ас бөлмесін жөндеуге кіріспейді. Боранбаевты кездестіріп қалып, Саметов оған болған жағдайды түсіндіріп, одан жөндеу жұмыс-тарына даярлап қойған бояуды, лакты, тақтайшаларды және ыдыс жуатын раковинаны ақысыз алып кетуін ұсынады да содан кейін олардың мердігерлік шарт бойынша қатынастары аяқтал-ды деп санайды.

Боранбаев Саметов ұсынған заттардың бәрін алып кетеді. Бірақ біраз уақыттан соң ол мердігер таппай, Саметовтан бас-тапқыда келісілген сыйақы үшін мердігерлік жұмыстарын орын-дауды талап етеді. Саметов талапты қабылдамайды, оның ойын-ша, олар шарттың қысқартылуы туралы келіскен болатын және бас тарту төлемі ретінде ол Боранбаевқа аталған материалдарды берген болатын.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

8. Мырзаев, өзінің қайтыс болған әкесінің мүлігін реттесті-ріп отырып, Сәбитовтың мұздатқыш сатып алу үшін Мырзаев-тың әкесінен әжептәуір ақша сомасын қарызға алғаны және 4 жыл ішінде қарызды қайтаруға міндеттенгендігі жөнінде берген Сәбитовтың қолхатын тауып алады. Қарызды өтеу мерзімі әлі өтпеген. Мырзаев, әкесінің мұрагері ретінде, Сәбитовтан қа-рызды қайтаруды талап етеді. Бірақ Сәбитов өзін бұл қолхат бойынша міндеттерін орындауға тиісті емес деп санайды, өйткені Мырзаевтың әкесі ауырып жатқанда Сәбитовтың зейіні мен күтуіне риза болып ол Сәбитовқа мұздатқыш сатып алуға алған ақшаны қайтармауына болатынын айтқан деген негізбен талапқа келіспейді.

Осы дауда кімдікі дұрыс?

9. Рауанов ұзақ уақыт бойы Тезековтан қарызға алған ақша-сын қайтармай жүреді. Тезековтың қарызды қайтару жөніндегі кезекті талабына Рауанов Тезековқа ақша орнына меншік етіп оның аккордеонын алуды сұрайды және сонымен қатар Тезе-ковтың ұлын музыкалық мектепке түсу емтихандарына дайын-дап, екі ай ішінде, аккордеонда ойнауды үйрету үшін сабақ жүргізуге тілек білдіреді, ол үшін Тезеков қарыздық қолхатты Рауановқа қайтарып, қарызды өтелді деп тануы тиіс.

Тезеков ұсыныстан бас тартпайды, бірақ ол келесі жайттарға күмәнданады:

1. қарызды мүлік беру немесе қызмет көрсету жолымен өтеу заңда көзделмеуі мүмкін.
2. оған берілетін аккордеон сомасы қарыз сомасынан тө-мен еді, ал Рауанов сияқты әуеншінің сабағын қоса есептегенде оның қарызынан асып тұр.

Рауанов пен Тезеков заңгерге келесі сұрақтар бойынша түсі-ніктеме алу үшін барады:

1. қарызды мүлік немесе қызмет көрсету арқылы өтеуге бола ма?
2. ақшалай қарыз орнына мүлік немесе қызмет көрсету рұқсат етілген болса, қарыздық шарттың тоқтатылуы қандай тәртіппен жасалынады?

Қойылған сұрақтарға жауап беріңіз.

ҚАЗАҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗАҢ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУ СОТЫ МАТЕРИАЛДАРЫНАН

Азаматтық іс № 2—527/97

Алматы қаласы Бостандық аудандық сотына қала тұрғыны азаматша Минакова Т. А. арыз жазып қамқоршысыз қалуына байланысты үйінде тұрып жатқан туысы (әпкесінің баласы) Зайцев Александр Николаевичті әрекет қабілеттігі жоқ деп та-нуды сұрайды.

Мүдделі тарап ретінде арызданушы азаматша Минакова сот-қа берген арызында Зайцев Александрдың 1948 жылы туғанын және оның бала кезден ауруға душар болып қазіргі күнге дейін ақыл есін толық қалыптаспағанын, сондықтан да ресми түрде оның екінші топтың мүгедегі деп танылғанын, ал анасының 1996 жылы көктемде қайтыс болғанын және Зайцевтың әкесі — Зай-цев Николайдың осыдан 10 жыл бұрын жанұясын тастап жоқ болып кеткенін баяндайды.

Сондай-ақ арызданушы Минакова Зайцев Александрдың ұдайы өзгенің күтімін қажет ететінін өзін-өзі күте алмайтынын және оған қамқоршы болуға өзінің мүмкіндігі жоқ екендігін, сол себептен де оны арнайы мүгедектер үйіне орналастыру қажетті-лігі туындап отырғанын көрсетеді.

Азаматтарды әрекет қабілеттігі жоқ деп тану үшін қандай негіздер болуы шарт? Осы іс бойынша сот өз шешімін қандай дәлелдеме-құжаттардың негізінде шығаруы мүмкін?

Істі шешіңіз.

Азаматтық іс № 2—86/98

Баженов Александр Алматы қаласы Алмалы аудандық оқу бөліміне қарасты — № 1 арнайы мамандандырылған олимпиада резервін дайындау мектебінде жаттықтырушы болып істейтін. Ол қараша айының 11 күні 1980 жылы жұмыс орнында жаттықтыру кезінде еңбек жарақатын алып, мойын омыртқасы мен бел омыртқасына зақым келтіреді.

Дәрігерлік — еңбек жарамдылығын анықтау комиссиясы сараптамасының қорытындысы бойынша азамат Баженов қайта куәләндіруді қажет етпейтін өмір бойы екінші топтың мүгедегі деп танылып еңбек қабілеттігінің 70% — нен айрылғаны анықталады. Бұрынғы жұмыс орнынан ай сайын алып жүрген табыс көзінің 70% көлемінде өтем алып тұратын. Алайда, 1997 жылдың наурыз айынан бастап Алмалы аудандық оқу бөліміне қарасты ғ1 арнайы мамандандырылған олимпиада резервтерін дайындау мектебі Алматы қаласы әкімінің 1997 жылғы 27 ақпанындағы ғ 102 шешіміне сай жабылуына байланысты Баже-новке тиісті өтем ақы төлеу тоқтатылады.

Осыған орай азамат Баженов 1997 жылдың 24 қарашасында Алматы қаласының Алмалы аудандық сотына талап арыз жазып, аудандық оқу бөлімінен еңбекке жарамсыздығына байланысты төлеуге тиіс 28 828 теңге өтем ақы және осыны мәселе бойынша бірнеше рет шағымданғанына қарамастан аудандық оқу бөлі-мінің 8 ай бойы ешбір шешім қабылдамауы салдарынан келген 4 000 теңге көлеміндегі моральдық шығынды өндіріп беруді сұ-райды.

Алмалы аудандық оқу бөлімі талап арызды мойындаудан бас тартып, өз тарапынан аудандық оқу бөлімінің жеке заңды тұлға болып табылмайтынын тек аудандық әкімшіліктің бір бөлімі екенін және ертеректе аталған мектепті қаржыландырғанын, бірақ бұл күнде тек оқу саласына ғана жетекшілік жасауға құ-қылы екенін мәлімдейді.

Сот осы істі қарау барысында таратылған ғ 1 арнайы маман-дандырылған спорт резервтерін дайындау мектебінің мүліктері басқа мектептерге таратылып берілгенін және мектеп оқушы-ларының сол мектептерге орналастырылғаны анықталды.

Таратылған мектептің мирасқорын анықтау мүмкін болма-ғандықтан аудандық сот өз шешімімен

талап арызда көрсетілген сомаларды өтеп беруді Алматы қалалық оқу басқармасына жүк-тейді.

Аудандық соттың шығарған шешімі дұрыс па?

Таратылған заңды тұлға мирасқорын анықтау тәртібі қан-дай?

Істі сараптап жауап әзірлеңіз.

Азаматтық іс № 2—518/97

1908 жылы туылған Алматы қаласының тұрғыны Климова Анна Кузминична тұрғын үй шаруашылығы өндірістік трестімен шарт жасасып, өзі тұрып жатқан тұрғын үй алаңының жалпы көлемі 24,3 шаршы метр болатын аталған ұйымға қарасты бір бөлмелі пәтерді жекешелендіреді.

Жекешелендіру барысында аталған үйдің тозғандығын есеп-ке алып пәтер тегін беріледі. Жекешелендіру шартында осы пә-терге ортақ бірлескен меншік мүшесі ретінде Климова қызы Алевтинаны көрсетеді.

1997 жылдың 31 наурызында Климова А. К. қайтыс болады. 1998 жылдың қаңтарында Климованың қызы-Климова А. П. өсиет ету бойынша мұрагерлік құқын куәләндіру үшін Алматы қаласының Бостандық ауданындағы нотариалдық кеңсесіне өтінішпен барады. Нотариалдық кеңсе қызметкері Климованың бұл өтінішін қабылдамай тастайды, себебі заңда көрсетілген мұ-раны қабылдап алу мерзімін, яғни алты ай мерзімін өткізіп алға-нына сілтейді.

Мұраны қабылдап алудың тәртібі мен мерзімі қалай анық-талады? Жоғарыда аталған өтініш бойынша нотариалдық кеңсе-нің бас тартуы заңды ма? Осыны дәлелдеңіздер.

Азамат Попов Александр Филимонович 1997 жылдың 26 маусымында Алматы қаласы Бостандық аудандық сотына арыз жазып зайыбы Питунина Галина Михайловнаны хабар-ошарсыз кетті деп тануын сұрайды.

Мүдделі тарап ретінде, ол өз арызында төмендегі мән жайларды мәлімдейді:

1994 жылы 29 сәуірде оның зайыбы — Питунина Галина Михайловна, мас күйінде үйде жанжал шығарып, нәтижесінде пышақпен оған ауыр дене жарақатын салып, осыған байланысты оның үстінен қозғалған қылмыстық іс бойынша тергеу мен соттан жасырынып, сол жылдың қыркүйек айында із-түссіз жоқ болып кетеді.

Сол уақыттан бастап жүргізіліп жатқан іздестіру шаралары дәл осы күнге дейін еш нәтиже бермегенін, сонымен бірге зайыбының нақты түрде пәтерде тұрып жатпағандығына қара-мастан, бірақ оның пәтерде тіркеуде болуына байланысты қо-сымша тұрғын үй шығындарын өтеп жатқандығын және табы-сының аздығын, материалдық жетіспеушіліктер көріп жүргенін жазады.

Осы іс бойынша сот қандай шешім шығару керек?

Азаматты хабар- ошарсыз кетті деп танудың құқықтық мәні қандай?

Істі шешіңіз.

Азаматтық іс № 2—1117/97

Азамат Хохлов И. Ф. Германияға жүрер алдында танысы Муралинова Тамараға 600 неміс маркасын 6 айға қарызға береді. Қарызды қайтарып алу уақыты таяғанда Хохлов Германиядан келеді.

Муралинованың үйіне келген Хохловтан Муралинова Тама-ра тағы да өтініш жасап ұлы Муралинов Асланға 1500 неміс мар-касын қарызға бере тұруын және одан алған барлық қарыздарды қосып алдағы 2—3 күнде қайтарып беретіні туралы уәде береді.

Бірақ қарыз келісілген уақытта қайтарылмайды. Осы себептен Хохловтың Германияға қайта оралуына мүмкіндігі болмай еріксіз кідіруіне тура келеді.

Муралинова Тамара Хохловқа қарызды алғанын растап, қолхат береді және осы қолхатында алған қарыздардың барлығын 6 айдан кейін қайтарып беретінін, қайтара алмаған жағдайда қарызды кідірткен әрбір күн үшін 0,5% айып төлеуге дайын екенін көрсетеді. Куэ ретінде Муралинованың көршілері Моисеева мен Шайдарова аталған қолхатқа өз қолдарын қояды.

Алматы қаласының Бостандық аудандық сотына берген талап арызында Хохлов жауапкерден, сонымен бірге қолхатта көрсетілген айыппен бірге 3 360 неміс маркасы көлемінде айырылып қалған пайданы да өндіріп беруді талап етеді.

Себебі, Германияда жұмыс істеп, ол ай сайын 560 неміс мар-касын алып тұратын. Алайда, сотта Муралинова талап арызды мойындаудан бас тартып, өз тарапынан 600 неміс маркасын Хохлов оған Германиядан Қазақстанға келгенде оның пәтерінде тұрғаны және тамақтанғаны үшін төлеуі тиіс деп мәлімдейді.

Сотқа берген түсініктемесінде Муралинова Хохловтың 1500 неміс маркасын оның ұлы Асланға кәсіпкерлік мақсатта ортақ іс ашу үшін бергенін және бұл тәуекелден оңды нәтиже болмауына ол өзін кінәлі деп санамайтынын айтады. Бұл іс бойынша сот тараптардың дәлелдемелерін сараптай келіп, ҚР АҚ 353-бабына сәйкес Муралинова Тамарадан Хохловтың пайдасына 6 250 неміс маркасының ұлттық валютадағы баламасын, яғни 300 812 теңгені өндіріп беру туралы шешім қабылдайды.

Аудандық соттың шығарған бұл шешіміне кассациялық тәртіп бойынша қадағалау жасаған Алматы қалалық сотының төрағасы өз наразылығын білдіріп, істі қайта қарау жөнінде Алматы қалалық сотының президиумына ұсыныс жасайды.

Алматы қалалық сот төрағасының бұл наразылығынан қан-дай негіздердің барын көруге болады?

Істі шешіңіз.

Азаматтық іс № 2—969/97

Алматы қаласының тұрғыны азамат Зубцов Александр Сте-панович төмендегі жайларды баяндап, заңгерден кеңес беруін сұрайды.

Оның анасы — Зубцова Евдокия Терентьевна 1957 жылдың сәуір айынан бастап күйеуі (бірақ заңды некеде болмаған) — Губарев Василий Иванович екеуі Марков көшесіндегі 68 үйде тұрып жатады.

Олардың әрқайсысында үй құрылымының 1/5 бөлігі жеке меншік құқығында болады.

1966 жылдың 17 сәуірінде Губарев В. И. қайтыс болады. Марқұмға тиесілі үйдің 1/5 бөлігін Зубцова Е. Т. заң жүзінде өз меншігіне аудармастан сол үйде тұрып жатады.

1980 жылы Зубцов А. С. анасы жалғыз қалғандықтан оның үйіне қоныс теуіп оған жәрдем көрсетіп жүреді. 1989 жылы ғана ол осы үйге тіркеуге алынады.

1994 жылдың 30 қаңтарында Зубцова Е. Т. қайтыс болады. Осыдан кейін Зубцов А. С. заң бойынша анасына тиесілі үйдің 1/5 бөлігін мұраға алады.

Сонымен бірге ол Губаревке тиесілі үй бөлігіне иелік етіп оны пайдаланып жүреді.

Губаревтың мұрагерлері болмағандықтан, оған тиесілі үй бөлігіне ешкім дау білдірмейді. Зубцов А. С. заң жүзінде Губаревтің үлесін өз меншігіне алуға құқы болмайды, себебі ол марқұммен ешбір туыстық қатынаста болмағанды.

Сөзінің соңында Зубцов А. С. марқұм Губаревқа тиесілі үйдің 1/5 бөлігін өз меншігіне алуға ниеті бар екенін айтып, әрі оның қандай заңды жолдары қарастырылғанын заңгерден сұрай-ды. Бұл іс бойынша қандай жауап берер едіңіз?

Азаматтық іс № 2—2764/97

“Кометаң комбинатында жүргізуші болып жұмыс істеп жүрген азамат Барышев И. И. 1994 жылдың 5 қазанында жұмыс уақытында өзіне бекітіліп берілген ережесін бұзып соның нәтижесінде азамат Головкиның жеңіл автокөлігімен соқтығысып оған 60 319 теңге көлемінде материалдық шығын келтіреді.

Бұл іс бойынша Алаты қаласының Октябрь аудандық соты 1994 жылы 6 желтоқсанда шешім қабылдап “Кометаң комби-натын қатерлі қауіп көзінің иесі деп танып азамат Барышевтың әрекеті салдырынан туындаған зиянды толық көлемде комбинат есебінен жәбірленушінің пайдасына өндіріп береді.

Сот шешімін орындағаннан кейін комбинат өнімі заң кеңесшісіне келіп кінәлі деп танылған жүргізуші Барышевқа кері талап қойып комбинатқа келген шығынды өндіріп алу жолдарын сұрайды.

Осы іс бойынша сот шешімінің негізділігін ҚР-сы азамат-тық кодексінің баптарына сәйкес анықтандар?

Комбинат өкіміне қандай кеңес берер едіңіздер?

II БӨЛІМ

1-тақырып.

САТУ-САТЫП АЛУ ШАРТЫ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Сату-сатып алу шартының ұғымы (пәні, бағасы, мерзімі, түрі).
2. Сату-сатып алу шартының мазмұны:
 - 2.1. Тараптардың негізгі құқықтары мен міндеттері;
 - 2.2. Меншік құқығының пайда болу сәті. Заттың кездейсоқ бүліну қаупі;
 - 2.3. Үшінші жақтардың құқығынан мүлікті босату. Эвикция.
3. Сату-сатып алу шартын бұзғаны үшін жауапкершілік.
4. Бөлшектеп сату-сатып алу шарты.
5. Тауар жеткізілімі шарты:
 - 5.1. Мүлікті құнын төлеп сатып алу жөніндегі шарттардың жүйесіндегі өнім беру шартының орны мен ерекшеліктері;
 - 5.2. Тауар жеткізілімі шартының субъектілері және шарт байланыстарының құрылымы;
 - 5.3. Тауар жеткізілімі шартын жасасу тәртібі;
 - 5.4. Тауар жеткізілімі шартының мазмұны;
 - 5.5. Тауар жеткізілімі шартын бұзғаны үшін жауапкершілік.
6. Мемлекет қажеттілігі үшін тауар жеткізілімі шарты.
7. Сату-сатып алу шарттардың басқа түрлері.

Есептер

1. Ұзақ шетелдік жұмыс сапарына жүрмек болған Сәрсен-баев жиһаз гарнитурын (софа, 2 кресло, журнал үстелі, ас үстелі және 6 орындық), кілемді, кітаптарды, ал сонымен бірге ас үй жиһазын сатпақшы болады. Ал Қамалов Сәрсенбаевтың барлық жиһазын (ас үйдегіден басқасын) және кітаптарын сатып алып, 10 күннен кейін (жаңа пәтерде жөндеу жұмыстары аяқталғаннан соң) алып кететін болып келіседі. Сәрсенбаев заттарын басқа біреуге сатып жіберер деп күмәнданған Қамалов, жазбаша түрде шарт жасасуды талап етеді. Тараптар шарт жасалған сәттен бастап жиһаз бен кітаптардың Қамаловтың меншігіне өтетінін шартта белгілейді. Онымен қоймай, Қамалов Сәрсенбаевқа алдын ала 100 мың теңге кепілпұл беріп, қалған ақшаны Сәрсенбаевтан заттарды алар күні, яғни 10 күннен кейін беруді уәде етеді. Бірақ сырқаттануына байланысты, Қамалов 10 күн өткен соң заттарды алуға келмейді. Екі күннен кейін Сәрсенбаевтың он бес жасар ұлы электр құралын абайсыз пайдалану нәтижесінде жиһаз бен кітаптар тұрған бөлмеде өрт шығып, бір креслодан басқа, жиһаз бен кітаптар жарамсыз болып қалады.

Бұл жайды естіген Қамалов Сәрсенбаевтан кепілпұлды қай-таруды талап етеді. Сәрсенбаев оған қарсы болды. Ол өз алдына, шарт бойынша Қамаловтың меншігіне өткен заттардың опат болуына байланысты Қамаловтан төленбей қалған ақша сомасын беруді талап етеді.

Бұл дауды қалай шешуге болады? Қамаловтың талабы кімге қойылуы тиіс: Сәрсенбаевқа ма, әлде оның ұлына ма?

2. Әмбебап дүкені Имановтың сатып алған пианиносын пә-теріне жеткізіп беруді өз міндетіне алады. Тасымалдау кезінде автокөлік жаңбыр астында қалады да, пианино су болып, жарам-сыз күйге ұшырайды. Сатып алушы жеткізілген пианиноны қабылдаудан бас тартып, ақшаны қайтарып беруді немесе ор-нына басқа жаңа пианино жеткізіп беруді талап етеді. Өзінің арызына Иманов әмбебап дүкен әкімшілігінен жауап алады. Онда Иманов дүкеннен пианино таңдап, оған ақша төлеп, пиа-ниноның меншікті иесі болғандықтан, кездейсоқ себептерден аспаптың бұзылуының салдарын өзі көтереді деп мәлімдейді. Иманов сотқа талап арыз береді. Талап арызында ол әмбебап дү-кенінен пианиноға төленген ақшаны қайтарып беруді, немесе оның орнына саудаға жаңадан түскен мұздатқышты беруді талап етеді. Әмбебап дүкені өз тарапынан соттан Имановтың сатып ал-ған пианиносын міндетті түрде қабылдауын міндеттеуді сұрайды.

Жеткізіп беру міндеттемесі мен затты сатқанда сатып алу-шының мүлікке меншік құқығы қашан пайда болады? Сатып алушы сатып алынған затты қабылдаудан немесе оның құнын төлеуден бас тартса оның салдары қандай болмақ? Жеткізілген пианиноны қабылдамауға және өз ақшасын қайтарып алуға не-месе пианиноны мұздатқышқа алмастыруға Имановтың құқы бар ма?

3. Қыста Көбенов Уәлиевтен саяжай сатып алады. Мамыр айында өз жанұясын саяжайға алып келгенде оның екі бөлмесін-де Сеитовтың жанұясымен бірге тұрып жатқанын көреді. Сеи-товтың айтуынша, былтырғы жылдың жазында ол Уәлиевтен үйдің екі бөлмесін 5 жылға жалға алып, алайда Уәлиевпен жазбаша шарт жасаспай, жалға алу төлемін тұтастай алдын ала төлеп қойған.

Көбенов наразылық білдіріп Уәлиевке барады, ал ол болса, үйдің жүйелі түрде жалға беріліп тұратынын Көбенов біле тұрып, жалгерлер барын, не жоғын сұрамағандығын желеу етеді. Сонымен бірге, оның ұғынғаны, Көбенов үйге құқық орнатушы құжаттарды рәсімдеуге мүдделі болған, ал жанұясымен бірге ше-телде тұрақты өмір сүретіндіктен, саяжайды пайдалану оның ниетінде жоқ деп пайымдайды. Көбенов көмек сұрап қорғау-шыға барады.

Оған қандай түсініктемелер берген жөн?

4. Үндеспәев Мәметовтан сиыр сатып алады. Көп ұзамай Үндеспәев сатып алынған сиырдың ауру екеніне көзі жетеді. Кө-мек сұрап барған оған мал дәрігері сиырды союға кеңес береді. Сиырды сойғанда оның қарнынан ине табылады. Мал дәріге-рінің қорытындысы бойынша сиыр сатылмай тұрып ауырған. Сойылған сиыр етін сатып, Үндеспәев шығындарын есептейді де, Мәметовтан олардың орнын толықтыруды талап етеді. Алай-да Мәметов Үндеспәевтың талабын орындаудан бас тартады. Ол сау мал сатқанын, тіпті қалай да болса оның ауру екені жайлы түк білмегенін айтады. Онымен қоймай, Үндеспәевтың сиыр ауру екенін біле салысымен дереу хабарлау керектігіне сілтейді. Үндеспәев болса, сиырдың ауру себебін білмей, сатушыға талап қоюға негізі жоқ болғанын, ал сиыр сойылған соң тездеп етін сатып, келтірілген шығындарды есептеу қажет болғанын айтады. Сондықтан да Үндеспәевтың ойынша, ол Мәметовқа деген тала-бын уақытында жасап отыр.

Дауды қалай шешуге болады?

5. Қалиасқаров Сарыбасовадан үй сатып алады. Келесі жылдың көктемінде жер асты сулары үйдің астындағы қоймаға еніп, үйдің ұстап тұрған бағаналарын шаяды да, үй жантая бас-тайды. Қалиасқаров сатушыдан үйге төленген ақшалай соманы қайтарып, шартты жоюды, не болмаса жауапкерден үйдің бұзыл-ған жерлерін жөндеу жұмыстарына жұмсауға қажетті шығындар сомасын алып беруді сұрап, талап арыз ұсынады.

Тап қазір әңгіме үйдің өзінен табылған кемістіктері туралы емес екенін Сарыбасова сотта айтады. Оның үстіне, сатылған үй маңында әр көктем сайын жер асты сулары үй астындағы қой-маларды суға толтырып жіберетінін бәрі де біледі.

Қалиасқаровтың талап арызы қанағаттандырылуға жата ма?

6. 16 қарашада Хасенов әмбебап дүкенінде алдын-ала жақ-сылап қарап, киіп көріп, костюм мен бәтеңке алады. Үйге кел-генде Хасенов костюмды тағы киіп көреді, бірақ тігілу пішіні мен костюмның түсі оған ұнамай қалады. Әкесімен ақылдасып, Хасенов жуық жексенбіде, 21 қарашада, костюмды ауыстырып алмақшы болады. Костюмды бұдан соң үстіне кимейді де. 20 қараша күні жұмыстан қайтып келе жатып, баспалдақтан аяғы тайып кетеді, ал сосын жаңа бәтеңкенің біреуінде тұмсық жағы-нан табаны ажырай бастағанын байқайды. 21 қарашада Хасенов дүкенге келіп, костюмды ауыстырып беруді, ал бәтеңкенің ақша-сын қайтарып беруді талап етеді. Әмбебап дүкенінің әкімшілігі костюмның сапасы әжептәуір жақсы, өлшемі де сәйкес екеніне және алмастыру үшін еш себеп жоқ екеніне сілтеп, оны алмас-тырудан бас тартады. Ал бәтеңке жайында дүкен әкімшілігі оны қайта қабылдауға, бірақ оның орнына басқа жұбын алуға ғана келісімін береді.

Сапасы жақсы костюмнің пішіні мен түсі ұнамайтын бол-са, Хасеновтың оны айырбастап алуға құқығы бар ма? Сатылып алынған аяқ киімде өндірістік сипаттағы кемістіктер байқалған жағдайда сатып алушы қандай құқықтарға ие болады?

7. Әкімжанова дүкеннен теледидар сатып алады. 20 күн өт-кен соң ол істен шығады. Дүкенде сондай теледидардың барына және кепілдік шеберханасында жөндетуді қаламайтынын айтып, сатып алушы теледидарды ауыстыруды талап етеді.

Кепілдік мерзімі белгіленген тауарларды ауыстыру тәртібі қандай? Аталған жағдайда дүкен теледидарды алмастыруға мін-детті ме?

8. Кондитерлік комбинат өнім беру шартына өзгертулер енгізу жөнінде ұн зауытына талап арызымен сотқа барады. Сатып алушы ұнның жетіспеуін немесе сапасының бұзылғанын байқа-ған жағдайда сатып алушының талабы бойынша сатушының өкілі келмеген әрбір шақыруға шартта шара белгілеуді ұсынады. Зауыт ондай санкцияның орнатылуына қарсы болғанымен, сот арызданушының талабын қанағаттандырып, ұнның сақталуы жақсарады деген оймен шартқа әрбір келмеу жағдайы үшін айып төлеу шараларын енгізеді.

Өнім беру шартында қосымша шаралар белгілеудің тәртібі қандай? Соттың қабылдаған шешімі дұрыс па?

9. Өнім беру шарты бойынша вагон жасау бірлестігі Жетісу темір жол Басқармасына жолаушы тасымалдайтын 10 вагонды сатады. Пайдаланудың кепілді мерзімінде үш вагоннан электрма-шина жасау зауыты шығарған генераторлардың кемістіктері бай-қалады. Сатып алушы бірлестіктен нашар сапалы өнім сатқаны үшін айып төлеуін және де генераторларды 2 күн ішінде ауыс-тырып беруін талап етеді. Темір жол талабын бірлестік 5 ақпанда алады, ал 28 ақпанда оны электрмашина жасау зауытына жібе-реді. Талапты алған күннің ертеңгісінде зауыт сатып алушыға өз өкілдерін жібереді де генераторларды сапалысына ауыстырады. Айып төлеуден зауыт бас тартады, өйткені, оның ойынша, кеміс-тіктерді жоюдың 20 күндік мерзімін бұзғаны үшін өнімді сатушы жауапты және шарт бойынша тарап ретінде өнімнің сапасы үшін де бірлестік жауап береді. Егер де бірлестік сатып алушының та-лабын дер кезінде жіберген болса, онда зауыт та генераторларды ертерек ауыстырып берер еді. Жетісу темір жолы Басқармасы бірлестік пен зауытқа сапасыз өнім сатқаны үшін айып төлемі, сонымен бірге вагондардың 1 ай құр тұрғаны үшін шығын-дардың орнын толықтыру туралы талап арызын сотқа береді.

Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?

10. Тігін кооперативі “Жастар сәнің дүкеніне әйелдер көйле-гінің бір тобын жеткізеді де шартта белгіленген мерзім өткен соң тауарлар үшін төлем талабын ұсынады. Бірақ дүкен көйлек-тердің сұранысы жоқ дегенге сілтеп, алған тауарлардың төлемін беруден бас тартады. Дүкен кооперативке шартты бұзып, көй-лектерді қайтып алуды ұсынады. Кооператив онымен келіспей, дүкеннен көйлектер үшін 750 мың теңге мөлшерінде соманы, онымен қоса тауар үшін төлем жасаудан бас тартқаны үшін айып төлеуді талап етеді.

Сатылған тауарлардың ақысын төлеуден бас тартқаны үшін сатып алушының жауапкершілігі қандай? Тараптар арасындағы дауды қалай шешкен жөн болады?

2-тақырып.

ЖАЛҒА АЛУ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Жалға алу шартының ұғымы және белгілері.
2. Жалға алу шартының тараптары.
3. Жалға алу шартының құрам бөліктері:
 - 3.1. Шарттың пәні;
 - 3.2. Шарттың мерзімі;
 - 3.3. Жалгерлік төлем.
4. Қосалқы жалға алу шарты.
5. Жалға алу шартының түрі.
6. Жалға алу шартын жасау.
7. Жалға алу шартын орындау.
 - 7.1. Жалға мүлікті беру;
 - 7.2. Жалға алынған мүлікті пайдалану;
 - 7.3. Жалға алынған мүлікті жақсарту.
8. Шартты орындаудан бас тарту немесе ойдағыдай орында-мау үшін жауапкершілік.
9. Жалға алу шартын мерзімінен бұрын бұзу.
10. Жалға алу шартының түрлері:
 - 10.1. Тұрмыстық жалдау;
 - 10.2. Көлікті жалға алу;
 - 10.3. Ғимараттарды және басқа да тұрғын емес орындарды жалға алу;
 - 10.4. Табиғат ресурстарын жалға алу (жер учаскелері, орман қорының объектілері және т.с.с.);
 - 10.5. Өнеркәсіптерді жалға алу.
 - 10.6. Қаржыны жалға алу (лизинг).
 - 10.7. Мемлекет меншігіндегі объектілерді жалға алу. Концессия.

Есептер

1. Құс фабрикасы фермер Есеновқа екі ғимарат орнын жалға береді, алайда ғимарат орындары фермерге іс жүзінде өткізілгеннен соң тек 6 айдан кейін ғана шартқа қол қойылады. Құс фабрикасы мен фермер арасындағы шарттық қарым-қатынастар тек шартқа қол қойылған күннен бастап пайда болғанына сүйене отырып, фермер жалға алған орынның ақысын тек шартқа қол қойылған күннен бастап қана төлейді, ал алдыңғы алты айға ақы төлеуден бас тартады. Дауды сотта қарастыру кезінде фермер шартқа уақытында қол қойылмау себебі құс фабрикасы жалға беретін орынды шарт мақсаттарына бейімсіз күйде өткізгенін және фермердің өзі оны қайта жабдықтағанын айтады. Онымен қоса фермер жалға берілген күннен бастап орынның бір бөлігін тракторлар бөлшектерінің қорын сақтау үшін пайдаланғанын растайды.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

2. Азамат Саматов шарт бойынша азамат Қаржауовтың “Жи-гулиң автокөлігін ақы төлеп уақытша пайдалануға алады. Біраз уақыт өткен соң Қаржауов өз таныстарынан Саматовтың жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, Қаржауовтың автомобильін жолаушы-ларды ақы алып тасымалдау үшін пайдаланып жүргенін біледі. Автомобильдің осылай жиі қолдануымен келісе алмаған Қаржауов автомобильді пайдаланғаны үшін Саматовтан жолаушылар тасымалдаудан түскен табыстың 20%-і мөлшерінде төлем орнатуды немесе шартты бұзуды талап етеді. Саматов Қаржауовтың талабы негізсіз деп санайды, өйткені олар Саматов тапқан табысының проценттік үлесіне үміттенуге болатындай бірлескен іс-әрекет шартын емес, жалға алу шартын жасасты. Сонымен қатар жалға алу шартында автомобильдің қандай мақсаттар үшін пайдалануы керек екені жайлы бірде-бір сөз жоқ. Келісімге келе алмаған тараптар заң кеңесшісіне барады, ол жердегі қорғаушы Саматовты жақтап, автомобильді пайдалану кезінде мақсаттық тағайындалуы сақталады деп мәлімдейді.

Қорғаушының шешімі дұрыс па?

3. “Қаршыға колхозың акционерлік қоғамы (бұдан ары қарай — “колхоз”) Ақбидай ауылының селолық тұтыну қоғамына (бұдан ары қарай — “қоғам”) көкөніс сақтау орнын жалға береді. Бұл көкөніс сақтау орны колхоздың тұрақты (мерзімсіз) пайдалануына алынған жер учаскесінде орналасқан. Шарттың күші бар кезде қоғам колхоз келісімін алып, көкөніс сақтау орнын магазин етіп қайта жабдықтайды, ал кейін колхоз келісімін алмай-ақ, жалгер үйді бұзып, құрылыс материалы ретінде тура сол жерге үй салу үшін пайдаланған болатын. Колхоздың қоғамға көкөніс сақтау орнын қайтару туралы талап арызын сот жалгердің мүлікті қайтаруға және мүліктің нашарлауы мен құнсыздануы себебінен туған жалға берушінің шығындарын өтеуге міндетті екенін негізге ала отырып, қанағаттандырады. Сот шешіміне шағым беріп, жауапкер мүліктің қазіргі кезде жоқтығын, ал сотта іс қаралып жатқан уақытқа қарай қоныстандырылған тұрғын үйдің құрылысы қымбат болып шыққандығынан колхоздың талап арызын қабылдамау керек деп көрсетті.

Жоғарғы сот қандай тарапты қолдау тиіс? Егер тұрғын үйге меншіктілік құқығы бәрібір де қоғамның пайдасына берілсе, жер учаскесін иемдену құқығы кімде болмақ?

4. Қалалық мүлікті басқару комитеті (ары қарай — “ҚМБҚ”) “Арайң жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (ары қарай — “Серіктестік”) өндірістік мұқтаждығына екіқабатты үйді 25 жылдық мерзімге жалға береді. Жалға алу шарты конкурстық негізде жасалды. Оған қатысқан серіктестік 200 000 000 теңге төлеп барып осы үйді жалға алу шартын жасасу құқығына ие болады. Шартқа тұрғаннан 5 жыл өткен соң серіктестік шетел инвесторымен біріге отырып жаңа заңды тұлға құрады да, жарғылық қорға үлесі ретінде жалға алынған үйдің жартысын 10 жыл пайдалану құқығын береді. ҚМБҚ қызметкері жалдау ақысының серіктестіктен емес, оның ұйымдастырған біріккен кәсіпорыннан келіп түсетінін байқайды. Осыған байланысты серіктестікке жалға алу шартын бұзу жайлы талап арызы жолданады, өйткені ҚМБҚ-ның ойынша шарттағы үйді қосалқы түрде жалға өткізуге салынған тыйымды серіктестік бұзады. Ал серіктестік болса жалға алу шартында жалға алынған мүлікті пайдалану хұқығын жаңа құрылған заңды тұлғалардың жарғылық қорына өткізуге тыйым салынбағандықтан, жалға алу шарты бұзылмады деп санады. Ал біріккен кәсіпорынның жалгерлік ақыны аударуына келетін болсақ, ол оны серіктестіктің

тапсыр-масы бойынша және оның алдындағы қарызы есебінде жасағанын айтады.

ҚМБК-ның дәлелдемесі дұрыс па? Талап арызына жауап дайындаңыз.

5. 10 мамырда Қалалық мүлікті басқару комитеті (ары қарай — “ҚМБК») жалға алу шартының мерзімі өткеніне байланысты “Арманң акционерлік қоғамын оған берілген үйден шығару туралы талап арызымен сотқа береді. Шартта оны бұзудың басқа жолы қарастырылғанына: егер шарт мерзімінің аяғына 2 ай қалғанда тараптардың ешқайсысы оның қысқартылуы жайлы сөз қозғамаса, онда ол тура сондай мерзімге, яғни 5 жылға ұзартылатынына сілтеу жасай отырып, қоғам талап арызға қарсылық білдіреді. ҚМБК болса, шартты бұзу жайлы талабын 1 көкекте, яғни шартты бұзу жайлы сөз қозғауға болатын мерзімнің аяқта-луынан соң 5 ай өткенде береді.

Бұл дауда кім әділ?

6. “Құрылысң акционерлік қоғамы “Алматы Трестң акцио-нерлік қоғамына тас ұсақтайтын жабдықты 5 жылдық мерзімге жалға өткізеді. Жалға берушінің рұқсатымен жалгер тас ұсақтайтын жабдықты “Мерейң жауапкершілігі шектеулі серікте-стікке 3 жылдық мерзімге қосалқы жалға береді. 6 айдан соң “Құрылысң пен “Алматы Трестң өзара келісімі бойынша шартты бұзуды ұйғарады. Сол себепті мүлік иесі “Мерейң жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен тас ұсақтайтын жабдықты қайтаруды талап етеді. Ал ол болса, мерзімі әлі өтпеген қосалқы жалға алу шартын негіз етіп, жабдықты қайтарудан бас тартады.

Істі шешіндер. Егер:

1) жалға алу шарты жалгердің жалға алу ақысын төлемеуіне байланысты бұзылған болса;

2) тас ұсақтайтын жабдық жалға берушінің келісімінсіз қо-салқы жалға берілсе шешім өзгеріске ұшырай ма?

7. “Ұларң акционерлік қоғамы “Абылайң жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ақысын өтеп сатып алу құқығын бере отырып 3 жылдық мерзімге “Volvo-850ң автомобилін жалға бе-реді, яғни әрбір кезекті жалға алу төлемі сатып алу төлемі болып табылады. Шарт мерзімі өткен соң кезектегі жалға алу төлеміне тең болатындай сатып алудың қосымша ақысын төлесе, сол сәт-тен бастап жалгердің автомобильді өз меншігіне айналдыруға мүмкіндігі туады. Екі жылдан соң “Абылайң банкротқа ұшырай-ды және оның амалсыз таратылуы барысында автомобильді са-тып алу төлемдерін қайтару жайлы мәселе қозғалады. “Ұларң бұған қарсылық білдіреді, өйткені оның ойынша, тек шарт мер-зімі аяқталған соң ғана жалгер сатып алу құқығына ие болады, демек жалға алу төлемдерін қайтарудың қажеті жоқ деп санады. Сонымен қатар шартта мынадай да қағида бар: егер жалгердің жасаған қателіктері кесірінен жалға берушінің ықыласы бойын-ша шарт мерзімінен бұрын бұзылса, сатып алу құқығы өзінен-өзі жойылады.

Дауды шешіндер. Осы шарт лизинг қатарындағы шарттарға жата ма?

8. Лизингалық компания болып табылатын “Вестң Ақ Трансформер ЖШС — мен лизинг шартына отырады. Аталған шарт бойынша “Вестң “Трансформергең электр зауытынан кү-шейткіш қондырғы алып беруге міндетті болады. Сатушыны ли-зинг алушының өзі таңдайды. Бұл шартта лизинг беруші, сату — сатып алу шарты бойынша сатушы өз міндеттерін орындамаған жағдайда — лизинг беруші жауап бермейтіндігі көзделеді.

“Вестң сату — сатып алу шартын жасасады. Алайда лизинг шарты бойынша мүліктің нақты бір жалға алушыға берілетіні жөнінде сатушыға ескертпейді.

Күшейткіш қондырғы белгіленген мерзім аралығында “Транс-формергең беріледі. Бірақ аталған қондырғының кепіл мерзімі өтпей жатып, істен шығып қалады. Лизинг алушы сатушыдан күшейткіш қондырғыны ауыстырып, жарамдысын беруді талап етеді. Сатушы мүліктің лизинг

шарты бойынша берілгеннен ха-бардар емес екендігін айтып, талапты орындаудан бас тартады. Осыдан кейін жалға алушы лизинг берушіден шартты бұзуды, сонымен бірге келтірілген шығынды өтеуді талап етеді.

Істі шешіндер . Егер сатушыны лизинг беруші өзі таңдаған болса, бұл жағдайда шешім өзгере ме?

9. Кеңсе тазалау қызметімен шұғылданып жүрген жеке кәсіпкер Шұбаров прокат бюросынан бір ай мерзімге шаңсорғыш алмақ болады. Себебі, өз шаңсорғышы кәсіпкерлік қызмет бары-сында істен шығып, тұрмыс-техникаларын жөндейтін шеберха-наға тапсырылған болатын.

Прокат бюросы шаңсорғыштың тұрмыстық мақсатта ғана пайдалануға арналғандығын және кәсіпкерлік мақсатта қолдану кезінде анық тез тозатындығын желеу етіп, шаңсорғышты беру-ден бас тартады. Сонымен бірге, прокат бюросының қызметкері мүлікті пайдалануға байланысты белгіленген бағада (тарифте), жоғарыда аталған жайлардың ескерілмегендігін айтады.

Прокат бюросының бас тартуы негізсіз, деп белгіленген Шұ-баров сотқа берген талап-арызында, прокат бюросын шарт жасауға мәжбүрлеуді және кәсіпкерлік нәтижесінде алуға тиіс, күндік орташа табыстың тұрып қалған күндерге көбейтілген көлемінде шығындарды өтеуді талап етеді .

Істі шешіңіздер. Егер шарт объектісі токарлық станок болса, сіздердің шешімдеріңіз өзгере ме?

10. Азамат Исаев азамат Түркебаевқа пайдалануға № 1 өзі-нің роялін 10 жыл мерзімге жалға беру жөнінде келісіп төменде-гідей шарт жасасады:

Рояль бұрынғысынша Исаевтің үйінде қала береді. Ал Пер-небаев, аптасына 1 рет сағат 16. 00-де Исаевтің үйіне келіп 2 сағат бойы төлемақы ретінде Пернебаев әр кез тағам алып келуге тиісті болады.

Келісім жазбаша түрде рәсімделеді. Арада 2 жыл өткеннен кейін Исаев пен Пернебаев араздасып қалады, осы себептен жалға беруші рояльді пайдалануға келген жалға алушыны үйге кіргізуден бас тартады. Бұдан кейін Пернебаев талап арыз беріп Исаевтан рояльді алып пайдалануға қайта мүмкіндік алуға ше-шім қабылдайды.

Сот қандай шешім шығаруға тиіс. Егер Пернебаевты рояльді пайдалануға Исаевтің үйін өзге де мүмкіндіктерімен қоса ро-яльді сатып алған жаңа меншік иесі жібермесе сот шешімі өзгере ме?

11. Азамат Несіпбек ашық акционерлік қоғамның өзіне тие-сілі 10 акциясын Лекерова деген азаматшаға жалға береді. Леке-рова акционерлік қоғамның жылдық кезекті жалпы жиналысына келіп оған қатысуға мүмкіндік алады, күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беріп дивидент алады да оны сол күні өз дивидент мұқтажына жұмсап жібереді.

Алынған дивиденттерді қайтаруды талап еткен Несіпбекке, Лекерова өз наразылығын білдіріп, жалға алынған мүлікті пайда-лану кезінде өндірілген табыс шартта көрсетілмесе де жалға алу-шының меншігіне өтетіндігін айтады. Несіпбек сотқа жүгінеді.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

Сондай-ақ акция орнына вексель жалға берілген болса ше-шім өзгере ме?

12. Травкин Муслимовқа бір топ түбітті ешкілерін 3 жылға түбіт жинау мақсатында жалға береді, бұл арада пайдаланғаны үшін төлем ретінде әр жылғы өсімнен (төлден) кемінде бір лақ беріп тұруы жайлы өзара келісімге келеді.

Жалға алынған алғашқы жылда-ақ ешкілердің ешқайсысы төлдемейді. Мұны біліп Травкин жалға алған мүлікті пайдалан-ғаны үшін төлем төлеуді талап етіп, ол орындалмаған жағдайда шартты

бұзып шығынды өтеуді талап етуге құқылы екендігін көрсетеді.

Муслимов өз тарапынан мүлікті пайдалану жағдайын нашар-латқандығы үшін төлем төлеуден босатуды талап етеді.

Травкиннің көршісі Күзенбаев осы дауға қатысты “ешкілер-ден төл алынбаған болса онда Муслимов дәл сондай ешкі лағын сатып алып оны төлем ретінде қайтаруы тиіс деген пікір айтады. Осы дауда қай тарапты қолдар едіңіздер?

13. Азамат Марков “Прокатң бюросынан 6 айға ақылы не-гізде бейне магнитофонды жалға алады. Бір ай пайдалануда болғаннан кейін бейнемагнитофон істен шығып қалады. Үйге шақырылған прокат бюросының қызметкері бейнемагнитофон-ды жөндеуге алу қажеттілігін айтып, жөндеу аяқталғанға дейін ақы алмайтындығын айтады.

Марков өз тарапынан прокат бюросынан шартты бұзып, прокат төлемін қайтарып беруді, сонымен бірге келтірілген за-лалды (бейнемагнитофонды тасымалдау кезінде таксиге төленген шығынды және басқаның ақшалай қаражатын заңсыз пайдалан-ғандығы үшін), моральдық зиянды өтеу туралы талаптар қояды. Прокат бюросы талапты орындаудан бас тартып, аталған жағдай-лар заңда прокат шартын бұзуға негіз болып көзделгендігіне сілтеме жасайды. Сондай-ақ Марков бейнемагнитофонның пай-далану ережесін дұрыс сақтамауы да мүмкін, әдетте өзінен өзі бұл зат бұзылмайды. Марков арызбен сотқа жүгінеді.

Сот қандай шешім шығаруы керек? Бейнемагнитофонның пайдалану ережесінің бұзылуын кім дәлелдеуге тиіс?

3-тақырып.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰҚЫҒЫ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету.
2. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй қорларының ұғымы мен түрлері.
3. Тұрғын үй құқықтық қатынастардың пайда болуы негіз-дері:
 - 3.1. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорындағы үйлер-ге құқықтың пайда болуы;
 - 3.2. Тұрғын үй және тұрғын үй-құрылыстық кооператив үй-леріне құқықтың пайда болуы;
 - 3.3. Жеке меншік иелігіндегі үйлерге (пәтерлерге) құқықтың пайда болуы;
 - 3.4. Қызметтік тұрғын жайға құқықтың пайда болуы;
 - 3.5. Арнайы үйлер мен жатақханалардағы тұрғын орынға құ-қықтың пайда болуы.
4. Тұрғын үй орындарын пайдалану:
 - 4.1. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорындағы үйлер-ді әлеуметтік жалға алу шарты бойынша пайдалану;
 - 4.2. Жеке меншіктегі азаматтар мен заңды тұлғалардың үй-лері мен пәтерлерін пайдалану;
 - 4.3. Жалгердің және тұрғын үйдің меншік иесінің отбасы мүшелерінің құқықтары.
5. Тұрғын үй құқықтық қатынастарын өзгерту:
 - 5.1. Тұрғын ауданын бөлісу кезіндегі шарттың өзгеруі;
 - 5.2. Жалгерлердің бірігуі кезіндегі шарттың өзгеруі;
 - 5.3. Жалгерді ауыстыру кезіндегі шарттың өзгеруі;
 - 5.4. Босатылған тұрғын орнының қосылуына байланысты шарттың өзгеруі;
 - 5.5. Пәтердің қайта жасалуы мен қайта жоспарлануы салда-рынан туған шарттың өзгеруі;
 - 5.6. Тұрғын үй орындарымен алмасудың шарттары мен тәр-тібі.
6. Тұрғын үй құқықтық қатынастардың тоқтатылуы:
 - 6.1. Әлеуметтік жалға алу және тұрғын үй орнын жалға алу шарттарының бұзылуы;
 - 6.2. Басқа тұрғын үй беріп сот арқылы қоныстан шығару;
 - 6.3. Тұрғын үй бермей сот арқылы қоныстан шығару;
 - 6.4. Қоныстан әкімшілік жолмен шығару.

7. Тұрғын үйді жекешелендіру.

Есептер

1. “Қызғалдақ саяжай-құрылыстық кооперативінің мүше-лері жалпы жиналыста құрылысы бітпеген саяжай үйлерін күзету мен кооперативтің құрылыс материалдарын ұрлықтан сақтау үшін күзетшіні жалға алуды және оның пайдалануына СҚК тер-риториясындағы бастапқыда кооператив басқармасының мәжі-лістері үшін пайдалануға арналған кішкене үйді беруді шешеді. Кейінірек күзетшінің қыста да сонда тұра беруі үшін СҚК қар-жысына үйге жылу жүйесін орнатып қайта жасақтайды.

Бірнеше жыл өткен соң күзетші ауырып қалып, міндеттерін орындай алмағандықтан, жұмыстан шығады. Кооператив бас-қармасы оған үйді босатуды сұрайды. Басқа тұрғын орны жоқ-тығын және Ұлы Отан соғысының ардагері болып табылатынын себеп етіп, күзетші орынды босатудан бас тартады. Оның ойын-ша, СҚК оны тұрақты тұруға жарамды басқа тұрғын орнымен қамтамасыз етуі тиіс. Басқарма болса кооперативтің ешқандай тұрғын орны жоқ екенін, ал СҚК-ның тұтынушылық коопе-ратив болғандықтан тек өз мүшелеріне ғана саяжай үйшіктер са-латынын көрсетеді.

Басқарма күзетшіге тұрғын орынды босату жөнінде талап арызын сотқа береді.

Істі шешіңіздер.

2. 1989 жылдан бері тұрғын үй жағдайларын жақсарту есе-бінде тұратын Сариева аудандық тұрғын үй есептеу мен бөлу бөліміне келіп, тұрғын үй алаңын алуға қандай құқығы барын және оны қалай жеделдетуге болатынын инспектордың түсін-діріп беруін сұрайды. Кейінгі кезде ақысыз мемлекеттік тұрғын үй алуға үміті жоқ екенін түсінген ол заңмен қарастырылатын тұрғын үй жағдайларын жақсартудың қандай жолдары барын түсіндіруді сұрайды. Сонымен бірге, егер мемлекет оған белгілі бір жеңілдіктер немесе кезекте тұрушы ретінде субсидиялар беретін болса, тұрғын үйді сатып алу үшін өз қаржысын салуға дайын екенін айтады. Күйеуі және баласымен тұрғын үй-құры-лыстық кооперативтің бір бөлмелі пәтерінде (тұрғын алаңы 15 шаршы метр) тұрып жатқандығынан, кооперативтегі босатылып жатқан пәтерлер есебінен тұрғын үй жағдайларын жақсарту мүмкіншілігі жайлы сұрақ та оның мүддесіне сай екенін білді-реді. Кооперативтің барлық мүшелері өз жарна ақыларын төлеп қойған болатын. Инспектор Сариеваның қойған сұрақтарының бәріне жауап бере алмай, заңгерге баруға кеңес береді.

Заңгер қандай түсініктеме беруі тиіс?

3. Тайжанов әйелі және 11 жасар қызымен екі бөлмелі пә-терге ордер алып оған кіреді де бұрын тұрып жатқан комму-налдық пәтердің 20 метрлік бөлмесін босатады. Бірнеше жыл өткен соң оларға пәтерді босату талабымен Сармановтар келеді, өйткені пәтер оларға Тайжановтардан бұрын берілген, бірақ та Қиыр Солтүстіктегі жұмыстарына байланысты онда тұрмайтын болған. Тұрғын үйге заңды түрде кіріп, тұрғын орын бос болып есептелгендіктен, ал тұрғын үй органдарында үйдің бос емес екені туралы мәлімет жоқ болғандықтан ешкімнің құқығы бұ-зылмағанын айтып, Тайжановтар үйді босатудан бас тартады. Сармановтар талап арызбен сотқа барады. Сот мәжілісінде тұр-ғын үй органдары қызметкерлерінің кінәсі бойынша үйдің бос емес екені туралы құжаттардың (брон) жасалмағаны, сонымен бірге Сармановтардың бронін жаңа мерзімге ұзарту туралы хабарлау қағазы бар болғандығы анықталады.

Сотқа келген жергілікті әкімшілік өкілі Тайжановтарға басқа пәтер ұсынады. Олар болса тұрып жатқан пәтерін жабдықтауға көп қаржы жұмсағанын, ол пәтердің жұмыс орнынан, баласы-ның баратын мектебінен қашық емес екеніне сілтеп, ұсыныстан бас тартады. Тайжановтардың ойынша, басқа пәтер Сарманов-тарға берілуі тиіс, өйткені олар таласқан тұрғын үйге кіріп тұрып жатқан жоқ, яғни пәтерге ешқандай құқығы жоқ.

Тараптар дәлелдерін талдап беріңіз. Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

4. Үш жаннан тұратын Ормановтар жанұясы бір пәтердің 16 шаршы м. бөлмесінде, ал екінші 12 шаршы м. бөлмеге Қыр-манов пен Есжанова қоныстанған. Соңғылары заңды некеде тұрмағанымен, жеті жылдан астам уақыт бірге осы тұрғын алаңда тұрып жатады.

Қырмановтың қайтыс болуынан кейін оның бөлмесінің ор-дері Есжановаға беріледі. Ормановтардың ойынша, босаған бөл-ме олардың жанұясына берілуі тиіс, сондықтан да олар ордерді жарамсыз деп тану жөнінде талап арыз береді. Талап арызда Ес-жанованың Есжановпен заңды некеде тұрғаны және күйеуі мен оның ата-енесі тұрып жатқан ауданы 40 шаршы м. 3 бөлмелі пә-терде тіркелгені көрсетіледі.

Аудандық сот Ормановтардың талап арызын қанағаттан-дырудан бас тартады. Олар кассациялық шағымымен қалалық сотқа барады.

Қалалық сот қандай шешім шығаруы тиіс?

5. Төрәқұловтар өз пәтеріне үй шаруашылығын жүргізуге және балаларына қарап тұруға келіскен алыс туысын зейнеткер Әлкенованы тіркейді. Ормановтар мен Әлкенова бірігіп шаруа-шылық жүргізеді, сонымен бірге Әлкенова өз зейнет ақысының жартысын ортақ бюджетке қосып отырады. Төрәқұловтар Әлке-новаға еңбек ақы төлемейді. Балалар өсіп, Әлкенова қартайған соң, Төрәқұловтар балаларының жанұя құрып тұрғысы келетін-діктен, тұрғын үй қажет деген себеппен Әлкенованың үйден шығуын талап етеді. Төрәқұловтардың бірігіп бір жанұя болып тұрамыз дегеніне сілтеп, Әлкенова үйді босатудан бас тартады. Сонымен бірге, Төрәқұловтардың үйіне көшкенде өз үйін сатып жіберіп, одан түсірген ақшасы жанұяның қажеттіліктеріне және пәтерді жөндеуге кеткенін мәлімдейді. Қазіргі уақытта Әлкено-ваның үйі жоқ. Төрәқұловтар Әлкенованы үй шаруашылығына қарайтын қызметкер ретінде алғанын және оның тұрғын алаңға ие болу құқының жоқ екенін айтады, Әлкенованы үйден шығару жөнінде талап арыз береді. Әлкенова қазір тұрып жатқан Төре-құловтар пәтерінің бір бөлмесін бөліп беру жөнінде қарсы талап арызын береді. Бұл жағдайда, үйлері коммуналдық пәтерге айна-лып кететінін, осылайша қалған жанұя мүшелерінің құқықтары қысым көретінін ескеріп Төрәқұловтар талап арызына мүлдем қарсылық білдіреді.

Істі шешіңіздер.

6. Мақсұтовқа, милиция қызметкері ретінде, 1980 жылы 2 бөл-мелі пәтерден 17 кв.м. бөлме беріледі. Ол қызмет ордері негізінде пәтерге кіріп, әйелін және кейінірек 1982 және 1984 жылдары туған өз балаларын тіркейді. 1983 жылы ол милиция қатарынан өз қалауы бойынша шығып кетеді.

Көрші 13 кв.м. бөлмені 1987 жылға дейін жалға алу шарты бойынша Шораевтар алып жатқан болатын. 1987 жылы бөлек пәтер алуына байланысты олар бөлмені босатады. 13 кв.м. бөлме аудандық атқару комитетінің 25 көкек 1987 жылғы шешімімен қызмет қатарындағы бөлмелерге еніп, қызмет ордері негізінде Саметоваға беріледі, ол оны 1992 жылы босатады.

Мақсұтов 1987 және 1993 жылдары өзінің жанұясы тұрып жатқан бөлмені қызмет қатарындағы бөлмелерден шығарылуын сұрап, аудандық әкімшілікке барады, бірақ екі ретінде де қарсы жауап алады.

1993 жылы 13 кв.м. бөлмеге қызмет орденін Мамырова ала-ды. Мақсұтов ордердің жарамсыздығын тану және босаған тұр-ғын алаңын өзіне беру жөнінде талап арызымен сотқа барады.

Сот қандай шешім шығаруы мүмкін? Осы іс бойынша ше-шім қандай дәлелдермен негізделуі мүмкін? Қызметтік тұрғын үй орындарының құқықтық тәртіп ерекшеліктерін атаңыздар.

7. Аула сыпырушы Даутова 20 кв.м. бөлмеде өзінің қызы мен кәмелетке толмаған немере қызымен тұрып жатады. Дау-товаға берілмей тұрып пәтер аудандық әкімшілік шешімімен қызметтік тұрғын үй қатарына жатқызылады. Бес жыл жұмыс істеген соң Даутова өз қалауы бойынша жұмыстан шығады (ем-деу мекемесінен аурудың сипатына қарай Даутова қысқы мезгіл-де аула сыпырушы болып істей алмайтыны жайлы анықтама беріледі).

Даутоваға жанұясымен бірге қызметтік тұрғын орнын босату ұсынылады. Жұмыстан шығуға маңызды себебі барына сілтеп, Даутова пәтерді босатудан бас тартады. Онымен қоса, оның қы-зы кәмелетке жетпеген қызын жалғыз өзі бағып жатқанын айтады.

Сотқа Даутованың жанұясын басқа тұрғын орын бермей пә-терден шығару туралы талап арызы келіп түседі.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

8. ТҚК-тің үйін салу барысында ТҚК-ның бір мүшесі, Үкі-баев, қайтыс болады. Қайтыс болу сәтіне қарай ол жарналық тө-лемнің жартысын төлеген болатын. Марқұмның әйелі, Үкібаева, оның жалғыз мұрагері болып табылатындығынан және ТҚК мү-шесі болуға құқығы үстем екенін негіздеп кооператив мүшел-дігіне қабылдануын сұрайды.

ТҚК Үкібаеваны мүшелікке қабылдаудан бас таратады, өйт-кені оның күйеуі кооперативке жеңілдетіп берілген кезек бойын-ша қабылданған, ал Үкібаеваның ондай жеңілдіктері жоқ. Оны-мен қоса ол өзінің ата-анасы және әпкесімен 41 кв.м. пәтерде тұрып жатқандықтан тұрғын үйден тапшылық көріп жатқан жоқ деген желеумен бас тартады. Үкібаева сотқа барады.

Үкібаеваның жарна жинау құқығы пайда болғанын, демек кооперативке кіруге басым құқығы барын негізге ала отырып сот талап арыз берушінің пайдасына шешім шығарады. ТҚК кассациялық шағымымен қалалық сотқа барады.

Қалалық сот қандай шешім шығаруы тиіс?

9. Алматының тұрғыны инженер Тілеулесов зиянкестігі үшін ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылып сотталады, ал оның жанұясы Оралға жер аударылып жіберіледі. Қамау орындарында Тілеулесов қайтыс болады. Алпысыншы жылдары ол ақталады да қылмыс құрамының жоқтығынан оның ісі тоқтатылады. Ақтал-ғанынан кейін Тілеулесовтың әйелі мен есейген балалары бұрын Алматыда әкесімен бірге тұрған және олар жер аударылғанынан кейін заң органдарының қызметкерінің біріне берілген пәтерді қайтарып беруді талап етеді. Пәтердің заңды тәртіп бойынша басқа адамға берілгенін айтып, олардың талабы мойындалмайды. Солай бола тұра Тілеулесовтың жанұясы есепке алынып, Алма-тыдан сол кездердегі нормалар бойынша пәтермен қамтамасыз етіледі. Тоқсаныншы жылдары Тілеулесовтар бұрынғы өз пәтер-лерін қайтару жөніндегі мәселені тағы да көтереді. Олар айыры-лып қалған пәтерлерінің қазіргі пәтерлерінен жағдайы әлдеқайда жоғары болғанына сілтейді. Сонымен қатар бұрыңғы үй орны қайтарылған жағдайда қазіргі пәтерді босатуға келісім беретінін айтады.

Тұрғын үй органдары Тілеулесовтардың талабын негізсіз деп санайды. Содан кейін Тілеулесовтар сотқа барады. Сотқа Тілеу-лесовтардың пәтері олардың әкесі мен күйеуінің ісін жүргізген тергеушіге берілгені жайлы анықтама қағазы беріледі. Қазір ол қайтыс болған, ал пәтерде оның жанұясының мүшелері тұрып жатыр.

Істі шешіңіздер.

10. Ерлі-зайыпты Жақыповтар Ақтөбеде тұрғын үй құрылыс кооперативінің үйінде екі бөлмелі пәтерде тұрып жатады. Пәтер-дің жарна төлемі толығымен төленген соң, олар оны қаланың жақсырақ ауданындағы тура сондай пәтеріне алмастыруды ұйға-рады. Ондай вариантты олар тез арада табады, алайда ол тұрғын үйді жалға алу шарты бойынша пайдалануға берілген мемлекет-

тік пәтер болып шығады.

Алмастыруды жүзеге асыру үшін олар нотариусқа барады. Соңғысы ондай шарттар нотариалды куәландыруға жатпайтыны-на сілтеп, шартты куәландырудан бас тартады. Сонымен бірге, Тұрғын үй кодексі бойынша жалгер тек басқа жалгермен алма-суға құқығы бар.

Ерлі-зайыпты Жақыповтар және алмасу бойынша олардың котрагенттері заң кеңесшісіне олардың құқықтары мен алмасу-дың тәртібі жайлы түсініктеме сұрап барады.

Заңгер қандай түсініктеме беруі тиіс?

11. Бөрібаева психоневрологиялық диспансердің есебінде болып, екі бөлмелі коммуналдық пәтердің 14 кв.м. бөлмесінде тұрып жатты.

Қайтыс болмай тұрып бір жыл бұрын өз әпкесімен тұрғын алаңымен алмасады, оның нәтижесінде жиенінің 2 бөлмелі пәте-ріне жанұя мүшесі ретінде кіреді, ал оның бөлмесіне әпкесі кө-шіп келеді.

Бөрібаева қайтыс болған соң оның көршілері 14 кв.м. пәтер олардың пайдалануына берілуі тиіс деп санап, прокурордан пә-тер алмасуды жарамсыз деп тануды сұрайды.

Прокурор қандай түсініктеме беруі тиіс?

12. Үш бөлмелі коммуналдық пәтердің 15 кв.м. бөлмесінде Айтбаева, 12 кв. м. бөлмесінде Мақанов және 20 кв. м.— Сеитов тұрып жатты. 1995 жылдың қаңтарында Сеитов өз бөлмесін басқа ауданның екі бөлмелі пәтеріндегі 14 кв. м. бөлмеге ауыстырып алады. Алмасу ордері негізінде 20-метрлік бөлмеге 3 адамнан тұратын Көбенювтер жанұясы көшіп кіреді.

Сол жылдың маусым айында Мақанов та қайтыс болады және босаған бөлменің ордерін 1995 жылдың тамызында Кө-бенювтер жанұясы алады.

Айтбаева 1995 жылдың қазан айында босаған тұрғын орын ордерін жарамсыз деп тануды және сол орынды оған беруі жө-нінде сотқа талап арызбен барады және өзінің мүгедек бол-ғандықтан қосымша алаңға құқығы барын, блокаданы бастан өткізгенін, әрі әкімшілікте кезекте тұрғанын айтады. Айтбаева-ның бөлмесі босаған бөлмеге жапсарлас-оқшауланған бөлме болып келеді.

Айтбаева талап арызында Көбенювтердің 20 кв. м. бөлмеде тіркелгенімен ешқашан онда тұрмағанын көрсетеді. Бөлмені әлі күнге шейін Сеитова пайдаланып жүр. Көбенювтер жанұясының мүшелерінен ешбірі пәтерде болмаған, оны көршілердің куәгер-лік жауабынан көруге болады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

13. Коммуналды пәтердің бөлмесінде тұратын Терекюв үнемі мас болып, ұрыс-керіс шығарып, ортақ пайдалану орындарын жинамай жүреді. Көршілері және басқа да пәтерлердің тұр-ғындары онымен бірге тұра алмайтындығынан оған үйді босату жайлы талап арызын береді. Істі қарау барысында арыз берушілер өз талаптарын өзгертіп, Терекювтың тұрып жатқан бөлмесін ауыстыруына келісім береді. Алайда, Терекюв ауысып барып кіретін пәтер тұрғындары сотта қарсылық білдіреді. Олар басқа-лар құтыла алмай жүрген маскүнемнің өздерінің пәтеріне келіп кіруіне қарсы тұрады.

Істі шешіңіздер.

14. Коммуналдық тұрғын үй қорының бір бөлмелі пәтерінде тұрып жатқан ерлі-зайыпты Асанювтар некелерін бұзады. Не-келерінен үш жасар ұлы бар. Некені бұзған соң Асанюв жанұя-сын тастап өз тағдырын басқа әйелмен қосады. Көп ұзамай Аса-нюв пәтерді коммуналдық

пәтердегі екі бөлмеге алмастыру жөнінде талап арызын береді. Асановтың бұрынғы әйелі қолындағы кішкене баласымен бөлек пәтерден коммуналдық пәтерге бармайтынын, жанұяның бұзылуына арызданушы кінәлі екенін, оның үстіне ол ұлын тұрғын үймен қамтамасыз етуі тиіс екенін, ал өзі жеткілікті тұрғын алаңы бар жаңа әйелінің үйінде тұра алатынын айтады.

Асанова бұрынғы күйеуін тұрғын алаңға құқығын жою жөнінде арыз береді. Арызға қарсылық білдіре отырып, Асанов пәтерде ары қарай моральдық-этикалық көзқарастары бойынша тұра алмағанын, бірақ жүйелі түрде ұлымен көрісіп тұрғанын және пәтеракысын төлеуге өз үлесін қосып жүргенін көрсетеді. Жаңа әйелінің ата-анасы қарсы болғандықтан оны тіркеу мүмкін болмай тұр.

Істі шешіңіздер.

15. Коммуналдық пәтердегі көршілер арасында шиеленіс жағдайы қалыптасады. Ортақ пайдалану орындарын жинауда мін-деттердің жүктелуіне байланысты қайшылықтар туып отырды. Музыка мектебінің мұғалімі, Кәрімова сабақтарына үйде жүріп дайындалады, ол да барлығының наразылығын тудыратын. Осы қайшылықты шешу үшін Имановтар жанұясы алмасу жасап, бөлек тұруды ұсынады. Зақаровтар оған келісімін береді, алайда жалғыз тұратын Кәрімова тұрып жатқан бөлмесінен ешқайда көшіп бармайтынын мәлімдейді.

Имановтар мен Зақаровтар Кәрімоваға және сонымен қоса жауапкердің бөлмесін күштеп алмастыру жөнінде сотқа талап арыз береді.

Талап арызға наразылық білдіре отырып, Кәрімова, пәтерде бірге тұру ережелерін бұзбағанын, Имановтар мен Зақаровтар арасындағы дауларға қатысы жоқ екенін айтады. Ал скрипкада ойнау оның мамандығына қатысты екенін және оның басқа тұрғын алаңына көшуіне ол негіз бола алмайтынын айтады.

Істі шешіңіздер.

16. Ерлі-зайыпты Құрбановтар кәмелетке толмаған екі бала-ларына қатысты ата-аналық құқықтарынан айырылған. Оларды балаларымен бірге тұруы мүмкін емес деп танып, сот бір мезгілде оларға басқа тұрғын орын бермей үйден шығарып жібереді. Құрбановтар соттың басқа тұрғын орын бермей үйден шығарып жіберуін дұрыс емес деп санайды, өйткені тұратын басқа орын-дары жоқ. Сонымен қатар олардың балалары қазіргі үйде қалмай, балалар мекемесіне жіберіледі, демек, орын бос қалады.

Осы негіз бойынша Құрбановтар кассациялық сотқа халық сотының шығарған шешіміне шағым жасайды. Онда олар тұрғын үйден шығару жөніндегі шешімнен соттың бас тартуын талап етеді.

Жоғарғы сот қандай шешім шығаруы тиіс?

17. Ерғожин сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылады да 1994 жылдың ақпан айында оған қамқоршы болып Кесебаев тағайындалады. Кесебаев қамқоршы болып табылады. 1994 жылдың наурыз айында Кесебаев милиция органдарынан әрекетке қабілетсіз Ерғожиннің қамқоршысы болып табыла-тынын жасырып, Ерғожиннің тұрғын орнына танысы ретінде тіркеледі.

1994 жылдың желтоқсанында Ерғожин және Кесебаев жергі-лікті әкімшілікпен тұрып жатқан 2-бөлмелі пәтерді олардың үлестік меншігіне (әрқайсысына 1/2-ден) беру жөнінде шарт жа-сасады.

1995 жылдың ақпанында прокурордың наразылығы бойын-ша төлқұжат кеңсесінің бастығы Кесебаевты заңды бұзып тірке-луші ретінде тіркеуден алады.

Сонымен қатар, прокурор жекешелендіру шартының жарам-сыздығын тану туралы талап арызын

сотқа жібереді.

Іс қалай шешілмек? Қандай заңсыз әрекеттер жіберілген? Жекешелендіру жөніндегі шарттың субъектісі кім бола алады? Қамқорлыққа алынушының тұрғын үй алаңына қамқоршының қандай құқықтары бар?

18. Дүйсенбин кәмелетке толмаған үш баласымен бірге бөлек екі бөлмелі пәтерде тұрып жатты және сонда тіркелген. 1994 жылдың тамызында ол балаларын анасына Қарағанды облысына кететін болғандықтан тіркеуден шығарады. Сол айда ол жер-гілікті әкімшілікпен өзі тұрып жатқан пәтерді меншікке өткізу туралы шарт жасасады және содан кейін тез арада Түгелбаевқа сатып жібереді. Соңғысы оны Барымтаевтың тұрғын үйіне ал-мастырып алады.

Прокурорлық тексеру барысында Дүйсенбинаның үш бала-сына қатысты ата-аналық құқығынан айырылғаны анықталады, ал балалар Қарағандыда тіркелгенімен, іс жүзінде әжесінің үйінде Өскеменде тұрып жатыр.

Прокурор қандай талап арыз беруі қажет? Пәтерді жекеше-лендіру жағдайында кәмелетке толмағандардың құқығы қандай?

19. Ерлі-зайыпты Абдрахмановтар бөлек тұрып жатты: Аб-драхманов — бір бөлмелі пәтерде, ал Абдрахманова жеті жасар баласымен және ата-анасымен — 2 бөлмелі пәтерде. Абдрахманов өз пәтерін жекешелендіру мақсатымен жекешелендіру агенттігіне арызын береді. Алайда өндірістегі жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болып кеткендіктен, пәтерді өз меншігіне алып үлгермейді. Оның әйелі сол пәтерге өзін құқықты деп санап, тұрғын орнын жақсартуға мұқтаж және әкімшілікте кезекте тұратын болғандықтан оған және оның баласына осы пәтердің берілуі туралы арызбен жергілікті әкімшілікке барады.

Оның талаптары қанағаттандырылуға жата ма?

20. Сағатжановтар тарихи және мәдени ескерткіш-үйдің соңғы қабатындағы төрт бөлмелі пәтерді жекешелендіріп алады. Үй күрделі жөндеуден ешқашан өткізілмеген болатын және қалалық бюджетте қаржы жоқтығынан жекешелендіру сәтіне қарай жөндеу жоспарланбаған еді.

Жекешелендіруден кейін үйдің төбесін ұстап тұратын жо-ғарғы бағандар құлап, пәтер тұруға жарамсыз болып қалады. Осыған байланысты Сағатжановтар олардың меншігіне тең ба-ғалы пәтер беруді талап етіп, жергілікті әкімшілікке барады. Әкім-шілік өкілінің ойынша, басқа тұрғын алаңы тек пайдалануға ғана және мемлекеттік (коммуналдық) тұрғын үй берудің қазіргі нормаларына сәйкес беріледі. Онымен қоса, ол ауданда сондай тұрғын алаңы бар пәтерлердің жоқтығын сілтеп, қандай да бір сол тектес тұрғын орын босағанын күтуді немесе егер де өз қаржысымен жөндеу жұмыстарын жасайтын болса, уақытша тұрғын орнын бере алатынын айтады. Сағатжановтар, үйді күр-делі жөндеуге мүмкіндігі болмай, тұрғын орынның жедел түрде және уақытша емес, тұрақты пайдалануға берілуі тиіс және оның тұрғын алаңы бұрыңғы пәтердікінен кіші болмауы тиіс деп санады.

Жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып қоныс ауда-рудың қандай тәртіпте жүзеге асырылу керектігін айтыңыз. Та-раптардың дәлелдеріне талдау жасаңыз.

21. Алматыдағы көп пәтерлі үйлердің бірінде “Елесң АҚ орналасқан бірінші қабатта жарылыс болады, оның салдарынан кеңсе орны бұзылады, әрі бірнеше пәтер қатты зақымданады.

Аудандық әкімшілік бекіткен мекемеаралық комиссия акты-сымен екінші қабаттағы алты пәтер (олардың ішінде екеуі жеке-шелендірілген, ал төртеуі жалға алу шарты бойынша пайдалануға берілген) апатты күйде тұрғаны және үйдің осы жағындағы кере-гелер қатты зақымдалғандықтан құлау қауіп-қатері бары белгі-ленеді.

Тұрғындарды көшіру және қираған орындарды жөндеуге байланысты қайда және кімнің есебінен тұрғындарды көшіріп, жөндеу жұмыстары өткізілетіні туралы мәселе туады. Кейбір тұрғындар барлық шығындарды “Елесң акционерлік қоғамына жүктеуді ұсынады.

Егер тергеу орындары тексеру барысында жарылыстың се-бебі белгісіз үшінші жақтардың заңсыз әрекетіне байланысты болғанын анықтаған болса, жергілікті әкімшілік қандай шешім қабылдауы тиіс?

4-тақырып.

МЕРДІГЕРЛІК ШАРТЫ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Жұмыстарды орындау жөніндегі міндеттемелердің ұғымы және түрлері.
2. Жұмыстарды орындау жөніндегі міндеттемелерді басқа қарым-қатынастардан бөліп қарау.
3. Мердігерлік шарты бойынша мердігердің құқықтары мен міндеттері.
4. Мердігердің тәуекел етуі мен ақпараттық міндеті.
5. Азаматтардың тапсырысы бойынша жұмыстарды орындау.
6. Құрылыс мердігерлігі.
7. Мердігерлік және құрылыстық мердігерлік бойынша мердігердің міндеті.
8. Тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері.

Есептер

1. Екі ағаш ұстасы Арлановпен 1 маусымға қарай оның сая-жайында ағаштан гараж салып беретіні жайлы келіседі. Жұмыс-тардың бағасы тараптардың “еңбек келісімің деп атаған жазбаша құжатында белгіленеді. Онда салынатын құрылысты сипат-тамасына (гараж өлшемі, фундамент материалы, темір төбе және т.б.) қатысты барлық шарттар белгіленеді. Құрылыс материал-дарын Арланов 10 мамырға дейін жеткізіп беруді міндетіне алады. Ағаш ұсталары жұмысқа уақытында кірісіп, 28 мамырда барлық жұмыс дерлік бітуге таяу болады. Олар Арлановтан 30 мамырға дейін келіп жұмысты қабылдап алуын сұрайды. 29 мамырда қақпаларды орнату ғана қалады. 28-нен 29-на қараған түнде найзағай соққысынан гараж тұтастай өртеніп кетеді. 2 маусымда таңертең жұмыстарды қабылдау үшін келген Арланов сақталған фундаментті және орнатылмаған қақпаны көреді. Өзі мен ағаш ұсталары арасында мердігерлік шарты жасалған деп са-нап, Арланов жасалған жұмыстың ақысын төлеуден бас тартып, ұсталардың өз материалынан жаңа гараж салуды талап етеді. Барлық жұмыстар (қақпаны ілуден басқасы) толығымен жасал-ғандықтан ағаш ұсталары сыйақыға құқықтары бар деп са-найды, ал олар бірақ жасасқан шарт қандай екенін білмейді. Оларды келісілген сыйақы ғана қызықтырды.

Тараптардың дәлелдерін талдаңыздар. Егер өрт маусымның 1-нен 2-не қараған түні болған болса, шешім өзгерме еді?

2. Ережепов тігінші Масатовпен қысқы пальто тігу туралы келісім жасайды. Ережепов тек матасын, ал бар қосымшасын, яғни қара қаракөл жағаны Масатов табатыны жайында уағдаласады. Ережепов Масатовтың кеңесімен пішінін ескере отырып таңдап алған жағаның құны 5 000 теңге төңірегінде болады. Жұ-мысты орындау уақыты бір айға белгіленеді. Екінші рет киім өлшеу кезінде Масатов Ережеповқа қымбаттағанына байланыс-ты жағаны 7500 теңгеге алуға тура келгенін айтып, осы жағдайды ақырғы есептесу кезінде ескеруін сұрайды. Ережепов 2500 теңге қосымша төлем жасауға қарсылық білдіреді, бағаның өзгеру салдары оның есебіне жатпауы тиіс деп санады.

Ережепов пальтоны алуға келгенде оның пальтосына жапсы-рылған қаракөл жағасы айтарлықтай кіші екені анықталады. Та-раптар арасында дау туады. Ережепов пальтоны белгіленген баға бойынша бастапқы жағасымен беруді талап етеді. Ал Масатов болса, 2 500 теңге қосымша төлем жасамай, Ережепов пальтосын бастапқыда келісілген жағамен алуға құқығы жоқ деп санады. Дау соттың қаралуына беріледі.

Істі шешіндер.

3. “Шығысқ акционерлік қоғамы “Монтажқ кооперативімен өнім беру шартын жасайды, ол бойынша кооператив АҚ-ға пер-соналды компьютер жеткізіп оны орнатып әрі келешекте қажет болған жағдайда жөндеп тұруға келіседі. Шартта қарасты-рылғандай компьютерлер 1

қыркүйектен кешіктірілмей қойылуы тиіс еді. Бірақ 20 тамызда Кооператив бағалардың өзгеруінен қоғам үшін компьютерлерді дер кезінде алмаған соң, оларды орнатып бере алмайтынын, ал қоймасында бар компьютерлер басқа объектіге арналғанын мәлімдейді. Қоғам компьютерлерді сатып алудың және орнатудың барлық шығындарын “Монтажн кооперативіне жүктеп, “Сауранн компаниясына компьютерлерді сатып алуды және орнатуды тапсырады.

Жұмыстар орындалып болған соң, қоғам кооперативтен жөнге келтіру, сынақтан өткізу және қызмет көрсету жұмыстарын орындауды талап етеді. Кооператив өкілі компьютерлерді сатып алудың және орнатудың барлық шығындарын қоғамның өзі кооперативке жүктеп, шартты бұзғанын, және сондықтан да жөнге келтіру мен сынақтан өткізу жұмыстарын кооператив жасамайтынын айтады. Ал техникалық қызмет көрсету бұл жағдайда қоғаммен жасасқан тапсырма шартында қарастырылмаған, өйткені орнатудан бөлек жөнге келтіру мен сынақтан өткізу жұмыстары кооперативтің мүддесіне кірмейді. Кооперативті шартты орындауға міндеттеуді талап еткен қоғам сотқа талап-арыз береді.

Бұл дауда кім дұрыс?

4. Азаматша Айдарова жауапкершілігі шектеулі серіктестік-тің ательесінде шетелде сатып алынған қымбат матадан костюм тігуге тапсырыс береді. Костюм пішіні тапсырыс берушінің матасы мен тұлға ерекшеліктері ескеріле отырып, ателье суретшісінің қолымен жасалған болатын, пішіннің кескіні Айдарова-мен келісіліп, шартқа қосымша ретінде тіркеледі. Ателье барлық жұмыстарын уақытында орындайды. Дайын бұйымды алуға келгенде, тапсырыс беруші костюмді киіп көреді де, таңдап алған пішін оны жуандатып және егде етіп көрсететін болған соң, оған жараспайды деген ойын айтады. Киім пішуші дайын бұйымға оның сапасына зақым келтірмей өзгерістер енгізу мүмкін емес-тігін тапсырыс берушіге түсіндіріп береді. Тапсырыс беруші дайын костюмді алудан бас тартады да жаңа пішін бойынша басқа костюм тігіп беруді талап етеді. Ателье тапсырыс берушінің талабын орындаудан бас тартып, өз алдына, істелген жұмыстың ақысын төлеуді талап етеді. Тапсырыс беруші сотқа барады. Сот мәжілісі барысында Айдарованың қорғаушысы суретші жасап шығарған пішіннің ерекшеліктері жайлы тапсырыс берушіні алдынала ескертіп қоюға міндетті екенін айтады. Онымен қоса, мердігер бұйым сапасына әсер ететін жағдайлар жөнінде тапсырыс берушіге алдынала айтуға міндетті.

Істі шешіңіздер. Егер де дайын бұйым пішіні жағынан тапсырыс берушінің көңілінен шықпаған жағдайда тапсырыс беруші мердігерге қандай талаптар қоюға құқықты?

5. Кәрімбаев ательеге үйлену той костюмін тіккізуге тапсырыс береді. Той 15 мамырда өткізілуі тиіс еді, ал тапсырысты орындау 10 мамырға келісілген. Тігу барысында пішілген костюмнің бір бөлшегі — жеңі жоғалып кетеді. Материал Кәрімбаевтікі болған соң, ал ательеде ондай мата табылмағандықтан, ателье костюмді мерзіміне қарай бітіруге мүмкіндігі болмады. Кәрімбаевқа телефон арқылы костюмнің мерзімге қарай дайын болмайтыны және егер Кәрімбаев бағасын төлейтін болса, ателье ол үшін басқа матадан костюм тігіп беретіні хабарланады. Костюмнің уақытында дайын болатынына Кәрімбаев сенімсіз болады да коммерциялық дүкеннен шетелдік костюм сатып алып, сол костюмнің және матаның бағасының орнын толтыруды және тапсырысты мерзімінде орындамағаны үшін айып төлеуді, сонымен қоса сатып алынған костюм бағасынан 10 есе артық мөлшерінде бағалаған моральдық зиянның орнын толықтыруды талап етеді.

Сот ательеге Кәрімбаевтың сатып алған костюмінің құнын төлетеді және моральдық зиян мөлшерін сол сомаға теңдей етіп белгілейді. Басқа талаптарды қанағаттандырудан сот бас тартады.

Сот шешімі дұрыс па? Тапсырысы орындалмаса, сондай-ақ берген матасы жоғалған жағдайда тапсырыс берушінің қандай құқықтары бар?

6. Бексултанов радиотеледидар аппараттарын жөндеу шеберханасына жөндеуге тасымалданатын түрлі-түсті “Юностьн теледидарын алып келеді. Бір аптадан соң ательеде ұрлық болып, оның

нәтижесінде Бексултановтың теледидары да ұрланып кетеді. Алдын-ала тергеудің барысында ателье қызметкерінің кі-нәсі бойынша ателье сигнализация жүйесіне қосылмағаны анықталады.

Бексултанов ательеден теледидарлардың қазіргі бағасына сәйкес құнын төлеуді талап етеді, онымен қоймай айып төлеуді және моральдық нұқсанның орнын толықтыруды талап етеді.

Істі шешіңіздер. Егер Бексултанов теледидарды ательеде іс-тейтін танысына беріп, ешқандай колхат алмаған болса, шешім өзгере ме?

7. Шетелдік фирма “Консультн жауапкершілігі шектеулі се-ріктестігімен шарт жасасады, ол шарт бойынша серіктестік әр квартал сайын фирманы Алматы нарығындағы темірден жасалған тауарлар маркетингі бойынша ақпаратпен қамтамасыз етіп тұруға міндетті болады. Ақпарат электронды түрде — факсмо-демдық байланыс арқылы электронды почтамен берілуі тиіс болатын. Серіктестіктің есеп шотына қаржы түскенде жасалған шарттың заңдылығына салық инспекциясы күмәнданады. Салық инспекциясы серіктестік қызмет көрсеткені үшін сыйақы алады деп санады, ал серіктестік болса, олардың фирмамен мердігерлік шарт жасасқанын айтады. Салық инспекциясы заңгердің кеңесін алуға барады.

Қандай түсініктеме берілуі тиіс? Қызмет көрсету жөніндегі шарт пен мердігерлік шарттың айырмашылығы неде?

8. Азамат Таиров бір топ жұмысшылармен өз жерінде сая-жай мен басқа да құрылыстарды (қора, монша және т.б.) салу жөнінде шарт жасасады. Өзара қарым-қатынасты реттеу мақсатында Таиров көршісінен алған мердігерлік шарттың үлгісін ұсынады. Жұмысшылардың бригадирі бұған келіспей, өздерінің құрылыс-монтаж трестінде істегенде пайдаланған күрделі құрылыс жөніндегі мердігерлік шартын ұсынады. Осы екі вариант негізінде тараптар “саяжай мен қосымша құрылыстарды салу туралы шарт деп атаған біртұтас құжатқа қол қояды. Жұмыс-тарды бригада сапалы әрі белгіленген мерзімде орындайды. Қабылдап алуға 3 күн қалғанда қатты желден электрөткізгіш жанып кетіп, барлық салынған құрылыстар өртеніп кетеді.

Бригада жұмыс үшін сыйақы төлеуді және оған кеткен құрылыс материалдарының бағасының орнын толтыруды талап етеді — Таиров болса, мердігер жұмыстарды өзі тәуекелге бара отырып орындайтынын сілтеп, төлем төлеуден бас тартады. Дау соттың қарастыруына беріледі.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Құрылыс мердігерлік шартының шарттар жүйесінде алатын орны қандай және оның ерекшелігі неде? Инвестиция ұғымы мен күрделі құрылыс ұғымының ара-қатынасы қандай?

9. Тұрмысқа қажетті химиялық заттарды өндіретін жаңа кәсіпорынның құрылысы үшін тапсырыс беруші — “Солтүстік химикн акционерлік қоғамы мен мердігер — “Жетісуң ак-ционерлік қоғамы арасында мемлекеттік контракт жасалады. Құрылыс жанадан басталған құрылыс мерзімі үш жылдық құрылыстардың лауазымды тізіміне енгізілген болатын. Құрылысты қаржыландыру қайтармалы негізде берілген республикалық бюджет қаржысы есебінен және тапсырыс берушінің өз қаржылық ресурстарынан жүзеге асырылды. Екі жылдық құрылыстан соң бюджеттік қаржы бөлінбеудің және экологиялық талаптардың қайта қаралуынан құрылыс тоқтатылады. Тапсырыс беруші мер-дігерге құрылыстың тоқтап қалуына байланысты шығындардың орнын толықтырудан және орындалған жұмыстардың соңғы кезеңі үшін ақы төлеуден бас тартады, сондағы сілтегені — бұл жағдайда (оның анықтамасы мердігерлік шартқа қосымша кел-ісімде қарастырылады, ал ол келісім жасаспаған болатын) жұ-мыстардың ақысын төлеу мен шығындар орнын толықтырудың ерекше тәртібі мемлекеттік контрактта белгіленгені. Мердігер ондай дәйектеуге келісе алмай, ҚР Азаматтық кодекстің 662-ба-бын басшылыққа ұстауды ұсынады. Тараптар өзара келісімге ке-ле алмағандықтан, мердігер тапсырыс берушіге талап арызбен сотқа барады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Сот қандай шешім шығаруға тиіс?

5-тақырып.

ӨТЕЛМЕЛІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Өтелмелі қызмет көрсетудің түсінігі.
2. Өтелмелі қызмет көрсетудің элементтері.
3. Өтелмелі қызмет көрсету қатынастарына тұтынушылар-дың құқығын қорғау туралы заңның қолданылуы.

Есептер

1. Шетелдік компания жауапкершілігі шектеулі серіктестік-пен шартқа отырады. Шарт бойынша серіктестік әрбір үш күн сайын компанияға Алматы қаласы бойынша кеңсе тауарларына деген нарықтық сұранысты болжап, ол туралы ақпарат беріп тұруға міндеттенеді. Ақпарат электрондық тасымалдағыш арқы-лы — электрондық почтамен факс-модемдік байланыс арқылы жеткізілуге тиіс болатын. Серіктестіктің есеп шотына ақша қара-жаты келіп түскенде салық инспекциясында жасалған шарттың құқықтық табиғаты туралы сұрақ туындайды. Яғни, жасалған шарт мердігерлік шарт па, әлде өтелмелі қызмет пе, себебі бұл жағдай салық төлеудің мөлшеріне тікелей әсер етеді.

Сіздердің пікіріңізше өтелмелі қызмет көрсету шартын мердігерлік шарттан ажыратуға болатындай қандай да бір бел-гілер бар ма?

2. Бел сырқатына шалдыққан Арынова, ақылы “Шипаң медициналық емханасына емделуге барады. Арнайы дәрігерлік тексеруден өткеннен кейін, Арыноваға массаж бен су процеду-расы тағайындалады. Бірнеше рет жасалған емдеу шараларынан кейін, сырқатынан айығады, алайда емдеу кезеңі аяқталғаннан соң бел сырқаты қайта өршиді. Арынова өзінің емдеуге төлеген ақшаларын қайтарып беруді және денсаулығына тигізген зиян-нан моральдық зардап шеккенін, емдеу шараларынан кейін айығу-дың орнына оның жағдайының нашарлағанын айтады.

“Шипаң емханасының өкілі, массаж бен су процедуралары

Арыноваға ешбір зиян келтіру мүмкін еместігін, оның бел сырқаты, емдеу шаралары кезінде қосымша асқынған ауруға байланысты екендігін айтады.

Егер Арынова емделуді әрі қарай жалғастырса, аурудан айығып кетуі мүмкін.

Арынова заңгерлерге жүгінгенде, ол жұмыс нәтижесі үшін мердігердің тәуекелге барып, жауапты болатынын ескеріп, Ары-новаға тұтынушылар құқығының қорғау туралы заңға сәйкес талап арыз беріп “Шипаң емханасына төленген ақшаны қайта-рып алуға және моральдық зардаптың орнын толтыруды талап етуге кеңес береді.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Тараптардың дәлелдерін талқыла-ңыздар?

6-тақырып.

ТАСЫМАЛДАУ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Тасымалдауды ұйымдастыру мен оның түрлері.
 - 1.1. Көлік түрі және олардың ұйымдық құрылымы.
 - 1.2. Жүк тасымалдауды ұйымдастырудың құқықтық нысан-дары (тапсырыс, мәлімдеме, графиктер).
 - 1.3. Көліктік шарттар жүйесі (тасымалдауды ұйымдастыру шарты және бір реттік шарттар).
2. Жүк тасымалдау шарты:
 - 2.1. Жүк тасымалдау шартының түрі және оны жасасудың тәртібі;
 - 2.2. Жүк тасымалдау бойынша міндеттемеге қатысушылар (шарт субъектілері және жүк алушының құқықтық жағдайы);
 - 2.3. Тікелей аралас қатынаста жүктерді тасымалдау шартының ерекшеліктері;
 - 2.4. Жүктерді тасымалдау бойынша міндеттеменің қатысу-шыларының құқықтары мен міндеттері (тасымалдау тапсы-рысынан және жүк тасымалдау шартынан туған міндеттемелер).
3. Жүктерді тасымалдау бойынша міндеттемені бұзғандық үшін жауапкершілік:
 - 3.1. Жүктерді тасымалдау бойынша міндеттемені бұзғаны үшін көлік ұйымдарының және клиентураның жауапкершілік ерекшеліктері.
 - 3.2. Жүктерді тасымалдау тапсырысын (мәлімдемесін) орын-дамағаны үшін жауапкершілік (субъектілері, негіздері, көлемі).
 - 3.3. Жүктерді тасымалдау шартын бұзғаны үшін жауапкер-шілік (субъектілері, негіздері, көлемі).
4. Жүктерді тасымалдау шартынан шығатын талаптардың қойылу тәртібі және талап ету мерзімі:
 - 4.1. Наразылық білдіру;
 - 4.2. Талап арыздарын ұсыну;
5. Жолаушылар мен қол жүгін тасымалдау:
 - 5.1. Жолаушы тасымалдау шарты (оның жалпы сипаттамасы мен түрлері).
 - 5.2. Шарт бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері.
 - 5.3. Қол жүктерін тасымалдау шарты (оның жалпы сипат-тамасы және жасасу тәртібі).
 - 5.4. Жолаушы және қол жүгін тасымалдау шарты бойынша тараптар жауапкершілігі және талаптар қою тәртібі.

Есептер

1. Алматыдағы “Ауыр машина жасау зауытың көтергіш-көліктік жабдықтар зауытына порталды крандар үшін электрмотор-ларын жөнелтеді. Жүк мерзімінен 10 күн кешігіп келеді. Мотор-лардың уақытында жеткізілмеу себебінен зауыт Атырау портына крандар жеткізу міндеттемесін орындай алмай қалады да, соң-ғысына шартты орындау мерзімін бұзғаны үшін айып төлейді. Осыған байланысты көтергіш-көліктік жабдықтар зауыты Жетісу темір жол Басқармасынан жүкті (электрмоторларды) кешіктіріп жеткізгені үшін айып төлеуді және сатып алушыға крандарды мерзімнен кешіктіріп жеткізгені үшін төлеген және Каспий па-роход шаруашылығына жүкті (крандарды) тасымалдауға берме-гені үшін төлеген айыппұлдар шығындарының орнын толды-руды талап етеді.

Зауыт талаптарын қанағаттандыруға бола ма?

2. Автомобильдік көлікпен жүк тасымалдаудың бір жылдық шартын жасасу барысында автокөліктік кәсіпорын мен жүк жө-нелтуші арасында шарт бойынша келіспеушіліктер туады.

Автокөлік кәсіпорны жобаға келесі шарттарды енгізеді:

1. Жүк жөнелтуші жүктің дұрыс жүктелмеуінің барлық сал-дарына, оның ішінде тасымалдау құралдарының зақымдануына және тасымалдау қауіпсіздігіне жауапты. Бірақ жүк жөнелтуші тарап оған келіспеушілік білдіреді, себебі жүк тасымалдау Ере-жесі бойынша жүкті тиеу барысында автокөлік жүргізушісі оны қадағалап тұруға міндетті.

2. Егер басқару органдарының шешімі бойынша автокөлік құралдары мемлекеттік тапсырмаларды орындауға тартылатын болса, онда тасымалдау құралдарын бермегені үшін автокөлік кәсіпорны жауапкершіліктен босатылады.

Жүк жөнелтуші тарап мұның заңсыздығын айтып өз алдына шартқа келесі шарттарды енгізуді талап етеді:

1. Жүк алушыларға жүктерді мерзімінен кешіктіріп жеткізу салдарынан туатын шығындарының орнын автокөлік кәсіпорны толықтырады.

2. Егер де жүк жөнелтуші автокәсіпорынды тасымалдау құ-ралдары берілмей тұрып 2 сағ. бұрын ескертіп қоятын болса, онда ол тасымалдауға жүк бермегені үшін жауапты болмайды.

Бұл шарттарға автокәсіпорын қарсы болады.

Осы дау қалай шешілуі қажет?

3. “Бейнең жабық акционерлік қоғамы темір жол басқар-масына контейнерде тасымалданған жүктің ылғал тиіп, сол се-бептен жүк бағасының түсуінен туған шығындардың орнын то-лықтыру жөнінде талап арызын ұсынады.

Коммерциялық актіде көрсетілгендей, төбесінде тігістерінің арасы ажырап кеткен техникалық жағынан жөнді емес контей-нерге жүкті тиеген жүк жөнелтушінің кінәсіне сілтеп, темір жол арыз берушінің талабынан бас тартады.

“Бейнең жабық акционерлік қоғамы контейнердегі кем-шіліктерді жүк жөнелтуші жүкті тиеу кезінде байқауы мүмкін емес, өйткені олардың тек қараңғыда жасанды жарық түсіргенде байқалғанына сілтеп, жүктің бұзылуы үшін темір жол жауап беруі тиіс деп, талап арыздың қанағаттандырылуын қайталап қояды.

“Бейнең ЖАҚ-ның талап арызы қанағаттандырылуға жата ма?

4. 1995 ж. 20 маусымында “Сайманн зауыты Солтүстік темір жол басқармасына 1995 ж. ақпан және наурыз айындағы жүк тасымалдау жоспарын орындамағаны үшін айып төлеуге және жолдың вагондарды қоймау себебінен өнімді жеткізу мерзімінен кеш қалғаны үшін зауыттың өз сатушыларына төлеген айыбы көлемінде шығындарының орнын толтыру жөнінде талап арыз береді.

Жол Басқармасы талап арыз бойынша келесідей қарсылық-тарын білдіреді:

1. жүк тасымалдау жоспарын орындамағаны үшін айып төлеуді талап етуге қатысты арыз беруші Қазақстан Республикасы Темір Жолдарының уақытша Жарғысының 152 б. қарастырылған талап қою тәртібін бұзған: айыптың тиісті сомалары бойынша есептесу арыз берушіге — ақпан айындағысы 6 наурызда, ал наурыз айындағысы 12 көкекте хабарланған болатын. Ал арыз берушінің талабы тек 20 мамырда, яғни белгіленген мерзім өткен соң жасалған болатын, соған байланысты ол арыз берушіге қарастырылмай қайтарылады;
2. қалған сомаларды өндіріп алу ТЖЖ-мен қарастырылмаған, өйткені олар арыз берушінің өз міндеттемелері бойынша кеткен шығындар болып табылады.

Қазіргі заң бойынша талап қою үшін мерзім белгіленбеген, ал шығындар жолдың жүк тасымалдау жоспарын орындамағанының салдарынан шыққанын айта отырып, зауыт өз талап-тарын қанағаттандыруды талап етеді.

Бұл дауда кімдікі дұрыс және істі қалай шешкен жөн?

5. Тасымалдаудың толық айлық жоспарына және жүк жөнелтуші, яғни “Апатиттің бірлестігінің — сұранысына сәйкес Же-тісу темір жолының Ақтаудағы бөлімі 1996 ж. көкек айында жүктерді тасымалдау үшін бірлестікке 300 вагон (тең партия-лармен онкүндік сайын) жіберуі тиіс еді. Бірлестіктің тасымал-дауға қажетті рудаға көп мөлшерде ие болғаны жайында мәлімет алған жол бөлімі, бірінші онкүндікте 100 вагонның орнына қойырту ретінде 120 вагон жібереді. Бірлестік, 100 вагонды тиеп, еш негіздеусіз 20 вагонды тиеуден бас тартады.

Екінші онкүндікте жоспар бойынша 100 вагонның орнына жол 80 вагон, ал үшінші онкүндікте жүк жөнелтушінің мәлімде-месіне сәйкес 100 вагон береді.

“Апатиттің бірлестігі темір жолдың Ақтаудағы бөліміне тасы-малдау жоспарын орындамау — екінші онкүндікте 20 вагон кем бергені үшін айып төлеу жөнінде талап арызын ұсынады.

Талап арызға қарсылық білдіре отырып, жол бөлімі жүк жөнелтушінің талабын негізсіз деп көрсетеді, өйткені екінші он-күндікте бірінші онкүндікте жіберілген, бірақ тиелмеген, 20 ва-гонды есепке ала отырып, 80 вагон жіберілген болатын.

Сонымен, жалпы бір айда 300 вагон жіберілді, яғни тасы-малдау жоспары орындалды. Тасымалдау жоспарын орындамау үшін айып төлеу ай нәтижелері бойынша жасалуы керек.

Жол бөлімі өз алдына “Апатиттің бірлестігінен бірінші онкүн-дікте тиелмеген 20 вагон үшін айып төлеуді және сол себептен тұрып қалған вагондардың келтірген шығындарын өтеуді талап етеді. Сонымен қатар, талап арыз бөлімге емес, жүк тасымалдау бойынша құқықтық қарым-қатынастардың субъектісі болып табылатын темір жол басқармасына қойылуы тиіс деп санады бөлім.

Тараптардың дәлелдерін талдап, дауды мәні бойынша ше-шіндер.

6. Супермаркет дүкені тасымалдаушыға — Алматы темір жол басқармасына және өнім берушіге — ет комбинатына жауапкер ретінде жетіспеген еттің орнын толықтыру туралы талап арызын береді. Жүк бүтін вагонда, бірақ пломбасы жоқ күйде келеді. Оны ашқанда вагонның толығымен жүктелгені және жетіспеген жүк мөлшері оған сыймайтыны анықталады. Еттің кесілгені және

басқа зақымдары байқалған жоқ. Бұл жайт-тар ет комбинатының экспедиторымен расталып, коммерциялық актіде көрсетілген.

Жүктің жетіспеушілігіне кім жауап тартуы тиіс? Егер жүк жіберуші жөнелткен вагон белгіленген бекетке дұрыс күйде және пломбаларын сақтап келген болса, шешім өзгере ме?

7. Шымкенттен Алматыға № 5 автокәсіпорынның көлігімен жартылай жүн матасын тасымалдау барысында жол бойында көлікте өрт пайда болып, нәтижесінде жүктің бір бөлігі опат болады да қалған мата зақымданады. Өзіне қойылған талаптан, ал кейіннен опат болған және зақымданған матаның құнының орнын 5 млн. теңге сомасында толықтыру жөніндегі сотқа берген талап арыздан автокәсіпорын бас тартады. Жауапкер автокөліктің көрсетілген жүк түрін тасымалдауға жарамсыз болғанын және оған жүк жіберуші кінәлі деп санайды. Көлік арызданушыға жабдықтарды тасымалдау үшін берілген болатын. Мата секілді жүк тек арнайы көлікпен тасымалдануы тиіс, әрі бұл маталар қайтар жолда тиелген.

Істі қарастыру кезінде, өрттің себебі көліктің техникалық жағынан оңды болмағанында жатқаны анықталады — 60—65 км/сағ. жылдамдықпен келе жатқанда, кардандық вал бөлекте-ніп, бензобакқа соғылады да оны теседі, содан барып өт шығады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

8. Темір жолдың тасымалдау құжаты бойынша Ереваннан жүк жөнелтуші пломбалаған контейнерде теміржол-су қатынасымен Маңғыстау облыстық Агроөнеркәсіп басқармасына жүк — электр техника заттарын жібереді. Жүкті Кавказ темір жолынан Каспий кеме шаруашылығының кемесіне тиелгенде Ақтау портында контейнердің бұзылғаны байқалады, соған байланысты порт контейнерді ашып, оның ішіндегісін тексеруді талап етеді. Ақтау портында жүк алушыға жүк Ақтау портындағы Бархатная бекеті жасаған коммерциялық актідегі көрсетілгендей жетіспеушілікпен беріледі. Жүк алушы Каспий кеме шаруашылығының Басқармасынан жетіспеген жүк сомасының орнын толықтыруды талап етеді. Кеме шаруашылығының басқармасы жүк жетіспеушілігінде өз кінәсін жоқ деп біліп, Кавказ темір жолының Бас-қармасына талаптық материал жібереді, ол талапты қанағаттан-дырудан бас тартады.

Жүк алушы Каспий кеме шаруашылығына талап арыз бере-ді. Жүк жетіспеушілігінің пайда болуына Каспий кеме шаруашы-лығының кінәсі жоқ деп санап, сот талап арызды жүк жіберу-шіге және Кавказ темір жолының басқармасына беруді ұсынып, талаптық материалды арыз берушіге қайтарып береді.

Жүк жіберуші соттың бұл шешіміне шағым береді.

Осы дау қалай шешілуі қажет?

9. Сапарғалиев Ақтау қаласында жиһаз гарнитурын сатып алып, оны фабрикалық буып-түйілген күйі қолына жүк квитан-циясын алып, теміржолмен жүк құжаты бойынша Алматыға жө-нелтеді. Жүгін алуға келгенде Сапарғалиев гарнитурдың кереге-сіне зақым келгенін, сервант әйнектері сынғанын, оның кере-гелері ұқалып қалғанын, ал 6 орындықтың екеуі жоқ екенін кө-реді. Гарнитурды алудан Сапарғалиев бас тартады да, оның құ-нының орнын толтыруды талап етеді.

Темір жол басқармасы Сапарғалиевтің талаптарын орындау-дан бас тартады, ал жауабында жүктің Ақтау қаласының жөнелту бекетінің бүтін пломбасымен, сау вагонда келгенін көрсетеді. Және талабын соларға қоюы керегін айтады.

Сапарғалиев Темір жол басқармасынан гарнитур құнын өн-діріп алу жөнінде сотқа талап арызын береді.

Сапарғалиевтің талап арызы қанағаттандырылмай ма? Егер қанағаттандырар болса, онда

қандай мөлшерде? Тасымалданатын жүктердің сақталмауынан туатын темір жолға қойылатын талап-тардың тәртібі қандай?

10. Жолаушы Мұқанов поездға 20 мин. кешігеді. Темір жол вокзалының кассасына барып, ол поездға қала маңындағы по-ездарының кешігуінен отыра алмай қалғанын, яғни өз кінәсінен емес, темір жол кінәсі екенін түсіндіре отырып, билеттің толық құнын қайтаруды талап етеді. Кассир Мұқановтың талабын орындаудан бас тартады.

Мұқанов талабын қанағаттандыру керек пе? Есепті әуе және автомобиль көліктері вариантында да шешіп көріңіз. Егер Мұқанов поезд кеткеннен кейін 2 күн өткен соң осы күндері ауру-ханада жүрек ауруымен жатқанын анықтайтын қағазын ұсынып, билет құнын қайтаруды талап ететін болса, шешім өзгерер ме еді?

11. Сауранов Алматы — Ташкент поезының плацкарт ваго-нына билет алады. Вагонға келісімен, ол тура сол орынға билеті бар басқа жолаушының отырғанын көреді. Сауранов жол серік-тен өз орнын босатуды немесе басқа орын беруін сұрайды. Бар-лық орындар бос емес болғандықтан, жол серік Саурановқа көр-ші вагонға өтіп, билеттер құнының айырмасын төлеп, купелік орын алуды немесе жалпы вагонға өтуін ұсынады. Сауранов ку-пелік орынды алады да, билет құндары арасындағы айырмасын төлеуден бас тартады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Билетте көрсетілген орынның бе-рілмеуі кезінде жолаушылардың құқықтарын атап беріңіз.

12. Кемелов теңдеме жүгінің құндылығын жариялап, оны темір жолмен жөнелтеді. Белгіленген стансаға жеткен теңдеме жүгін алу кезінде, Кемеловтың жіберген қаптамасындағы заттар-дың орнында ешкімге керексіз заттар жатқаны анықталады. Бұл жай аталған стансаның жасаған коммерциялық актісімен куә-ландырылады. Кемелов темір жолға өз теңдеме жүгінің шынайы бағасынан екі есе артық бағаға сәйкес тауарлық чекті ұсына отырып, жоғалған теңдеме жүгінің нақты құнының орнын то-лықтыру жөнінде талап арызын береді.

Темір жол жүктің жоғалғанына қандай мөлшерде жауап бе-реді? Кемелов теңдеме жүгінің құндылығын жарияламай өткіз-ген болса, шешім өзгере ме? Жоғалған жүктің бағасының орнын толтыру жөніндегі талап қай тарапқа қойылуы тиіс?

7-тақырып.

САҚТАНДЫРУ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Сақтандыру туралы жалпы ережелер:

1.1. Сақтандырудың ұғымы мен мәні.

1.2. Сақтандырудың тарихы.

1.3. Сақтандыру туралы заңдар.

1.4. Сақтандыру құқығының негізгі ережелері: сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы, сақтандыру сыйлығы және сақ-тандыру жарна төлемі, сақтандыру өтемі, сақтандырумен қамтамасыз ету және т.б.

2. Сақтандыру құқықтық қатынастары:

2.1. Сақтандыру құқықтық қатынастарға қатысушылар: сақ-тандырушылар, сақтанушылар, сақтандырылғандар, пайда көру-шілер;

2.2. Сақтандырудың ұғымы және объектісі. Сақтандыру мүд-десі. Сақтандыру тәуекелі;

2.3. Сақтандыру шарты. Оның нысаны мен мазмұны. Сақ-тандыру шартының мәнді жағдайлары.

2.4. Сақтандыру шартын жасасу. Сақтандыру шартының кү-шіне енуінің басталуы. Сақтандыру ережелері. Сақтандыру по-лисi.

2.5. Сақтандыру шарты бойынша орындау мен жауапкерші-лік. Сақтандыру шарты бойынша тәуекелдің артуы. Сақтанды-рушының шығындарды азайтуы. Сақтандырушыны төлем беру-ден босату. Суброгация;

2.6. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату. Сақ-тандыру шартының жарамсыздығы.

3. Сақтандырудың өзге түрлері:

3.1. Ерікті және міндетті түрдегі сақтандыру.

3.2. Мүлікті және жеке басты сақтандыру.

3.3. Қоса сақтандыру және өзара сақтандыру.

3.4. Қайта сақтандыру.

Есептер

1. Сақтандыру компаниясы банкіге ақша салушылардың са-лым сомасының төленбеу қауіп-кәтерін сақтандыруға алады. Банк пен ақша салушы арасында жасасқан шарт бойынша са-лымды қайтаруды мерзімінен кешіктіргені үшін әрбір күнге салым сомасының 2%-і мөлшерінде, бірақ салым сомасының екі есесінен аспайтындай айып төлеу белгіленген. Кейбір салымдар мерзімінде қайтарылмай, ақша салушылар сақтандыру компа-ниясынан салым сомасымен қоса, жоғарыда айтылған айып пен процентін де төлеуді талап етеді. Ондай төлем беру сақтандыру шартында

қарастырылмағанына сілтеп, сақтандыру компаниясы процент пен айыпты төлеуден бас тартады. Сақтандырушыдан процент пен айыпты төлеуді талап етіп, бірқатар ақша салу-шылар талап арызбен сотқа барады. Өз талаптарын негіздеу үшін олар “банктің ақша салымдарын қайтару және процент төлеуі бойынша міндеттемелерін орындауды сақтандыру компаниясы кепілдейді деп айтылған газеттердегі жарнамалық хабарлама-ларды ұсынады.

Істі шешіңіздер. Егер сотта істің қаралуы барысында сақтан-дыру шарттарын банк ақша салушылар — сақтандырылғандар пайдасына жасасқаны анықталса, сіздің шешіміңіз өзгерер ме еді?

2. “Тұмарң сақтандыру қоғамы автомобильдерді, жолаушы-лардың денсаулығы мен өмірін және жүргізуші — Саметовтың азаматтық жауапкершілігін сақтандыратын аралас шартын жаса-сады. Шарттың күші бар кезеңінде Саметовтың досы Әміреев автомобильді жүргізіп келе жатып Есімовты қағып кетеді де, оған дене жарақаттарын келтіреді, соның нәтижесінде Есімов тұрақты зейнетақы алатын ІІ топ мүгедегі болып қалады. Оны-мен қоса, автомобиль толығымен зақымдалып, жарамсыз болып қалады. Сақтандыру қоғамы Саметовқа автомобиль құнын тө-леп, Есімовке келтірген шығындар орнын толтыра бастайды. Со-дан соң сотқа Әміреевтен автомобильдің төленген сомасын және төленген шығындарды қайтаруды талап етіп, регрестік талап арызын береді.

Осы дауды шешіңіздер.

3. Арынов өзінің меншік құқығындағы үйін 100 000 теңге сомасына сақтандырып қояды. Белгісіз қаскүнемнің үйді өртеп жіберуі нәтижесінде үйге 80 000 теңге мөлшерінде зақым келтірі-леді. Сонымен бірге, жобалық-инвентаризациялық кеңсе дерек-тері бойынша үйдің құрылысы аяқталу сәтіне қарай оның құны 200 000 теңге болды, ол сақтандыру полисінде көрсетіледі.

Сақтандырудың өтеу сомасын есептеңіз. Егер полисте “сақ-тандыру сомасы шегіндегі кез-келген зақымның орны толығы-луы тиісң делінсе, сіздің шешіміңіз өзгере ме?

4. Сақтандыру шартында сақтандырушы бес күннен кешік-тірмей сақтандырушыға сақтандыру оқиғасы туралы (машинаны айдап кету) хабарлауға міндетті және осы мерзім өткен кезде сақтандыру төлемі төленбейтіні туралы көрсетіледі. Сақтанды-рушы сақтандырушыға автокөлігін айдап кеткеннен кейін 10 күн өткенде барады, бес күнді ол себепсіз өткізіп алады. Сақтандыру оқиғасының болғаны жөнінде арыз беру мерзімін өткізіп алған-дығы үшін оған сақтандыру төлемі төленбейтін болады. Сақтан-дырушы автокөлікті айдап кету фактісі қылмыстық іс қозғау жөніндегі қаулымен расталатынына сілтеп, сотқа талап арыз береді.

Істі шешіңіз. Сақтандыру оқиғасының басталуы жөніндегі арыздың берілу мерзімінің құқықтық мәні қандай?

5. “Алпамысң акционерлік қоғамы өз атынан “Қамалң сақ-тандыру компаниясының тапсырысымен әр түрлі сақтандыру-шылармен, оның ішінде “Мергенң АҚ-мен сақтандыру шартта-рын жасайды. Болған сақтандыру оқиғасы бойынша “Қамалң сақтандыру төлемінің сомасын мерзімінде төлейді, алайда “Мер-генң бұл ақша айтарлықтай кешіктіріліп беріледі. Сақтандырушы осы жағдайда сақтандыру төлемін кешіктіріп бергені үшін сақ-тандырушыға қандай салдар туғызатыны жайлы сұрап, заңгерге кеңес алуға барады.

Қандай түсініктемелер берер едіңіз? Сақтандыру брокері бо-лудың тәртібі қандай?

6. Автомобиль иесі, азамат Төкенов, сақтандыру шартын жасасады, онда сақтандырушы қандай да болмасын жағдайда, сонымен бірге сақтандыру оқиғасының тууына сақтандырушы-ның кінәсі бар болса да, сақтандырушы сақтандыру төлемін тө-леуге міндетті делінген. Мұндай сақтандыру шартын жарамсыз деп санап, прокурор сотқа талап арыз жібереді.

Өз көзқарасын негіздеу үшін прокурор қандай дәлелдеме келтіруі керек? Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудан қан-дай салдар туады? Егер сақтандыру оқиғасына сақтандыру-шының абайсыздығы себеп болса оған сақтандыру төлемін төлеу сақтандыру шартында қарастырылған болса, сіздің шешіміңіз өзгерер ме еді?

7. Алматы—Ақтөбе поезы жол жүріп келе жатқанда белгісіз біреулер вагонның бірнеше әйнегін сындырады. Оның нәтижесінде бірқатар жолаушылар жеңіл жарақат алады, ал жолаушы Қирабаевтың әйнек сынығынан көзі зақымданады. Жолаушы-лардың бірі, Аманов, бұзақыларды ұстамақшы болып, стоп-кранды іске қосады. Поездың кенет тоқтауынан жарақат алған-дар: ми шайқалысын алған жолаушы Дәрменов, саусақтарын есікпен қиып кеткен жол серік — Сарманова, қолын сындырып алған кішкентай Дархан Сейітов, жол жүру билеті болмаған Шораев қайтыс болады. Барлық жәбірленушілер және сонымен бірге қайтыс болған Шораевтың мұрагерлері сақтандыру қо-ғамына шығындар орнын толықтыру жөнінде талап қояды. Бұл талаптар қанағаттандырыла ма?

8-тақырып.

ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖӘНЕ НЕСИЕЛІК ҚАТЫНАСТАР

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Есеп айырысу мен несиелік қатынастар ұғымы.
2. Қарыз шарты.
3. Несие шарты.
4. Ақша талабын ауыстыра отырып қаржыландыру шарты.
5. Банктегі ақша салымы шарты.
6. Банктегі шот шарты.
7. Халық шаруашылығындағы есеп айырысудың негізгі түр-лері.
8. Азаматтармен есеп айырысудың ерекшеліктері.
9. Азаматтарға банктердің және басқа да несие беру мекеме-лерінің несие беру тәртібі.

Есептер

1. “Қуат және компанияң атты сенімдегі серіктестік “Агрегатқ акционерлік қоғамының сұрауы бойынша ас үйдің жабды-ғын сатып алуы үшін оған бір млн. теңге аударды. Ақша аудару “Агрегатқ АҚ-ның хаты негізінде жүзеге асырылады. Ол хаттың мазмұнында “Агрегатқ ақшаны 60 күннен кейін қайтаруға мін-деттеме алады. Көрсетілген мерзім өткен соң “Агрегатқ АҚ ақшаны қайтарған жоқ, осыған байланысты Серіктестік сотқа та-лап арызын береді. Сотта АҚ өкілі тараптар арасында несиелік міндеттеме туғанын, ал ұйымдарды несиелендіру — Ұлттық банк лицензиясы бойынша жүзеге асырылатын банк іс-әрекетінің көп түрінің бірі екенін мәлімдейді. Ал Серіктестік болса, лицензия алмай жатып, несие шартын жасасады. Серіктестік мүддесін жақтайтын қорғаушы тараптар арасында несие шарты емес, қа-рыз шарты жасалғанын айтады. Қарыз шартын жасасу үшін ли-цензияның қажеті жоқ. Сонымен қатар, ол сотқа қарыз шарты, несие шарты мен банктің ссуда шарты арасындағы айырмашы-лықты ажырата білуді ұсынады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Қарыз шартына, несие шартына және ссудалық шартқа сипаттама беріңіз.

2. Акционерлік банкке шот ашу жөнінде төрт арыз түседі:

а) толық серіктестік қатысушылары өкілет берген коммунал-дық кәсіпорынның бас директорынан толық серіктестікке есеп шотын ашу жөнінде;

ә) жауапкершілігі шектеулі серіктестік кәсіпорынның орна-ласқан жерінен тыс екінші есеп шотын және неміс маркасының валюталық шотын ашу жөнінде;

б) кәсіпкер ретінде тіркелген азамат Сырымов клиенттері-мен есептесу үшін банк шоты шартын жасасуды сұрап;

в) жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрмақшы болған бір топ азаматтардың жарғылық капиталдың 50%-ін төлеу үшін шот ашуды сұрап.

Банктің заң қызметі әрбір жағдай бойынша қандай жауап беруі тиіс? Коммерциялық банктерде шот ашудың жалпы тәртібі қандай, оларды ашу үшін қандай құжаттар қажет? Банктегі шот пен банкке ақша салу шарттарының айырмашылығы неде?

3. Мемлекеттік кәсіпорын “Найзағайң кооперативіне тігін жабдығын жөндеу қызметі үшін 36 млн. теңге төлеуі қажет еді. Кәсіпорынның бас директоры есептесу чегіне қол қойды, бірақ төлеуге тиісті ақырғы соманы көрсетпейді, оны бас бухгалтерге келесі күні істеуге ұсынады. Белгісіз себептермен чек бас дирек-тор сейфінен жоқ болып кетеді және жоғалған чекте көрсетілген лимиттің барлық сомасы шегінде “Кентаврң серіктестігінің 257 млн. теңге алғаны белгілі болады. “Кентаврң серіктестігінің шо-тынан ақшаны қайтарып алуға тырысқанмен нәтиже болмайды, өйткені барлық қаржы оның есеп шотынан алынған, ал серік-тестік басшылары зым-зия жоқ болып кеткен екен. Кәсіпорын чектің жоғалуында кінәсі жоқтығын айтып, ал банктің чекті тексеруі үшін, әсіресе чекте көрсетілген соманың бөлек шотта депозитке берілген чек берушінің барлық қаржысына тең екенін ескере отырып, барлық шараларды қолдану керектігін айтып, наразылығын білдіреді.

Чек беруші көзқарасының негізі бар ма? Чектердің қандай түрлері сізге белгілі?

4. “Қыранң машина жасау зауытынан металл кесетін станок-тарын сатып алған “Құрылысң акционерлік қоғамы “Қыранң МЖЗ-нан сатып алынған өнім үшін төлем ретінде аударма векселін береді. Аударма векселінде “Құрылысң АҚ-ның “За-манң жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне вексельде көрсетіл-ген соманы “Қыранң зауытына немесе оның бұйрығына төлеу жөнінде бұйрығы көрсетілген. Вексель “Заманң ЖШС-мен ак-цептелген болатын. “Қыранң зауыты вексельдің келесі бетіне ин-доссамент жасап, оны өз несие берушісі — “Сапарң акционерлік қоғамына береді. “Сапарң АҚ үш айдан соң вексельді төлеушіге — “Заманң ЖШС-не ұсынғанда, соңғысы жасалған акцепт бас-тапқы вексель ұстаушы “Қыранң зауытына ғана қатысты екенін келтіріп, оны қабылдаудан бас тартады. “Сапарң акционерлік қоғамы вексель бойынша наразылық жасап, “Қыранң зауытына талап арызын береді.

Аударма векселі, индоссамент, акцепт және авальдің шығу тегі қандай? ЖШС “Заманның көзқарасы негізделген бе? Егер вексель жасалу сәтінен 7 ай өткен соң төлеуге ұсынылған болса, шешім өзгерер ме еді?

9-тақырып.

ТАПСЫРМА ШАРТЫ. КОМИССИЯ. САҚТАУ ШАРТТАРЫ.

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Қызмет көрсету бойынша міндеттеменің пәні. Қызмет көрсету экономикалық және құқықтық категория.
2. Азаматтық-құқықтық міндеттемелер жүйесіндегі қызмет көрсету бойынша міндеттеме.
3. Қызмет көрсету бойынша міндеттеменің ұғымы мен құрам бөлшектері.
4. Қызмет көрсету бойынша міндеттеменің жеке түрлері.
5. Тапсырма, комиссия, агенттік шарт және делдалдық қызмет көрсету шарттарының басқа да түрлері.
6. Тапсыру, комиссия және агенттеу шарттарының айырма-шылықтары.
7. Комиссионердің, сенім алушының және агенттің жауапкершіліктерінің ерекшеліктері.
8. Сақтау.
9. Сақтау шарттарының түрлері. Заң негізінде сақтау.
10. Тауар қоймасында сақтау.
11. Сақтаушының жауапкершілігі.

Есептер

1. Сырымов Науқанбаевпен шарт жасасып, Науқанбаев үшін құрылыс материалдарын сатып алуды өзіне міндет етіп алады. Құрылыс материалдары алынған соң, Науқанбаев материалдардың өте жоғарғы бағамен алынғанын сілтеп, оларды қабылдаудан және Сырымовқа олардың құнын төлеуден бас тартады. Сырымов өзіне берілген және нотариалды түрде куәландырылған сенімхатта құрылыс материалдарын сатып алуға қажетті бағалардың көрсетілмегенін, тек Сырымовқа “қазіргі бағалармен құрылыс материалдарын сатып алу тапсырыладың делінгеніне сүйене отырып, материалдардың құнын төлеуді талап етеді. Сонымен қатар, құрылыс материалдарын қабылдауды кешіктірілуіне байланысты оларды сақтау үшін қосымша шығындалған Сырымов, сол шығындардың да орнын толықтыруды талап етеді. Науқанбаев болса, сенімхат беру кезінде Сырымовқа нақты сома көлемінде сауда жасауын атағанын айтып өз дегенінен қайтпайды. Келісімге келе алмай, тараптар заң кеңесшісіне барады.

Оларға қандай түсініктеме берген жөн?

2. Иманов өзіне берілген тапсырманы орындап болған соң, Біржановтан тұрғын үйді жалға алу мәмілесін іске асырғаны үшін 2 000 теңге мөлшерінде сыйақы төлеуді талап етеді. Біржанов ондай мөлшерде сыйақы төлеуден бас тартады, өйткені шарт жасасқанда сыйақының нақты сомасы көрсетілмеген болатын, бірақ ол Имановтың жасаған мәмілесіне өте риза екенін білдіріп, 500 теңге сыйақы төлеуге дайын екенін айтады. Имановтың ойынша ол өзіне тиісті сыйақы мөлшерін өзі тағайындауға құқықты. Оның үстіне, оның білуінше, тұрғын үйді жалға беру агенттіктері ондай қызмет көрсету үшін 5 000-нан 7 000 теңгеге дейін мөлшерде сыйақы алатынын, ал оның өте төмен соманы сұрағанын айтады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Егер Иманов жеке кәсіпкер — тұрғын үйді жалға алып беру агенті болатын болса, шешім өзгере ме?

3. “Сәулең фирмасы азамат Әшекеевпен келісім жасасып, қолына сәйкес сенімхат береді. Әшекеев “Сәулең фирмасы атынан өзі өкілі болып табылатын “Тауһарң акционерлік қоғамымен шарт жасасады. Шарт фирма үшін де, акционерлік қоғам үшін де олжалы еді, алайда фирма басшылығы Әшекеевтің қоғамның да агенті болып табылатынын біле салысымен, жасасқан шарттың жарамсыздығы жайлы жариялайды, өйткені ол өкілеттік туралы заңға қайшы келеді деп тапты. Әшекеевтің ойынша, фирма басшылары сенімхатты заңсыз қайтарып алған, агенттік келісім фирманың да мүддесін, заңды да бұзған жоқ.

Тараптар заң кеңесшісіне кеңес сұрап барады.

Істі шешіңіздер.

4. Комиссиялық дүкенде стереомагнитофон қарап жүрген бір адам абайсызда оған зақым келтіреді. Комиссионер зақымды тек бірнеше күн өткен соң байқайды. Магнитофонды, оның сынып қалуынан, комитентпен келістірілген бағамен сата алмағандықтан, дүкен оның бағасын төмендетіп, шартта қарастырылғаннан 2 есе арзан бағамен сатып жібереді. Комитент магнитофонның шартта айтылған бағасының толық сомасын төлеуді талап етеді, сонымен қатар комиссионер өз міндеттерін дұрыс орындамағандықтан, комиссиялық сый ақы алуға үміт артпасын деп мәлімдейді. Комиссиялық дүкен комитентке магнитофонның іс жүзінде сатылған бағасы бойынша төлемін береді және комиссиялық сыйақы ұстап қалады.

Комитент сотқа барады.

Істі шешіңіздер.

5. “Рауанң жауапкершілігі шектеулі серіктестік “Ләззатң сау-да кәсіпорнына комиссиялық жолмен біреуі 8 000 теңге тұратын ерлер костюмінің партиясын сатуды тапсырады.

“Ләззатң сауда кәсіпорны костюмдерді біреуі үшін 15 000 теңден сатады да, сатылу бағасы мен “Рауанң серіктестігімен келістірілген баға арасындағы бүкіл айырмасын өзіне комиссиялық сыйақы ретінде алып қалады.

“Рауанң серіктестігі онымен келіспейді. Өйткені шартта олар комиссиялық сыйақының мөлшері сатылған костюм партиясы бағасының

5%-індей белгіленген болатын. Айырмасын, ендеше, комиссионер комитентке қайтаруға міндетті.

Сауда кәсіпорны онымен келіспей, шартта қарастырылған 5%-тік сыйақы костюмдерді жоғары бағамен сата алмаған жағдайда ғана алынатынын айтады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

6. Сансызбаев пен Ризабаев шарт жасасады, ол бойынша Сансызбаев ұзақ қызмет сапарына кетерде Ризабаевқа аккордеонын сақтауға беріп, оны пайдалануға рұқсат етеді. Тараптар сақтау төлемі пайдалану төлеміне сәйкес келеді деп келіседі, сондықтан да өзара есеп айырысу қарастырылмайды. Сансызбаев жұмыс сапарынан оралған соң Ризабаев қолын сындырып алып, аккордеонды пайдалана алмағанын айтады. Сондықтан Ризабаевтың ойынша Сансызбаев оған аккордеон сақтағаны үшін сыйақы төлеуге міндетті. Келісімге келе алмай, тараптар заң кеңесшісіне барады.

Оларға қандай түсініктеме қажет?

7. Боранбаев 150 мың теңгеге жиһаз гарнитурын сатып алып, танысы Әміреевамен өзі жаңа пәтерге ордер алғанша оның үйіне гарнитурын қойып, сақтауы үшін оған сый ақы төлейтінін айтып келіседі. Ордерді алып, Боранбаев гарнитурды алуға келгенде, гарнитур құрамындағы екі кресло мен журнал үстелшесі жоқ екені анықталады. Әмірееваның айтуынша, Боранбаев ол заттарды оның пәтеріне әкелмеген. Боранбаев болса, бүкіл гарнитурды тура дүкеннен оның үйіне алып келгенін айтып, оның дәлелі ретінде оған жиһазды тасымалдауға және Әмірееваның үйіне оны түсіруге көмек көрсеткен үш куәгерді шақырады. Дау соттың қарастыруына беріледі.

Істі шешіңіздер. Егер де Әміреева түсі мен сапасы жағынан әкелінген жиһаздан өзгеше креслолар мен үстел ұсынса, шешім өзгере ме?

8. Жүзу бассейніне сабаққа келген азамат Нұрымов, бас-сейндегі гардеробтың істемейтінін көреді. Киім шешетін жерге сыртқы киіммен өткізбегендіктен, Нұрымов өз пальтосы мен бас киімін басқалар сияқты жұмыс істемейтін гардеробтың киім ілгішіне іліп кетеді.

Сабақтан шығып, Нұрымов пальтосы мен бас киімінің жоғалғанын көреді. Нұрымов бассейн директорынан ұрланған мүліктің құнын өтеуді талап етеді. Директордың пайымдауы бойынша Нұрымов болған оқиғаға өзі кінәлі, өйткені өте қымбат пальтомен келіп, заттарын қараусыз тастап кеткен. Ал істе-мейтін гардероб үшін бассейннің әкімшілігі жауап бермейді, өйткені онда қалалық тұрмыс комбинатының қызметкерлері істейді, ал ұрлық жасалған күні гардероб қызметкері ауырып, жұмысқа шықпай қалады. Өз сөзіне растау ретінде директор қа-лалық тұрмыс комбинатының гардероб қызметкерінің ауруы туралы телефонограммасын және актіні көрсетеді.

Нұрымов сотта бассейннен және қалалық тұрмыс комби-натынан жоғалған мүліктің құнын бірге өтеуді талап етеді.

Істі шешіңіз.

9. Саяжайды жалға алушы Қапалов, қыста үйдің кейбір зат-тарын қалаға тасып жүрмеу үшін поселкеде тұрақты тұратын саяжайдағы көршісі Салқынбековпен заттарын сақтауға қалдыру жайлы келіседі.

Заттардың көп болғанын ескере отырып, Салқынбеков са-райын тақтайлармен жауып, жылытып, онымен қоймай қыста оны анда-санда от жағып жылытып тұрады.

Көктемде, Салқынбеков бірнеше күнге қалаға кеткенде, оның үйіне ұрылар еніп, Салқынбековтың мүлігінің жартысын және сарайда сақтаулы тұрған Қапаловтың мүлкін ұрлайды.

Болған жайтты естіген Қапалов Салқынбековтан ұрланған мүліктің құнын өтеуді талап етеді. Салқынбеков, өз алдына, одан сарайды жылылағаны үшін және от жағып тұруға кеткен шығындарының орнын толтыруды талап етеді.

Қапалов өз талаптарынан қайтпайды. Онымен қоса, сақтау үшін ақы төлеу туралы келісім араларында жоқ, сондықтан да ол Салқынбековтың қандай да болмасын шығындарын өтеуге міндетті емес екендігін, оның үстіне заттардың ұрланғанын айтады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

10. Вокзалдағы автоматтандырылған сақтау камерасының ұяшығына чемоданды қою кезінде Пернебаев шифр ретінде өзі-нің туған жылын алады. Ұяшықты ашу кезінде оның чемоданы ұрланғаны анықталады. Пернебаев вокзал әкімшілігіне сақтау камерасынан өз чемоданының ұрланғаны жөнінде шағым біл-діреді. Вокзал басшысы Көлік Министрлігінің қазіргі нұсқауына сәйкес вокзал әкімшілігі автоматтық сақтау камерасынан ұр-ланған заттардың құнын өтеуге міндетті емес екенін айтады. Со-нымен қатар, Пернебаев шифр ретінде өз туған жылын алып, ұяшықты шифр таңдаумен ашу үшін қолайлы жағдай тудыр-ғанын әрі автоматтық сақтау камерасын пайдалану ережелерін бұзғанын айтады.

Вокзал бастығы берген түсініктеме дұрыс па? Егер де жоқ болса, сотқа дәлелді арыз дайындаңыз.

11. Қонақ үйде азамат Төлешевтің бөлмесінен электр ұс-тарасы мен джинсасы ұрланады. Қонақ үй әкімшілігі ұрланған мүлік құнын өтеуден бас тартады, өйткені азамат Төлешев қо-нақ үймен сақтау шартын жасаспаған болатын. Істі қарастыру барысында Төлешевтің бөлмесі орналасқан қабаттың кезекшісі сол заттарды оның бөлмесінен көргенін растайды, алайда Тө-лешев бөлме кілтін үнемі өзімен бірге алып, әкімшілікке тап-сырмай жүргендігінен мүліктің жоғалуында қонақ үй қызмет-керлерінің кінәсі жоғын айтады.

Істі шешіңіздер.

10-тақырып.

МҮЛІКТІ СЕНІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Мүлікті сенімгерлікпен басқарудың түсінігі.

1. Мүлікті сенімгерлікпен басқару және сенімгерліктегі меншік.
2. Тапсырма, комиссия және мүлікті сенімгерлікпен бас-қару шартының арақатынасы.
3. Мүлікті сенімгерлікпен басқаруды құру және мүлікті шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына бекітіп беру.
4. Мүлікті сенімгерлікпен басқару және ұйымды басқару.

1. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының элементтері.

1. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының тараптары.
 2. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының объектілері.
 3. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының мазмұны.
 4. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының нысаны.
2. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартын бұзғандығы үшін жауапкершілік.
1. Құрылтайшы мен сенімгерлікпен басқарушының үшін-ші жақтардың алдындағы жауапкершілігі.
3. Коммерциялық концессия шартының түсінігі.
1. Коммерциялық концессия шартының маңызы мен қол-данылу аясы.
 2. Коммерциялық концессия шартының нысаны мен мем-лекеттік тіркеуге қойылатын талаптары.
 3. Коммерциялық концессия шартындағы тараптар.
4. Коммерциялық концессия шартының мазмұны.
1. Коммерциялық концессия шартының елеулі жағдайлары.
 2. Құқық иеленушінің құқықтары мен міндеттері.
 3. Құқық пайдаланушының құқықтары мен міндеттері.
 4. Коммерциялық концессия шарты бойынша тараптар-дың құқықтарына шек қою.
5. Коммерциялық концессия шартының мерзімі.
6. Коммерциялық субконцессия.
7. Коммерциялық концессия шарты бойынша тараптардың құқықтарын өзгерту мен тоқтату.

Есептер

1. Шетелге тұрақты түрде қоныс аударуға бел шешкен Ер-жанов қозғалмайтын мүліктерді сенімгерлікпен басқарумен айна-лысатын агенттікке өтініш жасап жеке меншігіндегі тігін ательсін өзінің пайдасы үшін ұтымды басқарып беруді сұрайды.

Агенттіктің қызметкерлері бұл тектес қызмет үшін Ержанов өз қалауы бойынша тапсырма немесе мүлікті сенімгерлікпен басқару және ательсін заңды тұлға ретінде басқару шартының бірін жасауы қажет деп түсіндіреді.

Ержанов аталған шарттардың бір-бірінен қандай айырма-шылығы барын түсіндіруді сұрайды.

Агенттіктің қызметкерлері қандай жауап берулері тиіс?

2. Қаланың коммуналдық меншігіндегі “Мейманң қонақ үйі ұтымсыз басқарудың нәтижесінде ешбір табыс етілмейді. Сол себептен қала әкімшілігі қонақ үйді “Рахатң жабық акционерлік қоғамына сенімгершілікпен басқаруға береді. Олар қонақ үйді қайта жабықтап жөндеуден өткізеді. Алайда, осыдан кейін де қонақ үйді пайдаланудан түскен табыс оның өз шығындарынан артылмайды. Сондай-ақ “Рахатң жабық акционерлік қоғамы шарт бойынша қонақ үйді қайта

жабдықтап жөндеуден өткізген мердігерлермен әлі күнге дейін есеп айырыспаған, себебі аталған шартқа акционерлік қоғам тек сенімгерлікпен басқарушы тарап ретінде ғана қатысты болғанын желеу етеді. Мердігерлер сотқа талап арыз беріп, қала әкімшілігінен шарт бойынша міндеттемелерін орындауды талап етеді.

Сот мердігерлердің талабын қанағаттандыру мақсатында шешім қабылдап “Мейманң қонақ үйін жария саудаға салып сатады. Осыдан кейін жергілікті әкімшілік сотқа арызданып “Ра-хатң жабық акционерлік қоғамынан сенімгерлікпен басқаруға берілген мүліктен айыру нәтижесінде келтірілген шығынды өтеп беруді талап етеді. Ал “Рахатң жабық акционерлік қоғамы өзіне қойылған бұл талапты орындаудан бас тартып өз тарапынан әкімшіліктен өзінің қонақ үйді басқаруға жұмсаған шығында-рын өтеуді және сыйақы беруді талап етеді.

Сот жергілікті әкімшілікпен “Рахатң жабық акционерлік қо-ғамының өзара бір-біріне қойған талаптарын қанағаттандырмай тастайды.

Соттың шығарған шешіміне баға беріңіздер.

3. Азамат Шалқаров “Жігерң ашық акционерлік қоғамының акцияларын “Алтайң фирмасына сенімгерлікпен басқаруға бе-реді.

Үш ай өткеннен кейін Шалқаров фирманың акцияларды номиналдық құнынан бірнеше есе қымбат бағаға сатып жібер-генін біледі. Ол фирмадан сатылған акциядан түскен ақшаны беруді талап етеді. Фирманың жетекшісі Шалқаровтың бұл талаптарын орындаудан бас тартып екі тараптың жасаған сенім-герлікпен басқару шартының бір жыл мерзімге жасалғанын ес-кертеді. Фирма акциялардан түскен ақшаларға құнды қағаз-дардың басқа түрлерін сатып алып оларды құнды қағаздар ры-ногында ұтымды пайдаланып, олардан мол табыс табуға ниеті бар екенін айтады. Фирманың пайымдауынша Шалқаров құнды қағаздармен жасалған операциядан түскен табысты тек сенім-герлікпен басқару шартының мерзімі аяқталғаннан кейін ғана алуға құқылы.

Шалқаров сотқа талап арыз беріп фирмадан акцияларды са-ту нәтижесінде түскен ақшаларды қайтарып беруді талап етеді.

Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?

4. Делавер Штатының заңы бойынша АҚШ-тың заңды тұл-ғасы болып табылатын “Пица-Пицаң корпорациясы жеке кә-сіпкер Ануфриевпен коммерциялық концессия шартын жасады. Осы шарт бойынша кәсіпкерінен өндірушінің өнімдерін сату кезінде корпорацияның фирмалық атауын, іскерлік беделін және тауарлық белгісін пайдалану құқығына ие болды. Шарт бойын-ша тараптардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Рес-публикасының заңдары бойынша белгіленеді.

Ануфриев тұрғылықты мекен-жайы бойынша аудандық әкім-шілікке Қазақстанның патент пен тауарлық белгілері жөніндегі ведомствоға коммерциялық концессия шартын тіркеуге алуды өтініп, арыз береді.

Әкімшілік төмендегі негіздер бойынша шартты тіркеуден бас тартады. Біріншіден, коммерциялық концессия шарты лицен-зияттың тұрған жерінде емес лицензиялардың тұрған жерінде тіркелуі тиіс. Екіншіден, шартта пайдаланушыға тиісті құжаттар мен ақпараттарды беру және сонымен бірге пайдаланушы мен оның қызметкерлеріне коммерциялық концессия шарты бойын-ша берілген құқықтарды игеруге байланысты кеңес беру жағ-дайлары көзделмеген. Сондай-ақ, “Пица-Пицаң тауарлық бел-гісіне лицензия беру де көзделмеген.

Осылайша тараптар коммерциялық концессия шартының елеулі жағдайлары жайлы келісімге жетпеген. Сол себептен шарт жасалды деп танылмайды.

Ал Қазақстан Республикасының патент және тауар белгісі жөніндегі ведомствосы тауар белгісін пайдалануға беру туралы шартты тіркеуге ала алмайтындығы туралы хабарлайды, себебі “Пица-Пица” тауар белгісі ведомствода тіркелінбеген.

“Пица-пица” корпорациясына қызмет көрсетуші заң фирмасы кәсіпкер Ануфриевтің сұрауына қайтарған жауабында Де-лавер штатының заңында тауарлық белгілер арнайы тіркеуге алынбай-ақ қорғалатыны туралы хабарлайды. Делавер штатының заңында коммерциялық концессия шартын арнайы тіркеуге алу мүлдем көзделмеген.

Тараптар өз қатынастарын заңға сәйкес дұрыс рәсімдеуі үшін қандай шаралар жасауы қажет?

Әкімшілік пен Қазақстанның патент және тауар белгісі жөніндегі ведомствосының пайымдауларына сараптама жасаңыз-дар.

Коммерциялық концессия шартының елеулі жағдайларына нелер жатады? Егер коммерциялық концессия шарты бойынша пайымдаушыларға берілген кейін құқық иеленуші өндіріс меншік объектісіне айрықша құқықтарынан айрылса қандай құқықтық салдар туындайды?

5. “Атыраумұнай” ашық акционерлік қоғамы сотқа берген талап арызында “Тұлпар” жабық акционерлік қоғамымен жасалған коммерциялық концессия шартын бұзып өзіне келтірілген зиянның орнын толтыруды талап етеді. Істі сот қарауына дайын-дау барысында мына жайлар белгілі болады.

“Атыраумұнай” ашық акционерлік қоғамы (құқық иеленуші) “Тұлпар” жабық акционерлік қоғамымен (пайдаланушы) коммерциялық концессия шартын жасасқан. Соған сәйкес “Тұлпар” жабық акционерлік қоғамы “Атыраумұнай” ашық акционерлік қоғамының фирмалық атауын, фирмалық тәсілі мен тауарлық белгісін мұнай өнімдерін сату кезінде “Тұлпар” жабық акционерлік қоғамына қарасты жанармай құю бекеттерінде сондай-ақ техникалық қызмет көрсету орындары мен дәмханаларда пайдалану құқығына ие болады.

Шартты жүзеге асыру барысында “Тұлпар” жабық акционерлік қоғамының жанармай құю бекеттеріндегі мұнай өнімдерінің сапасы “Атыраумұнай” ашық акционерлік қоғамына қарасты жанармай құю бекеттеріндегі мұнай өнімдерімен салыстырғанда сапасы едәуір төмен екендігі анықталды. Шарт бойынша жанармай құю бекеттері тәулік бойы үздіксіз жұмыс істеуі тиіс болатын. Алайда, жанармай құю бекеттері түнде жабылып қалған. Жанармай құю бекеттері мен дәмханалардағы қызмет көрсету деңгейінің төмендігі тұтынушылар тарапынан әрдайым наразылық тудырып отырған. Аталған кемшіліктер “Атыраумұнай” ашық акционерлік қоғамының пайымдауынша коммерциялық концессия шартының ережесін елеулі бұзу болып табылады. Сотқа жүгінуге тікелей себеп болған жай ол осы жанармай құю бекеті жайлы жергілікті теледидардан көрсетілген сын репортажы болды.

Істі сотта қарау барысында “Тұлпар” жабық акционерлік қоғамының өкілі аталған кемшілікті мойындайды, бірақ шартты бұзып шығынды өтеу туралы талапты орындаудан бас тартады. Себебі, коммерциялық концессия шарты “Атыраумұнай” ашық акционерлік қоғамын тіркеуге алған органда тіркеуден өтпеген. Сол себептен шарттан ешбір құқықтық салдар туындамайды.

Өзінің талап арызын қолдай отырып “Атыраумұнай” ашық акционерлік қоғамы коммерциялық концессия шартының Қазақстан Республикасының патент және тауарлық белгілер жөніндегі ведомствода тіркеуге алынғандығын нұсқайды.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс.

11-тақырып.

ЗИЯН КЕЛТІРУ САЛДАРЫНАН ТУАТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Зиян келтіргені үшін жауапкершіліктің жалпы шарттары.
2. Шарттық және деликттік жауапкершіліктің өзара қатынасы.
3. Заңды әрекеттен туған зиянның орнын толтыру.
4. Билік әрекеттерінен туған зияндық үшін жауапкершілік:
 - 4.1. Әкімшілік басқару саласында билік әрекеттерінен туған зиян үшін жауапкершілік;
 - 4.2. Тергеу, алдын-ала тергеу, прокуратура, сот органдарының заңсыз әрекетінен туған зиянның орнын толықтыру.
5. Кәмелетке толмағандар мен әрекет қабілеттігі жоқтардың жауапкершілігі:
 - 5.1. Жас өспірімдердің (14 жасқа дейінгі кәмелетке жетпегендердің) келтірген зияны үшін жауапкершілік;
 - 5.2. Кәмелетке толмағандардың (14-тен 18 жасқа дейін) кел-тірген зияны үшін жауапкершілік;
 - 5.3. Әрекет қабілеті жоқ адамның келтірген зияны үшін жауапкершілік.
6. Қатерлі қауіп көзінен туған зиян үшін жауапкершілік:
 - 6.1. Қатерлі қауіп көзінің ұғымы;
 - 6.2. Жауапкершілік субъектісі;
 - 6.3. Жауапкершілік шарттары.
 - 6.4. Қатерлі қауіп көзі келтірген зиян үшін жауапкершілік-тен босататын жағдайлар;
 - 6.5. Қатерлі қауіп көздерінің өзара әрекетінен туған зиян үшін жауапкершілік.
7. Азаматтың денсаулығына зақым келтіру және асыраушы-ны өлімге әкелгендегі жауапкершілік.
8. Шығынды өтеу көлемі.
9. Жәбірленушінің кінәсін есепке алу.
10. Моральдық зиянның орнын толтыру.
11. Талап арыздарды беру тәртібі.
12. Талап арыз беру мерзімінің ескіруі.

Есептер

1. Автобаза жүргізушісі Айдарбеков Қапшағай жолымен келе жатып, жол тәртібін бұзғандықтан, ол азамат Қирабаевтың автокөлігімен соқтығысып қалады. Жол апаты Айдарбеков кінәсінен болғандықтан ол автобаза гаражында Қирабаевтың автокөлігін жөндеп беруге келіседі. Осы мақсатпен Айдарбеков автобаза жұмысшылары Сырымов және Елеуовпен олардың жұмыстан тыс уақытта Қирабаевтың көлігін жөндеп беруі жөнінде келіседі. Алайда, автокөлік жөнделіп болған соң, Айдарбеков автокөліктердің соқтығысуынан туған зиян үшін қатерлі қауіп көзінің иесі ретінде автобаза жауапкершілік тартуы тиіс дегенге сілтеп, келіскен соманы төлеуден бас тартады. Сырымов пен Елеуов оған автокөлікті жөндеу үшін шартта белгіленген соманы төлеу туралы талап арызсын ұсынады.

Сот тиісті жауапкер ретінде автобазаны тартып, оған Қирабаевқа зиян келтірген қатерлі қауіп көзінің иесі ретінде сол соманы төлетеді.

Соттың шешімі дұрыс па?

2. Қаражота ауылының тұрғыны Мәметовтың үй салуға дайындаған бөренелері ұрланады. Екі аптадан соң көрші ауылдың тұрғыны Кітапбаевтың ұрлықтың ертесінде белгісіз жүргізушіден өте арзан бағамен 10 бөрене сатып алғанын біледі. Кітапбаевқа келген Мәметов кездейсоқ сақталып қалған белгілер бойынша өз бөренелерін таниды, бірақ олар Кітапбаев салып жатқан сарайға жұмсалып жіберілген екен. Соңғысы бөренелерді белгісіз жүргізушіден сатып алғанын мойындайды, бірақ Мәметовтың бөренелер құнын қайтарып беру немесе сол сияқты 10 бөренені беру талабын орындаудан бас тартады. Ол бөренелерді сатып алу кезінде олардың біреуден ұрланғанын білмегенін, әрі болжамағанын айтады. Мәметов ұрланған 10 бөрене құнын төлеу туралы Кітапбаевқа талап арызсын сотқа береді.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс? Егер де Мәметовтың бөренелерін ұрлап, Кітапбаевқа сатқан жүргізуші Көлбаев екені анықталса, шешім өзгере ме?

3. Учаскелік құрылыс қоймасы Танабаевқа оның кінәсі бойынша қоймаға келтірілген зиянның құнын өтеу жөнінде талап арызсын береді. Талап арызда Танабаев бензин тасымалдаушы автокөлік жүргізушісі ретінде жұмыс істеп жүріп, автокөлікті дұрыс пайдаланбау салдарынан тасымалданған олифті ағызып алғандықтан, арыз берушіге материалдық зақым келтіреді. Деликттік жауапкершілік нормаларын басшылыққа ала отырып, сот қойманың талап арызсын қанағаттандырады. Танабаев сот шешімін кассациялық тәртіпте шағымдайды.

Танабаевтың шағымы қанағаттандырылуға жата ма?

4. Думанов, мас болып жүрген өз күйеу баласы Сәкеновты кездестіріп, оны үйге алып кетуге тырысты. Алайда Сәкенов қарсылық білдіріп, қайын атасының қолынан босап шығады да, қашпақшы болады, бірақ қайын атасы оны қуып жетіп, қолынан ұстап алады. Сәкенов аяғы шалынып, құлай бастайды да, өзімен бірге Думановты ілестіре құлайды. Екеуі де жерге құлап түседі. Құлап бара жатқан Думанов, 120 кг-нан астам дене салмағымен, Сәкеновтың төсі мен ішіне тізесімен соғылып, Сәкеновқа (арықтау денелі) ауыр дене жаракатын салады: қабырғасы сынып, бауыры езіліп кетеді, бұл оның өлуіне себеп болады. Сәкеновтың анасы (56 жаста) Думановқа асыраушының өлімінен туған зиянның орнын толтыру жайлы талап арызсын береді.

Талап арызды қанағаттандыруға бола ма?

5. Түнгі уақытта Сымбатова екі белгісіз адам шабуыл жасап, оны жерге құлатып, ұра бастайды және қолындағы сағатын шешіп алмақшы болады. Қорғанып жатып, Сымбатов біреуінің басынан аяғымен соғып жібереді. Соңында шабуыл жасаушылар Зарандинов пен Несіпбеков екені анықталады.

Басынан соққы алған Зарандинов, бірнеше күннен кейін миына қан құйылып, қайтыс болып кетеді, ал Несіпбеков жоқ болып кетеді. Сымбатоваға қарсы қозғалған қылмысты іс оның қажетті

қорғану шегінде әрекет ету себебінің негізінде тоқта-тылады.

Зарандиновтың әйелі Сымбатовқа асыраушының өлімімен келген зиянның, жас баласын асырап-бағу үшін және Заранди-новты жерлеу шығындарын өтеуді талап етіп арыз жазады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

6. Жол бөлімінің милиционері Досымов азамат Үкібаевты заңсыз тоқтатып, одан құжат көрсетуді талап етеді. Үкібаев До-сымовтың талабын орындаудан бас тартқандықтан, соңғысы оған күш жұмсап, қолына зақым келтіреді, соның нәтижесінде Үкібаев екі ай емделуде жатады.

Өзінің заңсыз әрекеттері үшін Досымов тәртіптік жауап-кершілікке тартылады.

Үкібаев өзіне таныс заң факультеті студентіне жолығып, одан келтірілген зиянды өтеу жөнінде кімге және қалай талап қоя алатынын сұрайды. Студент тергеу органдарының (милиция бөлімі де тергеу органына жатады) қызметкерлерінің заңсыз әре-кетінен туған зиянды мемлекет өтейді деп түсіндіреді. Сон-дықтан да Үкібаев өзіне келтірілген зиянның орнын толықтыру жөніндегі талап арызын жергілікті әкімшіліктің қаржы органына беруі керек. Студенттің айтқанын тыңдап, Үкібаев талап арызын қаржы бөлімге береді.

Істі қарастыру барысында сот бірге жауап беруші ретінде милиционер Досымовты тартып, оған талап арызда көрсетілген соманы төлетеді. Досымов соттың бұл шешімін шағымдайды.

Кассациялық инстанция қандай анықтама шығаруы тиіс және нақты мәнісінде іс қалай шешілуі қажет?

7. Соттың үкімі бойынша Алиев басқалармен бірге мемле-кеттік мүлікті ұрлағаны үшін мүлкі тәркіленіп, 5 жылға бас бос-тандығынан айырылады.

Үкім күшіне енгеннен кейін бір жыл өткен соң Алиевке қа-тысты іс қадағалау тәртібінде Алиевтің қылмыс жасауға қатыс-тылығының дәлелденбеуінен тоқтатылады.

Алиев жазалау үкімін шығарған сотқа және тәркіленген автокөлігі берілген Аудандық Ішкі Істер Басқармасына ол:

- а) тергеу кезінде және қамау орындарында болған кезеңін-дегі жоғалтқан еңбек ақысын;
- ә) заң көмегін көрсеткені үшін оның заң кеңесшісіне төле-ген сомаларды;
- б) конфискеленген және сот шешімі бойынша сатылған мүлкінің құнын;
- в) “Жигулиң автокөлігін қайтаруды және оны қалпына кел-тіру (машина бір жыл бойы АІБ-ның ауласында тұрып, белгісіз біреулер оны зақымдайды) жұмыстарының құнын;
- г) моральдық зиянды өтеу жөнінде талап арыз береді.

Алиевтің талаптары қанағаттандырылуға жата ма?

Егер қанағаттандырар болса, онда кім және қандай тәртіпте оған келтірілген зиян орнын толтырады?

8. Соттың шешімімен Өжет ауылының тұрғыны Ғаппа- ров Қ. С., өзінің жас баласы Өсеттің күтуіне алимент төлеп тұ-ратын. Соңында анықталғандай (Ғаппаровтың көптеген шағымы бойынша), баланың іс жүзіндегі әкесі және іс бойынша тиісті жауапкер көрші Өтеп ауылында тұратын оның фамилиялас адамы болып шығады. Соттың шешімін шығару кезінде және орындалу

қағазын толтыру кезінде ауыл атында қате кеткен болатын (Өтеп ауылының орнына Өжет ауылы көрсетілген).

Қ. С. Гаппаров сотқа “алименттің ретінде төленген сомалардың, көп рет сотқа барумен байланысты шығындардың, және соған байланысты жоғалтқан еңбек ақысының, ал сонымен қатар оған келтірілген моральдық зиянның орнын толтыру жөнінде талап арызын береді.

Қ. С. Гаппаровтың талаптары қанағаттандыруға жата ма? Бұл іс қалай шешілуі тиіс?

9. Сабыров дүкеннен 2 жылға кепілдік берілген “Радуга” түрлі-түсті теледидарын сатып алады. Екі жарым жылдан соң теледидар өзінен-өзі өртеніп кетеді де, Сабыров пәтеріндегі өрт-ке себепші болады. Өрт нәтижесінде Сабыровтың бүкіл жиызы жанып кетеді, ал пәтердің жөндеу жұмыстарына 300 000 теңге жұмсалады. Өрт сөндіру кезінде Сабыров пәтерінен кеткен су төменде орналасқан Ботбаев пәтеріне еніп, төбесі мен кереге-леріне ағады. Оны жөндеуге 80 000 теңге жұмсалады. Экспертиза қорытындысы бойынша Сабыров пен оның жанұясы жағынан теледидар пайдаланудағы қателіктері болмады, ал теледидардың жанып кетуі оны құрастырғанда жылуға төзімсіз материалдарды пайдаланғанның салдарынан болғаны анықталады.

Сабыров пен Ботбаев теледидар сататын дүкенге оларға келтірілген зиянның орнын толық жөнінде талап арызын ұсынады. Қойылған талаптарға қарсылық білдіре отырып, дүкен теледидардың өзінен-өзі жанып кетуден Сабыровқа келтірілген зиянда дүкеннің, біріншіден, кінәсі жоқ, ал екіншіден, оның сатқан заттарының кемістіктері үшін кепілді мерзім өткен соң еш жауапкершілігі жоқ екенін көрсетеді. Ал Ботбаевтың талаптарына қатысты, оған келтірілген зиян теледидардың жанып кетуінен емес, Сабыров пәтерінде өрт сөндіру салдарынан туған, сондықтан да ол өз талаптарын өрт сөндірушілер командасына қоюы тиіс деп жауап береді.

Сабыров пен Ботбаевқа келтірілген зиянның орнын кім және қандай тәртіпте толтыруы тиіс?

10. Бастауыш мектеп оқушылары Айдар (9 жаста) және Берік (10 жаста) класта ойын ұйымдастырады: еденге және кластағы тақтаға “жебелер” (қарындаштарға байланған инелер) лақтырады. Беріктің сәтсіз лақтырылған “жебесінің біреуі сол класс оқушысы Мұқанов Мейірдің көзіне тиіп, нәтижесінде ол көзінен айырылады да ұзақ уақыт емдеуде жүреді.

Мейірдің әкесі Беріктің ата-анасы мен мектепке келтірілген зиянның: Мейірдің емделуіне кеткен шығындардың, оның ішінде көз протезінің құнын, және Мейірдің оқуда артта қалып қалуы үшін репетиторды жалдау шығындарының орнын толтыру жөнінде талап арыз береді. Сот класс жетекшісінің кластағы оқушылар тәртібін үзіліс кезінде дұрыс қадағаламағанына, ал Беріктің ата-анасының ұлын нашар тәрбиелегеніне сүйене отырып, Беріктің ата-анасы мен класс жетекшісіне ортақ түрде қажетті сомаларды төлетеді.

Істе келесі құжаттар болды:

а) балалармен жұмыс істеудегі жауапсыздығы мен қауіпті ойынды тоқтату шараларын қолданбағаны үшін класс жетекшісіне сөгіс жасаған мектеп директорының бұйрығы;

ә) Беріктің мектепте оқуының барлық жылдарындағы үлгілі тәртібі және жақсы үлгерімі мен айтқанды тыңдайтыны көрсетілген мектептің Берікке берген сипаттамасы. Тұратын жерінен де оған еш ескертулер түспеген.

Беріктің ата-анасы мен мектеп соттың бұл шешімін шағым-дайды.

Бұл істі қалайша шешу керек?

11. Ереуілов Нұрлан (17 жаста), автокөлік жөндеу зауытында слесарьдың оқушысы, және Сатымов Уалихан (16 жаста), темір жол колледжінің оқушысы, есік құлпын сындырып, Қалиевтің

меншігіндегі “Жигулиң автокөлігін айдап кетеді.

Машинаның тұтқасына Нұрлан отырады. Қуғыннан қор-қып, ол автокөліктің жылдамдығын жеделдетеді де бұрылыста көлікті басқара алмай қалып, аударылып түсіп, жол маңындағы бағанға соқтығады. Тап осында Ереуілов Н. мен Сатымов У. ұс-талады.

Көлік зақымдалады, ал У. Сатымовтың оң жақ иығы мен екі қабырғасы сынып, нәтижесінде ол бір жылға өзінің жалпы ең-бекке қабілеттігінің 50%-ін жоғалтады. Ал оның оқудан қалып қоймауы үшін ата-анасы оған репетиторлар жалдап оқытады.

Қалиев кәмелетке жетпегендердің өздері Ереуілов Нұрлан мен Сатымов Уалихан оның көлігін зақымдаумен келтірген зия-нынның орнын толықтыра алмайды деп санап, олардың ата-ана-сына автокөлікті жөнге келтіру жұмыстарының құнын өтеу ту-ралы талап арызын береді.

Сатымов Уалиханның әкесі талапқа қарсылық білдіре оты-рып, Қалиев көлігінің сынуына өзінің, не оның ұлы Уалихан, жауап беруі тиіс емес, өйткені Уалихан тек Ереуілов Нұрланға есік құлпысын сындыруға көмектеседі, ал көліктің сынуына оны айдаған Ереуілов Нұрлан жауап беруі тиіс деп көрсетеді. Ол, өз алдына, зиян қатерлі қауіп көзінен болғандықтан, ұлының аты-нан Қалиевке жол апаты кезінде Уалиханға келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талап арызын береді.

Бұл іс қалай шешілуі тиіс?

12. Фермер Момынов өгіз асырайды, жұмысына кеткен кез-де оны үйдің қасында шынжырға байлап кететін. Бір күні өгіз шынжырдан жұлқынып жолға қашып шығады да өтіп бара жатқан хат тасушы Бөрібаевты мүйізімен сүзіп, шабуыл жасайды. Оның нәтижесінде Бөрібаевтың екі қабырғасы сынып, ол 10 мың. теңге жұмсап, 3 ай бойы емделуде жүреді (оның ішінде санаторлық-курорттық). Бөрібаев Момыновқа (өгіз иесіне) және байланыс бөлімшесіне (зиян оған қызмет бабында жүрген ке-зінде — корреспонденция таратып жүргенде келтірілгендіктен) ортақтасып 20 мың. теңге сомасында материалдық және мо-ральдық зиян орнын толықтыру жөнінде талап арызын береді. Сонымен бірге Бөрібаев соттан жануарды қатерлі қауіп көзі деп тануды сұрады, өйткені өгіздің қылығы жабайы болды, және Момыновтың көршілерінің түсіндіргені бойынша ол бұрын да өтіп бара жатқан адамдарға шабуыл жасайтын.

Талап арыз қанағаттандыруға жата ма? Қатерлі қауіп көзі деп нені түсінеміз? Байланыс бөлімін жауапкершілікке тартуға бола ма? Моральдық зиян компенсациялауға жата ма?

13. Орман химиясы комбинатының жұмыскері Мереев сол комбинат цистернасынан метил спиртің ұрлайды да өзінің та-нысы Бүркітовқа дәмін татқызады. Уланудың нәтижесінде Бүр-кітов екі көзінің көру қабілетінен айырылады және 1-ші топ мү-гедегі, ал Мереевтің көзі 50 процент көретін ғана болып, ол 2-ші топ мүгедегі болып қалады. Қатерлі қауіп көзі болып табылатын метил спиртінің иесі орман химиясы комбинаты деп санап, Бүр-кітов өзіне келтірілген моральдық және мүліктік зиянның орнын толтыру жөнінде комбинатқа талап арызын береді. Тура сондай талап арызды комбинатқа Мереев те береді.

Бүркітов пен Мереевтің талап арыздары қанағаттандырылуға жата ма?

14. 1995 жылдың 5 шілдесінде Омаровтың меншігіндегі оның кәмелетке толмаған (17 жасар) ұлы айдап келе жатқан “Днепрң мотоциклі мен Тасболовтың меншігіндегі “Жигулиң кө-лігінің соқтығысы болып, оның салдарынан көлікке зақымдар келтіріледі.

Тергеу органдарының қаулысымен жол апатында мотоцикл жүргізушісінің кінәсі бары анықталады.

Тасболатов Омаровқа қатерлі қауіп көзінің (мотоциклдің) иесі ретінде автокөлікті жөндеу шығындарын өтеу туралы талап арызын береді.

Істі қарастыру кезінде сот қоса жауап беруші ретінде Омаровтың баласын тартады да, оған және оның әкесіне ортақ етіп арызда көрсетілген соманы төлетеді.

Прокурор соттың бұл шешіміне наразылық жасайды.

Прокурордың наразылығын негіздеу үшін қандай дәлелде-мелер қолданылды?

15. Сот үкімі бойынша Асылжанов өзіне бекітілген “Алғаң совхозының сүт тасымалдаушы көлігін мас күйінде айдап келе жатып, рульді басқара алмай, көлікті аударып алады, оның нәтижесінде цистернадан 1800 кг. сүт төгіледі. Төгілген сүт пен бен-зин араласып, жолда тайғақ жер пайда болғанына қарамастан, Асылжанов қауіптен сақтайтын белгіні шығарып қоймайды да оқиға болған жерден қашып кетеді.

Оқиғадан кейін 30 мин. өткен соң тура сол жолмен келе жатқан “Жигулиң көлігі тайғақ жерде жолдан шығып кетіп, ол темірбетон бағандар қоршауына соқтығады да жыраға құлайды. “Жигулиң автокөлігінің иесі Давыдовқа жеңіл дене жарақаттары келтіріледі, ал көлігі бұзылады.

Давыдов “Алғаң совхозына Асылжанов айдаған көліктің иесі ретінде қатерлі қауіп көзінен туған зиян шығындарын өтеу жөнінде талап арыз береді.

Істі шешіңіздер.

16. Автобаза жүргізушісі Оспанов демалыс күні гараж территориясына келіп, күзетшінің жоқтығын пайдаланып, өзін білдік жасап гараждың кілті гараж бастығының келісімі бойынша өзінде болғандықтан көлікті алады.

Жолда келе жатып, алдыңғы көлікті басып озу кезінде тұман жағдайында көлікті басқара алмай қалып, жолдың қарсы қозғалыс бетіне шығады да, жолаушысы бар Байдаловтың автокөлігімен соқтығысады. Соқтығысу нәтижесінде екі көлік те зақымданады: Байдалов көлігінің жөнге келтіру жұмыстарына 8000 теңге, ал автобазаныкіне 5 000 теңге кетеді.

Жолаушы — Құрбанов жарымжан болып, 60% еңбек қабілеттілігінен айырылады, соған байланысты ол Байдалов пен автобазаға, соқтығысқан қатерлі қауіп көздерінің иелері ретінде, талап арыз береді. Байдалов Құрбановтың талаптарына қарсылық білдіре отырып, оған келтірілген зиян Оспановтың кінәсін болғанын және іс бойынша сол жауапкер болу керектігін айтады, және өз алдына автобазаға оның көлігіне келтірілген зиянның өтелуі жөнінде талап қояды. Автобаза Байдалов пен Құрбановтың талаптарына қарсылық білдіре отырып, біріншіден, Оспановтың гараждан өз еркімен алған көлігі автобаза иелігінен ерік-тен тыс шығып кеткенін және сондықтан да Байдалов пен Құрбановқа келтірілген зиян үшін ол жауап бере алмайтынын, екіншіден, автокөліктердің соқтығысуы бой бермейтін күштің — тұманның нәтижесінде болғанын, демек, автобаза ғана емес, тіпті Оспанов та жауапкершіліктен босатылуы тиіс екенін айтады.

Істі шешіңіз.

17. Совхоздың трактор айдаушысы Төрешұлов мас күйінде гараж территориясына келіп, сонда тұрған тракторға мінеді де, гараж қақпасын жауып қойған күзетшінің қарсылығына қарамастан, қақпаны басып өтіп, гараж территориясынан шығып кетеді.

Жүріп келе жатып ол, жолға қарамай, совхоз жұмыскері Сұраншиевтің жеріне кіріп кетіп, ондағы отырғызылған қарақат бұталары мен жеміс беретін алма ағаштарын және картоп отырғызылған учаскені таптап өтеді.

Сұраншиев оған келтірілген зиянның өтелуін совхоздан талап етеді, ал келтірілген зиянға алма ағаштары мен жойылған картоптың құнын ғана кіргізіп қана қоймай, сонымен бірге алынбаған пайдасының сомасын да кіргізеді (“Өнімді фирмасына сатуға келіскен алма ағаштары мен картоптың алынбаған өнімі”).

Сұраншиевтің талап арызын қанағаттандыруға бола ма, егер қанағаттандырар болса, онда тиісті жауапкер кім болып табылады?

18. “Жедел жәрдем мен құрылыс трестінің көліктері соқтығысқан кезде жаяу жүрген Балтабаев зиян тартады. “Жедел жәрдем көлігі де, құрылыс трестінің көлігі де зақымданады. Автоинспекция қорытындысы бойынша екі жақтың жүргізушілері тарапынан жол ережесін бұзу болмаған. Соқтығысу кездейсоқ түрде көктайғақ себебінен болғаны анықталады. Балтабаев өзінің зақымдануы нәтижесінде еңбекке қабілеттілігін жоғалтқанына байланысты еңбек ақысындағы зиян орнын толтыру жөнінде талап арызын соқтығысқан көлік жүргізушілеріне ұсынады. Құрылыс трестіне “Жедел жәрдем автокөлігінің иесі — аудандық денсаулық бөлімі талап арыз жазады.

Дауды қалай шешуге болады? Егер құрылыс трестінің жүргізушісі соқтығысқа кінәлі деп танылса, шешім өзгерер ме еді?

19. Автобаза жұмыскері Ризабаева қызмет бабымен автобазаның жүк автокөлігімен келе жатты. Ризабаеваның танысы — Қуатова да сол көлікпен келе жатады. Жолда жүргізуші Текесов шаңға толы шұңқырға автокөліктің оң жақ дөңгелегінің түсіп кетуі нәтижесінде ол көлікті басқара алмай қалады. Ақырында көлік орға кіріп кетіп, аударылып түседі. Ризабаева мен Қуатова зақым алады, оның салдарынан Ризабаева кәсіптік еңбекке қабілеттілігінің 60%-ін, ал Қуатова 40%-ін жоғалтады.

Автоинспекция қорытындысы бойынша жүргізуші Текесовтың тарапынан жол ережесін бұзу болмаған. Көлікті жөнді күйде жіберген автобазаның да кінәсі жоқ болады.

Ризабаева мен Қуатова автобазаға өздеріне келтірілген зиянның орнын толтыру жөнінде талап арыздарын береді. Ризабаеваның еңбек ақысы орта есеппен айына 3 000 теңге, ал Қуатова-ныкі — 2 800 теңге. Ризабаеваға еңбек жаракаты бойынша 1 300 теңге сомасында зейнетақы тағайындалады. Қуатоваға зейнетақы тағайындалмайды.

Талап арыздардан бас тарта отырып, автобаза келесі негізде-мелер бойынша оны жауапкершіліктен босатуды сұрайды. Қуатова жолаушы тасымалдауға бейімделмеген көлікке отырған-дықтан, онымен болған жазатайым оқиғаға өзі кінәлі. Ал Ризабаеваға келетін болсақ, оның денсаулығына зақым жұмыс міндеттерін орындау үстінде келтірілген, ал онымен болған жаза-тайым оқиғада автобазаның кінәсі жоқ болғандықтан, автобаза келтірілген зиян үшін жауапкершілік тартпайды.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

20. Текелі тау-кенінің жүргізушісі Арланов басқа да жұмыс-керлер тобымен, оның ішінде Бақытжановпен бірге кен автокөлігімен қызмет бабындағы сапарға жіберіледі. Белгіленген жерге жол жүріп келе жатқанда, аялдамалардың бірінде арақ-шарап ішу кезінде шыққан дау нәтижесінде Бақытжанов алып келе жатқан жүкті қорғау үшін кен әкімшілігі берген револьверден атып, Арлановты өлтіреді. Арлановтың әйелі сотқа асырауында өзінен басқа екі баласы — 15 жасар ұлы мен 10 жасар қызы ба-рын көрсетіп, болған асыраушының өлімінен келтірілген зиянның орнын толтыру жөнінде кенге талап арызын береді.

Бұл талап қанағаттандырылуға жата ма? Еңбек міндеттерін орындаумен байланысты зақым келтіруден, денсаулықтың басқа да зақымдануы мен асыраушының өлімінен туындаған зиянның орнын толтыру туралы даулар қандай тәртіпте қарастырылады?

12-тақырып.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Авторлық құқық ұғымы және оның қағидалары.
2. Авторлық құқық объектісінің белгілері. Қорғауға алы-натын шығармалар түрлері.
3. Авторлық құқық субъектілері. Бірлескен авторлық. Шет ел авторларының шығармаларын қорғау.
4. Авторлардың жеке мүліктік емес және мүліктік құқық-тары. Қызмет тапсырмасын орындау кезінде жасалған шығарма-ларға ие болу құқығы.
5. Авторлардың мүліктік құқықтарын ұжым болып басқару.
6. Авторлық құқық күшінің мерзімі.
7. Авторлық шарттар.
8. Сабақтас құқықтарды қорғау.
9. Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау.

Есептер

1. Алматы темір жол Басқармасы бір топ қызметкерлеріне “Алматы вокзалдарынан жүретін қала маңы поездардың кес-тесінң басылымға дайындауды тапсырады.

Алматы-II вокзалынан жүретін поездар кестесін құрас-тырған Шопанова басылымға дайындаған “кестенің авторлық құқық объектісің деп санауға бола ма деген сұрақпен заңгерге ба-рады.

Сонымен қатар, ол қала маңы көлікті пайдаланатын жолау-шылардың негізгі құқықтары мен міндеттері айтылған өзі дайындаған кішкене кітапшаға авторлық құқық тарай ма дегенді сұрайды. Кітапша қазіргі заң негізінде жасалғандықтан, ал ав-торлық құқық жайлы заңда ресми құжаттар, оларға жататын заңдар авторлық құқық объектілері болып табылмайтыны айтылғандықтан ол күмәнданатынын айтады.

Осы сұрақтар бойынша қандай түсініктеме берілуі тиіс? Авторлық құқық объектісіне заңмен қандай талаптар қойылған?

2. Эуеской суретші дүкеннен автор Дремовтың картинасын сатып алады да, сатуға дайындап бірнеше көшірмесін жасайды. Суретін қайта салу үшін автор сатып алушыға келгенде сатып алушының картинаның реңін бұрмалап жасаған бірнеше көшір-месін көріп, оларды жоюды талап етеді.

Сатып алушы бұл талапқа келісім бермейді де, суретті дү-кеннен сатып алғанын, оның меншік иесі болғандықтан, не іс-тесе де өзі білетінін айтады. Сондықтан да ол авторға өз суретін қайта салуға рұқсат бермейді.

Автор өзінің авторлық құқықтарын қорғау үшін сотқа ба-рады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

3. Екі автор бас орамалдарды шығаруда қолданылған сурет-терді жасайды. Барлық туындылар үшін, соның ішінде қызмет тапсырмасы ретінде жасалғандар үшін де авторлық құқық ав-торлардың өздеріне беріледі дегенге сілтеп, авторлар кәсіпорын әкімшілігінен олардың суреттерін пайдалану жөнінде олармен шарт жасасуды талап етеді.

Еңбек шартында авторлар еңбегінің барлық шығармашылық туындыларын пайдалану құқығы жұмыс берушіге берілетіні анық көрсетілгенін ескертіп, кәсіпорын әкімшілігі авторлар та-лабын

орындаудан бас тартады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Қызмет туындыларына авторлары-ның құқықтары қандай?

4. Композитор мен ақын бірігіп, концерттік залда орындалған бірнеше үйлену тойына арналған және стол басында айтылатын өлеңдер шығарады. Баспа сол өлеңдерді жарыққа шығару туралы авторларға ұсыныс жасайды.

Егер баспа бір мезгілде текстті бар ноталарды, сонымен бірге ноталар мен текстті бөлек шығарғысы келсе, кіммен шарт жасасуы қажет?

Заңда бірлескен авторлықтың қандай түрлері бар?

5. Маңғыстау кітап баспасы автор Нұрмановпен “Маңғыс-тау тарихының монографиясын жарыққа шығару туралы шарт жасасады. Қолжазба рецензия берушілердің жақсы бағасына ие болады. Бірақ сонымен қатар ескертулері де болады, олармен автор толығымен келіседі де, қолжазбаға тиісті анықтамалар мен толықтырулар енгізуге ниет білдіреді. Баспа толықтыру жұмыс-тарына авторға төрт ай мерзім береді. Автор аяқ астынан қайтыс болады. Баспа марқұмның мұрагерлеріне тарихшы Ибрагимовқа қолжазбаны аяқтау үшін тапсыруды сұрайды. Мұрагерлер өз келісімін береді.

Жарық көрген толықтырылған монография авторы деп кімді санау қажет? Қандай авторлық құқықтар мұрагерлік бойынша беріледі?

6. Радиодан “Ғылым жаңалықтарың рубрикасында Исмаиловтың “Балқаш көлінің түбін зерттеу нәтижелерің мақаласы эфирге шығарылады. Автор оған қаламақы төлеуді, келесіде оның рұқсатынсыз мақаласын қайталамауды талап етеді. Радио-комитет авторлық заң бойынша барлық жарық көрген мақалалар автордың келісімінсіз және қаламақы төлеусіз эфирге шығарылуға болатынын айтады.

Бұл дауда кімдікі дұрыс? Автордың келісімінсіз және қаламақы төлеусіз оның туындысын қолдану қандай жағдайларда рұқсат етіледі?

7. “Классикалық механика оқулығының авторлары баспа-мен шарт жасасады да, шартта шығарманың шығу мерзімін және шарттың мерзімін көрсетпейді. Қолжазбаның баспаға берілген күнінен бір жыл өткен соң авторлар өздерінің оқулығы қашан жарық көретінін сұрайды. Анық жауап ала алмай, олар сол оқулықтың басылу мерзімін белгілеп, оны басқа баспаға береді. Бірінші баспамен шартты бұзуға уәделеседі. Авторлар баспаға шартты бұзу туралы хабарлағанда, баспа оларға шартта мерзім көрсетілмегендіктен, ол осы оқулыққа ие болу құқығы баспаға барлық уақытқа өтетінін және оқулықты жазғандар енді ешқан-дай авторлық құқыққа ие болмайды деп жауап қайтарады.

Бұл дауда кімдікі жөн және авторлар талап арызбен сотқа барса, ол қалай шешілуі тиіс?

8. Алматының бірқатар кәсіпорындарында бірде штаттық суретшілері, бірде штаттан тыс суретшілері жасаған әсемдік-қолданбалы өнер туындыларын қолданып бұйымдар шығарылады.

Кейбір кәсіпорындар тек шарт жасасқан штаттан тыс суретшілерге ғана сыйақы төлеп тұрады. Штаттағы суретшілеріне олардың еңбек ақы үшін жұмыс істейтініне сілтей отырып, сый ақы төлеуден бас тартады. Енді бір кәсіпорындар штаттан тыс суретшілерге де сый ақы төлеуден бас тартады, өйткені олардың туындылары жарық көріп, осының өзін тиісті сый ақы деп ұғынулары керек деді. Авторлық құқық туралы Жаңа Заң жайлы естіген суретшілер заң кеңесшісіне жаңа заң бойынша суретшілер қандай құқыққа ие болды және олардың туындыларын өнеркәсіп бұйымдарында қолдану үшін сый ақының мөлшері қалай анықталатынын сұрап барады.

Тиісті кеңес беріңіз.

9. Басты рольдерде жаңа артистер ойнайтын “Абайң опе-расын қойылымға дайындау кезінде Радиостудия театрдан осы орындауды бір мезгілде радиодан беруге рұқсат сұрайды. Театр-дан, сонымен бірге, “Әуенң фирмасы спектакльдің орындалуын жазып алу үшін рұқсат беруін сұрайды. Оны білген орындау-шылар театр әкімшілігіне өздерінің қарсылығын білдіреді, олай істелінгенде олардың құқықтары бұзылатынын және эфирге тек екінші спектакльден бастап қана шығарса қарсылық білдір-мейтінін көрсетеді.

Фонограмманы жасаушылар мен орындаушылардың қандай құқықтары бар?

10. Авторлар ұжымы өздерінің криминалистика бойынша оқулығын шығару жөнінде баспамен шарт жасасады. Баспа оқулықты басып шығаруға дайындаудың әжептәуір жұмысын өткізіп, оқулық авторларына сыйақының 60%-ін төлейді. Алай-да қаржының жоқтығынан оқулықты жарыққа шығару жеке меншік заң институтына беріледі. Авторлар оқулық қолжазба-сын заң институты жоғалтып алғанын анықтайды.

Авторларда келесі сұрақтар туындайды:

- 1) олардың келісімінсіз оқулықты басуды заң институтына беруге баспа құқықты ма?
- 2) өз құқықтарын қорғау жөнінде талаптарын кімге қоя алады?

13-тақырып.

ПАТЕНТТІК ҚҰҚЫҚ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Патенттік құқықтың объектілері:

1.1. Патенттік құқық объектілерінің түрлері және олардың белгілері.

1.2. Патенттік құқық объектілерінің интеллектуалды мен-шіктің басқа объектілерінен айырмашылықтары.

2. Патенттік құқық субъектілері:

2.1. Өнертабыс, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгі-лердің авторлары. Біріккен авторлық;

2.2. Қызмет барысындағы техника жетістіктерінің субъекті-лері.

2.3. Қазақстан Республикасының Патент ведомствосы. Қазақстан өнертабыстарының республикалық қоры. Патенттік се-нім алушы.

3. Патенттік құқықты рәсімдеу:

3.1. Өтінімді құрастыру және беру;

3.2. Патенттік мекемеде өтінімді сараптау;

3.3. Патентті беру;

3.4. Қазақстан Республикасының Патенттік заңының күшке енуіне дейін жасалған өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгілеріне патенттік құқықты рәсімдеу.

4. Өнертабыстар, пайдалы модельдер мен өнеркәсіп үлгілері авторларының құқықтары.

5. Патент — өнеркәсіп меншік объектілерін сақтау нысаны ретінде:

5.1. Патенттік құқықтардың мазмұны;

5.2. Патент иесінің міндеттері;

5.3. Патент күшінің тоқтатылуы.

6. Авторлар мен патент иелерінің құқықтарын қорғау.

Есептер

1. Жер асты суларының тотығу-тотықсыздану қасиеттерін зерттеу барысында ғылыми қызметкерлердің бір тобы жаңбыр-мен бірге ондағы атмосфералық оттегі үлкен тереңдіктегі жер асты суларына енетінін анықтайды. Оған дейін ғылымда оттегі Жердің тек жоғарғы қабатында ғана болады деп саналған. Ға-лымдардың ойынша, ашылған құбылыстың ғылыми мәні іздеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін өте маңызды. Нақты алғанда, оның негізінде пайдалы қазбаларды іздеудің түпкілікті жаңа әдісін жасап шығаруға болады.

Ғалымдар өздерінің жаңалығын және авторлық құқықтарын бекітуге қатысты заңгер — патенттанушыға кеңес сұрап барады.

Оларға қандай түсініктемелер берілуі тиіс?

2. Қазақстан Республикасының Патенттік ведомствосына екі өтінім түседі. Соңғы өтінім бойынша оның иесіне “Престік байланыстарды жетілдіруге арналған құрылғының пайдалы мо-деліне куәлік беріледі. Бұрынырақ түскен “Сыртқы сақиналарды престоуге арналған құрылғының өнертабысына патент алу өтінімі бойынша шешім әлі қабылданған жоқ болатын. Бұрынырақ түскен өтінім авторлары куәлік беріліп қойылған пайдалы мо-дельдің формуласында сипатталған техникалық шешім жаңа емес, өйткені олардың мәліметтерінің негізгі белгілер жиын-тығын қайталайды деп санайды. Өзгешеліктер тек кейбір эле-менттердің мәнісінде емес, аталуында ғана байқалады. Сондықтан да авторлар патенттік сенім алушыға қарсылық білдіруді дайындап беруді сұрап барады. Пайдалы модель куәлігінің иесі дайындалып жатқан наразылық туралы білгенде, бұрын түскен өтінім авторларына жазған хатында ол шешімді өз бетімен шығарғанын, олардың өтінімдерінің мазмұнымен таныс емес екендігін және сондықтан да оның куәлігі жойылуға жатпайтынын, оның үстіне ол өтінімін өнертабысқа емес, пайдалы модельге бергендіктен, ұсынылған шешімдердің бірдей болуы мүмкін еместігін хабарлайды.

Берілген куәліктер мен патенттер жарамсыз деп санау қандай тәртіпте жүзеге асырылуы мүмкін? Осы жағдайда, дәлірек айтсақ, екі шешімнің бірдей екені анықталған болса қандай шешім қабылдануы мүмкін?

3. Көркемдік кәсіпорнында суретші Меркешевтің эскиздері бойынша әшекейленген шай сервизінің жаңа моделі жасалынады. Модельдің келешекте өндіріске шығарылуына байланысты кәсіпорын мен суретші дизайнердің құқығын сақтауды қамтамасыз ету қажеттілігі жөнінде мәселе туады. Кәсіпорын кеңес сұрап барған заң фирмасы сақтаудың анағұрлым жақсы тәсілі ол осы модельді өнеркәсіптік үлгі деп тану екенін айтады. Алайда, ол мүмкін емес, өйткені қарастырылып жатқан көркемдік-конструкторлық шешімнің сыртқы түрі әрбір бұйымның қолмен көркемделуін қажет ететін болғандықтан өндірістік әдіске салу мүмкін емес.

Солдай бола тұра, заң фирмасының пікірінше, көркемдік-қолданбалы өнер туындысы болып табылатын осы жобаны үшінші жақтар бәрі бір де пайдалана алмайды және ол оның авторының, яғни суретші-дизайнердің рұқсатынсыз пайдалануға берілмейді.

Осы кеңес қаншалықты дұрыс деп санайсыздар?

4. Технологиялық бюро жұмыскерлері Сырбаев пен Қадыров заңмен белгіленген тәртіпте өнертабыстың — кәсіпорында істеп жүріп ойлап тапқан әкті қайнатудың жаңа әдісінің авторлары деп танылады. Сотқа бірлескен авторлар қатарына қосу жайлы мәселе көтерген технологиялық бюро бастығы Өтепов пен кеңсе қызметкері Айдаровтың талап арыздары түседі. Өтеповтың арызында оның кеңсе бастығы ретінде әкті қайнатудың жаңа әдісін шығарумен аяқталған барлық жұмыстарға жалпы басшылық еткені көрсетіледі. Айдаровтың арызында Сырбаев пен Қадыровқа жаңа әдістің негізгі ойын шын мәнінде өзі айтқанын, ал сонымен бірге ұқсас өнертабыстарды іздеу мен талдау бойынша үлкен жұмыс жасағанын, оның нәтижелерін де жауапкерлерге бергенін көрсетеді.

Мәлімделген талап арыздар қанағаттандырылуға жата ма?

5. Шебер мен технолог бояу жаққыш жасау тәсілін ойлап тауып, өз өндірісіне ендіреді. Ұсынылған тәсілдің бес айлық пайдалануынан кейін оның үлкен тиімділігі анықталады. Тәсілдің авторлары әкімшілікке оны өнертабыс ретінде патенттеуді ұсынады, бірақ, 2 ай бойы жауап алмай, өз аттарынан өтінім береді. Сонымен бірге, олардың жасап шығарған тәсіліне ерекше құқық алуды жеделдету мақсатымен олар оны өнертабыс ретінде емес, пайдалы модель ретінде патенттеуге шешім қабылдайды.

Патенттік мекеме өтінім жасаушылардың қазіргі заңды бұзғандығына сілтеп, пайдалы модельге күәлік беруден бас тартады.

Өтінім бойынша қабылданған шешім дұрыс па? Егер өтінім берушілер қателіктер жіберсе, оларды атаңыз және оларды жою мүмкіндігі сақталғанын көрсетіңіз.

6. Бір топ адам іштен жанатын двигательдер үшін сұйық отын алу әдісіне патент алады. Бастапқыда ортақ келісіммен барлық патент иелері арасында сыйақының теңдей таралуын қарастыратын бірнеше лицензиялық келісім жасасады. Алайда, кейіннен сыйақыны бөлісуге байланысты олардың арасында келіспеушіліктер туады. Дәлірек айтқанда, жобаны коммерциялық сату жұмысымен айналысқан патент иелерінің бір тобы олардың сыйақыдағы үлесі үлкейтілуі тиіс деп санады. Сонымен қатар, олардың көрсетуінше кейбір адамдардың патентке ие болушылар қатарына қосылуының жеткілікті негізі жоқ, өйткені олардың ойлап табылған әдісті жасауға тікелей қатысы жоқ болатын.

Олардың қарсыластары соңғы дәлелге шын мәнінде қарсылық білдірмей, өтінім берушілер қатарында олардың қатысын-сыз осы әдістің патенті бір топ адамдар күшімен алынуы мүмкін емес екенін, өйткені әдісті жасалу негізінде олардың Ғылыми Зерттеу Институтында істеу кезеңіндегі қызмет тапсырмасын орындау нәтижелері жатқанын көрсетеді.

Дауласқан тараптар заңгерге кеңес сұрап барады.

Қандай түсініктеме берілуі керек? Егер патенттің басқа иелері келісімге келе алмаса, патенттелген әдіс қалай пайдаланылады?

7. Есенов қызмет тапсырмасын орындау барысында жасап шығарған “Ағынды суды биохимиялық тазартуға арналған құрылғының өнертабысының авторы болып табылады. Бастапқыда осы өнертабысқа авторлық күәлік беріледі, ол 1993 жылдың 15 ақпанында кәсіпорын арызы бойынша Қазақстан Республикасының патентіне ауыстырылып алынады, оған Есенов қарсылық білдірмейді. Кәсіпорынның бірнеше табысты лицензиялық келісімдер жасап, оның өнертабысын ойдағыдай сатып жатқанын білген Есенов соған тең мөлшерде сыйақы төлеуді талап етеді. Кәсіпорын оған қарсы болмайды, бірақ сыйақының мөлшерін анықтауға келгенде, тараптардың көзқарастары бір жерден шықпай, келісім жүзеге асырылмайды. Есенов оған кәсіпорын табысының 35—40% деңгейінде сыйақыны белгілеуі керек деп біліп, талап арызын сотқа береді.

Есеновтың талап арызы қанағаттандыруға жата ма? Есеновтың өнертабысы авторлық күәлікпен сақталған кезде оны пайдалана бастаған кәсіпорындар Есеновқа сыйақы төлеуі тиіс пе?

8. “Ауаны қалыпқа келтіру құрылғысының пайдалы моделінің күәлігіне бірлескен иелеріне ЖАҚ-нан күәлікті сату жөнінде ұсыныс түседі.

Үш бірлескен авторлардың екеуі ұсынылған шарттар бойынша күәлікті сатуға келіседі, ал үшіншісі болса, құрылғыны же-тілдіріп, кейіннен анағұрлым үлкен пайдамен сатылатын өнертабыс патентін алу қажеттігін дәлелдей отырып, оған түпкілікті қарсы болады.

Келісімге келе алмағандықтан олар заңгерге түсініктеме сұрап барады.

Қандай түсініктеме берілуі тиіс? Қазіргі заңда патенттелген жобаларды пайдаланудың патенттік құқықтарын өзгелерге берудің қандай амалдары қарастырылған? Пайдалы модель бір мезгілде өнертабыс ретінде патенттеле ала ма?

9. Бір топ адамдарға “Іштен жанатын двигательді майлау жүйесінің патент беріледі. Жомартов өзін оларға берілген патент өнертабысының авторы екенін мойындау туралы талап арыз береді. Жауапкерлердің өнертабысы да Жомартовтың бұдан бір жыл бұрын берген өтінімінде көрсетілген әрекет негізінде жасалғанын айтып, Жомартов өз талабына дәлел етеді. Бірақ арызданушының

өтінімі онда жаңашылдық пен өнеркәсіптік қолданушылық жоқ болғандықтан қабылданбайды.

Жауапкерлер талап арызды мойындамайды. Жомартовтың өнертабысы жайлы деректер жарияланбағандықтан, ал Жомартовтың өтінімі олардың өтінім беруінен кейін жарияланған, олар сол себептен ешнәрсе білмегенін айтып түсіндіреді. Онымен қо-са, олардың ойынша, бірқатар белгілері бойынша олардың жасап шығарған жүйесінің Жомартовтың жүйесінен түпкілікті айырма-шылығы бар.

Сот Жомартовтың талап арызын негізсіз деп санап, қанағат-тандырудан бас тартады. Кассациялық шағымда Жомартов сот-тың өте маңызды нәрсені, атап айтқанда, оның өтінім беруде бі-рінші болғанын ескермегенін көрсетеді. Ал арызданушы мен жауапкердің шешімдері бірдей екенін оның екінші рет өтінім беруі кезінде оған жауапкерлердің патентін сілтеп, патент беру-ден бас тартылғанынан көруге болады. Сондықтан да Жомартов кассациялық жоғарғы орыннан сот шешімін бұзуды, өнерта-бысқа оның авторлығын мойындауды, жауапкерлердің патентін жоюды сұрайды.

Жомартовтың кассациялық шағымы бойынша қандай ше-шім қабылдануы тиіс? Авторлық, жаңашылдық туралы және па-тентті жарамсыз деп тану жайлы даулардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар?

14-тақырып.

МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚ

Тақырып бойынша сұрақтар

1. Мұрагерлік ұғымы.
2. Мұра ашылуының мерзімі мен орнын анықтаудың маңызы.
3. Мұра (мұрагерлік масса, мұрагерлік мүлік).
4. Заңды түрде мұраға ие болу:
 - 4.1. Заң бойынша мұрагерлер шеңбері. Ұсыну тәртібімен мұрагерлік ету. Мұрагерлік трансмиссия тәртібінде мұраға ие болу.
 - 4.2. Үй мүлкі мен тұрмыс заттарын мұраға қалдырудың ерекшеліктері.
 - 4.3. Ақша салымдарын мұраға қалдырудың ерекшеліктері.
5. Өсиет бойынша мұра қалдыру:
 - 5.1. Өсиет ұғымы. Нотариалды куәландырылғанға теңестірілген өсиеттер.
 - 5.2. Өсиет мазмұны. Мұра қалдырушының арнайы әмірлері.
6. Мұраны қабылдау және мұраның мирасқорлығын рәсімдеу.
7. Мұраны бөлу.
8. Мұра жайлы талап арыздар.

Есептер

1. Темір жол станциясындағы кездейсоқ жарылыстан бірнеше жолаушы зардап шегеді. Олардың ішінде ауруханаға ауыр халде жеткізілген ерлі-зайыпты Тұрсынбаевтар болыпты. Операцияға төзбей түнде отағасы Тұрсынбаев, ал одан көп ұзамай 9 сағ. соң сол тәулікте оның зайыбы да қайтыс болады. Ерлі-зайыптылардың ортақ балалары болған емес, ал отағасының ата-анасы да жоқ болатын. Әйелдің бірінші некеден туған қызы мұраға құқық жайлы куәлік бойынша анасының да, өгей әке-сінің де мүлігін өткізіп беруін сұрап, нотариалдық кеңсеге арыз береді. Оның арызы бойынша өгей әкесінің заң бойынша мұрагерлері жоқ болғасын, оның мүлігін өгей әкесінен кейін қайтқан анасы мұра етіп қалуы тиіс еді. Ал анасының мұра қабылдауға өз ниетін білдіруге мүмкіндігі болған жоқ, сол себептен мұрагерлік трансмиссия ережелері бойынша мұраны Тұрсынбаева қабылдауы тиіс.

Нотариус Тұрсынбаеваны қызына оның анасының мүлігіне ғана мұра куәлігін алуға болатынын, ал өгей әкесінің мүлігін иемденуге құқығы жоқ екенін түсіндірді.

Нотариустың түсіндіргені заңға сәйкес келе ме? Егер Тұрсынбаеваның анасы өз күйеуінен бір тәуліктен соң дүние салғаны нақтыланса, нотариус қандай түсініктеме беруі қажет еді? Егер Тұрсынбаеваның қызы ерлі-зайыпты Тұрсынбаевтар тұрған пәтерді күйеуінің рұқсатымен тек анасы ғана жеке-шелендіргенін дәлелдеп берсе, оған өтетін мұраның құрамы өз-гере ме?

2. Ақтауды тұрақты қоныс еткен Мағзұмов қайтыс болғаннан соң оның артында жеке меншік үйі мен Жинақ банкінің әртүрлі бөлімдеріндегі бірнеше ақша салымдары қалды. Жер-леуді ұйымдастыру үшін Семейден Мағзұмовтың қызы Айдарова келеді. Тап сол күні ол әкесінің екі жинақ кітапшасын алып, оның біреуі бойынша 20 000 теңге алмақшы болған, бірақ жер-леуге жұмсалған соманы негіздейтін құжаттары болмаған соң, ол ісі жүзеге аспады. Ол кітапшаның екеуін де өзіне қалдырады.

Келесі күні Айдарова жүрек ауыруыменен ауруханаға түсіп, бірер сағаттан соң сол жерде дүние салады. Аурухананың сақтау камерасына тапсырылған оның заттарының ішінде әкесінің жи-нақ кітапшалары бар болатын.

Ақтаудың нотариалдық кеңсесіне Мағзұмовтың ұлы — Қанат және Айдарованың күйеуі — Айдаров С. М. арызданады. Мағзұмов Қанат оны әкесінің мүлігінің жалғыз мұрагері екенін мойындауды сұрады, өйткені Мағзұмовтың қызы, Айдарова, әкесінен 3 күннен кейін мұрагерлікті қабылдамастан қайтыс бо-лып кеткен. Айдаров С. М. Мағзұмовтың мүлігіндегі өз әйеліне тиесілі үлеске мұраға құқық жайлы куәлігін беруді сұрады.

Нотариус Мағзұмовқа онымен бірге Айдарованың да мұрагер болып мойындалуы тиіс екенін ескере отырып, мұраға құқық жайлы куәлікті беруден бас тартады, ал С. М. Айдаровқа Семей қаласының нотариалдық кеңсесіне баруы тиіс деп түсіндіреді.

Нотариустың түсіндіргені заңға сәйкес келе ме?

3. Автомобиль апатында Оңғарбаев қайтыс болады. Басқа қалада тұратын оның анасы ұлын жерлеуге келіп, оның авто-машина сатып алуына байланысты қарыздарын өтейді. Содан кейін ол үйіне қайтады.

Баланың өлімінен 1,5 жыл өткен соң оның анасы Оңғарбаевтың әйеліне мұраны бөлу туралы ұсыныс жасайды. Келініне жазған хатында ол мұра бөлуге өзінен басқа оның 10 жасар қызы Айгүл қатысуы тиіс екенін, Оңғарбаевтың тірі кезінде өз қызы деп танып, ай сайын оған ақша жіберіп тұрғанын хабар-лайды.

Оңғарбаевтың әйелі Оңғарбаевтың шешесінің мұра қабылдау мерзімін өткізіп алғанын нұсқайды да сол себептен оның мүлігінің ештеңесіне ие бола алмайтынын айтады. Ал Айгүлге қатысты, Айгүлді марқұмның мұрагері деп мойындау жайлы арызды анасы уақытында бергенімен, ол қыздың некесіз қаты-настан туғанын және Айгүлдің туу туралы куәлігінде Оңғарбаев әкесі ретінде жазылмағанын айтады.

Оңғарбаевтың анасы немересіндей санайтын Айгүл мен өзі-не мұрагер болуға мүмкіндік бар ма, және ол үшін қандай әре-кеттер қолдануы тиіс деген сұрақтармен заң кеңесшісіне жолы-ғады.

4. Есенованың өлімінен соң оның артында үйі мен үйдегі тұрмыс заттары, жиһаздары қалады. Оның ішінде телевизор, жақсы күйдегі көне жиһаз — көркемделіп жасалған буфет, бюро, жазу столы, орындықтар, киім ілетін шкаф, төсек, асханалық күміс, шебер қолдан шыққан шай және кофе сервиздері, фар-фордан жасалған керегеге ілінетін әсемдік заттары, қолдан әше-кейленген самауыр мен басқа да үй заттары бар.

Есенованың тірі кезінде-ақ оның үйін білетін өлкетану мұражайы үйіндегі көне заттарының көркем болуымен қатар тари-хи құндылығы бар деген оймен олардың бәрін мұражайға өткізуін сұраған болатын. Басқа қаланың тұрғыны болып табылатын Есенованың қызы, Қалима, бұған қарсы еді. Онымен қоса 1974 жылдан бастап Есеновамен бірге тұрып, оны өз анасындай көрген Айманның мұрагерлікке құқығын мойындағысы келмеді. Ал Айман болса, іс жүзінде Есенованың асыранды қызы болғасын, Қалимамен қатар мұрагерлікке құқықты болып қана қоймай, Есенованың тірі кезінде де пайдаланып жүрген үйде тұрған бар-лық заттарды иеленгісі келді.

Есенованың мүлігі қалай бөлінуі тиіс?

5. Бес жаннан тұратын Сағатжанов жанұясы үлкен Сағат-жановтардың үйлену тойдан кейін сатып алған үйінде тұрып жатты. Сағатжановпен бірге күйеуі мен баласы бар қызы тұрды. Сағатжанов қайтыс болмай тұрып, бірнеше ай бұрын барлық мүлігін өзінің немересіне мұраға қалдыратыны жайлы өсиет қалдырады.

Сағатжановтың дүние салғанынан кейін 21 жасқа толған немересі атасы қалдырған мұрадан әжесінің (Сағатжанованың) пайдасына бас тартуды ұйғарады.

Әкесінің өлімінен 3 жыл өткен соң оның қызы, ал қызынан кейін 5 айдан соң Сағатжанова да дүние салады. Әкесі мен ба-ласы, Сағатжанованың немересі, анасы мен апасының өлімінен кейін қалған мүлікті бөлу жайында келісімге келе алмады.

Әкесінің ойынша, егер де ұлы бір кезде үйдің және басқа да мүліктің мұрагері болудан бас тартса, онда келешекте де сол мү-лікке үміттенуге мүлдем құқығы жоқ. Баласы болса, керісінше, үйдегі және марқұмдардың мүлігіндегі оның үлесі әкесінің үле-сінен артық болуы тиіс деп санады.

Әкесі мен баласы мұрагерлікті бөлудің ережелерін түсіндіріп беруді өтініш етіп заң қызметкеріне барады.

6. Боранбаев пен Ахметжанов үйді сату жөнінде сату-сатып алу шартын жасасты. Шартты нотариуста куәландырған соң Бо-ранбаев Ахметжановтың үйінде қоныстанады. Боранбаев өз жанұясының мүшелерімен сол үйде тұрып жатқанмен, Жобалық-инвентаризациялық кеңседе шартты тіркемейді.

Сауда-саттық келісімді жасаған соң төрт жылдан кейін Бо-ранбаев қайтыс болады да, ұлының пайдасына үйге мұрагерлік өсиет қалдырады. Алайда Боранбаевтың тірісінде үйді меншік-тену құқығына ие бола алмағанын себеп етіп, марқұмның зайы-бы өсиеттің күші жоқ деп санады.

Осы жағдаймен мазаланған мұрагер, үйдің әкесіне сатыл-ғанын қажет болғанда растап беруін сұрап, Ахметжановқа жолы-ғады. Ахметжанов одан дау шығармай, қажеті келгенде растап беруге келісімін береді.

Боранбаевтың зайыбы мен оның ұлы арасында ақша салым-дары мен басқа мүлікті бөлісу жөнінен де келіспеушіліктер туа-ды. Боранбаеваның ойынша, егер оның күйеуі үйге өсиет қал-дырған болса, онда ол баласына тек үйді ғана мұраға беріп, басқа мүліктің ешбірін қалдырмағанын білдіреді. Баласы болса, үй әкесінің басқа мүлкіндегі үлесінің үстіне қоса берілуі тиіс деп санады.

Мұрагерлер арасында пайда болған дау соттың қарауына бе-ріледі.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

7. Әйгілі суретшінің әйелі зайыбының қайтыс болуынан көп ұзамай-ақ барлық мүлікті күйеуінің жиені Сабырбековқа қалды-ратыны жайлы өсиет жасайды. Бірақ сонымен қатар өсиет алу-шыға өзінің құрбысы Амановаға еңбек ақысының төменгі көр-сеткішінен кем болмайтындай етіп өмір бойы ай сайын ақша аударып тұруды, ал олардың үйінде үнемі жұмыс істеп тұратын суретшінің туындылар көрмесі бар мұражай ұйымдастыруды міндет етеді. Екі жылдан соң ол дүние салады.

Сабырбеков, өсиеттің мазмұнымен танысып, марқұмның ссу-да бойынша қарыздары бар екенін біледі де, мұрадан бас тар-туды шешеді.

Аманова, құрбысының қалдырған өсиетінің мазмұнын біле-тін болғасын, өсиетте көрсетілген ақша төлемдерін алу үшін Са-бырбековқа келеді және тез арада суретшінің үйінде мұражайды ұйымдастыра бастауды талап етеді. Сабырбеков оның талапта-рын орындаудан бас тартады.

Марқұмның басқа мұрагері де жоқ еді.

Өсиеттің орындалуы үшін Аманова кімге баруы тиіс?

8. Қамшыбай Ескен өзінің барлық мүлкін Сұраншиевтің пайдасына өсиет жасайды. Өсиет жасағаннан соң екі айдан кейін Қамшыбай Ескен құлап, аяқ-қолын қатты жарақаттайды да сол үшін ауруханаға жатқызылады. Қамшыбай Ескен ауруханада жатқан кезде Сұраншиев оның халін білуге бір рет те келген емес. Досына ренжіген Қамшыбай Ескен жаңа өсиет жасап, онда ол үйін, ақша салымдарын және автокөлігін өзімен бірге бірне-ше жыл бойы тұрып жатқан інісіне беретінін көрсетеді. Кітап-ханасын ол тірі кезінде-ақ өзі көп жылдар бойы еңбек сіңіріп келген институтқа өткізеді.

Қамшыбай Ескен қайтыс болған соң оның інісі мен Сұраншиевтың арасында үйдегі заттарға кім ие болатынына қатыс-ты дау пайда болады. Қамшыбай Ескеннің інісі мұра қалдыру-шымен бірге өмір сүрген мұрагері ретінде оның барлық мүлкін қамтитын өсиет бойынша мұрадағы өз үлесіне қоса үй мүлкі мен тұрмыс заттарына да ие болуы тиіс деп санады.

Дауды қалай шешкен жөн болады?

9. Сапаров жасаған өсиетте Нұршин өсиет орындаушы бо-лып аталған. Өсиет бойынша Сапаровтың мүлкі үш мұрагерге, ал барлық хрустальдан жасалған бұйымдар мен күміс ыдыс-аяқ-тар Нұршинға берілмекші болған.

Сапаровтың өлімінен кейін оның мұрагерлері Нұршиннен өсиетті орындауды жүзеге асыруын талап етеді. Нұршин болса, өсиетті кұәландыру кезінде оның орындаушысы болуға келісім бермегеніне сілтеп, одан бас тартады.

Мұрагерлер оның дәйектерімен келіспей, ал өсиетті орын-дауға мұрагердің келісім беруі қажет еместігіне оның назарын аударады.

Сонымен қатар, Нұршин Сапаров қайтыс болғанынан кейін оның мүлкін қорғауға еш шара қолданбағанын және сол себеп-тен мүлктің сақталғанын, я сақталмағанын білмейтінін айтады. Онымен қоса, ол өзін өсиетті орындаушы ретінде мұраны қорғау шараларын жүргізуге міндетті емес деп санайды.

Тараптардың дәйектерін талдап беріңдер.

Өсиетті орындаушының қызметі қандай? Кім және қандай тәртіпте мұраны қорғау шараларын қолдануы тиіс?

10. Асылбеков өзінің барлық мүлігін, оның ішінде жекеше-лендірген пәтерін, Бегалиеваға беретіні жайлы өсиет жасайды. Бірақ Бегалиеваны сол пәтердің ауданы 20 шаршы м. бөлмесін Есімовқа өмір бойы пайдалануға беруге міндеттейді.

Бір жылдан соң ол жаңа өсиет жасайды, онда жекешелен-дірген пәтердің Сейдалинаға берілетіні көрсетілген. Екі өсиет те нотариалды түрде кұәландырылған болатын.

Содан кейін көп ұзамай Асылбеков үй сатып алады, ол үйге жанұясымен қызы қоныстанады.

Ауыр науқасқа шалдыққан Асылбеков, ауруханада жатқанда емдеп жүрген дәрігерден оның өсиетін кұәландыруды сұрайды. Өсиетте барлық ақша салымдарын, және кейін төленетін гоно-рарларын онкологиялық ісіктердің алдын алу жұмыстарына жұмсалу үшін ауруханаға берілсін делінген. Сол уақытта уақыт-ша бөлім меңгерушісі болған емдеп жүрген дәрігері Асылбеков-тың жасаған өсиетін кұәландырады.

Асылбеков қайтыс болғаннан соң дау туады. Асылбековтың Сейдалинаның пайдасына жасаған өсиетінде Есімовқа 20 шаршы метрлік бөлме беру туралы шарттың жоқтығына сілтеп, Сейдалина одан бас тартады. Ал Есімов болса, екінші өсиет біріншісін тек жартылай ғана өзгертеді және екінші өсиетте легат жөніндегі шарт жойылмағандықтан, пәтерге ие болған мұрагер оны жүзеге асыруы тиіс деп санайды.

Сейдалина Асылбековтың басқа да мүлкінің (пәтерден бас-қасын), сонымен бірге қайтыс болмай тұрып сатып алған үйін де берілуін талап етеді. Сол үйде тұрып жатқан Асылбековтың қызы заңды түрде мұрагер болып табылатындықтан мұрагерлік бойынша үйге ие болуға құқығы бар деп, және Асылбеков өсиетті үйді сатып алмай тұрып жасағандықтан шарттарының күші үйге жүрмейді деп санайды.

Дауды шешіндер.

11. Асқаров Серікбаевтың мұра құрамына кіретін мүлігін қайтару жөнінде Қуатовқа талап арыз береді. Өз талап арызын Асқаров виндикациялық талап деп атайды. Қуатов талап арызға қарсылық білдіре отырып, ұсынылған талап арыз виндикациялық болуы мүмкін емес деп санады, өйткені Асқаров даулы мүлікке меншік құқығын әлі алған жоқ. Әкесі жағынан Серікбаевтың анасы бөлек інісі бола тұрып, тегі Серікбаевтың әкесінен шыққанын дәлелдеп беретін дәйектерді Асқаров бере алмады. Онымен қоймай, Қуатовтың ойынша, алыс туыстық ағасының мүлкіне мұрагер болуға мүмкіндік бермейді. Ал Қуатов болса, Серікбаевпен бірге бір ата-анадан туған. Серікбаевтың бірінші кезектегі мұрагерлері жоқ, сол себептен Қуатов өзін Серікбаев мүлкінің жалғыз мұрагері деп санайды.

Тараптар дәйектеріне талдау жасаңдар.

Асқаровқа өзінің талап арызының негізін өзгерту жайлы кеңес берер едіңдер ме? Олай болса, Асқаров қандай талап арыз ұсынуы тиіс? Сіз ұсынатын талап арыздың виндикациялық талап арыздан қандай айырмашылығы бар болады?

12. Сарманова анасы қайтыс болған сол үйге қоныс тебеді, үйге ол бірнеше жыл бойы жаз мезгілде келіп тұрып жүретін. Сарманова үй мен оның маңындағы қора-қопсыны сақтандырып, су, газ және электр қуаты үшін ақы төлеп тұратын.

Анасы қайтыс болғаннан кейін арада төрт жыл өткен соң Сарманова жергілікті әкімшіліктің Жобалық-инвентаризациялық кеңсесіне үй-жайды өз атына қайта тіркеуді сұрап барады. Бірақ Сарманованың мұрагерлікке құқығы жайлы куәлігі болмағандықтан оның өтініші орындалмайды. Жеке нотариусқа куәлік алу үшін барғанда, мұраны қабылдап алу мерзімін өткізіп алу себепінен ол жерде де куәлік беруден бас тартады. Нотариус Сармановаға мұра қабылдау мерзімін ұзарту жөніндегі арызбен сотқа баруды кеңес етеді.

Мұра қабылдау мерзімін ұзарту үшін Сарманова қандай дәйектерге сілтеме жасауы тиіс?

Егер Сарманованың мұра қабылдау мерзімін ұзартуға жеткілікті негіздемелері болмаса, мұрагерлікке құқығы жайлы куәлікті алу үшін оның қандай құқықтық негіздемелерді пайдалануына болады?

Мұраны қабылдау мерзімін ұзарту туралы сот шешімін алған мұрагер мұраны қабылдап алу үшін қандай әрекеттер жасау керек?

НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), 27 желтоқсан 1994 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1 шілде 1999 жыл.
3. ҚР "Шетел инвестициялары туралы" Заңы. 27 желтоқсан 1994 жыл.
4. ҚР "Қаржы лизингі туралы" Заңы. 5 шілде 2000 жыл.
5. ҚР "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Заңы. 31 мамыр 1996 жыл.
6. ҚР "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Заңы. 16 қаңтар 2001 жыл.
7. ҚР "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңы. 24 наурыз 1998 жыл.
8. ҚР "Адвокаттық қызмет туралы" Заңы. 5 желтоқсан 1997 жыл.
9. Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" Заңы. 14 шілде 1997 жыл.
10. ҚР "Банкроттық туралы" Заңы. 21 ақпан 1997 жыл.
11. ҚР "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" Заңы, 31 наурыз 1998 жыл.
12. ҚР "Жеке кәсіпкерлік туралы" Заңы. 19 маусым 1997 жыл.
13. ҚР "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңы, 10 шілде 1998 жыл.
14. Қазақстан Республикасының "Жер туралы" Заңы 24.01.2001 жыл.
15. Авторлық құқық және сабақтас құқық туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 10 шілде 1996 жыл.
16. ҚР "Саяси партиялар туралы" Заңы, 10 шілде 2002 жыл.
17. ҚР "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Заңы. 22 сәуір 1998 жыл.
18. Қазақстан Республикасының "Патенттік Заңы 5.қазан. 1995 жыл.
19. Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңы. 16 сәуір 1997 жыл.
20. Қазақстан Республикасының "Сақтандыру қызметі туралы" Заңы 18 желтоқсан 2000 жыл.
21. Қазақстан Республикасының "Тұтыну кооперативі туралы" Заңы. 8 мамыр 2001 жыл.
22. Қазақстан Республикасының "Дін бостандығы және дін-ни бірлестіктер туралы" Заңы. 15 қаңтар 1992 жыл.
23. Қазақстан Республикасының "Ауылшаруашылығы тұтыну кооперациясы туралы" Заңы. 21 шілде 1999 жыл.
24. Қазақстан Республикасының "Ауылшаруашылығы серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы" Заңы. 25 желтоқсан 2000 жыл.
25. Қазақстан Республикасының "Бәсекелестік және моно-полиялық қызметті шектеу туралы" Заңы. 19 қаңтар 2001 жыл.
26. Қазақстан Республикасының "Тауар белгілері, қызмет белгілері және тауардың атауы мен шыққан жері туралы" Заңы. 26 шілде 1999 жыл.
27. Қазақстан Республикасының "Аудиторлық қызмет туралы" Заңы. 20 қараша 1998 жыл.
28. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" ҚР Заңы 15.12.2001 жыл.
29. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" ҚР Заңы 17.01.2002.
30. "Астық туралы" ҚР Заңы 19.01.2001
31. "Авторлық және сабақтас құқықтар туралы" ҚР Заңы. 10.06. 1996.
32. ҚР Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуі туралы" Заңды күші бар Жарлығы, 17 сәуір 1995 жыл.
33. "Темір жол транспорты туралы" ҚР Заңы. 08.12.2001 жыл.
34. ҚР Президентінің "Шаруашылық серіктестіктер туралы" Заң күші бар Жарлығы, 2 мамыр 1995 жыл.
35. ҚР Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Заң күші бар Жарлығы, 19 маусым 1995 жыл.
36. ҚР Президентінің "Өндірістік кооператив туралы" Заң күші бар Жарлығы, 5 қазан 1995 жыл.
37. "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 20 маусым 1994 жыл. Жарлығы.
38. "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы. 23 желтоқсан 1995 жыл.
39. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және оны пайдалану туралы" Заң күші бар Жарлығы. 18 желтоқсан 1998 жыл.
40. Қазақстан Республикасының Президентінің "Мұнай туралы" Заң күші бар Жарлығы. 28 шілде 1995 жыл.

41. Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің “Темір жол көлігімен жүк тасымалдауда қолданатын айыппұл көлемі туралың қабылданған Қаулысы. 27 ақпан 1995 жыл.
 42. Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызметі туралың Заң күші бар Жарлығы. 31 тамыз 1995 жыл.
 43. Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген “Жолаушылар алдында жүргізушінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруы туралың Ережесі. 14 қа-зан 1996 жыл.
 44. Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген “Автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкер-шілігін міндетті сақтандыру туралың Ережесі. 31 қазан 1996 жыл
 45. Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бе-кітілген “Мұнай операцияларын міндетті сақтандыруды ұйым-дастыру мен оны өткізу шарттары туралың Ереже. 18 шілде 1996 жыл.
 46. Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің қаулысымен бекітілген “Барлық меншік түріндегі ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлеріне еңбек міндеттерін орын-дауға байланысты алған жарақаттарын немесе денсаулығына келтірілген басқа да зияндарын өтеуң Ережелері. 17 наурыз 1993 жыл.
 47. “Тауардың шыққан жерінің аталуы мен қызмет көрсету-дің тауарлық белгілері туралың Қазақстан Республикасының Заңы. 18 қаңтар 1993 жыл.
 48. Өндірістік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенция-сы. (1983 жылы қол қойылған).
 49. Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің қарамағындағы ұлттық патенттік ведомстволар бекіткен “Өнер-табыс және пайдалы модель патентін алу үшін арыз құрастыру, ұсыну және оны қарастыруң Ережелері. 9 ақпан 1993 жыл.
 50. “Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік кәсіпо-рындардың пайдаланбайтын өндірістік ғимарат орындарын және кеңселік ғимарат орындарын жалға немесе келешекте меншікке берілетін өкілетті басқаруға беру жөнінде тендерлер өткізу тәр-тібі туралың Ережелер жиынтығы. 1997 жылдың 14 сәуірінде Қазақстан Республикасының экономика және сауда Министрлігі бекіткен.
 51. “Мұрагерлік туралы заңның сотта қолдануының кейбір мәселелері жөніндең Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының Қаулысы.
 52. “Тауар биржалары туралың Қазақстан Республикасы Президентінің 20.03.1994 ж. Жарлығы.
 53. “Жер туралың Қазақстан Республткасы Президентінің 22.12.95 ж. Заң күші бар Жарлығы.
 54. “Жеке меншікке айналдыру туралың Қазақстан Респуб-ликасы Президентінің 23.12.95 ж. Заң күші бар Жарлығы.
 55. “Өнім беру туралың Ереже. Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1992 жылғы 19 маусымдағы № 536 Қаулы, 374-бап.
57. “Кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелердің талаптар қою тәртібі мен оларды қарастыру және шаруашылық шарттар бойынша дауларды реттестіру жөніндегің ережелер жиынтығы.
58. “Жер учаскелерін, шаруашылықпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жерді үнемі пайдалану құқығын сату-ға қатысты ашық сайыстар ұйымдастыру жөніндегің ережелер жиынтығы. 1997 жылдың 17 сәуірінде Қазақстан Республикасы-ның ауыл шаруашылық Министрлігі бекіткен.
59. 22.12.95 № 10 “Моральдық зиянды өтеу туралы заңның сотта пайдалануы жайлың Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының Қаулысы.
60. 25.07.96 № 7 “Тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңның сотта пайдалану тәжірибесі туралың Қазақстан Респуб-ликасының Жоғарғы Сот Пленумының Қаулысы.
61. 31 наурыз 1997 ж. қабылданған Қазақстан Респуб-ликасының “Шаруашылық қожалығы туралың Заңы. “Егемен Қазақстанң, 10.04.98.

62. 27.12.96 ж. қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің “Жер қойнауы және оны пайдалану туралы Заң күші бар Жарлығы.

63. 20.12.95 ж. № 2697 қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің “Әуе көлігін пайдалану және Қазақстан Республикасының авиация қызметі туралы Заң күші бар Жарлығы. “Егемен Қазақстан” 10.01.96 ж.

64. “Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындардың пайдаланбайтын өндірістік ғимарат орындарын және кеңселік ғимарат орындарын жалға немесе келешекте меншікке берілетіндей өкілетті басқаруға беру жөнінде тендерлер өткізу тәртібі туралы ережелер жиынтығы. 1997 жылдың 14 сәуірінде Қазақстан Республикасының экономика және сауда Министрлігі бекіткен.

65. 16 сәуір 1997 ж. Қазақстан Республикасының “Тұрғын үй қатынастары туралы Заңы.

66. Кондоминиумның ғимарат орындарының меншік иелеріне (қатысушыларына) жер учаскесін беру тәртібі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.12.97 қаулысымен бекітілген. Казах-станская правда, 6.01.98.

Арнайы әдебиеттер

1. Брызгалин А. Договор поставки: новое содержание в новой экономике. Хозяйство и право, 1994, № 8.
2. Волнин И. Выбор форм расчетов в условиях поставки. Хозяйство и право, 1995, № 8.
3. Куликова Л. О. О договоре энергоснабжения. Хозяйство и право, 1996, № 6.
4. Левенсон Д. С. Договор аренды транспортных средств.— М., 1969.
5. Кредиты. Инвестиции.— М., Приор, 1995. Под рук. Куликова А. Г.
6. Отдельные виды договора аренды. Хозяйство и право, 1996, № 3.
7. Басин Ю. Г. Новое в жилищном законодательстве Казах-стана. Гражданский кодекс Республики Казахстан — толкование и комментирование (общая часть). Вып.5.- Алматы, Баспа, 1998.
8. Суханова Н. Т., Полторабатько Л. Г. Судебная практика применения судами законодательства о приватизации гражда-нами жилых помещений. Гражданский кодекс Республики Ка-захстан — толкование и комментирование (общая часть). Вып. 4.— Алматы, Баспа, 1997.
9. Ст. Батлер. Кондоминиум как форма собственности на недвижимость. Правовые вопросы. Вопросы экономики, 1993, № 7.
10. Брагинский М. Подряд, выполнение научно-исследова-тельских, опытно-конструкторских и технологических работ, возмездное оказание услуг. Комментарий. Хозяйство и право, 1996, № 4, 5.
11. Кредиты. Инвестиции. Авт. колл. под рук. Куликова А. Г.— М., Приор, 1995.
12. Курманова М. С. Правовое регулирование вексельного обращения в Республике Казахстан. Гражданский кодекс Республики Казахстан — толкование и комментирование (общая часть). Вып.5.— Алматы, Баспа, 1998.
13. Кольбингер Ф. Вексельное право. Журн. Закон,1993, № 8.
14. Актуальные вопросы коммерческого законодательства в Республике Казахстан и практика его применения. Страхование (материалы семинара). Адилет-Пресс, Алматы, 1997.
15. Худяков А. И. Страхование Республики Казахстан.— Алматы, 1997.
16. Рахер В. К. Общественно-исторические типы страхо-вания.— М., 1993.
17. Галагуза Н. Ф. Страховые посредники.— М., ЮрИнфоР, 1998.
18. Алейничев В. В. Страхование законодательство России: историко-правовые исследования.— М., Юкис, 1998.
19. Киндякова О. Доверительное управление имуществом. ГК Республики Казахстан — толкование и комментирование (общая часть). Вып.2.— Алматы, Баспа, 1997.
20. Басин Ю. Г. Вина как условие ответственности за нару-шение обязательства. Гражданский кодекс Республики Казахстан — толкование и комментирование. Вып.2.— Алматы, Баспа, 1997.
21. Красавчиков О. А. Возмещение вреда, причиненного источником повышенной опасности.— М., 1966.
22. Богуславский М. М. Вопросы авторского права в меж-дународных отношениях. Международная охрана произведений литературы и науки.— М., Наука, 1973.
23. Гаврилов Э. П. Издательство и автор. Вопросы и ответы по авторскому праву.— М., Книга, 1991.
24. Гаврилов Э. П. Авторское право. Издательские догово-ры. Авторский гонорар.— М., Юридическая литература, 1998.
25. Международные конвенции об авторском праве. Сбор-ник материалов, 1985.
26. Селивановский С. А. Промышленная интеллектуальная собственность.— М., Белые альвы, 1996.
27. Зенин И. Я. Промышленная собственность и ноу-хау советско-германских предприятий. Вестник МГУ. Серия Право, 1992, № 1.
28. Барщевский М. К. Если открылось наследство.— М., 1989.
29. Никитюк Л. С. наследственное право и наследственный процесс. Проблемы теории и практики.— Кишинев, 1973.
30. Рашидова З. Наследование по завещанию. Гражданский кодекс Республики Казахстан — толкование и комментирование. Вып.5.— Алматы, Баспа, 1998.

31. Агарков М. М. Понятие сделки по советскому гражданскому праву.
32. Басин Ю. Г. Сделки: учебное пособие. Издательство 2-е испр. и доп.— Алматы, вып. “Әділет”, 1999.
33. Гражданское право России. Курс лекций. Часть первая / Под. ред. О. Н. Садыкова.— М.: Юридическая литература, 1996.
34. Гражданское право. Учебник. Часть 1. / Под. ред. А. С. Сергеева, Ю. К. Толстого.— М.: “ПРОСПЕКТ”, 1997.
35. Гражданское право Республики Казахстан. Учебное пособие. Часть Общая. 2-ое изд.— Алматы: Институт международного права и международного бизнеса Данекер, 1999.
36. Гражданское право. Том 1. Учебник для вузов. (Академический курс). Отв. ред. М. К. Сулейменов, Ю. Г. Басин.— Алматы, 2000.
37. Гражданское право. Том 2. Учебник для вузов. (Академический курс). Отв. ред. М. К. Сулейменов, Ю. Г. Басин.— Алматы, 2003.
38. Гражданское право. Учебник / Под. ред. С. Г. Гришаева.— М.: Юристъ, 1999.
39. Гражданское право. Часть 1.: Учебник / Под. ред. А. Г. Кал-пина, А. И. Масляева. – 2-ое изд., перер. и доп.— М.: Юристъ, 2000.
40. Гражданское право: В двух томах. Том 1. Учебник / Отв. ред. проф. Е. А. Суханов. – 2-ое издание, перераб. и доп. – М.: Издательство БЕК, 1998.
41. Гражданское право: Учебное пособие /Под. ред. А. Г. Диденко, Ю. Г. Басин, О. С. Иоффе. – Алматы, 1999.
42. Гражданское право России. Часть 1.: Учебник / Под. ред. З.И. Цыбуленко. – М.: Юристъ, 2000.
43. Гражданское право Республики Казахстан. Часть особенная. Том 1. Жайлин Г. А.— Данекер, 2001.
44. Гражданское право. Общая часть. Учебное пособие. Под ред. А. Г. Диденко.— Алматы: Юридическая литература, 2003.
45. Основные проблемы гражданского права.— М.: Статут (в серии “Классика российской цивилистики”), Покровский И. А. 1998.
46. Субъекты гражданского права. Том 1. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию Независимости Республики Казахстан, (в рамках ежегодных цивилистических чтений). Алматы, 18-19 июня 2001 года./ Отв. ред. М. К. Сулейменов.— Алматы: КазГЮА, 2001.
47. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. В двух томах. Т. 2. Особенная часть. (Темы 16-30). Учебник. Баймолдина З. Х.— Алматы: КазГЮА, 2001.
48. Гражданское законодательство Республики Казахстан. Вып.15.— Алматы: ЮРИСТ, 2003.
49. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. В двух томах. Т. 1. Общая часть (Темы 1-15). Учебник.— Алматы: Баймолдина З. Х. КазГЮА, 2001.

50. Гражданский кодекс Республики Казахстан-толкование и комментирование. Общая часть. Выпуск 2.— Алматы, Баспа,1997.
51. Договор: заключение, изменение, расторжение.— М.: “Проспектн, Андреев С. Е., Сивачева И. А., Федотова А. И. 1997.
52. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан. Учебное пособие / Под общей редакцией кандидата юридических наук, профессор КазГЮУ Г. Ж. Сулейменовой.— Алматы: Алем, 2002.
53. Қазақстан Республикасындағы мешік құқығы: Уго Маттеидің “Меншік құқығының негізгі принциптерің атты кітабына салыстырмалы — құқықтық түсініктеме:-Алматы; Скрябин С.В. Дайк-Пресс., 2000.
54. Иоффе О. С. Советское гражданское право.— М., 1959. Том 1.
55. Рабинович М. В. Недействительность сделок и ее последствия.— Л., 1960.
56. Климкин С. И. Производственный кооператив. Учебное пособие.— Алматы: Издательство КазГЮА, 2000.
57. Климкин С. И. Правовые формы предпринимательств в Республике Казахстан.— Алматы, Баспа, 1997.
58. Климкин С. И. Развитие законодательства Казахстана о предпринимательстве. (Сб. ст).— Алматы: ТОО “Баспа 1998.
59. Климкин С. И. Хозяйственные товарищества по законодательству Республики Казахстан. Учебно-практическое пособие.— Алматы: Жеті-Жарғы, 2002.
60. Климкин С. И. Юридические лица по законодательству Республики Казахстан. Общие положения.— Алматы: ТОО “Баспа, 2001.

С. А. Ынтымақов

Азаматтық құқығы

(Жалпы бөлім)

Практикум

***ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры
Жансейтов Н. Н.***

Операторы: Умурова Г.О.

Пішімі 60x901/16. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».

«Заң әдебиеті» баспасы

050057 Алматы қ., М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.

Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.

E-mail: law_literature@nursat.kz